

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XV СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XV САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 6

ПАВЛОДАР
2015

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.Қ., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Күзембаев Н.Е., Тоқтағанов Т.Т., Эрнараров Т.Я.

Жауапты хатшылар:

Абишева Г.К., Акильжанов Р.Р., Андреева О.А., Анишева Г.М., Ахметов Е.Б., Бейсебаева Г.К., Гафиатулина Ю.О., Голубева Л.Н., Жукенов М.К., Калиева А.Б., Камкин В.А., Касенов А.Ж., Касенова Г.К., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Леньков Ю.А., Маданиев И., Макарова Н., Маликов А.В., Мукашев О.Е., Мурат Г.М., Мусабекова Н.М., Рахметова А.М., Сартова Р.Б., Сейтенова Г.Ж., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Туганова Б.С., Шаймерденова А.К., Шафеева Л.А., Шуренов Д.Б.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХV Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015.

ISBN 978-601-238-482-6
Т. 6 «Студенттер». – 2015. – 478 б.
ISBN 978-601-238-488-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001:378
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-488-8 (Т. 6)
ISBN 978-601-238-482-6 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі
1 Секция. Академик К. И. Сәтбаев и его роль в развитии науки и образования

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ – БІРІ Қ. И. СӘТБАЕВ

ТИЛЕЙ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АНАФИНА Н. Қ.

к.ғ.к., Мәшһүртану ҒПО, жетекші, «Жас ұрпақ» СҒУ, Павлодар қ.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі, қызметі, ғылыми еңбектері туралы біршама кітаптар бар. Ғұмырнаамасы әуелі орыс тілінде Мәскеуде, одан кейін толықтырылып Алматыда шықты, ғалым туралы мақалалар жинағы басылды, бес томдық таңдамалы еңбектері 1967-1970 жылдары жарық көрді. Өнегелі өмір сериясымен Мәскеуде шығып тұратын басылымдар қатарында М. Сәрсекеевтің «Сәтбаев» ғұмырнаамасы орысша, кейін толықтырылып, қазақша оқырмандар қолына тиді. 1946ж Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және президенті, ССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы құрамындағы геология ғылымдар институтының директоры. Сәтбаев – рудалық кендер геологиясы саласындағы көрнекті маман.

Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналған. Пайдалы қазындылардың болжам карталарын құрастырудың принциптерін айқындаудағы Сәтбаевтің еңбегі өте зор. Сәтбаев – Одақтағы металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы. Сәтбаев қалдырған бай ғылыми мұраның ішінде, әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің комплекстік әдісін енгізді.

1926-29ж мардымсыз кенді өңір саналған Жезқазғанның қазір ТМД-дағы ірі мыс рудасы аудандар қатарына жатқызылуы тікелей Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Бұрынғы жиналған геологиялық деректерге терең талдау жасаған Сәтбаев бұл кеннің жоспарлы түрде кен масштабтағы геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объект екенін дәлелдеді. Өз зерттеулерінің нәтижесінде Сәтбаев Жезқазған кенінде руда қалыптасуының төмендегідей,

кейіннен дәлелденген ғылыми өлшемдерін ұсынды: Сәтбаев басшылығымен жүргізілген комплексті зерттеулердің нәтижесінде Жезқазғанның ақиқат қоры бұрынғы белгілі өндірістік қорынан 2,5 есе көп екені анықталды. Еліміздегі мысты тым құм тас кендеріне және руда белгілеріне өндірістік-экономикалық баға берілгенде негізгі өлшемдер ретінде енді. Жезқазғанның руда бақылаушы факторлары жөніндегі Сәтбаевтың қағидалары негізге алынатын болды. Болашағы ғылыми тұрғыдан аса тыңғылықты негізделген, дүние жүзіндегі аса ірі мыс кендерінің бірі саналатын Жезқазғанда салынған мыс балқыту комбинаты түсті металлургияның Одақтағы аса ірі кәсіпорындарының біріне айналды.

Сәтбаев минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай сияқты аймақтарға ерекше назар аударып зерттеді. 1927-28ж. Жезқазған, Қарсақпай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір бассейні және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектері жарияланды. Сәтбаевтың басшылығымен жүзеге асырылған маңызды шаралардың бірі-Қазақстанның экономикалық аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу және игеруге бағытталған Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессияларының өтуі. Мұндай сессиялар Алтайда, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік, және Орталық Қазақстанда өткізілді. Бұл мәжілістерге өндірістегі мамандар кенінен қатыстырылатын. Ондағы мақсат-ғылым мен техниканың ынтымағын, тығыз байланысын күшейту. Бір жағынан ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріс тәжірибесіне енгізу болса, екінші жағынан өндірістің аса бай практикалық тәжірибесіне енгізу болса, екінші жағынан өндірістің аса бай практикалық тәжірибесін, жиналған, тәжірибеде тексерілген даусыз деректерді жинақтап, ең әрісі, тіпті даусыз ақиқат деп саналып жүрген теориялық қағидалардың өзіне тиісті түзетулер енгізу көзделетін. Сәтбаевтың қолдауымен 1948 жылы Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылды; 1956 жылы Қазақ ССР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылды.

Академик Қ.И.Сәтбаевтың экономика мәселелеріне арналған еңбектері бір уақыт осы саладағы мамандардың атсалысуымен зерттеле бастаған болатын-ды. Қ.И.Сәтбаевтың экономикалық проблемаларды қозғаған ғылыми мұрасын алғаш зерттеуді қолға алған кісі Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, ірі ғалым С.Б.Бөйішев еді. Ол кісі бұл тарапта бірнеше мақалалар жариялағанды. Бұл еңбектерде ар алуан ғылым саласында із қалдырған іргелі ой иесінің қоғамдық ғылымдардағы, соның ішінде экономика саласындағы мұраларына көңіл аударылған.

Әдебиет пен фольклордың бірқыдыру мәселелері, жекелеген жазушылар мен ақындар творчествосы академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми мұрасында елеулі орын алады. «Ол кезде мен жас едім, сондықтан лирикаға ептеп бейімдеу едім. Ал, лирика-адамды қажырлы да рухты еңбекке қанаттандыратын асыл арман ғой. Осындай арманға бөленген Жезқазған геологтары табандылықпен шабытты еңбек етті», -деп жазды ол бір жолы.

Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұраты ұлттық мәдениет, әдебиет, өнерге тығыз байланысты. Ол көркемсөз өнері мен өнерге тым ерте араласқан. Бұған туып-өскен жерінің ерекшеліктері де әсер еткен болар. Оның туған жері, атамекені-Баянауыл Ертістің сол жақ бетін алып жатқан Сарыарқа атанатын үлкен атыраптың бір бөлігі, облыс орталығы Павлодардың батысында орналасқан, Орталық Қазақстанның көз тартар әсем бір аймағы. Онымен қатар ол өскен орта көркем сөзді бағалай білетінді. Сөйтіп ол сұлулықты, қазақ поэзиясын жастайынан бойына сіңіріп өсті.

Қ.И.Сәтбаевтың әдебиетке деген айырықша ықыласын мына бір жайлар да көрсетеді. 1923 жылы ол «Қазақ тілі» газетінде «Обаған» әні туралы мақала жариялады. Бұл жас автордың тырнақалды еңбегі болатын. 1940 жылдары Қ.И.Сәтбаев жазушылардың пленумында сөз сөйлеп, Амангелді Имановтың қайғылы қазаға ұшырағанына 25 жыл толуына орай «Батырдың ерлік дәстүрі» атты мақала жазып, Алматыда өткен ғылыми қызметкерлер мен әдебиетшілердің жиналысында сөз сөйледі, «Қазақ совет әдебиетінің мерекесі» деген мақала жариялады. Академик Қ.И.Сәтбаевтың негізгі мамандығы геология болғанымен экономика, тарих, әдебиет, өнер тағы басқа қоғамдық ғылымдар саласында да мол ғылыми мұра қалдырғаны белгілі.

Қазақстанды ширек ғасыр тежеусіз билеп-төстеген Д.А.Қонаевтың 1964-1986жылдарда, яки билік басынан тайдырылғанша Қ.И.Сәтбаевтың есімін, ұлан-ғайыр еңбегінаттатпаған, ел тарихынан алып тастағысы келген пендешілік қарекетінен туған әрекет екенін зиялы қауым жақсы біледі... Өзекті өртеген осы гәп жайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1988 жылдың қараша айында Павлодар да өткен алқалы жиында:

« Өздеріңізге мәлім, дарындыларды күншілдер қудалап, кемеңгерлерімізге күн көрсетпеген кертартпа қоғамда өмір сүрдік. Қ.И.Сәтбаевтың басынан кешкен түрлі сүргіндер, жазалаулар, ең аяғы ұлан-ғайыр еңбегінің лайықты бағасын алмау себебі де

осыдан өрбіген. Сондықтан да біз келешек ұрпаққа ұлағат ету үшін оның ғылыми еңбектерін, асыл сөздерін, ғұмыр жолын кеңірек насихаттауымыз қажет. Қ.И.Сәтбаев – кешегі Кеңес Одағының ұлы адамдарының бірі ғана емес, жылнамаға көшпек ғасырдың ұлы тұлғасы. Қазақ қауымынан мұндай биік деңгейге көтерілген, одан асқан тұлғаны мен білмеймін», - деген еді Елбасымыз.

Шынымен де, біз Қ.И.Сәтбаев сынды ғалымды қаншалықты танимыз, қаншалықты насихаттап жүрміз деген ойға қаласың. Жас инженер Қ.И.Сәтбаев Жезқазғанға қалай келді? Жезқазған – Қазақстанның түсті металлургиясының бесігі. Ертедегі кен қазушылар Жезқазғанан кендердің үлкен мөлшерін қазғаны анықталды. Міне, осы жерге, Қазақстан металлургиясының көне орталығына 1926 жылы Қ.И.Сәтбаев келді. Қаныш Имантайұлы еңбекке, күреске және үлкен өрлеуге толы жарқын өмір сүрді, бойындағы барын, бірін қалдырмастан өмірінің соңғы күніне дейін халқының, елінің гүлденіп өркенденуіне бағыштады. Осындай ғалымның ізін басуға тырысып жүрген адамдар да баршылық. Қ.И.Сәтбаевпен М.Ж.Көпеев сынды ғалымдардың Баянауылдан шыққан тұлғалар екенін білеміз. Осы тұста С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің металлургия кафедрасының меңгерушісі М.М.Сүйіндіков ағамызбен тілдесуді жөн көрдім. Біреу білсе, біреу білмес. Металлургия кафедрасы Қ. И. Сәтбаев, М.Ж.Көпеев сынды ғалымдар мен елге белгілі зиялы адамдардың кішігірім мүсінін жасайды.

Сүйіндіков М. М.

Металлургия кафедрасының меңгерушісі,
профессор, техника ғылымдарының кандидаты.

Профессор М. М. Сүйіндіковтың айтуы бойынша, мүсінді металдан жасау үшін бірінші ыңғайлы болуы шарт. Қалыптауға келгенде қиын болатынын айтады. Металлургия кафедрасының зертхана меңгерушісі, доцент, ғылым магистры Н. Қ. Құлымбаев студенттерді осындай жұмыстарға тартады. Олар үшін мұндай жұмыстар өте қызықты, бір жағынан эстетикалық танымдылығы бар. Студенттер көп айналысты. Кейіннен мұны университет басшылықтары естігеннен кейін, М.Ж.Көпеевтің мүсінін көріп, дәріптеуге жақсы екенін айтып, бір күні 2мың дана жасаңдар деп ұсыныс тастаған болатын. Алайда, біздің зертханада ондай мүмкіндік жоқ еді. Екіншіден, мұндай мүсіндерді жасаған уақытта, жақсы шығуы үшін қоладан жасау қажет. Ал қоладан жасау үшін оны балқытатын пеш керек. Бізде ондай пеш болмай

түр. Қалыптаудың өзі қиынға соғады. Оны Н. Қ. Құлымбаев өзі істеп көрді. Көркем бейне шығарудың өзі оңай емес. Біздің істеп отырғанымыз бұл студенттерге тарихи танымдық тәрбие ретінде. Атақты адамдардың суретін кітаптың бетінен көре салу бір бөлек, ал қолына ұстап, оны өз қолымен жасаған кезінде бейнесі әлгі адамның жадында сақталып қалады. Осы істерде біраз тәжірибе жинақтадық деп айтуға болады. Оны құюдың да, қалыптаудың да өзіндік технологиялық ерекшеліктері бар. Қазір осыны біз оқу жұмысына енгізу актісін жасап, түбегейлі қолға алайық деп отырмыз. Студенттер 1 курсқа келген бетте «мамандыққа кіріспе» деген сабақ болады, соған енгізсек, «өлі» металл жанданып тартымды жағынан көрінеді. Олардың өз мамандығына қызығушылығын оятып, оқуға деген ынтасын арттыра түсері анық. Университетте жылда өтетін Қ.И.Сәтбаев оқуларына байланысты осы ғалымның мүсінін жасауды қолға алсақ деп отырмыз.

Қ. И. Сәтбаев тақырыбына кездейсоқ келген жоқ едім. Үлкен атамның кіші інісі Жармағамбет Төленов деген кісі ең алғашқы қазақ металлургияларының бірі болған. Мәскеуде оқып келген. Соның төңірегін зерттеп жүрген уақытымда, жазушы Медеу Сәрсекешығармаларынан тың деректер таптым. Ол кісі Сәтбаевтану саласында өте қыруар еңбек жасаған адам. Қ.Сәтбаев, Е. Бекмаханов, Е. Бөкетов сынды қазақтың біртуар перзенттері туралы кітаптар жазған. Жазушы, Қ.Сәтбаевты 40 жылдан аса, Е.Бекмахановты 12 жылдан аса уақыт зерттеген екен. Осы кісінің бір кітабынан оқып қалдым. Сәтбаев туралы бірталай әңгіме айтып берген Ж.Төленов деген кісі депті. Содан қазбалай қарасам, 1935 жылы «Үлкен Жезқазған» туралы жобаны Мәскеуге барып қорғайды. Бұл дегеніміз біз айналысып жүрген ұсақ-түйек ғылыми жоба емес, бүкіл Қазақстанның өндірістік әлеуетін ғасырлық көтеретін жоба. Соны қорғаған уақытында Жезқазған туралы қалың жинақ шығарады. Сол жинақтың ішінде 1935 жылы Ж. Төленовтың мақаласы жарияланған екен. Сөйтсек, бұл кісі Сәтбаевты 1918жылдан бері біледі екен.

Жалпы Ж.Төленов ағайынды Сәтбаевтардың шапағатын көп көрген. Қ. И. Сәтбаевтың ағасы Әбікей Сәтбаев ағартушы, ұстаз болған адам. Семей педтехникумында сабақ беріп, директор болған. Жаңағы Ж. Төленов Сібірге қара жұмысқа барып, аяғын жарақаттап, Семейге келгенде күнкөрістің қамы ғой деп педтехникумның бір қорасын жалдап, сонда етік тігіп күн көреді. Педтехникумға келген-кеткен мұғалімдері етіктерін тіккізіп жүреді. Бір күні Ә. Сәтбаев келіп, «мына жерде бет алды отыра берме, сен қарайып

қаласың, сен одан да мына келіп кетіп жүрген мұғалімдерден сабақ алып жүр сырттай», - дейді. Айтқандай сауатын сырттай ашады. Ә. Сәтбаев бұл жерге директор болып келген уақытында бұл кісі сол педтехникумға қабылданады. Педтехникумның соңғы курсына Мәскеуге жұмысшылар факультетіне оқуға жібереді. Сонда химия факультетіне түсіп, оқып жүрген уақытында Қ. Сәтбаев келеді. Бұрыннан таныстығы бар адам әңгімелесіп, шүйіркелеседі. Сонда Қ.Сәтбаев айтады: «Сен бет алды оқып жүрсің бұл мамандықта, химияның Қазақстанға әзірге керегі жоқ, қазір ең керегі металлургия, кен байытуды дамытуымыз керек», - дейді. Осы кісінің ақылымен таукен институтына ауысады.

1932 жылы оқуды бітіріп, одан кейін Қарсақпайға келеді. Қарсақпайдағы кен байыту фабрикасына техникалық жетекші ретінде ұсынылды. Бірақ бұл кісі бастапқыда тайсақтайды, тәжірибесінің жоқ екенін айтады. Мұндай үлкен лауазымды жұмыстан бастаған қиын болады деп отырғанда, тағы да Қ. Сәтбаев келе қалады. Мән жайды білген соң «сен тайсақтай берме, бұл жұмысты өздерің сияқты оқып келген қазақ азаматтары істемегенде кім істейді», - деп жігерлендіріп, ақыры бұл жұмысқа келіседі. Алғашқы ғылыми мақаласын сонда жүргенде 1935 жылы жазады. Күндіз-түні өндірісті басқарып жүрген адамның уақыты бола ма, соны Қ.И. Сәтбаевтың ақылымен «сен жайғана жұмыс істей бер ме, сен мұны ғылыми тұрғыда тереңірек тани білгенің дұрыс» деп, сол кісінің түртпегімен жаңағы алғашқы мақаласын жазған екен.

Сонда қарасаңыз, 1925 жылы оқуға түсіп, жай ғана сауатын аша бастаған адамның, 1935 жылы үлкен ғылыми мақаласы жарық көреді. Арасы 10 жылдың арасында ғылыми мақала жазатын адам болып шыға келеді. Қазіргімен салыстырған да ақылға сыймайды. Сол заманның адамдарына таң қаласың. М. Сәрсекенің қол жазбаларын қарап отырғанымда көп рақметін Қ.И. Сәтбаев пен бірге оның жұбайына да айтады.

Ж. Төленов репрессияға ұшыраған жан. Әйтеуір 1940ж қайтып келіп, ақырында Балқаш металлургия зауытында ширек ғасыр істеп, соңынан Қарағандыдағы ХМИ-ға ауысқанда да, Қ.И.Сәтбаевтың шапағатын көрген. 1958 жылғы ҚазКСР ҒА №100 жарлығымен Ж.Төленовті ХМИ-дің түсті металдар кен байыту секторына басшы етіп тағайындаған тағы да ҒА президенті Қ.И.Сәтбаев еді. Сондықтан да, Қ. И. Сәтбаев туралы кеңінен елге дәріптеп, студенттер мен оқушыларға көбірек түсіндірген дұрыс. Осыдан-ақ, Қ. И. Сәтбаевтың қаншама адамның өміріне жол сілтегенін көруге болады.

Қорыта келгенде, Сәтбаев Қаныш – ұлттың ұлы тұлғалары қатарынан орын алған, ғылымда Кеңес одағының өзін мойындатып, есімі дүние жүзіне танылған, ерен еңбегімен 100 жылдығы (1999ж.) ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен, талантты ұйымдастырушы, кемел кісі. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясын құрып, ұзақ жылдар оның Президенті болды. Ғалымдығын дүниеге мәшһүрлеп, жаңадан табылған бір минерал мен кіші планетаға есімі берілген. Сондай-ақ Алатауда Сәтбаев мұздығы, Сәтбаев шыңы бар. Сәтбаев атында Геологиялық ғылымдар институты, Қазақ ұлттық техникалық университеті аталады. Астана, Алматы және басқа да қалаларда көшелер мен мектептерге, мекендерге ғалымның есімі берілген, ескерткіштер орнатылған. Қ.Сәтбаев еліміздің кен байлықтарын ашуда, ел экономикасын дамытуда, мәдениетін өркендетуде орасан еңбек сіңірген, жан-жақты қабілет иесі болған. Мемлекет және қоғам қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан және КСРО ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірнеше мәрте депутаты және Одақ көлеміндегі көптеген ғылыми комиссиялардың мүшесі болған деп білеміз. Сондықтан да біз келешек жас ұрпақ осындай ғалымдардың ерен еңбегін ұмытпай насихаттауға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаныш Сәтбаев «Рухнама», 2003. 3-5-12-38 б.
- 2 Медеу Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» 2008. 12-136.
- 3 <http://1referat.kz/tulgalar/qanysh-satbaev-1899-1964.html> сайты.

2 Секция. Филология
2 Секция. Филология

2.1 Қазақ филологиясы
2.1 Казахская филология

**М. МАҒАУИННИҢ «ҚЫПШАҚ АРУЫ»
ХИКАЯТЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК РУХ**

АМИРТАЕВА С.

студент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

ЖАНҰЗАҚОВА Қ. Т.

ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

Қазіргі қазақ прозасында көркемдік ізденісі, тақырыбы, әдісі тұрғысынан елді елең еткізген, көзге «алабөтен» көрінген шығарманың бірі – М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаясы. Шығармадағы фантастикалық, философиялық мотив, жұмбақ жайттар, уақыт пен кеңістіктегі еркіндік бірден зерттеушілердің қызығушылығын тудырды, қызу талқылаудың нысанына айналды.

М. Мағауиннің жалпы шығармашылық сапарында қашанда өзгешелікке, жаңашылдыққа ұмтылатынын, тынбай ізденетінін аңғарамыз. Бұған әсіресе, тәуелсіздік жылдары жазылған дүниелері куә. XX ғасырдың екінші жартысында жазылған «Аласапыран» тарихи роман-диалогиясы, «Көк мұнар», «Сары қазақ», «Шақан шері» романдары, соңғы жылдары жазылған «Қыпшақ аруы», «Мен», «Жармақ» романдары – бірін-бірін қайталамайтын, көркемдік әлемі, айтатын ойлары бір-бірінен өзгеше дүниелер. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған туындылары бұрынғы шығармаларынан оқиға жағынан да, құрылымдық, әдістік тұрғыдан да ерекше соны. Кеңестік әдебиетте реалист жазушы ретінде қабылданатын М. Мағауиннің кейінгі туындыларында ұлттық танымға негізделген жаңа модернистік өрнектер басым.

М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятындағы басты кейіпкер – сұлулық. Айсұлу бегім уақыт пен кеңістікке тәуелсіз сұлулықтың символына айналған. Жазушы осыдан сегіз ғасыр бұрынғы түркілер тарихының түкпіріне ой жіберіп, қайта оралып, бізбен сырласып жатады. Кеңес дәуірі әдебиетінде «Аласапыран», «Сары қазақ»,

«Шақан шері» сынды классикалық дәстүрлі стильде жазып жүрген жазушының бұл хикаяты алғашында тосындау көрінді. Жазушының «Қыпшақ аруы» шығармасында лирикалық бастау, ішкі толғаныс, фантастикалық, мистикалық элементтер араласып келген. Сюжеттік шырғалаң, шығарманың мазмұндық астарының қалыңдығы, уақыт пен кеңістік аясындағы еркіндік, өткен мен бүгін арасындағы контраст, көне түркілердің тарих сілемдеріне назар салу, ретроспективтік ыңғайдың молдығы жазушы шеберлігінің табиғи қуатын танытады.

Жазушы Саржанның қиялы арқылы түркілер тарихының терең қойнауындағы ару ананың образын тірілтеді. Саржан мен Айсұлу бегім уақыт пен кеңістіктің шекарасын бұзып шығып, өткен мен бүгіннің арасына алтын көпір салады. Уақыт пен кеңістіктің тұтастығын, жалғастығын жарып өтетін олар шығарма шешімінде өткен ғасырда қалуды қалайды. Сюжеттегі қайшылықты сөттер, Саржан мен Айсұлу бегімнің ерекше жағдайдағы оқшау іс-әрекеттері, мінез-құлқы, фабулалар тосындығы, көркемдік уақыт пен кеңістік қабаттарының молдығы М. Мағауиннің хикаятындағы романтикалық эстетика нақыштарын әрлендіре түседі.

«Биылғы жұмыстың берекесі қашып тұр» деп реалистік мәнерде басталған шығарманың алғашқы беттерінде автор соңғы жылдардың шығармашылық үшін баянсыз болғандығы туралы ағынан жарыла сыр шертеді, шығармашылық лабораториясына қатысты деректерді санамалайды. Тарихи роман жазу барысында археологиямен де айналысып, «Қыпшақтың тас мүсіндері» кітабын қарағанын тілге тиек етеді. «Аласапыран» кітабындағы Ораз-Мұхамедтің қиян далаға шығып, бабалардан қалған жәдігер – биік қорым үстіндегі тас балбалды алдына келіп тұрғанын есіне алады да, «Қыпшақтың тас мүсіндерін» ашып парақтайды. Бір тұста жазушы: «Жарқ ете түсті. Бұлттан шыққан, арайлы, дөп-дөнгелек күн бетті. Қиығы түзу, аялы, үлкен көзді. Әсем иілген саржа қасты. Үйірілген оймақ ауызды. Жұмыр балғын иекті... Тән мен жан ғажайып жарасым тапқан тылсым тұлғасымен... Бұдан отыз жыл бұрынғы қалпы. Отызыңыз не, мың жыл бұрынғы. Ұмай текті Қыпшақ аруы. Міне, қандай болған!.. Жұпыны кейпінің өзі ғаламат. Тілсіз тас мүсіннің жансыз, көшірме суреті. Мен Қыпшақ аруының он ғасыр өтіп кеткен көлеңке бейнесін алақаныммен бастым. Содан соң шымырлай толқын ұрған қолымды оқыс тартып алып, кітаптың бетін жаптым.

Иә. Өзгеше сымбат. Бәлкім, дуалы, сиқырлы... Саржанның түбіне жеткен де сол сиқыр шығар. Дуасы ауыспаса, Саржан емес, мен кетуім мүмкін екен...» – деп ару-ананы сипаттай жөнеледі [1,

5 б]. Сол сұлулыққа бір кездері мүсінші досы Саржанның ғашық болғанын баяндайды.

Жан мен тән сұлулығы жарасым тапқан ару бейнесі арқылы каламгердің әсемдік идеалы бой көрсетеді. Арудың тұлғасы жай ғана сұлу дене емес «төкаппар, аспани, пәк таза, ғажайып». Жазушының шығарманың әр тұсында Қыпшақ аруының өзінің және Саржанның қабылдауындағы жалпы портреттік суреттемелерін беріп, кейде оған арнайы тоқталып суреттеуі оқиғаны баяндау қуатын арттырған. Қыпшақ аруы – біздің күнделікті көлеңкелі өміріміздегі жарық сәуле сияқты, мәңгі жасайтын «ғажайып», сакральды дүние. Қыпшақ аруының балбалы – түркілер әлемінің көне киелі архетипі, белгілі бір деңгейде киелі түркілер кеңістігінің таңбалық белгісі. Қыпшақ аруын суреттеудегі авторлық сүзгіден өткен «аспани», «пәк таза», «ғажайып», «сиқырлы», «дуалы» эпитеттерінің жұмсалыуы баяндауға романтикалық, мистикалық бояу қосқан. Хикаятта қыпшақ аруының белсенді әрекеті мен іс-қимылынан, көңіл-күйі мен психологиялық ахуалынан гөрі автордың лирика-романтикалық стильмен көмкерілген эстетикалық әсері, сүйіспеншілігі, аруды қошаметтеу, табыну, тамсану басым.

Шығарма басталғаннан бастап әр тұста арнайы назар аударылып отырған қыпшақ аруының сұлу сымбаты мен киелі кескіні хикаяттың эпикалық болмысын нәзік лиризммен, жұмбақ әсермен байытқан. Қыпшақ аруының келбет-кескіні Саржанның қабылдауы арқылы да беріледі. Ол көз алдына келген аруды: «Иілген қабағы. Толық, пісіп тұрған ерні. Балғын иек, жазық мандайы... Ең кереметі – көзі! Мейірлі, мұнды бота көзі!.. Қорықпадым, қуандым. Тек... аңыра қарап, сұлулыққа сүйсініп, көркіне табынып... демім үзіліп... бір сәт, өлі мен тірінің арасында, елбірей, көз айыра алмай, кимылсыз, тілсіз отырып қалсам керек» деп суреттейді.

Хикаятты баяндаушы Мұхтар мен Саржан арасында рухани бірлік бар. Саржан жас кезінен атағы шыққан, ерте танылған аса дарынды мүсінші болады. Өзі айтқандай заманның талабына қарай жасаған «монстр» мүсіндеріне көңілі толмайды. Таусылмаса да тоқырап, қалжырап, даңғазы тірліктен мезі болып, әрі-сәрі күйде жүреді. Мұхтарға «өзінің аталарына тартпай туғаны» үшін «қор, сорлы» санап қынжылатынын айтып, «менен бақытсыз кім бар екен!..» деп мұның шағады. Ол үнемі өзінің жанына, рухына бір нәрсе жетіспейтіндей сезінеді.

Баяғыда өтіп кеткен, бүгінде балбалдың сынығына айналған, бұлдыр көлеңкесі ғана қалған ғажайып арудың сырлы, әсем

сипаты қазіргі заманда тіршілік етіп жатқан мүсінші жігіттің жүрегін жаулап, «басын жадылап алады». Қыпшақ аруы бірнеше рет Саржанның түсінде көрінеді. Саржан Айсұлу бегімге ғашық болады. Өзінің бір кездері ханзада болғанын, Айсұлуға деген баяғы сезімдерін қайта еске түсіреді. Бұдан мың жыл бұрынғы махаббат дерті, «ешқашан жазылмас ғашықтық дерті» бүгінгі күнге көшеді.

Өткен замандарда Айсұлу Саржанның мәңгілік қосағы екен. Екеуі бақытты отау құрып, он үш жыл бойы тату-тәтті тірлік кешеді. Он үш жыл бойы құрсақ көтере алмаған Айсұлу енді арманыма жеттім бе дегенде, бала үстінде қайтыс болады. Қайғысы тарқамаған Саржан жарының бүкіл қыпшақта жоқ мүсінін жасап шығады. Айсұлу өнердің күдіретімен адам қалпында емес, сырлы, мұнды тас бейнесінде қайта тіріледі. Шарасыздықтан жер бетіне сыймаған Саржан тірісінде өзінің мүсінін жасап, демі үзіледі де, тасқа айналады. Ана кейіптегі Айсұлу мен Баба кейіптегі Саржанды қол ұстасқан күйі биік қорымның басына қатар орнатады. Алты ғасыр бойы мызғымай тұрған балбалдарды адамдар бөлшектеп қиратып, құлатып, тарихынан безді, өткенін ұмытты, қағынан жеріді. Қыпшақ аруының қайта тірілуі ұлт рухының ұйқысынан оянып, енді бас көтере бастағанын меңзейді.

Мұхтар боратып шығарма жазып жатқанда, Саржан да Айсұлу бегімнің тас мүсінін тудырады, шедевр жасайды. Ежелгі балбалдың шағын сынығынан әсемдікті қиялында елестеткен мүсінші өзінің шеберханасында Қыпшақ аруының сымбатты бейнесін жасап шығады. Мүсін Саржанның көңілінен шығады. Ол мүсіннің керемет жасалғандығы соншалық, арудың рухы мүсінге келіп қонады. Шабыттанған мүсінші өзін өзі аттас ежелгі қыпшақ ханзадасы Саржанның орнына қойып, ежелгі дәуірдегі сыңары Айсұлу бегімнің мүсінінің жанына қосып жасайды. Арудың қасындағы мүсінге ханзада Саржанның руы қонады. Жансыз тасқа жан бітіп, тіріліп кеткенде, адам әрекетіне санадан тыс сырттан әсер ететін тылсым күштердің барлығына куә болғандаймыз. Саржанның керісінше, тасқа айналып, қоғамды тастап кетуі, көне тарихтың төрін таңдауы да романтикалық белгілерден.

Шығармаға Саржан мен Айсұлудың ғасырлардың қойнауын жарып шыққан махаббаты, уақытқа бағынбайтын ғашықтығы арқау болған. Тас мүсінді тудырған Саржан болса, оның жанына шабыт құйып, поэтикалық күш-қуат берген – Айсұлу. Өткен мен бүгіннің арасына көпір салған күдіретті күш иесі хикаяттың өн байында тым аздау көрінсе де, шығарма тақырыбына арқау болып, оның көркемдік тінінде концептуалдық қызмет атқарады.

Саржан – өзгеше нәзік, жүрегі әсершіл жан. Ол кең даланың төсінде балбалдарды қашаған ата-бабалардың ежелгі дәстүрін қайта тірілте алды. Бірақ өзі де Айсұлумен бірге бүгінгі қоғамда қалмай, орта ғасырларға қайта кетті. Болған-болмағаны белгісіз ізім-қайым жоғалды. Әрине, мұндай шешім кімді болса да ойлантады. Қыпшақ аруының мүсінін өз көзімен көргенге дейін «Біз бәріміз де материалистпіз. Мен – реалист скульптор, сен – реалист жазушы. Тар қапас, темір үйшікке қамалған. Дегенмен... Е-е, мейлі. Бас ауыртпайын десем де, мазамды кетіріп ойымнан шықпайды» деп өкініш білдірген Саржан ақылдың ғана емес, ғылымның шеңберіне сыймайтын ғажайыптар туралы бас қатыра ойланады. Қыпшақ аруының жүзін көріп, дидарласқаннан кейін ол өзі айтқан «реалистік тар қапастың» ауқымынан шығып, «шектәулі» уақыттың да, кеңістіктің де табалдырығынан аттап кетеді. Өзі біресе орта ғасырларға, одан бүгінгі күн оқиғаларына кедергісіз араласады. Өл өзінің ендігі жолын «жалған өмірді тәрк етем. Жаңа бір ғұмыр бастаймын. Пенде ретінде ғана емес. Мүсінші ретінде. Көкірегім тар еді – кеңіді. Алдым тұман еді – ашылды. Бұғаулы құл едім – еркіндікке шықтым. Жалғыз-ақ мақсат, ұлы мұрат жолына бағыштадым өзімді» деп түсіндіреді.

«Қыпшақ аруы» ежелгі арудың қасиетінен сыр шертетін тарихи шығарма емес. Көлемінің қысқалығына қарамастан уақыт пен кеңістік жағынан аса ауқымды. Бірнеше ғасырлардың оқиғасы тығыздалып, үлкен философиялық ойлар жинақы нығыздала берілген. Қыпшақ аруы шығарманың бойында сирек ұшырағанымен, барлық оқиға желісі, жазушының ой-толғаныстары сол арудың төңірегіне шоғырланған. Қыпшақ аруы Мұхтар мен Саржан сияқты белсенді әрекет үстінде көрінбегенімен, хикаяттың өн бойында Қыпшақ аруына деген құштарлық, ізгі махаббат, іңкәрлік, сағыныш жатыр.

Қыпшақ аруы жазушы танымында – халқымыздың тарихының, рухының символы ретінде асқақтай түседі. Ол – бүгінгі ұрпақтың Анасы, асыл жар, жалпы қасиетті әйел бейнесі ретінде жалпылаушылық мәнге ие болған. Қыпшақ аруы Саржанның рухын, тарихи жадын оятты. Бір кездері дүниенің жартысын билеп, тұлпарының дүбірінен алыс жұрттарды тітіреткен ежелгі түріктердің, арғы бабаларымыздың рухы бүгінгі біздің ұрпақтың бойында мүлгіп, ұйқыда жатыр. Ата-бабалардан талай ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан сабақтастық отаршылдықтың табанына түскен тұста үзіліп қалды. Мүлдем мақұрым емеспіз. Дүниені дүр сілкіндірген ата-бабаларымыздың үзгі жүрегімізде бар. Бірақ ол санамыздың терен

бір қойнау-жықпылында бой тасалаған. Тек соны түйсініп, сезіне білуіміз керек. Сілкініп, серпілу керек. Сезімі сергек Саржандар сол рухты өз бойында оята алды. Хикаяттың көтерер жүгі осындай.

Ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен Арудың сұлулығын, рухын дәріптеу поэтика-гиперболикалық реңктермен әсерлей бейнеленген. Мұнда Қыпшақ аруына тағзым да, табыну да, болашаққа деген үміт те үстем. Саржанның арудың мүсінін қайтадан жасағаны сияқты, жазушы да Қыпшақ аруына әдебиеттің нұрын түсіріп, сөздің құдіреті арқылы тас мүсінге «жан бітірген», бүгінгі ұрпақтың санасында қайта тірілген. Екінші жақтық баяндау үлгісінде келер шақ етістіктің -а, е, й жұрнақтарын (ешқашан тозбайсың, халқын жоғалғанға дейін жасайсың, ғасырдан ғасырға өтесің, мәңгі жасайсың) қолдану өткенге сенім, ертеңге үміт сезімдерін көтеріңкі лепте жеткізу қызмет еткен. Қыпшақ аруы туралы жазушы тебіренісі ежелгі бабалар өнерінің кереметіне таңырқау сезімдерін өрнектейді. Мұнда авторлық баяндау символикалық мағынамен ұштасады. Бұл үзіндіде жазушы позициясын, бүгінгі күннің үнін естиміз. Жазушы хикаяттының стильдік ерекшелігі уақыт пен кеңістік алшақтығын жойып, бүгінгі күн мен орта ғасырлардың оқиғаларын тұтастыра қамтымақ ниетінен аңғарылады. Бұл толғаныста лирикалық, романтикалық интонациямен автордың өзінің белгілі бір көңіл күй әсерлерін бейнелеу үрдісі басым.

Түйіндей айтсақ, М. Мағауин «Қыпшақ аруы» хикаятты арқылы халқымыздың бұрынғы бет-бейнесін, рухани кескін-келбетін тұтастай қайтадан қалпына келтіріп, бүгінгі қазақтың қанындағы көне түркілік рухты қайта жаңғыртқысы келетін ұмтылысын танытады. Көлемі шағын болғанымен уақыты мен кеңістігі кең шығарма жазушының шеберлік қуатын көрсетеді. Хикаятта қиял мен шындық, өткен мен бүгін, романтикалық, поэтикалық және публицистикалық бастаулардың синтезі жарасым тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мағауин М. Қыпшақ аруы // Жұлдыз. – 2005. – № 16. – Б. 3-59.
- 2 Жан Поль Р. Приготовительная школа эстетики. – М.: Искусство, 1981. – 152 с.

ШӘКӘРІМНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

БАҚТЫБАЕВА Ж.
4 курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.
НҰРФАЛИЕВА Н. Б.
ф.ғ.к., ПМПИ, Павлодар қ.

«Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Шәкәрімнің ойшылдылығының, ақындығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған», - дейді З.Ахметов[1].

Шәкәрімнің философиялық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор. Ол жөнінде ғалым Б.Әбдіғазыұлы: «Шәкәрімнің реалистік лирикасына тән ендігі бір қасиет – терең ойлылық, философиялық астарлылық. Бұл тақырыпта жазылған «Тура жолда қайғы тұрмас», «Тау басындағы ой», «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық», «Кетті, келді», «Тіршілік, жан туралы», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Пайғамбар Мұса жолықса», «Тәңірі мен жан», «Шыннан өзге құдай жоқ», «Шымды жерде көресіз қара топырақ» сияқты көптеген өлеңдері Шәкәрім философиясының кең қанаттылығын, зор тынысын танытады, - деп тұжырым жасаған [2].

Шәкәрімнің «Үш анық» деген философиялық трактаты ғибратқа толы.

«Анық пен танық» деген өлеңінде ақын бір-біріне қарсы екі ұғымды тақырып қылып алған. Өлең мына долдармен басталады:

Ойлаңыз, ақыл, білім, қайда болмақ,
Денеді қандай орын, жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

«Анық» деген сөз - Шәкәрімнің қазақ поэзиясына енгізген тақырыбы. Ол кездейсоқ сөз емес, «анық» оның көркем шығармасында ғана емес, дүниетанымдық шығармасында да кездеседі. Оған қарама-қарсы ұғым «танық» болған. Осы арқылы Шәкәрім адам бойындағы жақсы мен жаманды айыратын ұғым ретінде қолданғанын байқаймыз.

Ақын адам жайын эстетикалық, философиялық, биологиялық, психологиялық, дүниетанымдық тұрғыдан алып талдаған.

«Дүние мен өмір» деген өлеңінде ақын қайғы, дүние, өмір, бейнет, рахат деген ұғымдар тақырыптар ретінде алынып, олардың табиғаты ашылады, Ақын қайғы жайында былай таратады:

Мен де соққы жедім деп сұм дүниеден,
Деп жазым ем, оныма өкіндім мен.
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы,
Болыпты не біреуден, не өзімнен
Шәкәрімнің айтар ойы қайғыны адам баласы өз басына көбіне өзі тілеп алады. Оны тағдырынан көру ағаттық дейді. Осы қайғысы үшін тағдырды кінәлау тіпті жаратушының өзіне қарсылық дейді ақын. Шәкәрімнің осы өлеңінің терең танымында имандылыққа шақыру жатыр. Шәкәрім поэзиясындағы метатақырып ол – имандылық тақырыбы. Бұл өлеңінде ол бірнеше ұғымдарға тоқталған. Ақынның өмір философиясына толы «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы

Осы аталған жақсы қасиеттерді бойға дарытқан адам ғана өмірде өкінішсіз өтеді. Шәкәрім өмірдің алдамшы, тұрақсыздығын, көрген түстей өтпелілігін сынға алуға қарсы шығады, өмірді кінәламауды насихаттайды.

Кейбіреулер жазады «ку өмір» деп,
«Тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір» деп.
«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,
Иә, көлеңке, яки тұс, у өмір» деп, -
деп, ақын түрлі эпитеттерді қолданып, «ку өмір», «су өмір», «у өмір» секілді тіркестерді үстемелеп жазу арқылы адресаттың назарын аударуға тырысады.

Ақын өлеңіндегі үлкен философиялық ой Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңімен үндескен:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек,
Басқан із, көрген қызық артта қалар,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Бұл жолдардан белгілі философ Гегельдің диалектикалық заңдылығын жіті аңғаруға болады. Дүние бір орында тұрмайды, әр уақыт қозғалыста, дамуда, өзгерісте болады. Қатып қалған догма жоқ. Адамның жастық шағын, дүние алмасуын ақын өмірдің осы заңдылығымен ұғынып, пайымдаған. Тумақ, өлмек – тағдырдың ісі. «Өмір», «Өкінішті өмір», «тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өлген көңіл, ындынсыз өмір», «Өмірдің ұнап ойыны» философиялық ойларға толы. т.б.

Дүние, адамзат, тағдыр жайлы философиялық ой түйіндері Шәкәрім өлеңдерінің негізгі арқауы деуге болады.

Шәкәрімнің шығармашылығының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның шығармаларында көңіл-күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да басты орын алады. Алайда, ақын өлеңдерінде сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті болып келеді. Ақын поэзиясының негізін «адам», «тағдыр», «өмір», «ар-иман» сияқты философиялық – танымдық тақырыптар құрайтынын көруге болады. Сондықтан ақын шығармашылығынан алла, адам, өмір, дүние, болмыс, тағдыр сияқты ұғымдар арқылы философиялық ой түйіндейді. Ақынның философиялық көзқарасын, дүниетанымын, діни сенімін танытуда маңызды қызмет атқарады. Шәкәрімнің философиялық толғауларында, лирикаларында адам туралы ұғымы мен көзқарастары анық көрінеді.

Адам - залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау,
Жер білсе адамзаттың бұл қылығын
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.

Яғни адам-тарихи процестің субъектісі. Осы тұрғыдан келгенде Шәкәрім үшін күрделі проблемалардың бірі ол - адам проблемасы болды.

Айуан етін, тірісін, сүт пен күшін,
Ара балын, су балық, жер жемісін,
Құс денесін, жүні мен жұмыртқасын
Сақтап жүр ғой дейсің бе адам үшін?

Шәкәрім шығармаларының негізін өлім мен өмір, осы екі аралықтағы тағдыр деген философиялық ой құрайды. Себебі бұл ұғымдар ақын шығармаларының өн бойында түрлі көрініс тауып отырады.

Өлім ақиқаттығы Шәкәрімнің мына бір өлеңінде былайша көрініс табады:

Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап шатасың.
Дозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға әлің келсе батасың...
Алланың адал ризығын жесең де,
Арамды әдейі іздеп татасың...
Алланың ақ өлімі келген де
Амалсыз қара тастай қатасың...

Бұл жерде Шәкәрімнің танымдық ойды арқалаған тағылымдық мәні зор, философиялық мазмұны осы бір өлең көлеміне топтастырылған.

Қазақтың сөз өнері мен ата тарихты зерттеуші Шәкәрім бойына бір ғана ақындықты телу оның болмысын тарылта түседі. Шәкәрім Абай идеясын жалғастыру барысында өз бойына ақындық пен қатар ғалымдықты, философты, теологтық қасиеттерді сіңіргендігін өмір жолынан көруге болады. Шәкәрім өзінің осындай болмысын

Мен бір қонақ кеттім бірде қонып,
Қайтатұғын қалыпта мезгіл толып.
Осы қонақ қалай деп сынға алмаңыз,

Тәуіп деп-ақ айта сал ой мен жорып
деп өзінің тұлғалық қасиетінің бір ғана элементімен таныстырып қана кете барады. Шәкәрім де адам бойындағы рухани тазалықты ар мен иман, ұят өлшеммен бағалаған:

Ар демек адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.
Адаспайсың ақылды арлыға ерсең.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде
Ар сатар шамға да болса

деп ақын да арың сатпа, терінді, еңбегінді сат, арсыздық - шайтан досы деп, ардан кеткен ақылдан күр қалады дейді.

Адамның рухани болмысының қалыптасуында тіл мен діннің ролі зор. Ежелгі дәуірден бұл екі қоғамдық сананың формасы бір біріне әсер етіп, бірін-бірі дамытып, сол арқылы адам табиғаты мен рухани мәдениетінің дамуына, канат жайып өркендеуіне сол арқылы ғылымның, философияның тууына себепші болады. Шәкәрім философиясының ежелгі арманы-дүниені, қоршаған ортаны, ақиқатты, бас көзімен көрмей ақыл көзімен көру. «Ұш анықтың» басты философиялық мәселесі - адамның өмірі, оның дүниемен, қоршаған ортамен тұтастығы, өзі айтқандай: өлімнен соң, бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керек іс - ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейрам.

Өлім маған өмірден мың есе артық
Жарға құрбан болуға жан жараса.
Дозақ отын құл қылып сөндіремін,
Жаралы жүрегімнен қан тараса.

Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мәселелерді адам психологиясымен тығыз байланыста қарастырады, ол сондай-ақ ұлттық психологиялық салтқа, халықтық ерекшелікке айналған

құбылыс, ол адамдардың ар-ұятын оятып, намысын қайрап, ілтипаттылық, парасаттылық, ізеттілік сияқты ұнамды қасиеттерді жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігін нақты деректер арқылы талдап көрсетеді/3/.

Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық моральдық адамгершілік мәселелерімен ұштастыра білуімен сипатталады. Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да бір іс-әрекетті ақылмен сынауды басты моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі // Шәкәрім дәрістері. Семей, 2002.

2 Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрімнің Ләйлі-Мәжнүні.// «Жұлдыз» 2002, №10

3 Аманжол А. Некоторые особенности перевода Л. Толстого Шакаримом // Абай. 2005. №1. 60б.

КОНЦЕПТ: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

БАТТАЛ Г.

4 курс студенті, Ш. Құдайбердіұлы атындағы СМУ, Семей қ.

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д. С. Лихачев [1], И. Д. Арутюнова [2], Е. С. Кубрякова [3], А. Н. Мороховский [4], Н. К. Рябцева [5], В. Айрапетян [6], В. В. Колесов [7], В. А. Маслова [8], А. Я. Гуревич [9], А. Вежбицкаяның [10] еңбектерінде кең көлемде беріледі.

Концептілік мәнге ие доминант сөздердің терминдік мағынасы әр ғылым саласына қатысты. Бұны тек бір ғана тіл біліміне теліп қоюға болмайды. Ол тіл, әдебиет, қоғамтану, философия, әлеуметтану сияқты ғылымдар басын біріктіреді. Концепт болатын сөздердің беретін ұғымын, мән – мағынасын анықтау үшін қоғам өзгерістері назарға алынады. Концептілік мәнге ие доминант сөздер – мәдениеттің бір элементі, сонымен «Мәдени концепті»

дегенге И. Д. Арутюнованың пікірінше: мәдени концепт ретінде қоғамдық сананың өлшемі. В. А. Маслова мәдени ақпарат тілдің номинативті бірліктері арқылы төрт тәсілмен: «мәдениесемалар», «мәдениая», «мәдени ақпарат» және «номинативті белгілерден» іздейді. А.Я.Гуревич әмбебап мәдени концептілерді философиялық категориялар (мезгіл, кеңістік, себеп, өзгеріс, қозғалыс) қатарына жатқызады. Концепт сөздерді айқындау ұстанымдары тіл білімінде субъективті түрде жүргізілуде. А. Н. Мороховский дерексіз лексиканы мәдени сөздерге ғылыми терминдерге және идеологиялық терминдерге бөледі. Себебі, біріншіден, атқаратын қызметінің, екіншіден қоғамдағы эстетикалық-қоғамдық әрекетіне қатысты талдайды. Үшіншіден, беретін ұғымдарының әртүрлілігіне байланысты екендігі де ескерілуі шарт. Ғылыми терминдерді тілдік тұрғыдан талдаудың өзіндік қиындықтары бар. Олар ұлттық тіл - өнер белгісі ретінде болса, екінші жағынан оның танымдық сипаты ескерілуі керек. Себебі концептілердің әрбіріне жекелік талдау қажет. Олардың әр біреуінде сол ұлттың қоғамдық-саяси және әлеуметтік, эстетикалық белгілері бар. Біздің ойымызша, дерексіз сөздердің өзі де концептілік мәнге ие. Сөз белгілі бір ұғым – түсінікті толықтай бере алады. Сондай-ақ сөздердің «мәдениленуі» қоғамдық өзгерістерге қатысты. Мәдени концептілік мәнге ие доминанттардың шеңберінде нақты жинақтаушы заттың орнын анықтау арқылы оның қызметі мен мән-маңызы ашылады. Бүгінгі таңда лингвистика ғылымында концепт терминінің қарастырылуы лингвистика мен философияның өзара бір-біріне деген әсерінің күшеюіне байланысты туындаған. Логикада «концепт» термині «ұғым, түсінік» терминдерімен тең алынады. Ресей тіл білімінде «концепт» термині алғаш рет ХХ ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап қолданыла бастаған. Орыс және шетел ғалымдарының концепті мен сөзге қатысты мәні танымдық және көркемдік түрлеріне жіктейді. Бірақ олардың аралық шегінің өзгеріп, кейде астасып отыратынын да жоққа шығармайды. Сөз туындаған алғашқы сәтте концепт сөздің «ішкі формасы» ретінде талданып, концепт сөздің ұғымдық құрылымының бөлігі ретінде әрі қарай қызмет етеді. В. В. Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен қатар алатыны да сондықтан болса керек. Концепт адамзат баласының өмір тәжірибесін суреттей келе, толығына бет бұрған, даму мен өзгеруге бет алған шағындағы қалып көрсетеді. Сөздің әр түрлі беретін мағынасы концептілік мазмұнға ие бола отырып, қоғамдық сипатын да бейнелейді. Бейнелі

сөз оралымдары – өз жаратылыс табиғатында лексикалық қорды құрайды. Концепт пен ішкі форма терминдерінің мән-мағынасын ажырату өте күрделі. Концептуальді ұғым жайлы түсіндірілсе, «концепт» термині пайдаланылады, демек мәдениеттің өзгерістері ұғыммен бірге өзгереді.

Адам санасындағы ғалам бейнесі өзінің жаратылыс табиғаты жағынан сан түрлі. «Концепт-сөз мағынасы тәрізді құбылыс, бірақ ол байланыстардың біршама күрделі қалпын бейнелейді» В. Гумбольдтың пікірінше: «тіл – сыртқы құбылыстар». В.А.Маслова: «дүние жайлы ақпараттардың жиынтығы» Бастапқыда концепт термині лингвистика мен философия ғылымдары арасындағы аралықты ашса, кейінне кең көлемде тарала береді.

Адам санасындағы болмыс пен ақиқат әлем жайлы мәліметтерді зерделеу. Б.А.Серебренниковтың айтуы бойынша, тіл – ғаламды өзі «бейнелемейді», қоғамдық басқа құбылыстарды зерттейтін ғылымдар тұжырымын да енгізге алады. Мазмұнды белгілердің шоғыры болып табылатын «ұғым» терминінің «концепт» терминімен сабақтасып бірігетін тұсы да бар. Ары қарай кеңейе түсіп, басқа салаларды да тіл біліміне топтастыру бар.

Таза лингвистикалық ұғымдардың бірі болып келген сөз мағынасы жаңа түсініктің ең негізгі мәселесіне айналды. Себебі сөз мағынасы тек оның қызметтің мәнімен ашылмайды. Жаңа бағыттағы зерттеулерде лингвистикалық ұғымдар терминдік қолданыстар қоғамдық өзгерістермен бірге алына отырып, концептілік қалыпқа көшеді. Ж. Манкеева [11], Г. Смағұлова [12], С. Сәтенова [13], Б. Ақбердиева [14], Снасапова. Г. [15], еңбектерінде ұғымның концептуальды түсінігімен қатар, әмбебап мәдени түсінік ретінде де әлеуетті мәні жоғары лингвомәдени бірлік ретінде алынады. Белгілі бір тілдік таңба ақиқаттағы ойдың (схема, фреим, сценарий) тілдік объективтенуі болып табылады. Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жариялаған көзқарастары концепт туралы тіл біліміндегі зерттеулердің қазақ тіліне тән өзіндік сипаттарын ашқаны ақиқат. Бұл зерттеулердегі ғылыми ой пікірлерде концепт терминінің лингвистикалық сипатын анықтау ретіндегі бір белгісі ғана алынады. «Концепт» термині секілді «концептілік талдау (концептуальный анализ)» терминіне де лингвистикалық талдама толық жасала қойған жоқ. Дегенмен, концептілік талдауда мынадай ұстанымдар басшылыққа алынды:

1) мәдени құбылыстың, ұғымның немесе мәдени қабаттың қолданылу стилі, қаламгердің белгілі бір тілдік мәтіндегі сөз

қолданысы мен оның сана, ой, таным, болмыс жүйесіндегі мағыналық және құрылымдық ерекшеліктері;

2) сөздерді мәдени құбылыс ретінде қарауда қоғамдық сипаттардың бірге алынуы;

3) әдебиетшілерінің шығармаларындағы концептінің қолданылуындағы бейнелілік;

4) концептінің қазақ қоғамына, әдебиетіне, руханиятына әкелген мәні.

Қандайда этно-мәдени және тілдік бірлікке концептілік талдау жасаған зерттеулерде тек тілдік талдау жасаумен шектелген. Бұл талдаулар көбіне сөздің лексика-семантикалық мағынасын негізге алған. Концептілік талдау семантикалық талдаумен сәйкес келгенімен өзіндік мақсаттарымен ерекшеленеді. Концептінің ең басты сипаты қоғамдық басқа ғылымдармен байланысты болғандықтан оның танымдық мәнінің ұлт дамуына әсері негізге алынуы шарт. Концептілік мәнге ие доминанттардың қалыптасу үрдісін зерттеу арқылы қоғамдық сана мен ой, ұлт руханияты айқындалады.

Тілімізде концептілік өрістегі бірліктер көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы концептілік мәнде бейнелі қалыпта қолданыла отырып, мән-мағынасы тереңдей ашылады. Ендеше осы арқылы алғашқы мағына негізінде екінші мағына жасалады. Негізгі мағына қарама-қарсы мағынада жұмсала отырып, айналасындағы қоршаған ортаны ұжым мүшелерінің ең алдымен, жақсы-жаман пайдалы-зиянды деп жіктеп алатындығы ескеріледі. Ал өз кезінде бұл қарама-қарсылық жаңа мағына жасап қоймай, мағына өрісін кеңейте береді. Қандайда болмасын концептілік мәнге ие доминант адам санасында өріс жасай отырып, қоғамдық ойға қозғау салады. Сонымен, концепт ұғымнан әлдеқайда қомақты логика туындайды. Бұл логика тұтас қоғам мен кейде ғалам жайындағы барлық рухани ойларды жинақтайды.

Концепт термині жайлы ойларды бір жүйеге келтіретін болсақ төмендегідей.

1. Концепт болу үшін тілдік модельдер болуы қажет. Адам баласының сана - сезімі жетіліп, таным түсінігі рухани құндылықтар мен материалдық мәдениетті білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде танымыз.

2. Қазақ тіліндегі концептілердің құрылымдық типтері сан алуан. Бұл тілдің бейнелілік, көркемдік сипаттарымен тығыз байланысты.

Фаламның тілдік бейнесі когнитивтік санада ой-бейнелер, фреймдер, схемалар арқылы көрініс беретіні философияда айтылып келгенімен тіл біліміндегі зерттеулер кейінгі жылдар еншісінде. Олар белгілі бір қоғамның әлеуметтік, танымдық сипаттарына қарай сол ұлт өкілдерінің, тілдік ортаның, я болмаса ұжымның дүниеден өз орнын тапқан заттар мен құбылыстар жайлы түсініктерін өзгертуі де мүмкін. Бұл да қоғамдық өзгеріс, сипаттарға тәуелді.

Фалам туралы ақпараттарды мол мәліметтерді фреймдердің негізінде де көрініс береді. Бұл жөнінде М.Минский «Әдетте тіл сөйлеушіге өзінің санасында бар көріністерді бейнелейді» [16] дейді. Т.Н.Астафурова «қоршаған дүние жайлы мағлұмат мәтін кеңістігінде жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады және мазмұнды ақпарат жайдан-жай өзгермейді» - деген пікір айтады [17]. Л.С.Рудинскаяның пікірінше «когнитивтік тұрғыдан алып қарағанда, фрейм адам санасының көрінісі, суреттері» [18]. «Адамның жадындағы кейбір мағлұматтарды еске түсіру үшін фрейм қызмет атқарадытабылады». О.Л. Каменская фреймді нысан белгілерінің қажетті мөлшерінен бөлек екендігін айтады [19].

Фрейм сценарийлердің ой-бейнелерден, я болмаса схемалардан ерекшелігі олардың адам жадындағы мағлұматтарды пайдаланатындығы айтылады. Қандайда болмасын ситуацияның өз бойындағы мағлұматтары адамның қарапайым өміріндегі ортасынан алатындығы ескеріледі.

Бұл жөнінде фрейм-сценарийлерге талдау жасауда тіл білімінде төмендегідей шарттар анықтама ретінде негізге алынып жүр [15].

1. Фрейм-сценарийлер нақты ұлт өкілдерінің дүние бейнесін айқындауда қолданылады. Сондықтан да белгілі бір ұлттың табиғаты танылады.

2. Фрейм-сценарийлер белгілі бір дәуірде өмір сүруші нақты ұлтқа қатысты.

3. Кез-келген ұлттың дүние бейнесінен орын алатын фрейм-сценарийлер қоғамдық-әлеуметтік, рухани жағдайларға қарай үнемі өзгеріп отырады.

4. Әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерді, мәдени құндылықтарды анықтайтын фрейм-сценарийлер біртектес қалпын біршама сақтайды.

5. Фрейм сценарийлер белгілі бір ұлт дүниесі бейнелеген мәтінді білдіреді. Осы ерекшеліктерді негізге ала отырып, кез келген ұлттың тіліндегі, әдебиетіндегі қолданысқа түскен фреймдер де тікелей адам санасымен, нақтырақ айтқанда қоғамдық санамен байланысты

екендігі талдау кезінде ескеріледі. Фрейм-сценарийге салып талдау әдісі адам сана-сезімінің тікелей көрінісі де бола алды. Концептілік мәнге ие доминанттың құрылымы тілдік бірліктер негізінде объективтенеді.

Концепті термині туралы, оның құрылымдық бөлшектері туралы зерттеулер мен пікірлерді жинақтай келіп, төмендегідей қорытынды жасауға болады.

– Концепт термині тіл, әдебиет, қоғамтану, философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты қоғамдық ғылымдарды сабақтастырып, бір-бірімен біріктіреді;

– қазақ, шетел ғалымдарының концепті мен сөзге қатысты талдауы танымдық және көркемдік түрлеріне жіктейді;

– бірақ олардың аралық шегінің өзгеріп, кейде бір-бірімен жалғасып, астасып, сабақтасып, біріне-бірі тәуелділікте отыратынын да жоққа шығармайды;

– концепт адамзат баласының өмір тәжірибесін суреттей келе, толығырақ бет бұрған, даму мен өзгеруге бет алған шағындағы қалып көрсетеді;

– концепт туралы зерттеулердегі ғылыми ой пікірлерде концепт терминінің лингвистикалық сипатын анықтау ретіндегі бір белгісі ғана алынады.

Сондықтан да концептіні тілдің, әдебиеттің сол арқылы ұлттың танымдық, болмыстық табиғатын танытуда зерттеу нысаны етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка - Москва // Известия РАН ИНИ ТИ, 1992, С.21-24
- 2 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: оценка, событие, факт – Москва, «Наука», 1988, С.339
- 3 Кубрякова Е.С. Язык как деятельность – Москва, «Наука», 1982, С.222
- 4 Мороховский А.Н. Творческая поэтика – Москва, «Высшая школа», 1992, С.342.
- 5 Рябцева Н.К. Типы концептов В лексико-фразеологической семантике – Москва, «Прогресс», 1988, С.214
- 6 Айрапетян В. Образ человека о данном языке - Москва // Вопросы языкознания, 1995, С. 31-37
- 7 Колесов В.А. Русский язык и языковая личность. - Москва: «Наука», 1987. - 261 с.
- 8 Маслова В.В. Лингвокультурология – Москва: Академия, 2001, С.203

- 9 Гуревич А.Я. Модель мира - Москва: Искусства, 2010, С.320
- 10 Вежбицкая А. Сопоставление культур через посредство лексики и языка славянской культуры – Москва «Наука 2000», С.272
- 11 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты – Алматы: «Ғылым», 1997, -272 б.
- 12 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері – Алматы: «Ғылым», 1998, - 196 б.
- 13 Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты – Алматы: «Ғылым», 1997, -184 б.
- 14 Ақбердиева Б. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері – Алматы: «Жібек жолы», 2008, -323 б.
- 15 Снасапова. Г. Способы вербализации эмоций в казахской и английской лингвокультурах Филологические науки / 9. Этно – , социо – и психоллингвистика
- 16 Минский М. Фреймы для представления знаний - Москва: «Энергия», 1979, С.151
- 17 Астафурова Т.Н. Проблема смысла – Москва. «Мысль», 1983, С.285
- 18 Рудинская Л.С. Некоторые тенденции развития современной английской гематологической терминологии // Проблемы современной науки. Материалы межвузовской обл. конференции молодых ученых. Орел, 1996. - С. 33.
- 19 Каменская О.Л. Гендергетика - наука будущего // Гендер как интрига познания. - М.: Рудомино, 2002. С. 13-19

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН АВТОРЛЫҚ АФОРИЗМДЕРДІҢ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

БАТЫРФАЛИЕВА А.

4 курс студенті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

ҚАНАПИНА С. Ф.

ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Мәдени-ұлттық таным мен ұлт тілінің біртұтастығы – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейне, болмыстың ұғымдық белгілерімен тоғысады. Кез келген ұлт өкілдерінің көзқарасы мен менталитеті, өзіндік дүниетанымы т.б. тілде бейнеленіп, тілде сақталады. Ана тілі ежелден келе жатқан тарихи мәдени-ұлттық танымды жеткізу қызметімен ерекшеленеді. Әдетте

халықтың дүниетанымы тіл арқылы жеткізіліп, қоғамдық өмірмен, мәдени дамуымен тығыз байланыста қарастырылады.

Мақал-мәтелдер көбіне өлең үлгісінде, кейде қара сөзбен де айтылып, ассонансқа, аллитерацияға құрылады. Мысалы:

«Түймедейді түйедей етіп, болмашыдан үлкен қорытынды шығарып отырасыңдар-ау» («Инеш», 143 бет).

«Бірақ «қырсыққанда қымыран іритін» әдеті емеспе, көпке дейін Қарғашпен кездесе алсамшы» («Қарғаш», 34 бет).

Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылып, стильдік тұрғыдан экспрессивті қызмет атқарады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіріп, бейнелеу құралдары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы:

«Сондай қиян қилы мінездер жсауынгерлік бір тапсырма кезінде галамат бір үндестік тауып, бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығара қоятын еді» («Инеш», 68 бет).

«Айран сұрап келіп, шелегіңді жассырма деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік» («Өмір нұры», 308 бет).

Жазушы бұл мақалдар арқылы әртүрлі әлеуметтік, мәдени-ұлттық көріністер мен факторларды баяндап, экспрессивтік байланыс орнатқан.

Мәтел – негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, қорытындысы түспалды, мақалға өте жақын. Мысалы: *«Жүсіп біздің ауылдағы сондай «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді» («Мезгіл», 205 бет), «Жел соқпаса, шөп басы қимылдай ма, рас па деймін» («Қарғаш», 78 бет).* Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылып, бейнелеуді білдіреді.

Мақал-мәтелдер – халықтың рухани-эстетикалық, көркемдік қазынасы. Олардағы тілдік құралдармен берілетін экспрессия мен эмоцияның мынадай негізгі белгісін атап көрсетуге болады: эмоция – адамның тіршілік жағдайына қанағаттануы мен қанағаттанбауынан туатын психологиялық күй, экспрессия – соның айшығы, тіл арқылы бедерлі өрнектеліп бейнеленген көрінісі; -адам ойындағы психологиялық процестерді сипаттайтын экспрессивті мәнді қолданыстар, нақты айтқанда, мақал-мәтелдер және қанатты сөздер функционалды-семантикалық жинақтық құрайтын күрделі жүйе және ол ықшамдық, дәлдік, әсерлілік принциптерін басшылыққа алады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердегі экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілетін эмоционалдық ренкі мағынасы терең, халыққа ұғынықты [1, 14 б].

Мақал-мәтелдерге тән экспрессивтік тілдік оған эмоционалдық реңк үстемелейді. Экспрессия мен эмоцияны білдіретін тілдік құралдар – адам бойындағы жеру, жирену, жек көру, күйіну, сүйсіну, армандау т.б. тәрізді сезім күйлерін сипаттайтын психолингвистикалық құрылымдар болып келеді.

«Өкпеге қиса да, өлімге қимайды демеуші ме еді атамыз қазақ?» («Қарғаш», 70 бет) дегенде даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой бүгінгі ұрпаққа ерекше бояу-нақышымен өзгертілмей жетіп, өнеге беруде танытып, экспрессия тудырып тұр. Мұндай жағымды, жағымсыз қасиеттер, олардың бір-бірімен қақтығыстары нәтижесі өрнекті сөз арқылы жүзеге асырылады.

Мақал-мәтелдер өзінің мазмұны жағынан халық өмірінің әр түрлі саласынан дерек беретіні, әр түрлі тақырыпта айтылады. Сафуан Шаймерденов шығармаларында қазақтың өмірі, тұрмысы, әдет-ғұрпы т.б. түрлі тақырыптар мақал-мәтелдерді қолдану арқылы көркемділікпен, экспрессивтік тұрғыдан суреттеледі.

Белгілі паремиолог-ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Халқымыздың ұлан-ғайыр мәдени мұрасының бір мәйегі – рухани мұра десек, сол мұраның қайнар бұлағы, халық даналығының ұйытқысы-мақал-мәтелдер. Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [2, 142 б]. Сондықтан академик Ә.Қайдар өз еңбегінде мақал-мәтелдерді «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деген салаға жататын тақырыптық микроотпарға бөлген. Бұлай үш салаға бөліп қараудың ұстанған принципі – барлық құбылысты түгел қамту дегендік деп түсінеміз.

Зерттеуші Ж.И.Исаева «Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект)» атты кандидаттық диссертациясында мақал – мәтелдердің зерттелуі жайында толығырақ, жүйелі түрде мәлімет береді [3, 17 б].

«Адам» тақырыбында *«Сау басыма сақина тілеп»* дегендей, *жоқ жерден өңбес жұмыс тауып, әуре-сарсаң болғаныма кейіңкіреп, есіктің алдында отыр едім, кенет астындағы құласын жүгіртіп кесек денелі адырақ көз бір қара қасыма келіп тоқтай қалды»* («Қарғаш», 37 бет).

«Сау басына сақина тілеме!» - 1. ауырмай, аман-сау тұрған басына өзінен-өзің ауру (сақина – мигрень) тілеме! 2. ауысп. бейнеті жоқ басына «бас ауруын» (яғни әр алуан шатақ, дау-дамай, талас-тартыс т.б. мағынасында) өзің тілеп алудың қажеті жоқ деген уәждің себеі: өзіңе-өзің жоқ жерден бәле тілеп алма, біреумен шатаспай, тұзу, таза жүр денегді аңғартып тұр («Халық даналығы», 467 бет).

«Үмітсіз сайтан ісі» дегендей *жақсыға қолымызды созамыз, бірақ уысымызға ілікпесе, сабырсыздық танытып мінез көрсетіп жатпаймыз»* («Қарғаш», 50 бет).

«Үмітсіз – сайтан» - ауысп. жарық дүниеге келген пенденің баршасы үмітпен туып, сол үмітпен өмір сүреді; «бүгінге дейін көре алмаған тамаша-қызығымды ертең көрермін» деген сеніммен жүреді; діни ұғым бойынша тек шайтан ғана мұндай үміт-сенімнен мақұрым екен. мақалдың шығуы да осыған байланысты: «пенде ретінде жақсы-жарқын болашақтан үмітің болмаса, үміттен мақұрым шайтан болғаның» дегенді аңғартады («Халық даналығы», 531 бет).

«Жығылған үстіне – жұдырық» дегендей, *осы бір жүдеу көңілімді көрші ауылдың мына Арам сары тұрғылас бір қу тақымы қарсы кездесіп мүлде құлазытып кетті»* («Қарғаш», 57 бет).

«Жығылған үстіне – жұдырық» - ауысп. онсыз да өмірден теперіш көріп, азап шеккен адамның бір азаптан арыла алмай жүргенде екінші бір азапқа душар болып, қиын-қыстаққа ұшырауы («Халық даналығы», 336 бет).

«Естімеген елде көп деген осы екен-ау» («Ит ашуы», 117 бет).

«Анау-мынау десең де, қимайды екен көз көрген» деген бар емес пе еді» («Ит ашуы», 125 бет).

«Ебін таппаған тұз жалайды дегендей, Марғаудан күдер үзген көк қалтақ қой шарбақтың алдында тыныш жатқан Сарықасқаға бас салды» («Ит ашуы», 142 бет).

«Ел құлағы елу дегендей, ауылдан келгендердің кейбірі Қарабекті көрінеу жамандаса, кейбірі астарлы күлкімен «Ол ма? Ол...» - деп айрықша мән бере әжуалап, көңілге түйткіл салып кететін-ді» («Ит ашуы», 151 бет).

«Ел құлағы (аузы) – елу» - ауысп. «өсек-аяң жерде жатпайды» дегендей, бір ауыздан шыққан сөздің ел арасына тез тарап кетуінің себебі – оны бір ауыздан шыға салысымен екіншісі іліп алып, одан әрі жалғасып, ел ішіне тез тарап, жайылып кетуіне байланысты («Халық даналығы», 279 бет).

«Береген қолым алаған демеуші ме еді халық?» («Мезгіл», 206 бет).

«Береген қолым – алаған» - ауысп. жомарттық жасап, қолы ашықтық көрсетіп, басқаларға пітір-садақа, жәрдем ретінде қолындағы бар дүниесінен беруге дайын адам, өз ретінде, олардан қайтарымын да берген қолымен алу ды қалайды («Халық даналығы», 246 бет).

«Таңдағы тамақ тәңірден. Аштан өлгеннің моласын көрген жоқсың» («Жыл құсы», 245 бет).

«Сендерде мақал бар ғой: Әлгі... ие, қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт... Солай ма?» («Жыл құсы», 263 бет).

«Айран сұрап келіп, шелегіңді жасасырма деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік» («Өмір нұры», 308 бет).

«Кісідегінің кілті аспанда деген емес пе, кешіктіріп жатқаны құнын көтерудің амалы шығар» («Өмір нұры», 309 бет).

«Кісідегінің кілті – аспанда» - ауысп. өзінде жоқ, бірақ басқа кісінің қолындағы нәрсеге қанша көз сатып, алғың келгенімен, оны алу оңай емес; өйткені, оның тетігін табу қиын: бекер берем десе, оның көңілін, сатып берем десе, оның бағасын табу қиын («Халық даналығы», 376 бет).

«Айтқан сөз атылған оқпен бірдей» («Өмір нұры», 310 бет).

«Айтқан сөз – атылған оқ» - ауысп, мірдің оғындай, нысанаға дәл тиетін сөздің тағы бір қасиеті – атқан оқ сияқты, ауыздан бір шыққаннан соң қайтып оралмайтын, тиер нысанасына тиіп, жанын жаралап-жарақаттап үлгіретін, қайсар да қатерлі күш екендігі («Халық даналығы», 181 бет).

«Жақсылық пен жамандық», «мінез- құлық» туралы

«Бірақ «Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңданың» кері екенін Гүлшат бірден аңғарды» («Инеш», 52 бет).

«Қызым, саған айтам, Келінім, сен тыңда» - ауысп. ананың жаңа түскен келінге айтар өсиетін, тағылым-тәрбиесін, ақыл-кеңесінің оның өзіне бірден айтпай, бойжеткен өз қызына айту арқылы астарлап жеткізу. өз қызына айтылған ақыл-кеңесінде ол ащы шындықты ашып айтса да, ол онша ренжімейді, ал оны бөтен елдің баласы саналатын келінге айтса, көңіліне ауыр алуы мүмкін. Сондықтан, болашақта қызына да қажет болатын және жаңа түскен келінін де тәрбиелік мәні бар бұл тәсіл – екі жаққа бірдей пайдалы деген жөн [4, 17 б].

«Түймедейді түйедей етіп, болмашыдан үлкен қорытынды шығарып отырарсыңдар-ау» («Инеш», 143 бет).

«Түймедейді түйедей етіп көрсету» - ауысп. аз нәрсені дабырайтып, далақтай етіп көрсетуге әрекеттену, болар-болмас нәрсені түйедей етіп, асырып, әсірелеп, әдейі үлкейтіп көрсетуге тырысатындар жайында («Халық даналығы», 509 бет).

«Асығыс істің шалалығы болады» дегенді еске ұстап... әйтпеуір, - деп Белгізұлов күлді» («Инеш», 287 бет).

«Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды» дегендей, дамбалсыз жүрген күніңді көрген соң, бала санай береміз-дағы» («Қарғаш», 24 бет).

«Бірақ «қырсыққанда қымыран іритін» әдеті емеспе, көпке дейін Қараашпен кездесе алсамшы» («Қарғаш», 34 бет).

«Қырсыққанда қымыран ұйыйды» - ауысп. қырсық айналдырған адамның ісі де теріске басады. Қымыран ұйымайтын ас, оны, әдетте, ашытып ішеді, сондықтан қымыранның ұюы – істің қырсыққа шалдығуы, алға баспағаны («Халық даналығы», 424 бет).

«Қайдан түссін, «Үйдегі көңілді базардағы нарық құртады» демей ме, келер жылы нәрестелі болды» («Мәжнүн тал», 36 бет).

«Үйдегі бағаны базардың нарқы бұзады» - ауысп. өмір-тіршілік «базарында» адамдар арасындағы қарым-қатынастарда кейде өзінше жобалап-жорамалдаған істің шешілер жеріне келгенде ол жобамен мүлдем сәйкес келмейтін шешім қабылдануы да мүмкін деген мағынада («Халық даналығы», 528 бет).

«Табиғат» тақырыбында

«Оралмас сапарға аттанар шағында кішкене Гүлшатын шақырып алып маңдайынан иіскепті де, жұбайына қарап:

Қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға шоқыттырма! – депті» («Инеш», 76 бет).

«Құтырған ит иесіне шабады деген осы» («Ит ашуы», 103 бет).

«Жаман иттің атын Бөрібасар қояды дегендей, жұрт күлмей ме?» («Ит ашуы», 116 бет).

«Жаман иттің атын «Бөрібасар» қояды» - ауысп. әдетте, жақсы ниетпен жаңа туған нәрестеге атағы жер жарған, біртуар азаматтың, дара тұлғалардың есімін береді; алайда, тегінде жоқ адамға қандай әйгілі есім берілсе де, ол сол есімдердің иесіне ұқсай бермейді. Демек, бұл сондай аты затына сай келмейтін адамдарды мысқылдау деген сөз («Халық даналығы», 311 бет).

«Ат тұяғын тай басар деген, Балуан Шолақтан бата алған баласың, жаяу қалғаның жарамас» («Жыл құсы», 237 бет).

«Ат тұяғын тай басар» - ауысп. жас ұрпақ алдыңғы толқын ағалардың басып өткен ізімен жүреді, істеген істерін олар да солай

орындайды, өмірдегі орнын баса лады. Қысқасы «өмір» деген – адамның ұрпағымен жалғаса беретін ауыспалы құбылыс («Халық даналығы», 209 бет).

«Кейін білдім гой, «ақсұңқар балапаны үшін торға түседі» демей ме, жаңылыстан мені үйде қалды деп ойлап, лаулаған оттың ішіне қойып кеткен де, содан қайтып шықпаған» («Мезгіл», 197 бет).

«Жүсіп біздің ауылдағы сондай «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратын» кішкене «диктатор» еді» («Мезгіл», 205 бет).

«Байтал түгіл бас қайғы» - ауысп. дүниенің рахатын көріп, қызығына кенелу тұрмақ, жеке бастың өзін анау-мынау пәле-жаладан аман сақтап қалудың өзі кейде қиын, машақаты мол әрекет. Бұл мәтелдегі «байтал» сөзі – монғол тілінен ауысып, осы мәтел құрамында сақталған о бастағы – «рахат-қызығы мол, тамаша емін-ерін өмір» - деген мағынасы күңгірттенген сөз («Халық даналығы», 231 бет).

«Жүйріктің делебесі дуда қызады» («Жыл құсы», 265 бет).

«Мал ашуы – жан ашуы деген емес пе» («Өмір нұры», 304 бет).

Афоризмдер – тарихи көрнекті қоғам қайраткерлерінің, ойшылдар мен көркем сөз шеберлерінің, ғалымдардың шығармаларында немесе фольклорлық, публицистикалық туындыларда кездесетін, қолданылуы тұрақты, бейнелі терең мағыналы нақыл сөздер, қанатты сөздер. Мақал-мәтел сияқты афоризмдер де айтайын деген ойды мәнерлеп жеткізу үшін, стилистикалық тәсіл ретінде жұмсалады. Авторлық афоризмдер жайлы зерттеуші С.Ф.Қанапина өзінің мақал-мәтелдерді зерттеуге арналған еңбегінде мақал-мәтелдердің афоризмдермен ара қатысы туралы былай дейді: «Афоризмді мақалдан айыру қиын. Өйткені көптеген афоризмдер мақал-мәтелдердің қатарына қосылып, халық аузында айтылып кетеді. Шынында, афоризм дегеніміз де халық мақалы». [4,76 б].

Бірақ бір-біріне қаншама ұқсас болса да, олардың өзара кейбір айырмашылығы барлығы байқалады.

Афоризм мақал мен мәтелге қарағанда, белгілі бір автордың атынан айтылады. Сонымен қатар, афоризм, көбіне, жазба әдебиет тұсында пайда болатын категория. Ал мақал-мәтелдер, әрқашан, ауыз әдебиеті негізінде жасалып, ауызша пайда болатындықтан, оның авторы болмай, халық қазынасы деп аталады» [3,76 б].

Жазушы қолданған афоризмдер мен автор өңдеуіндегі мақал-мәтелдер:

«Ерлік жер талғамайды, - деп қойды Гүлшат». («Инеш», 15 бет).

«Гүлшат дұрыс айтады. Кедергісіз орындалған мақсат арзан болады. («Инеш», 15 бет).

«Сабырға тартқан да қойған. Талант қайнар бұлақ сияқты гой. Көзін ашсаң, тасып шыға береді». («Инеш», 24 бет).

«Ақылды адам өте сирек жылайды» («Инеш», 66 бет).

«Шындық сыры талас арқылы ашылады – деген даналық сөзді ежелгі гректер бекер айтпапты» («Инеш», 72 бет).

«Әдебиет қамшылауды көтермейді. Айдасаң арындап қалады емес пе!» («Инеш», 97 бет).

«Қиындықсыз келешек жоқ. Келешектің бақыттылығы да сонда» («Инеш», 149 бет).

«Тұйық мінезді адамдар көбіне томырылып сынар шойынға ұқсайды. Нені болсын ұзақ уақыт көтереді, неге болсын ұзақ уақыт төзеді. Содан соң... содан соң бір әдемі күні сол тұйықтық сәл себептен-ақ тозығы жеткен киімдей дыр етіп айырылып кетеді» («Инеш», 237 бет).

«Жеңіптектік жастық шақтың өткініші бір көлеңкесі сияқты емес пе?» («Инеш», 246 бет).

«Құстың бәрі екі аяқты болса да, екі аяқтының бәрі құс емес екенін байқадыңыз ба?» («Инеш», 271 бет).

«Күрес үшін ерлік керек-ақ, бірақ ерлік күрес факторы емес, күрес факторы саналылық» («Инеш», 297 бет).

«Ер кетіп еркек қалған бұл заманда» («Мәжнүн тал», 30 бет).

«Шын надан, шын топас адам «мен топасын» деп өзінің ондай «қасиетін» ешқашан да мойындамақ емес қой» («Мәжнүн тал», 43 бет).

Қорыта келе, халқымыздың сан ғасырлар бойы жасап келе жатқан бай ауыз әдебиетіміздің қайнар бұлағы - мақал- мәтелдер болса, шығармада қолданылатын мақал-мәтелдер: ойды жеткізу құралы; кейіпкер не автор тілінің сөз байлығының молдығын, сондай-ақ, кейіпкердің тәрбиесі мен айтпақ ойының ұшқырлығын көрсетеді.

Жзушы шығармалары тіліндегі мақал-мәтелдердің көбісінде - жазушының өзіндік қолтаңбасымен жасалған.

Мақал-мәтелдердің экспрессивті стилистика тұрғысынан қолдану ерекшеліктері әрқашан өз белсенділігін, өзектілігін жоймайды.

Ол ұлттық менталитет ерекшелігінің негізінде қалыптасып, көріктеу, әсерлеу жағынан шығарма тіліне мәдени ұлттық сипат береді. Мақал-мәтелдер өзіндік ерекшеліктермен тілдік қолданыста

бейнелілігін, мәнерлілігін, өткірлігін де ұштай түсетін тілдік құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Маслова В.А. Лингвокультурология. –Москва : «Академия», 2001. – 202 с.

2 Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.

3 Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект): фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты, Алматы – 2007. – 29 б.

4 Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ф. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде). - Қостанай: ТОО «Центрум», 2010.- 180 б.

5 Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 26 б.

6 Шаймерденов С. Шығармалары (*Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова*). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.1: Инеш. Роман. – 320 б.

7 Шаймерденов С. Шығармалары (*Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова*). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.3: Повесть, пьесалар, әңгімелер. – 320 б.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САРЫНДАР

БЕКБАЕВА А.

4 курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.

Кез келген ұлттың әдебиетінің тамыр алар, жапырақ жаяр өз – түбі, өз негізі халықтың ғасырлар жасаған мұрасы.

Әдебиеттің де өнер түрі ретіндегі басты белгілерінің бірі – ұлттың бет-бейнесі мен танымын, түсінігін танытуында. Бұл белгі әдебиетте ұлттың ұлттың бүгінгі бейнесін жасаған күннің өзінде де оның нәр алар тамырын тап басып көрсетуімен өзгеше. Сондықтан да М.Әуезовтің 1926 жылы жазылған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласында: «өнер атаулының барлығында қай елде, қай түрде туса да сол өз ортасының шартынан, өз топырағының

қалпынан туады. Сол ортасының түйінін киіп, соның ішібауырынан шыққан суреті сияқты болып туады. Өнердің ғылымнан айрылатын жері де – осы. Ғылым анайы топырақты білмейді, еркін, отансыз, анасыз зат. Бұған қарағанда, өнер қаны, жаны бар деңелі зат сияқты. Бұл анасының ұрпағы болып қана туа алады. Солай болып туа алса ғана өсіп-өніп дәурен сүреді. Елінің тонын киіп, елінің өз ісімен шықпаса, өнер ерте күннен өрістен айрылып, тығырыққа қамалып, өлімге қарай бас иді деу керек. Сондықтан қай ел болса да өз өнері әлсіз, көріксіз болса да өзгенікінен артық көреді; өзгенің алтынына өзінің қара темірін айырбастамайды» [1,].

Әдебиеттің халық өмірінің айнасы болуымен ғана ерекшеленбей, сол халықтың ғасырлық тарихыны да көрсете алар суреткерлік қалпы оның ұлт бедері мен белгісі ретінде 20 ғасырдың екінші жартысында да танылды. 20-ғасырдың екінші жартысы қазақ тарихындағы кемелденген социализм деп аталатын кезеңі болатын. Кеңес өкіметінің барлық ұстанымдары мен қағидаттары кең алқапты тұтас қамтып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» шығармаларға ғана жол беріп жатқан түс еді. Соған қарамастан, әдебиетте аталған кезең тарихи, әлеуметті, өнер т.б. тақырыптарда халықтық бізге белгісіз замандарынан жасалған суреттерін көркем кестелей түсті.

Әдебиеттегі этнографиялық сарындағы шығармалардың суреттелуін аталған кезең бойынша үш топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Тарихи шығармалар арқылы суреттеу;
2. Халықтың ғасырлар жасалған дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының бүгінгі күнгі жалғасы бар екендігіне бейнелеу арқылы;
3. Ұлттың этнографиялық құндылықтарына деген жаңа замандағы өзгерген көзқарастарды көркем жеткізу.

Алдыңғы топқа қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптағы шығармалардың көпшілігін жатқызуға болады. 20 ғасырдың 40-жылдарында жазылған М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан кейін тарихи тақырыптағы көркем туындыларға жаңа өріс алынды. Абай үлгісімен әдебиетте ұлт өнері мен руханиятындағы дара тұлғаларға арналып, көркем шығармалар мол жазылды. Бұл шығармалардың басты құндылығы – ұлттық руханияттағы халықтық танымды, түсінікті бар қалпында және қажет екендігін көрсете жеткізу. «Абай жолы» үлгісімен жазылған шығармалардың жалғасы 20 ғасырдың екінші жартысындағы Ақан сері, Жаяу Мұса, Балұан Шолақ туралы шығармаларға жалғасты. Тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардың келесі бір үлкен арнасы – 20- ғасырдың

алпысыншы жылдарына тиселі. Қоғамның даму үрдісі, саяси таптар мен топтар, кейіпкерлердің мінезі, іс-әрекеті өз уақытының қалпында бейнеленгендіктен де, ұлттық этнографиялық бояулар сол қалпында бейнеленді. Осының барлығы суреткерлікпен көркем бейнеленіп берілсе ғана этнографиялық дәстүрлердің әсері, оқырманға берер танымдық мәні арта түсері белгілі. Сыни шарттар тұрғысынан алғанда қазақ әдебиетінде тарихи шығармалардың мол жазылған шағы – 20-ғасырдың екінші жартысы.

Бұл кезеңде туған шығармалар қазақ халқының тарихында, ұлт болып қалыптасуында, ел бірлігін, ынтымағын дәстүрге айналдыра бастаған шақтарына қайта оралтып қана қойған жоқ, сол кезеңдегі ұлттық этнографиялық құндылықтармен халықты қайта табыстырды. Этнографиялық бояу, белгі, сурет, бейнелер қайта оралып қана қойған жоқ, өткенге бүтіндей жаңаша баға беруге әсер етті. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдебиетіндегі 20- ғасырдың екінші жартысындағы шығармаларға этнографиялық құндылықтарды суреттеу тұрғысынан қайта баға беріліп, тың көзбен талдану қажет. Тарихи шығарманың нақты тарихи жағдайларды баяндап қоймайтынын, елдің қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерін, мән-мағынасын, әдеттері мен тұрмысын, шаруашылығын, дәстүрін, салттарын, болмысын, ұлттық-тарихи шындығын, идеялық-танымдық тереңдігін, көркем философиясын шеберлікпен жеткізді.

Әдебиеттің өнер ретіндегі қызметі – ел өткенін, бүгінін айту, ертеңіне жол сілтеу. Ел өткенін тақырып етер тарихи шығармалардың қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Тарихи тақырып қазақ үшін:

– ел мен жер шежіресі (келбеті мен өзіндік қасиеттері, мән-мағынасы, әдеттері мен тұрмысы, шаруашылығы, дәстүрі, салттары, болмысы, танымы);– ерекше құрмет тұтар аталар мен бабаларын еске түсірер өткеннің әңгімесі;

– ұрпаққа сабақ берер, үлгі-өнеге көрсетер тәрбие мен тағлым жолы; таным мен дәстүр көзі.

Мемлекет идеологиясы мен саясаты, қоғамдық-әлеуметтік, рухани негізі ел тарихын басым бағыт етіп алады. Сол себепті де кез келген жұрт пен елдің тарихын талдау, оған баға беру кез келген уақыт үшін де мәнді болып қала береді. Өткеннің барын тізіп жазып шығу бар, тарихи, саяси, әлеуметтік, этнографиялық қажетті үлгілеріне баға беру бар.

Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалар дамуының 20-ғасырдың екінші жартысындағы ерекшелігі – сан жағынан да,

сапа жағынан да проза жанрының тақырыптың-идеялық кеңістігін кеңейте түскендігінде. Ғылыми, мәдени, рухани дамудың сапалық белесіне көтерілген, келешегінің тұрлаулығына, көшінің өркениетке бет алып, қонысы құтты боларына сенімді ел ғана өзінің кешегі қиянат пен кескілкескен күреске толы тағдырын еске түсіріп, оның рухани тәжірибесін зерттеп, келер ұрпағы қырағы, қайсар, ақылды, мәрт болып өсуі үшін тарих тағылымын, сабағын ашысын ащы, тәттісін тәтті, кермегін кермек қалпында дәмін тарттырып, жүрегіне дарытудан бойын ірікпейді.

«Кеңес дәуірі жылдарында,- деп жазды белгілі тарихшы-академик Манаш Қозыбаев, - Қазақстан тарихын зерттеп жазудың мақсаттары мен тақырып жүйесі КСРО тарихының мүддесіне бағындырылып, хандық қоғам мұраттарына сәйкес белгіленген шеңберде ғана жүргізіліп келді... Осының салдарынан орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың тарихына байланысты жазылған шығармалар, 18-19-ғасырлардағы авторлардың жазғандары, тіпті бертінде өмір сүрген, 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақтың зиялы қауым өкілдерінің шығармалары есепке алына бермеді» [1, 125]. Мұның әдебиет дамуына да ықпал еткені даусыз. Әдебиет халық санасын тарихтан тысқары тәрбиелеуге тырысты. Алайда, жас ұрпақты ұлттық таныммен, этнографиялық үлгілермен тәрбиелеудің философиялық астары қалын. Дүниеге шыр етіп келіп, табанымызбен басып, рыздығымызды теріп жеп жүрген қасиетті қара жерді, туған Отанды алғы ұрпақ кеудесімен қорғап, маңдай терімен сұғарып бізге қалдырды.

Өткен ұрпақ туған жерді қалай қорғады, қандай азап пен бейнетті бастан кешті, оардың азматтық парасаты, адмгершілік бітімі, қоғамды тану, әлеуеті, саяси түсінігі, өмір мектебінен көкірегіне қонған сабағы қандай дәрежеде көрінді дегенді біз тек халық мойындаған танымдар арқылы сезініп, көкірек көзімен қорытамыз.

Бүгінгі заман ұрпағына шығармалардағы этнографиялық суреттер неге қажет, неге жол көрсетеді деген сұрақтарға ғалым Ш.Елеуқенов сөзінен жауап табамыз.

«Тарихи тақырыптың бір құндылығы-ол әрдайым халықтың өткен тарихы мен қазіргі өмірі арасына салынған тарихи өткел сияқты. Ол халықтың өткен тәжірибесін бүгінгі өмірге алып келеді, бойымызға ата ұрпақтың рухани күштерін дарытады. Сол кездегі қара түнек күшке қарсы күрескен озық ойлы адамдардың қимыл-әрекетін тамашалаймыз, тамашалаймыз да, еліктейміз» [2, 102]

Өткен ғасырдың 60-жылдарының қарсаңында Сталиннің жеке басқа табынуын әшкерелеген жылымықтан кейін халқымыздың тәуелсіздігін аңсап, социалистік идеологияның тамырын түсіне бастаған ұрпақты ұлттық тарихтың қуатты ағысына шомылдырып, сергітіп, ұйқысынан оятуды мақсат еткен әдебиетшілер тобы бой көрсетті. Олар ұлттық әдебиетімізде әлі де игерілмей жатқан тұсы ұлттық таным тереңіне соқпақ салып, қазақ халқы бастан өткен ұзақ жолдың күрделі тұстарына арнап шығармалар жазды. Қазақ әдебиетінде көркем ойды беру, кейіпкер жасау, көркемдік құралдарды қолдануы жағынан болмыс-бітімі бөлек проза жанрындағы тарихи шығармалардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін көрсетіп, кейіпкерлер әлеміне сипаттама жасай отырып, көркемдік шындық пен тарихи оқиғалар байланысын ашуға арналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармаларының томдығы, Алматы, Жазушы,
- 2 Қозыбев М. Тарих зердесі. 1-кітап. Алматы, Ғылым, 1998, 125-б.
- 3 Елеукунов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы, Ғылым, 1977, 102-б.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТҰЛҒА – БІРЛІКТЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

БОЛЫСОВА С.

4-курс студенті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

ЕСІРКЕПОВА К. Қ.

ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Жазушының стильдік ерекшелігі, өзіндік қайталанбас қолтаңбасы оның суреттеу шеберлігі, көркем әдістерді орынды қолдануында көрініс табады. Қазақ көркемсөзінің жұлдызы жарық тұғырлы тұлғаларының бірі – Сафуан Шаймерденов өз шығармаларында ойын көркемдеп, бейнелеп жеткізу мақсатында лексикалық элементтерді молынан қолданған. Әсіресе ойды, бейнелі образды жеткізудің тәсілдері – қарапайым сөздер, кірме сөздер, көнерген сөздер мен этнографизмдер көптеп қолданысқа түскен. Автордың көтерген тақырыбына, жанрлық сипатына қарай бұл тәсілдер сұрыпталып, түрлі стильдік қызмет атқарады.

Өзіне тән жазу ерекшелігі бар қаламгер шығармаларының тілдік құрылымының бір қатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Жазушы шығармаларының тілінде жиі ұшырасатын сөйлеу тілінің элементтерінің қатарына қарапайым сөздер жатады. Кейіпкер сөзі – образды ашатын, шығарманы шындыққа жанастыратын құрал. Аталған тілдік құрал көркем туындыда кейіпкердің мінез-құлқын ашуға, суреттелген оқиғаны әсірелеуге қатысады, кейіпкерді неғұрлым жан-жақты көрсетуіне мүмкіндік береді.

Орыстың тілші ғалымы А.Ефимов қарапайым сөз қолданысы жөнінде: «Қарапайым сөздер – жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу стилінің әртүрлі әлеуметтік ортасында қолданылып, әдеби тіл нормасынан тыс сөйлеу құралы болып табылады» [1, 15 б], - деп анықтама береді.

Қарапайым сөздердің екі түрлі ерекшелігі бар:

а) стильдік мәні бір нәрсенің бағасын кемітіп, құнын түсіріп төмендету бағыты болады;

ә) диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа бірдей таныс сөздер. Сонымен қатар әдеби тілде қолдануға ыңғайсыз экспрессивті мәні болады [2, 131 б].

Суреткер Сафуан Шаймерденов жалпыхалықтық тілде жиі қолданысқа түсетін әсерлі-экспрессивті сөздерді кеңінен қолданған. Әсіресе, эмоционалды-экспрессивті сөздер кейіпкерлерді сөйлеткенде, бір-бірімен тұрмыс-тіршіліктегі қарым-қатынас, аралас мәнін ашып көрсетуде пайдаланған.

Мысалы: « - **Әкеңнің аузы!** Жібер деймін. Аянар жер қалған жоқ, қан қылам! – деп бақырды Қарғабек. Әй, бала, не деп шатып тұрсың? О не дегенің?» («Мезгіл», 21 бет). «**Лезбай отырған орнынан ұшып тұра келді де тұңғыш рет әйеліне: - Әй, иттен жсаралған неме, жсап аузыңды!** – деп ақырды» («Ит ашуы, 20 бет). «**Яһыр-ау, осы Инеш емес пе екен? – деген күдікте тұр**» («Инеш», 12 бет). «**Ой, кемпірекесі-ай, жсарайсың, жсарайсың!**» («Инеш», 41 бет). «**Әй, доңыз, жсер кенедей болып істеп тұрғанын көрмейсің бе мұның!**» («Инеш», 78 бет). «**Алда жсазған-ай, бізді бір қайбір жсетісіп отыр дейді екен!**» («Инеш», 79 бет). «**Мына шіркіннің ойында бірдеме бар ғой, тегі!**» («Инеш», 207 бет). «**Не болды саған, байгүс-ау, - деп бұзақты әйел еріне адырға қарады**» («Инеш», 211 бет).

Академик Р.Сыздық: «Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бірі болып саналады»[3, 47 б], - дейді.

«Ол мені кездестірген жерде: **«өй, боқмұрын»** деп кемсітіп мұрнымнан шертіп кетеді. Нұрым жоқта бара қалсам, **«неге келдің, боқмұрын? Ана мұрныңның сорасын ағызбай, табаныңды жалтырат!»** - деп айдап шығады» («Мезгіл», 20 бет).

Осы орайда қолданыстағы сөздерден біз кейіпкердің ұнатпауын, жақтырмауын аңғарамыз. Қарапайым өмірдегі ауызекі стиль қолданыстарын автор кейіпкердің образын аша түсу мақсатында қолданып, осы лексемаларға өзгеше стильдік жүк артқан.

«- О, иттің баласы! Сомадай болып бір тоқтыға шамаң келмей жатыр ма?!» («Жыл құсы», 128 бет).

«- Әй, месқарын, сен немене, мені біреумен ұстап алып па едің? Нені қоздатып отырсың? («Өкіл әке», 226 бет).

«Жетегіндегі тайдың ноқтасын сыпырды да *“әкеңнің аузы!”* деп қақ жонынан қамшымен бір тартты. Боктағаны әлде тай, әлде Битабар, бір құдай білсін» («Жыл құсы», 17 - б).

«- Ой, оңшең иттер! Біреудің жалғыз атын барымталайды екенсіңдер, енді жауабын неге бермейсіңдер?!» (18 - б).

«- Шық былай енише, көзіңе көк шыбын үймелетейін!

- Шықсаң шық, к...ңе тотияйын қыстырып жіберейін! – Қара шұбардың қолы Битабардың жауырына сарт ете түсті. Тым қатты, жолбарыстың тебісі секілді. Тәлтіректеп барып зорға түзелді: “Мына **иттің баласы** қайтеді?” (36 б).

«- Бұл иттің балалары кетіп қалсаң да, соңыннан қалмайды» («Инеш», 274 бет).

« - Ойбай-ау, көңіл бөлмейтінің не сенің осы жалғыз балаға?» («Инеш», 278 бет).

«- Көтек, - деді шошынып. – Мұғалім баламысың?» («Қарғаш», 23 бет).

«Ә, көк соққыр, дәуде Қарғаштың жұмыстан қайтар кезін аңдып жүрсің-ау» («Қарғаш», 43 бет).

«Құдай-ай, ойнап тұр дей ме бұл байғұс» («Қарғаш», 65 бет).

«Апыр-ай, Сапаржанбысың, шырағым?» («Қарғаш», 67 бет).

«- Өй, жазған-ай, өздері біледі деп жүріп, талай үлеснен марқұм қалып келесің ғой» («Ит ашуы, 92 бет).

«Әй, **жаман,** сәлем неге бермейсің? – деген дауыс шықты» («Жыл құсы», 224 бет).

Көркем шығарма тілінде кейіпкер тілінде жиі кездесетін **иттің баласы, месқарын, құдай-ай, көтек** тәріздес қарапайым сөздер көбінесе мінез-құлық ерекшелігін айқындауға жұмсалады.

Академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс. Әркімнің жастайынан айтып дағдыланған сөздерді жиі пайдалануы да – табиғи құбылыс», - деп атап көрсетеді [8, 62 б].

Мысалы, Сафуан Шаймерденовтың «Жыл құсы» шығармасындағы қарапайым сөздерді қолданғандағы бір ерекшелік – бас кейіпкер Битабарды сөйлетудегі табиғилық. Шығармада әйелі Сілеусіннің атын атап көрсетпей, үнемі “қатын” деп атауында :

-Ия, Лебенштерн. Шахтаға алып кеп жүрген сол ғой мені.

-Мені де сол әкелді. Әйтпесе шақты дегенді кім білген» («Жыл құсы», 35 бет).

«- Ой, рақмет, Гулечка!» («Инеш», 18 бет).

«Ой, Гуля!.. Мәулен, сен Гүлшатты білмейсің ғой» («Инеш», 20 бет).

«Анна Григорьевнаға **подход керек»** («Инеш», 28 бет).

«**Мәулешка,** сонн-н... дай шаршап келемін» («Инеш», 130 бет).

«Ойбай, ағайын былай тұр, **нәшәндіктің** ашуы жаман» («Жыл құсы», 221 бет).

«-Ну, көтересің ғой Битабар, көтересің. Оп-оңай көтересің» («Жыл құсы», 272 бет).

«**Семьялы** адаммен кездесе қалса, бала-шағасының, үй-ішінің жайына дейін қазбалап, сұрақты жаудырта беретін, жаудырта беретін» («Инеш», 40 бет).

Аса мол болмағанымен, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын: **ну, айда, ну – ка, еше** сияқты варваризмдер де көрініс тапқан.

Қоғамдағы саяси, тарихи оқиғаларға байланысты жұмсалған кірме сөздер:

«- Аманова мұнда, **комсомол комитетіне** тез кел!..» («Инеш», бет).

«Ерненің жанағы қимылын **партбюро секретарының** да көріп қалғанын айта келді» («Инеш», 155 бет).

- **Қатын,** бұл бір іздесе таппайтын қонақ екен, қант, майың мен ірімшік, құртынды аяма, бәрін сал, - деп Битабар шалқая отырды» («Жыл құсы», 245 бет).

« - **Е, қатын,** үй неге суық? От неге жақпағансың!» («Жыл құсы», 270 бет).

«Жұрт баяғыдай, көңіл сұрап келіп-кетіп жатыр. Битабар да баяғыдай.

- **Қатын,** тұр, шәй қой...

- **Қатын,** шәйінді жақсылап құй...

- **Қатын,** майынды әкел» («Жыл құсы», 293 бет).

Осылайша қаламгер кейіпкерлерін сөйлеткенде шынайы, табиғи қалпын сақтаған.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы кірме сөздер және олардың стильдік қызметіне тоқталатын болсақ, жазушының «Инеш» романының тілінде орыс тілінен енген сөздер өте көп. Орыс сөздері кейіпкер тілінде де, авторлық баяндауда да ұшырасады. Роман тілін талдау арқылы кеңестік дәуірдің келбетін көруімізге болады. Орыс халқымен тығыз қарым-қатынас жасағандықтан орыс тілі арқылы да өзге батыс елдерден де терминдер жаппай енгені, қазақ ауылдарында орыс мектептері ашылып, қазақ мектептерінің санының азайғаны бәрімізге мәлім. Бұл қоғамдық жайттардың барлығы біздің әдебиетімізге, әдеби тілімізге кері ықпалын да тигізгендігі белгілі [4, 7 б].

Қазақ тіліне енген орыс сөздері туралы көп айтылып, жазылған. Көрші мемлекеттер болғандықтан, саяси, мәдени экономикалық қарым-қатынас екі мемлекеттің арасында ежелден дамыған. Соның ішінде қазақ және орыс тілдерінің арасындағы тілдік қатынас туралы жазылған Н.А.Басқаков, В.И.Аваев, И.Г.Добродомов, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев, Ө.Болғанбаев зерттеулерін ерекше атаған жөн. Әдетте, ғылыми зерттеу еңбектерде орыс тілінен енген сөздерді қазан төңкерісіне дейін енген және Қазан төңкерісінен кейін енген кірме сөздер деп екіге топтастырады. Бұл заңды да. Орыс жазуы толық еңбеген тұста қазақ тіліне енген сөздер аса мол бола қойған жоқ. Сауда-саттық дамып, сол елде жасалған заттар біздің тұрмысымызға енген тұста, заттармен, құбылыстармен бірге олардың атаулары да қабылданды: керует, бөтелке, пеш, калош, т.б.

Көркем прозадағы орыс тілі сөздерінің берілу сипаты: Кейіпкердің тұрмыс деңгейін, кәсібін аңғартатын сөздер: «**Кларнет** оның болашағы ғана емес, нан тауып жер күнделігі де» («Инеш», 68 бет) «Оң қолда қуатты екі үлкен **бульдозер** алдындағы төбе топырақты түре сүзіп, әріректегі ойпаңға түсіріп шиырлап жатыр. Ертең бұл араға **асфальт** төселетіні де Еренге аян. Енді бірде биітеп қалған бір **корпустың** төбесінде қалтасына қолын сұғып жүрген **костюмдегіге** көзі түсті» («Инеш», 118 бет). Кейіпкердің мінез-құлқын беру үшін пайдаланылады: «Белгіұлов оған күле қарады. Ашу күлкісі. – Енді қайтіп қарамды көрме. **Дорақсың**» («Инеш», 21 бет). Орыс сөздерін кейіпкер аузына салу арқылы тіл шұбарлаудың жастар арасындағы жиі кездесетіндігін, сол заманның азаматтар тіліне тән екендігін даралап көрсету мақсатында: «- Осыны да секірмелік деп. Бұл бұдан елу жыл бұрын **де-фриз** ашқан кәдеуілгі **мутация**, - деді Майқанды қолтығынан

ұстап алған әйел дауысты біреу» («Инеш», 18 бет). «- **Жодас Бақшаев, ты молодец!** – деп Сымбат айқайлап жіберді» («Инеш», 243 бет). «Кел, кел, **секретарь жолдас**, - деп дауыстай күлді» («Инеш», 149 бет). «- Ақын суретпен жеткізе алмайды мұны. **Художник** болып бояуын тауып, картина жазса...» («Инеш», 152 бет). «Жалғыз-ақ ыстық шай мен **термосты** қалдырып кетіндер» («Инеш», 166 бет). С. Шаймерденовтің шығармаларын ерекшелеп тұратын тағы бір көрініс – ол варваризмдердің қолданылуы. Варваризмдер тілге етене болып сіңбеген, соншалықты зәрулігі жоқ бөтен тілдің сөзі деген ұғымды білдіреді. Бұл орайда Шаймерденов оқырманға ерекше әсер етіп, күлдіру мақсатында варваризмдерді жиі қолданып отырған.

«-Какой ты сильный, Битабарчик! Битабар түсінебеді. Әйтеуір жамандап жатпаған секілді. -Сенің атың кім? – деп сұрады Битабар киініп жатып.

-Марья.

-Ә, **Мәриә? Жақсы, жақсы! Мәриә көрәшәй. Мәриә!**»

«Әнеугі **нәшәндік** торде отыр.

-Тамырың кім? **Ләуен** бе?

Блғаздың тілі дұрыстау екен :

«- Мен **конторда**, - **шот** қағамын шегенді қолымен көрсетті. Сендерге **наек** береді, **талон** береді» («Жыл құсы», 55 бет).

«**Кәсіп** Одақтың облыстық **конференциясына делегат** болып қатысты. Облыстық **конференция** өлкелік **съезге делегаттар** сайлады» («Жыл құсы», 78 бет).

«Сол “**Бірлік**” құрылып бес – алты **көпей колхоздар** бірігіп дөкей **совхоз** құрған» («Жыл құсы», 88 бет).

Зерттеуші-ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ө.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбектерінде қазақ тілінің құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енгендігін көрсеткен. Олар: араб тілі, парсы тілі, моңғол тілі, орыс тілі [2, 136 б].

Парсы тілінен енген сөздер мен араб тілінен енген сөздер, әдетте, араб-парсы болып бірге қаралады, десек те, қазақ тілі үшін екі тілмен болған тілдік қатынастың сипаты да, мәні де екі түрлі. Тіпті сонау Томирис, Зарина заманаларынан бастап-ақ екі халық арасында саяси, әлеуметтік, мәдени терең байланыс болғаны анық, содан бастап кей заттық ұғымдар парсы тілінен қазаққа, қазақ тілінен парсыға нен бастаған. Жазу-сызу кемдеу дамыған кезінде, негізінен, ауызша енген парсы сөздері дыбыстық жағынан қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына икемделіп, мағыналық тұрғыдан дамып әбден

сіңіп кеткен. Сондықтан да қазіргі қазақ тілінде парсы тілінен енген деп танылатын сөздерді төл тілдік бірліктерден ажырату оңай бола қоймайды, олар тіліміздің дыбыстық заңдылықтарымен сипатталып, грамматикалық құрылымын қабылдап, сөзжасамдық тәсілдермен екіншілік мағына туғызып, сөздікке реестр ретінде еніп, морфологиялық жағынан толық түрлене алатын қабілетке ие [5, 126 б].

Жазушы С.Шаймерденов те шығармаларында парсы тілінен енген кірме сөздерді молынан қолданған:

«Болат жолдың иірім бұрылыстарында жыланыша ирелеңдеп, әлсін-әлі тау жақпарларына сұңғиді» («Инеш», 9 бет).

Пулад - болат, полат – 1. құрыш (күмісше жалтырайтын қатты металл, көміртегі мен темірдің қосындысы); 2. ауыс. асыл, мықты, берік; 3. кісі аты ретінде кездеседі (ПҚТС, 57 бет).

«Бір түсті, бір мүсінді үлкен-кіші төбе-шоқылар ұзақ бір керуен қошпей шексіз жалғасып, шексіз қайталана береді» («Инеш», 10 бет).

Каруан – керуен (кар + уан, кер + уен) – көлікпен жүк тасу кәсібі; жүк таситын көліктер тізбегі (ПҚТС, 168 бет).

«Бейтаныс жегіттің жаңағы тау ұшындағы құбылыс реңін дөп тауып тұрғанын Сымбат іштей қоштаса да, бейнелеу өнерінен ақындықты кем өлшегеніне ренжіп қалды» («Инеш», 152 бет).

Таб – тау (ПҚТС, 60 бет).

« - Жоқ, бұл көзге ертең түспейтін, ауызға ертең ілікпейтіндердің жолы. Арзан жол» («Мәжнүн тал», 42 бет).

Әрзан – арзан – төмен бағалы, құнсыз (ПҚТС, 17 бет).

«Тәтті арман мен азап-қайғыны ала келген дерт» («Қарғаш», 18 бет).

Арман – арман – 1. тілек, мақсат, ықылас; 2. өкініш, опық, қайғы, уайым (ПҚТС, 18 бет).

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты, қоғамның дамуына байланысты әдеби тіліміз толығып, молайып отырады. Кейде кейбір сөздер қолданыстан қалып, мағынасы көмескіленіп жатса, кейде қайта жаңарып, мағынасы кеңейіп қолданысқа түсіп жатады. Байырғы қазақ сөздері көнеріп, мағынасы тек мәтін ішінде немесе сөздік арқылы ғана түсінуге болатын жағдайлар тілімізде ұшырасады.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы көнерген сөздерді үшке бөліп қарастыруға болады: әдет-ғұрыпқа байланысты; шаруашылық, тұрмыстық күйге байланысты; әкімшілік, ел басқару ісіне байланысты [5, 8 б].

Қаламгер шығармаларында кездесетін көнерген сөздер жоғарыда аталған ұғым атауларын түгелге жуық қамтымағанымен, автор қолданысындағы көнерген сөздер кейіпкер бейнесін, сөйлеу ерекшелігін, ортасын, мәдениетін ашуға қызмет етеді.

С. Шаймерденов прозасында күні бүгін ұмытылған не болмаса мүлде сөз қолданысынан шығып қалған зат атаулары ұшырасады. Оларға халықтың ерте замандағы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті: мес, боқша, шақша, саптама, күміс, кісе, арыс (арбанын белдемесі), арбаның шабақтары, жаулау (ожау), бақыр, көрбілте, тотияйын, шайтан арба, тарантас, қотан, кебеже т.б. зат атаулары:

«Кебіндей сұрланып, қар жамылып алған кең далада жаяу бұрқасын сырғанап шаңытады» («Инеш», 80 бет).

«Ол кезде Инеш мақпал шапан киген осы қызды көрсе, Алматы музейіндегі қазақ әйелдерінің ескілік киімдерін есіне түсіретін» («Инеш», 128 бет).

«Инеш екі өркештің арасындағы желқомға отырды» («Инеш», 310 бет).

«Бақыр, шелек, күбі, қазан, аяқ, мес, шәшке мен кесе – үйдегі қуыс нәрселердің бәрі тізілді» («Жыл құсы», 260 бет).

«Киіз байпақтың қонышын аша берді» («Жыл құсы», 261 бет).

«Ана керегеде ілулі тұрған қызыл кілем соған сыйлыққа келген дүние» («Ит ашуы», 93 бет).

Қаламгердің көркем туындыларында ұлттық ерекшеліктерге қатысты тілдік бірліктер де кездеседі. Тілдік бірліктер - өз алдына жеке дара зерттеуді талап ететін мәні зор мәселе. Себебі, тілде адамзаттың өткен тарихы мен мәдениеті, қол жеткізген жетістіктеріміз көрініс тапқан.

Сафуан Шаймерденов еңбектерінде бүгінде ұмыт болған немесе сирек аталатын ұлттық ойын атаулары кездеседі. Мысалы,

«- Шал мен кемпірді өстіп анда-санда болса да жіберіп алып тұрмайсың ба? Бас қосу, бастаңғы жасау дегенді ұмыттық қой мүлде, - деп лекіте күліп Қайыржан көрінді» («Қарғаш», 65 бет).

«- Олай болса, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнайық, - деп салдым» («Қарғаш», 65 бет).

Келтірілген мысалдағы бастаңғы «Ауған хан мен Қалған хан» қазақ жастарының өзара бас қосып көңіл көтерулері мен сүйіп ойнайтын ойындарының аты. «Ауған хан мен Қалған хан» түсіндірме сөздікте ертеде қыздар мен бозбалалардың бас қосып, сырласып ойнайтын ұлттық ойыны деп анықталған.

Академик Ә.Қайдар: «Этнографизмдер дегеніміз тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдарының белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері»[6, 19 б], - дейді.

Орыс ғалымы Н. М. Шанский этнографизмдерге төмендегідей анықтама берген: «этнографизмдер – белгілі бір елді-мекенге тән және әдеби тілге белгісіз, еңбек пен тұрмыстық құбылыстарды суреттейтін диалектілік сөздер»[7, 118 б].

Сафуан Шаймерденов шығармаларында заттық негіздегі лексикаға қатысты ұлт өкілдерінің киіну ерекшелігін сипаттайтын киім атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан ұлттық нақышты көрсететін бірліктер болса, екіншіден кейіпкер бейнесін ашуда да өзіндік қызметтер атқарады.

Мысалы, « - Е, дұрыс, ел енді құрт ұрлағаныңды, **кебежеге** түсіп қаймақ жегенінді баянда!» («Жыл құсы», 144 бет).

«Қотан қаңырап бос қалған... **Киіз үйлердің түндігі** түрілген, есік адындағы **жер ошақта** от жылтылдайды. Құлындар да желіге байланып үлгірілген» («Жыл құсы», 149 бет).

«- Бұл ма? Бұл **тұмар**, апа» («Жыл құсы», 150 бет).

Қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан тұрмысқа қажетті заттардың атауы – **киіз үйдің түндігі, жер ошақ, желі** сөздері тек қазаққа ғана тән сөздер болғандықтан ұлттық болмысты, ұлттық белгіні көрсетеді. **Тұмар** – діни ұғымға, наным-сенімге қатысты зат атауы. Күні бүгінге дейін санаулы ырымшыл адамдардың өзімен бірге, денесіне тығып жүретін, құраннан яки сүреден үзінді.

Көркем шығармада қолданған киім-кешек атаулары бірінші кезекте кейіпкерді жекешелеу мақсатында, екіншіден, кейіпкердің киім киісі оның тұрмыс-тіршілігінен хабар беру мақсатында қызмет атқарады.

Сонымен, этноатаулар тек мәдениет ерекшелігінен ғана емес, ұлттық болмысты, ұлттық нақышты да танытады. Қаламгер тілінің қорының молдығы, көркемдігі де сезіледі.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы этнографизмдер – ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді сипаттайтын бірліктер ретінде танылады. Мұндай этноатауларға

қоғамдағы материалдық құндылықтар да жатады. Олардың атаулары тілге де, мәдениетке де ортақ.

Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, таным-түсінігін аңғартады. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты.

«Тіл әр ұлттың дүниетанымын, болмысын анықтап, дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап қоймай, ұрпақтан-ұпаққа жеткізіп отырады» [8, 3 б].

С.Шаймерденов қазақ ұлтының таным-түсінігін, ұлттық болмысын, мәдениетін, әдет-ғұрпын танытатын тілдік бірліктерді ұтымды қолданған. Жазушы ұлттық айшықты танытатын сөздерді пайдалану арқылы шығармаларына өзінше көркемдік нәр беріп, айшықтандыра түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – Москва, 1957. – 295 с.
- 2 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.-262 б.
- 3 Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы, 1997. – 224 б.
- 4 Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана, 2006. – 273 б.
- 5 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы.- Алматы: «Қазақ университеті», 2008. – 340 бет.
- 6 Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985, №10. – 196.
- 7 Шанский Н.М. Лингвистический анализ художественного текста. – Ленинград, 1984. – 272 с.
- 8 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 2002. – 15
- 9 Шаймерденов С. Шығармалары (Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.1: Инеш. Роман. – 320 б.
- 10 Шаймерденов С. Шығармалары (Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.3: Повесть, пьесалар, әңгімелер. – 320 б.

ДИНИ ДАСТАНДАРДЫҢ ТАҚЫРЫП АУҚЫМЫ МЕН ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ДӘУЛЕТХАН Ж.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
СҮТЖАНОВ С. Н.
ф.ғ.д., профессор, Павлодар қ.

Діни дастандардың мұсылман қауымының өмірінде алар орны ерекше. Адамгершілік қасиеттерге сусындатып, имандылыққа дәріптейді. Пайғамбарлардың басынан өткізген қиын да қилы өмірін насихаттайды. Аллаһқа күпірлік келтірмей, «Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сеніммен өмір сүруге, ғибадат етуге шақырады. Иманы көміл, сөзіне берік, ісі нық пайғамбарлардың, сахабалардың, мұсылмандардың бейнесін көрсету арқылы халыққа үлгі-өнегі алуын үгіттейді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеге келмей тұрғанда бүкіл адамдар қараңғылық шырмауында болғаны тарихтан аян. Тек оны көретін көз, сезетін жүрек керек. Сол сұм заманның кейпін еске түсірейік. Жер бетінде адасушылық пен азғындық, зорлық-зомбылық үстемдік құрды. Адамдар әділет пен мәдениеттен жұрдай болып, надандық құрсауында қалған еді. Нәпсіқұмарлық пен ардан безушілік, әртүрлі зұлымдық белең алды. Күшті әлсіздің мал-мүлкін тартып алып, ар-намыстарын аяққа таптап, оларды барынша езіп, қорлайтын. Тіпті кейбіреулер ескі, жалған наныммен туған қызын тірідей өлтіріп, қолын қанға бояған. Ұятсыздық пен арсыздық өршігені соншалық, бір әйелдің арына бірнеше ер адам ортақ болатын. Қоғамда нәзік жандылардың титтей де қадірі болмай, ақшаға сатылатын затпен тең еді. Адамдар бір-біріне тісін қайрап, өштесіп, жан алып, жан беріскен сұм заманның сикы осындай еді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) немере ағасы Әбу Тәліптен айырылып, арада біршама уақыттан соң жұбайы Хадиша анамыз қайтыс болып, қабырғасы қайысып, қатты күйзеледі. Мүшіріктер бұл сәтте қол қусырып отырмайды, жығылғанға жұдырық болады. Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) «Иесіз, жетім, ұрпақсыз» деп тіл тигізеді.

«Құлын (Мұхаммед Ф.С. ды) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Месжід Ақсаға апарған Алла, әр түрлі кемшіліктен пәк. Шәксіз Ол, естуші, білуші.» (*«Исра» сүресі, 1-аят*) [3.90 б]

Аллаһтың күдіретімен пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мифраж кешін басынан кешкен. Хатем деген жерде Мифраж басталған.

Жұмақ періштесі Ризуанға Аллаһ былай бұйырады: «Періштелер әдеміленсін, алтын белбеу, тәжін дайындап, Хабибімді күтсін».

Тозақ періштесі Мәлікке Аллаһ былай бұйырады: «Тозақ есігін жап, отын өшір».

Аспанда ай, жұлдыз, періштелер қағбасы бар. Жерде қасиетті Меккедегі қастерлі Қағба, он сегіз мың ғалам үшін жаратылған Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бар.

Жәннатта көп пырақтың ішінде көзі адамның көзіндей, аттан кіші, есектен кіші, ұшқанда жылдамдығы көз ілеспес Бурақ атты қанатты пырақ жылап тұрады.

Ертең ахиретте бурақпен мініп жәннатқа кіруге уәде береді. Пайғамбарымызды сілкініп отырады. Пайғамбарымыз жылап, қатты қайғырып, үмбетін уайымдайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) былай деген: «Ағаштары көптеп өскен жерге келдік, Мәдина-Мунаууарада екі рәкәт намаз оқидық. Топырағы ақ болған жерге келдік, Мұса (ғ.с.) перғауынның азабынан құтылған жері, туристина тауына келдік, Мұса (ғ.с.) пайғамбар Аллаһпен тілдескен қасиетті шыңы еді.»

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) келе жатқанда оң жақтан дауыс шығады, оны елемейді. Сол жақтан дауыс шығады, оны да елеп-ескермейді. Көрі шалдың да шақыруын естисе де пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) қарамай жүре береді. жол-жөнекей алыстан әдемі, жақыннан көріксіз әйелдің шақыруына құлақ аспайды. Жап-жас, жүзі нұрлы жігіт кезігіп: «Ей, Аллаһтың разылығы сізге және үмметтіңізге болсын» - деген сәтте Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз әлгі жігітке жалт қарайды. Жәбірейіл (ғ.с.) періште Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға жақындап келіп, болған оқиғаның мән-жайын былай түсіндіреді: «Ей, Мұхаммед егер сен сол жақтан шыққан дауысқа назар аударсаң, үмметің еврейлерден болушы еді, ал егер сен оң жақтан шыққан дауысқа назар аударсаң, христиандардан болушы еді. Саған кездескен көрі шал, ол – шайтан. Алыстан сұлу, жақыннан сұрықсыз әйел, ол – дүние-мүлік. Жүзі нұрлы, жас жігіт (Жәбірейіл (ғ.с.)) сен насихаттап жүрген, діндердің ең тазасы, ең дұрысы Ислам діні. [1. 147-148 б]

Мешіт Ақсаға барса, періштелердің көптігі сонша тіпті ине шаншыр жер жоқ болады. Қатты қуанып, мәз-мәйрам болып, күліп қарсы алады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға жәннаттан әкелінген тәж, белеуді киіп, айналасына қарайды. Бүкіл әулиелер пырақтарын байлап қойыпты. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өз пырағын байлап, мешітке кіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) имам болып, бүкіл әулиелер имамға ұйып, 2 рәкәт намаз оқиды.

Жәбірейіл (ғ.с) періште Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға екі кесе ұсынады. Біріншісінде шарап, екіншісінде сүт құйылған ыдыстар ішінен Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз екіншісін тандап, ішеді. Жәбірейіл (ғ.с) періште сонда былай: «Расулаллаһ, егер сіз шарапты таңдаған жағдайда, үмметіңіз ащы суға алданып, киямет күні сізді жағаңыздан алар еді, сүтті таңдап үмметіңізді тозақ отынан құтқарып қалдыңыз» – дейді. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз пырағы байлауы жерінде қалады, ал Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз Жәбірейіл (ғ.с) періштенің қанатына отырып, 7 қабат көкке көтеріледі. Әрбір қабатында әртүрлі пайғамбарлармен кездесіп, түрлі көрініске куәгер болады. [1.148 б]

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз оң жаққа, яғни жәннатқа қарап күледі, себебі үмбеті ғибадат етіп жатады. Сол жағына, тозаққа қарап жүрегі қарс айырылардай жылайды, себебі көп үмметі дүние-мүліктің соңынан қуып адасып жүріп, әртүрлі күнәлары үшін есепке аяусыз тартылып жатқан еді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Ғарышта кілттеулі тұрған үлкен үйді көріп, таңқалады. Сырты да, іші де асылданып, түрленіп көз жауын алады. «Ішінде не барын білейін», - деп кілтті «Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» - деп ашады. Үйдің іші жойқын дария екен. Дарияның үлкендігі сонша дүниеден жетпіс есе артықтығымен ерекшеленеді. Жалғыз кесе суы шөлінді қандыратын қасиеттімен дараланады. Дарияда жалғыз ағаш көз түседі. Бұтағы, жапырағы жоқ, бірақ ағаштың үстінде бір құс отырады. Ол құс кішкентай тозақ тістеп тұрады. Құс аузын ашса, терең дария тозанды жоқ қылады. Аллаһ тағала Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға: «Дария – менің разылығым, жалғыз ағаш – алды-арты жоқ дүние, құс – сенің барлық үмметің, кішкентай тозақ – үмметіңнің ауыр-жеңіл күнәлары». Асау дария кішкентай тозанды қалай жоқ қылғаны сияқты, Аллаһтың кемел де кеңпейіл, шексіз мейірімі де құлдарының әртүрлі күнәларын солай жоқ қылады. Әрбір құл Аллаһтың тиымдарын істемей, әмірлерін құлшына орындауы керек. Аллаһ тағала құлдарына көлімә шәһәдәт айтуды, намаз оқуды, зекет беруді, ораза ұстауды, қажылыққа баруды парыз еткен. Құлдың қосымша (нәпіл) ғибадат жасауы да Аллаһқа жақындатын бірден-бір жол. [1.156 б].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жәннатты аралап жүргенде, әдеміленген хор қыздарын көреді. Хор қыздары өздерін бақытты етер бір азаматқа жар қылуын сұрайды. Сиратіл Мунтаһаның тау-тасын азан шақырып дірілдеткен Біләл дауысы естіледі. Біләлдің

дауысынан жын-шайтандардың құты қашып, мұсылмандардың нұр тасиды. Басқалардан ерекше, жүзі қара болса да жүрегі аппақ Біләлді Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хор қыздарына ұсынады. Хор қыздары:

«Қазанның күйесіндей Біләліңіз,

Қой, тақсыр, онан басқа үмбет жоқ па?» - деп, өркөкіректенеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Өркімнің жаман болса, кінә өзінен!

Сыртынан билеп оны айта салдым» - деп Біләлдің өзінен сұрайды.

Сонда Біләл: «Хор қызы кімге дәрі, шіркін!

Алмаймын сегіз ұрмақ мүлкін!» - деген сәтте хор қыздары кірерге тесік таппай, қатты ұялады. Қиямет күні хор қыздары Біләлдің жүзінің қарасын таласып алып, Біләлдің дидары ағарады. [1.156-158 б].

Қиссасын Құдайдың атымен бастаған ақын сөзін Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құрметіне Хақ Тағала он сегіз мың ғаламды әдемі етіп жаратқан. Көркіне көз тоймайтын жаратылыстардың ішіндегі ең хайырлысы, ең көркем мінезді, ең үлгілісі, ең ерекшесі, күллі мұсылман қауым мақтанш етер Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) Иманды адамның бойында адамгершілік қасиеттер, игілікті істер тұнып тұрады. Иманды адамды Хақ Тағала да, періштелер де, жанды жаратылыстар да жақсы көріп, жанына жақын тартар. Аллаһ тағала Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды өзге пенделерден артық қып жаратқан. 18 мың ғаламды Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың құрметіне 6 күнде жаратқан. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың шапағаты көп үмбетін тозақтан құтқарады. Аллаһ тағала «нұрымды көрсетемін» – деп, Хабибісін қонаққа шақырады. Жәннатта жаққұттан жасалған тәж киіп, көкке көтеріледі. Аллаһ тағалаға үмбетіне кешіріммен қарауын жалынып, сұрайды. Періштелер Аллаһтан Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың келетінін білгенде, нұры күн мен айдан артық болған пайғамбарымызды көруге асып, бәрі жиналып, күтіп алуға дайындалады[2.55-56 б].

Ислам діні – Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз насихаттаған ең таза, дұрыс жолды көрсететін дін. Аяқ-қолы ісіп, көгергенге дейін, тұруға, тіпті жүруге хал-дәрмені біткенге дейін Аллаһқа ғибадат еткен. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың дидарының нұрлы болғаны сонша, тіпті 18 мың ғаламның жарқыраған сәулелерінен де артық. Аллаһ тағалаға Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз құлдарының ішіндегі ең асылы, ең артығы болған [2.56 б].

Дүйсенбі күнінің бір кешінде өз үйінде жатқан, көзі ашық, көкірегі ояу Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз әр жердегі үмбеті үшін уайымдап, көзін жасын көп төккен.

Жұмақ періштесі Ризуанға Аллаһ былай бұйырады: «Періштелер әдеміленсін, алтын белбеу, тәжін дайындап, Хабибимді күтсін».

Тозақ періштесі Мәлікке Аллаһ былай бұйырады: «Тозақ есігін жап, отын өшір».

Жәбірейіл (ғ.с) жәннатқа барып, жайылып тұрған жүз мың пырақтың ішінен зарлап тұрған есектен биік, жылқыдан аласа, жүйрік пырақты таңдайды. Ол пырақ 40 мың жыл бойы Алладан Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды атын естіп, бір көруге және ахирет күні Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды миңгізіп жәннатқа кіруін тілейді. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға ғашық болғаны сонша күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған. Пайғамбарымызды көруге ынтық болған пырақ Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды көріп, сағынышын басып, тілегін айтады. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз: «Ахирет күні саған мініп жәннатқа кіремін» - деп уәде береді. Ғарышқа көтерілген сәтте пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір жылап, бір күледі[2.56-62 б].

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз оң жаққа, яғни жәннатқа қарап күледі, себебі үмбеті ғибадат етіп жатады. Сол жағына, тозаққа қарап жүрегі қарс айырылардай жылайды, себебі көп үмбеті дүние-мүліктің соңынан қуып адасып жүріп, әртүрлі күнәлары үшін есепке аяусыз тартылып жатқан еді. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз ата-анасының тозақта азапталып жатқанын көріп, ет жүрегі езіледі. Ұлын көрген ата-анасы:

«Әй, перзентім, ата-анаң мұнда жатқан,

Еңіретпей, шығарып кет бізді оттан» - деп жалғыз ұлына жалынады. Аллаһ тағала Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға не үмбеттерін, не ата-анасын таңдауын ұсынады. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз:

«Кұдай-а, көп үмбетім тілегін бер,

Күн сайын жақсылығын асыра гөр.

Ата-анамның күнәсін тілемеймін,

Көп үмбетім күнәсін кешіре гөр» - деп туған ата-анасын емес, діндес бауырларын таңдайды. Екіншісі біріне осындай таңдау түссе, жақынын емес жат адамдарды таңдауға дәті бармас еді[2.71-73 б].

Аллаға сенбейтін кәпір Таурат кітабын оқып отырғанда, қасына жеті жасар баласы келіп тыңдайды. Кішкентай бала Мұхаммед пайғамбардың есімін естігенде, елең етеді. Әкесінен:

«Ол кім?» - деп сұрайды. Әкесі: «Оны не қыласың, сиқыршы, біздің қас жауымыз» - деп қаламмен атын сызып, өшіріп тастайды. Келесі күні бала тағы әкесінің кітап оқығанын тыңдайды. Қараса, Мұхаммед пайғамбардың есімі тағы жазылып тұр екен. Бала әкесіне: «кеше өшіріп тастағаның қайда, міне тағы жазылып тұр» - дейді. Әкесі пышақпен Мұхаммед пайғамбардың есімін жыртып өшіреді. Үшінші күні Мұхаммед пайғамбардың есімі алтынмен жазылып тұрады. Әкесі тығыраққа тіреліп, не істерін білмейді. Бала талып, есін жиғасын әкесінен: «Мұхаммедті көргем келеді. кім ол? Мұхаммедті көрмесем өлемін. Оның жолына жанымды құрбан етемін. Өзіме дүниені, тамақты харам етемін» - деп зар жылайды[4. 1-8 б].

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз атына ғашық болып, пайғамбарымызды көрмейінше ас ішпей, ат мінбеуге уәде береді. көзінен жас емес қан ағады. Әкесі баласының аяғын кісендеп қояды. Бала Алладан дұға тілеп, қатты әлсірегеннен ұйықтап қалады. Оянса, аяғы кісенсіз, емін-ерік жатыр екен. Бала үйінен қашып кетеді. 3 күн, 3 түн ас ішпей, ұйқы көрмей сандалып, Мұхаммед пайғамбарымызды іздейді. Көзіне көрінген жанды «Мұхаммед» - деп құшақтай кетеді екен. Мәдина қаласын білетін керуеннің соңынан жаяу ереді. Арып-ашып, аяқ-қолын күс басып 7 күнде Мәдина қаласына келеді. Төрт халифа және сахабалар балаға Мұхаммед пайғамбардың 3 күн бұрын қайтыс болғанын, кешіккенін әрен, қиналып айтады. Бала: «Мұхаммед пайғамбарды көре алмадым» - деп зар жылап, қайтыс болады[4. 8-16 б].

Мұхаммед пайғамбарымыздың нұрлы жүзін көре алмай, арманда көз жұмған баланың Мұхаммед пайғамбарымызға ынтықтығы, кез-келген адамды таңғалдырары анық. Баланың Аллаһ елшісіне деген махаббатын, Мұхаммед пайғамбардың есімін естігенде салауат айтпақ түгіл, немқұрайлы қарайтындармен салыстыруға келмейді.

Бір патшаның Гүлжәмила атты тақуа, иманды, сұлу қызы болады. Әдемі болғаны сонша оны көрген жігіт күндіз күлкісінен, түнде ұйқысынан айырылып, тамақ ішуден қалады екен. Патша қызына талай патшалықтың ханзадалары мен байлардың ұлы сөз салып келіпті. Патша қызының жауабын есту үшін анасымен кеңеседі. Анасы қызына барлық мән-жайды түсіндірген сәтте қыз да өз қалауын: «Дүние үшін мені бай-патшаларға бермеңіз. Сіз де ол ауқаттылардан артық болмасаңыз кем емессіз. Дүние-мүлік бүгін бар да ертең жоқ. Қиямет күні жиған-тергеніңіздің көп-аздығына

байланысты беретін есебіңіз де ауыр-жеңіл болады. Надандарға ғана дүние үшін жақындарын сатып, жандарына жазылмас жара салады. Мені өзім сияқты тақуа, иманды, қанағатшыл, қарапайым жігітке жар қылыңыз» айтады. Әкесі де қызының жауабын естіп, қуанып, қызына лайық жар іздеуге кіріседі. Сол заманда шаһарда үлкен мешіт бопты. Патша сол мешіттің маңайынан бір адамның Алладан қорқып, кешірім сұрап, зарланып жылаған даусын естиді. Патша қараңғы мешітке шам жағып кіреді. Жалғыз өзі намаз оқып, мінәжат етіп жатқан жігітті көреді. Ол жігіт: «Пайдалы ғылым, ізгі амал бер» - деп дұға тілеп, ғибадатын аяқтаған соң патшаға сәлем береді. Патша жігіттің сәлемін алып, жақын танысады. Азға – шүкір, жоққа – сабыр еткен бойдақ, иманды жігітті өз қызына лайық көреді. Жігіт те патша қызының өзі қалағандай иманды, тақуа екенін біліп, үйленуге келісім береді. Жігіт дүние-мүлікке қызықпайтындығы қолындағы бар-жоғы екі дирхемінен білінеді. Патшаның кеңесімен жігіт базарға барып, үйін жарық қылу үшін бір дирхемге шам, екінші дирхеміне ауыз ашу үшін нан сатып алады[5. 1-11].

Екі жас некелесіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізген соң отауына келеді. Қыз артық тұрған нандарды көріп, күйеуінің адал амалына күмәнданады. Жас жұбайлар біраз түсініспей қалады. Жігіт «бұл нанды қайын атасының кеңесін тындап, қонақ үшін алғанын, қонақ разы болса Аллаһ та разы болатынын» айтады[5. 12-22].

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бар арман-тілегі мен мақсат-мұраты – адамзат атаулыдан өзіне көрсетілген қызмет емес, керісінше өзінің адамзатқа тигізер жәрдемі мен қызметі болатын. Сондықтан да болар, қолына не нәрсе түссе де, мұн-мұқтажға таратып беріп, өзі кимесе де өзгені киіндіріп, өзі ішпесе де өзгеге ішкізіп, қарамағындағы адамдардың сәл де болса қуанғанын көруді өзіне зор қуаныш, үлкен бақыт деп есептейтін. Діни дастандар қанағатшыл болуға, дүние-мүлікке қызықпауға, сабырлы болуға, әрқашан әділдікті, шындықты, жақсылықты жақтауға шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпейұлы М.Ж. шығармалары. 2-том. Павлодар қаласы. 2003. – 384 бет.
- 2 Бабалар сөзі: Жүз тодық. 11-том. Діни дастандар. –Астана, 2005. -368 бет.
- 3 Қайназарұлы.Ә «Пайғамбарымыз Мұхаммедтің өмірбаяны», Алматы,2011. -384б

4 Бабалар сөзі: Жүз тодық. 16-том. Діни дастандар. –Астана, 2005. -328 бет.

5 Бабалар сөзі: Жүз тодық. 16-том. Діни дастандар. –Астана, 2005. -328 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ГАЗЕТІНДЕГІ МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ МАҚАЛАЛАРЫ

ДЖАНСАРИНОВА А.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халқымыздың кеменгер ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық жолының басталуы да қазақ даласындағы ірі саяси оқиғалар дәуірімен тұспа-тұс келді. Алаш қайраткерлері сияқты Мұхтар Әуезов 1919 жылдың желтоқсанында Комунист партиясының қатарына еніп, жана өмір үшін күрес жолына түседі. Кеңес өкіметі шығарып тұрған газеттерге белсене араласа бастайды, идеялық-саналық жағынан марқаяды. Қолына қалам алған жас Әуезовті қазақ даласында сол кезде қалыптасқан ахуал түрлі тақырыптарға жетелейді. Оны бірде әйел теңдігі жайы толғантса, енді бірде оқу-ағарту, мәдениет ісі терең ойлантады. Қазақ зиялылары, ғылым негіздері, саясат, шет жұрттар өмірі, баспасөз, әдебиет мәселелері де шығармашылық арқауына айналды. Профессор қайратты ойдан хабар бергендей, жас таланттың алғашқы сапары байлаумен пікірдіашық, жарып айтуды талап ететін публицистикадан басталады». Жалпы, «Қазақ тілі» газетінде жарияланған мақалаларынан өткеннің асыл қасиеттерін бойына сіңірген, ел болашағына алаңдаған, ұлт қамын ойлаған публицисттің қоғамдық-саяси көзқарасы айқын аңғарылады. Мұхтар - публицист саясат, шаруашылық, мәдениет, ғылым, баспасөз, әдебиет тақырыптарында алғашқы өткір ойларын осы жылдары көрсетті. 1920-1922 жылдары «Қазақ тілі» газетінде М.Әуезовтің «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет», «Егінге дайындалындар», «Мадиярға жауап», «Сот», «Қазақ қызметкерлерінің міндеті», «Қазақ бөлімдері туралы» сынды қоғамдық-саяси мәні зор мақалалары жарияланды. Публицистік даярлығы күшті М.Әуезов «Қазақ тіліндегі» қызметіне тез төселді, «Абай» журналында, «Сарыарқа» газетінде мақалалары жарияланып, ойын дәл жеткізуге әбден машықтанған оған газет редакциясын басқару қиынға түспеді. Тек үлкен айырмасы - журналист қаламынан шыққан мақалалар коммунистік идеология

қалабымен өлшенуі тиіс еді. Оқу-ағарту саласына байланысты мақалаларыны тоқталсақ, «Қазақ тілі» газетінде оқу-ағарту мәселесіне айырықша көңіл бөлген жандардың бірі - Мұхтар Әуезов еді. Ол ағарту ісін сырттай уағыздап қоймай, қолдап кірісті. Өзі оқытушы-педагог болып қызмет атқарды. Кеңес өкіметі орнаған жерлерде ашылып жатқан мектептер жабдығын жасау, ана тілін, әдебиетін үйрету, оқу құралдарымен қамтамасыз ету сияқты өзекті істерге белсене араласты. Оның басылымда оқу-ағартуға байланысты «Қазақ оқығандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет», «Қазақ бөлімдері туралы» т.б. мақалалары жарық көрді. «Россияның ішіндегі көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім... Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күнгірт жүзді қожасы-жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман жем айдап келіп тұр», - деп басталатын «Қазақ оқығандарына ашық хатына» қанаушылықтың жойылатынына айқын сенім білдіреді. Жазушы қазақ арасында Россиядағыдай тап қайшылығы, тап күресі болған жоқ деп түсінген. Оны да ешбір бүкпесіз, жасырмай: «Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноқтасы болатын. Бірінен бірінің қара үзі, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өгейлік, жетімдік. Әсіресе, оқығандарының бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын», - деп жазады. «Жұрт кең заманнан пайдаланып, тиісті сыбағамды жырып алып қаламын десе, ауыр заманда бейнет, қиын жұмыста бар қайратын салып келіп, мақсаты іске асатын күні, еңбегінің жемісін оратын күні қашып кетуінің не мағынасы бар? Бұл шалалық елдік сезімнің әлі күнге басшы мен деп жүрген оқығанның өз бойына сіңбегендік» деп, қазақ оқығандарының намысын оятарлық өткір сөздер айтады. Автор оларды жаңа өкіметтің қызметіне етене араласып, қазақтың мұң-мұқтажын өтеу үшін аянбай еңбек ету керек: «Қазіргі заман қазақтың баласына келіп тұрған әрі қиын, әрі пайдалы жайлы заман... елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп, осы өкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз» - деген сенімді ойын ашып айтады. Қазақ оқығандарының қысылтаянды осы шақта елі үшін қызмет етуін міндетті санады, қала мекемелерін тоздырып тіл білместіктен ішкі зар-мұңын жеткізе алмай жүрген қазақтың күйін баяндайды. «Егер қазақ оқығандары Кеңес өкіметінің қабағынан

қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргеннің бәрі де келуі керек». Әуезовтың бұл хатында қазақ оқығандарының ұлт-азаттық қозғалысы бағытындағы іс-әрекеттері баса айтылып, олардың кейбіреулері еңбекшілерді қанаушы жуандардың қол жаулығы болып отырғандығы жете еленбейді. Бірақ Әуезов мұнда мұнтаздай таза болды деп бір жақты бағалаудан да аулақ. Сонымен қатар, Әуезов сол кездегі басқаша түсініктегі топтардың бар екенін теріске шығармайды. Тек мақаланың негізгі мақсаты оқығандарды қызметке тарту болғандықтан, оларды саралап, топқа бөліп жатпай-ақ: «Құр елдің мұны тыңдалмайтын, бірен-сараң кісінің ғана басына жайлы, ат езу келген заманда ғана оны істеймін деп, анығында еш нәрсені істей алмай, шағулы заман келген де қашып жүрсек, елдің қамы деген сөзді айтып не керек», - деп оқығандардың өзіне ой тастайды. Бұл мақала Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 5 ақпан күнгі 15-санында жарияланды. Басқа мақалаларында М.Әуезов осы ойын тарата дамытып, халықтың күнделікті күн көріс қажеттілігіне байланысты шаруашылық, өндіріс, қолөнер кәсібі сияқты тірліктерді де жан-жақты сөз етіп, солардың ішінде елдің келешек өсу жолына негіз болатын, ертеңге жалғасар бағыт-бетін айқындауға ұмтылады. Қалың жұртшылық «өз аманшылығын сақтап, мемлекет халін, көпшіліктің халін ескермейтінін», азға малданып, өзінен арғыны, ертеңгі күнін кеңінен ойламайтынын, ал кейбір «елдің қамын жегіш пысықтардың» жаңа өкімет ісіндегі уақытша қиындықтары мен жеке-жарым кемшіліктеріне көлденең сыншы болып қолдап көмектеп, «елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім құралдандыру дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп ішінен жетілту» сияқты тірліктерге бар күш-жігерді жұмылдыру керек. Ал бұл бағыттағы бүгінгі зор міндет - оқу ісі, алдымен бірінші кезекте соны дұрыс жолға қою керек деп біледі автор. «Бүгінгі зор міндет» деген мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31-ші желтоқсан күнгі санында жарияланған. М.Әуезов «Кеңес өкіметінің заңынша оқу жұмысы қаншалық бағалы, қадірлі екенін іске араласқан кісінің бәрі де біледі. Ескі өкіметтің шашбауын көтерген оқытушылар да жаңаша оқу жолындағы кеңшілікті көріп әбден риза болып отыр. Жә, оқу ісіне өкіметтің істеп отырған қызметі, беріп отырған кеңшілігі қайсы? Бұған дәлел: Орыс, қазақ, кедей, бай, жас-көрінің арасындағы надандықты құрту істеліп отырған қызметтер. Бұл жалпы мемлекеттің қолданып отырған ісі. Енді қазақ ішіндегі оқу ісіне келейік. Қазіргі күнде губерниялық оқу бөлімінің жасап отырған

жобасы бойынша, келесі жазда қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынбақшы. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу борышы. Бүгінгі күндердің зор міндеті осылар», - деп жаза келіп, жаңа өмірге қол жеткізудің үлкен бір жолы оқу екендігін айтады. Өткір сын айтып, көпшілікке ой тастайды. Жаңа өмір, жаңа құрылысқа қол жеткізудің үлкен бір жолы - оқу-ағарту ісі екендігін баса айтады. Елге шынымен жаны ашитын азаматтардың халықтық іске қолғабысын тигізуі қажет екенін айтып өтеді. Автор Кеңес өкіметінің оқу ісін аса жоғары бағалап, қадірлейтінін және оның бұл артықшылығына «жауларының да қол қойып» отырғанын айтады. «Бірталай жылдан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып бас қосып, елді ағарту жолына қызмет қылар десе де, әлі күнге бір қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқ», - деп, автор қазақ оқығандарының керенаулыққа салынып келгенін, әлі де беріле дұрыс қызмет жасамай отырғанын сынап, Кеңес өкіметінің осы бағытта белгіленген шараларын және олардың маңызын нақты мысалдармен баяндап өтеді. Жаңа бағытта, жаңа құрылысқа бет алған елге аса қажет мәселенің бірі - оқу ісі десе, екіншісі - көпшілікті қойып, отырықшылыққа айналу. Яғни, «Қазақ көпшілігін қойып, қала болса, мәдениет тез орнар еді» деген болатын. Ал, үшіншісі - қолөнер кәсібін меңгеру. «Үшінші: осы күнде қыр қазағы бұрынғы қаладан алынатын ұсақ нәрселердің бәріне де мұқтаж. Мәселен қыр елдерінің мұқтаждары: бұл, былғары, ыдыс-аяқ. Егер қазақ ыдыс-аяқты өзі істеп, шекпенін тез тоқып алып отыратын болса, онан артық олжа бар ма», - дейді М.Әуезов. Жазушы мәдениетке қол жеткізудің үлкен бір жолы осы деп қарайды. «Осы айтылған үш түрлі іске күш салып, көңіл бөлсе, талай пайдалы көрікті істер шығаруға болады. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу – борышы. Бүгінгі секілді күндердің зор міндеті осылар», - деп баса айтады. «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» атты мақаласы «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 14-қаңтарындағы 115 санында жарияланған. Бұл мақаласында оқыған азаматтарды белсене іске жұмысуға шақырады. Олардың мақсаты: «елді мәдениетке жеткізіп, оқу-ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілдіру», - деп ұғады. Бұл міндеттерді мойнына алмаған қызметкерлер қазақ азаматы емес, ел қамын ойламайды деген тұжырымға келеді. Автор алдымен қазақ халқы аса маңызды Автономияны қашан аламыз? Тендігіміз қашан тиеді? Ел қатарына қашан кіреміз? сынды ірі де сүбелі мәселелерді көтере келе, соларға қол жеткізудің жолдарын қарастырады. Оқу жұмысының қолға алынбай жатқандығын, не қалада, не қырда мектеп

үйі жоқтығын, қазақ жігіттерінің қол өнерді үйренуінің жолға қойылмағандығын айтып, «Бүгінгі зор міндет» мақаласында ұсынған шараларының орындалмай отырғанына күйінеді. Ілгеріректе айтылған ойларын әрі қарай өрбітеді. Осы мақалада Әуезов баспасөз туралы да сыни пікір айтады: «Кіндік үкіметтің тілі болып отырған газеттерді алсақ, олардың бетінен жартымды хабар алуға болмайды. Жазылған сөздің көбі түпсіз терең мәселеге арналады. Бүгінгі күнде үнемі жоқ, ұзақ қиял, шұбатылған жобаға арналады. Кіндік үкіметтің ішінен күткен хабарын ала алмаған кісілер аздан соң оқуға да көңілсіз тартады. Терең пікір, ұзақ сөздердің орны бар, егер сонымен қатар іс істеліп отырса. Әйтпесе, «мын сіз-бізбен бір шыж-быж деушілерге айтар дауымыз да қалмайды». Сонымен қатар, мақаланың соңын былай қорытады: «Мінекей, осы сөздерді айтып келгендегі менің ойымдағы пікірім: Қазіргі уақыттағы барлық күшті де, уақытты да, сөзді де бүгінгі күнге өнетін оқу жұмысына, шаруа жұмысына салу керек. Түбінде қазақ жұртының басынан әлденеше өзгерістер өтер. Бірақ іс басында жүрген азаматтардың, сол замандардан белгі болып қалмауы ұят. Қолдан іс келетін заманда елдің бір тілегін орындай алмауы - ұят іс. Істейтін уақытты сөзбен өткізсек, қараңғы елдің алдындағы міндетімізді сөз деп ұққанымыз, одан басқа жауапқа орын да қалмайды». Бұл жылдары жазған мақалаларынан сезілетін жай М.Әуезов жаңа орнаған Кеңес үкіметі қызметтерінде жүріп-ақ, қазақ үшін пайдалы қызмет атқаруға болады деген бағыт ұстанған. Сол ойын басқа оқығандарға да жеткізуге тырысады. Әрбір публицистік шығармасынан - ақыл-кеңес сұраған халыққа жанашыр, ұлт қамын ойлаған адал азамат бейнесін көргендей боласыз. Мұхтар Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында «Халық әдебиеті туралы» атты мақаласындағы пікірін толықтыра түседі. Семей губаткомының газеті «Қазақ тілін» 1925 жылғы сәуірдегі қырықыншы санындағы бұл мақаласы соңында автор аты-жөнін жазбай Кирпедтехникум деп жазған екен. Мақаланы кирилл әріпіне түсіріп, баспаға қайта жариялаған ғалым Қ. Мұхамедханов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаланы 1965 жылы оқып, танысқан едім. Сонда осы мақаланы жазған адам Мұхтар Әуезов екендігіне ешбір күмәнім болған жоқ» деп, Әуезовтің жазу стилін танып, оның 1925 жылы Кирпедтехникумда қызмет етіп, әдебиет үлгілерін жинаумен айналысқан тарихи негізді басшылыққа алады. Әуезов «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласында: Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрып, көпшіліктің мүлкі қылып беру, жалғыз ғана әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып,

нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек деп, әдебиет үлгілерін жинаудың маңыздылығын айтады. Бұл іс бір-ақ беттегі адамдардың міндеті емес, оқи біліп, жаза білген бар қазақ баласының міндеті. Бұл жолда ең алдыңғы тілекті ел ішінде ескі сөзді білетін көрі құлақтарға айтамыз дей келе, Кирпедтехникумның 100 шәкіртіне ауыз әдебиеті үлгілерін жинау жөніндегі нұсқау берілгенінен құлағдар еткен. Ел ішінде кең тарап, көп айтылатын батырлар жыры, ақындар айтысы, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер, әр рудың шежіресі, хандық дәуірді белгілейтін әңгімелерді, яғни әдеби-тарихи маңызы бар ұлттық құндылықтарды жинауды ұсынады. Жазушы мұндай ұсыныс-пікір жариялап, құрғақ сөзбен ғана шектелмейді, іргелі істің басы-қасында жүріп, ауыл арасында жиналған үлгілерді сұрыптай, таңдай отыра араға ұзақ уақыт салмай «Әдебиет тарихы» атты көлемді де құнды еңбек жазады. Жазушы өзіндік ой түйіндеулерін, пікір, көзқарас, кеңестерін «Халық әдебиеті туралы» (1924), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922), «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» (1925) сынды мақалаларында білдіріп, өзі редакциясында қызмет еткен. «Таң» журналында ел арасынан жиналған ертегі, аңыздар жөнінде, ескілікте тарихта болып, аты аңызға айналып кеткен ұлттық батырлар, сал-серілер, бақсылар, ақын-жыраулар жөніндегі құнды деректерді жариялап отырды. Бұл жүйелі зерттеуі, фольклорлық нұсқауларды жинаудағы ерен еңбегі «Әдебиет тарихы» (1927) атты еңбегінде тұжырымдалды. Әдебиет ескілігін жинаушыларға» - деген атпен жарияланған мақаланың астына Семей техникумы - деп қол қойылған. М. Әуезовтің сыпайы мінез білдіріп әрбір кісінің пікірі болмасын деп әдейі Семей техникумы атынан жариялаған. М. Әуезовтің бұл еңбегі бүгін Тәуелсіз Қазақстан болған кезімізде өз ұлттық әдебиет, тарихи мұраларымызды түгендеу үшін өте маңызды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздегі мұра ескіліктерін жинауға ерекше көңіл бөліп отыр. Сондықтан М. Әуезовтің «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» мақаласы бүгін де үлкен құнды маңызға ие. Ол фольклор саласында ұшан-теңіз еңбек етті, қазақ фольклористикасы ғылымының нығайып, бекуіне орасан зор үлес қосты. Әдебиетші-ғалым Ә. Молдаханов М.О. Әуезовтің ұзақ жылғы жемісті әдеби-ғылыми мұрасына зер салып, көңіл бөлетін болсақ, оның екі үлкен арнасы зерттеушілердің назарын ерекше аударады. Біріншісі - абайтанушылығы, екіншісі - фольклортанушылығы деуі ұлы тұлғаның фольклор саласындағы ерен еңбегін тиісінше бағалаудан туындаған. М. Әуезовтің ауыз әдебиеті үлгілерін жинап-бастыруы, толымды ғылыми зерттеу жүргізуі, қызғыштай қорып, қамқорлық жасауы - халық игілігі үшін жасалған

ерен еңбегінің бір көрінісі. М. Әуезовтің ауыз әдебиеті саласындағы еңбегі баспасөз бетіндегі мақалалар мен «Әдебиет тарихы» атты еңбегімен шектелген жоқ. Шарушылыққа және заңға байланысты жазылған мақалаларына тоқталсақ, «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 18-ақпанындағы нөмірінде жарық көрген «Егінге дайындалындар» мақаласы - оның экономикалық тақырыпқа да қалам тербегендігін айғақтайды. Көтеретін мәселелеріне қарай, шақырар үндеу, айтар ойына қарай шығарма жанрлық жағынан проблемалық бас мақалаға келіңкірейді. Өйткені мұнда сол кезде «ел алдында тұрған елеулі міндетті қалай шешу керек?», «Ол үшін не істеу керек?» деген секілді сауалдарға нақты жауап беріледі. Бас мақаланың бастауындағы: «Қазіргі күнде егін саламын деген елдер кез-келген жерден тұқымдық астық, соқа-сайман таба алмайтындықтан, һәм ендігі егін салушылар үкімет көмегінсіз іс істей алмайтындықтан, Семейдің губерниялық жер бөлімінде келесі жаздың шаруасына істеліп жатқан қамдарын барлық оқушыға да һәм егінші елдерге де білдірмекшіміз» деген жолдардан-ақ автор не жайында сөз болатындығы туралы бірден емеурін танытады. Бұдан әрі автор губерниялық жер бөлімінің қаулысымен, оның мазмұнымен таныстырады. Көрсетілген мәжеден артық егін салған елдерге «айрықша сый есебінде бұл, шай, ұн секілді нәрселер» көмек ретінде берілетіндігін айтып өтіп, көпшілікті материалдық тұрғыдан ынталандыра түседі. Сондай-ақ жер бөліміне келіп түскен тұқым мен соқа-сайманның көп бөлігі қазақ халқына берілетіндігін баса ескертіп айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002.
- 2 М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. – Алматы: Ғылым, 1997.
- 3 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1997

БАЛА ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЕРМЕКОВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Көркем әдебиеттердегі баланың, яғни кейіпкердің тілдік ерекшелігі мен сөз қолданысы, эстетикалық таным деңгейіне сай символдық таңбалардың қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар[1]. Осы орайда, жекелеген ақын-жазушылардың шығармалардағы кейіпкердің тілдік ерекшелігін, ой-танымы мен болмыс-бітімін зерттеуді нысаны ретінде аламыз.

Б.Соқпақбаев – қазақ балалар әдебиетінде ерекше қолтаңба қалдырған тұлға. Балаларға арналған әңгімелері мен повестерінде дүниені танудағы жас ерекшелік психологиясы мен танымның санадағы көрінісі айрықша рең беріп тұрады[1]. Мәселен «Менің атым – Қожа» шығармасының тілдік жүйесі Қожаның психологиялық қабылдауы мен оның санасындағы дүниетанымы деңгейінде құрылған. Шығарманың басты кейіпкері Қожаберген өз есіміне деген танымдық көзқарасты психологиялық тұрғыдан былай көрсетеді:

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшиам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер(Б.С.).

Бұл жерде Қожаның пікірін пайымдау үшін алдымен оның таным деңгейін түсіне білу қажет. Мұндағы ең басты әсер етуші фактор қоршаған орта, қоғамдық сана. Яғни, бала санасына, оның сөйлеу ерекшелігіне қоршаған адамдардың әсер ететіні көрініс береді. Профессор Т.Жанұзақовтың: «Лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тілімізде аз емес. ...Әсіресе мектеп оқушыларының лақап есімдерін социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қызықты да, ғылыми тұрғыдан салықалы болары сөзсіз» деген пікірін басшылыққа алдық[2,35]. Балалар әдебиетіндегі Б.Соқпақбаевтың кейіпкерлеріне тән лақап аттардың

ішінде адамның сыртқы келбетіне орай берілген лақап аттарды байқауға болады. Мысалы, «Менің атым - Қожа» повесіндегі:

Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеумізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды(Б.С.).

Мысалдан балалар өз арасында жанама ат қоюдың өзіндік себептерін дәл таба қоятынын байқаймыз. Болмаса, шығармадағы Қожаның шын аты – Қожаберген. Оған әлеуметтік ортасы сыртқы келбетіне орай лақап ат бергенде оның азан шақырып қойған есімінің мазмұны мен құрылымын сәтті пайдаланған. Лақап есімдерді жайдан-жай қоя салмайды. Ол жоғарыда айтып өткеніміздей, адамның мінез-құлқы, кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, тіпті мамандығына байланысты берілуі мүмкін[1].

Мысалы,осы повестен үзінді:

Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір жасырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып:

- *Қара көже, мынаның не екенің білесің бе?*

- *Ол не?*

- *Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың(Б.С.).*

Осы үзіндіден көретініміз бала арасындағы қарым-қатынас, Жантастың «қара көже» деп Қожаның күнге күйген терісінің қоңырқай болуына байланысты мазақ қылуы мектеп жасындағы балалардың мінез-құлығы мен сөйлеу ерекшелігін танытады.

Балалар тілінің тілдік қолданыс ерекшелігін дәл беруде Б.Соқпақбаевтың стильдік ұстанымы, баланың өскен ортасына тән сөз саптау мәнерін ерекше талғаммен беруі қаламгердің шеберлігін танытады. Мәселен, *Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама беріліп, маған берілмеу жайы, менің шақ-шәлекей ашулануым айтылады.*

Балалардың ойын барысында немесе күнделікті өмірде эмоцияға беріліп сөйлеуі бала тіліне тән:

- *Ура! Ұтылды! Мақтаншақ Қожа. Мен енді сені бұдан былай мақтаншақ Қожа деп атаймын.*

- *Тоқта, қалай... қалай боп кетті?*

- *Міне, былай... Сен менің мына пешкамды жедің бе?(Б.С.)*

Балалардың ойын барысында тез ашуланып, ерегісіп алу көрінісі де өмірде жиі кездеседі:

Ақыры:

- *Ойнамаймын сенімен,- деп, Жанар ұртын бұрттып, дойбыны жинап алды.*

- *Ойнамасаң қой,- дедім мен де есемді жібергім келмей.*

Бала психологиясын зерттеушілердің тұжырымынша әрбір баланың тілдік қорының дамуы, сөздік қорының жан-жақты жетілуі, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты. Әсіресе мектеп оқушыларының ойлау мен таным дүниесі өзара тығыз қарым-қатынастағы ортамен нақты байланыста болады[1]. Балалардың кез келген нәрсеге ерекше әуес болады, арманшыл әсершіл, эмоцияға тез берілгіш болып келеді. Мысалы, «Менің атым Қожа» әңгімесіндегі бала бойындағы еліктеу мен ұшқыр қиялды мынадай монологтан көруге болады: *Жалпы үлкен ақындар өлеңді тек шабыты келгенде ғана жазатын көрінеді ғой. Ал менің шабытым қашанда қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек уақыт тауып отырсам болды, көсілтіп жазып тастаймын. Ол ол ма, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асық болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп жоспарлап алып та жазамын. Мен көпе-көрнеу шарықтап өсе бастадым. Өлеңдерім класс, мектеп қабырға газеттерінде тоқтаусыз жарияланатын болды [Б.С.]* деген мысалдан жас жеткінек Қожаның өнерге, ақындыққа еліктеуін бала танымымен тығыз байланысты екенін байқаймыз.

Бала тілінің ерекшелігі отбасындағы қарым-қатынасқа, әсіресе ата-анасының сөйлеу мәнеріне де байланысты болып келеді. «Менің атым Қожа» повесінде жиі көрініс береді. Мысалы, Мамамның Қаратайға шынымен күйеуге шыққысы келе ме? Мүмкін емес. Біз, әжем үшеуіміз, құдайға тәуба, онсыз да жаман тұрмаймыз ғой. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Мен әлі оқу бітіріп, ер жетемін, университетке түсем. Жазушы болам... [3,342] деген мәтінде Қожаның сыртқы жағдайдыны психологиялық тұрғыда қабылдай отырып контексте сөйлеу дағдысын қалыптастырған. Сонымен қатар, бала психологиясына әсер еткен жағдай оның ойланбай кейде қатты ашуға булығып сөйлеуіне әкеп соқтырады. Мысалы,

- *Әй, мына түріңмен қайда барасың? Онда кісі отыр, - деді әжем. Өзі қызық кісі, кім отырғанын білмейді деп ойлайды ма екен.*

- *Кісі болса қайтушы едім!*

Даусым қатты шығып кетті. Мейлі, естісе, ести берсін. Есікті жұлқып ашып, кіріп келдім. (Б.С)

Дәл осындай шағын ғана диалогтардан балалардың сөз қолдану аясы тар, диалогтары ықшам түрде келетінін, балалар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты қаратылып айтылатын өз сөз қолданыстары, лақап аттары болатынын, сонымен қатар эмоцияға байланысты түрлі сезімдерін білдіретін одағай сөздерді қолдану ерекшеліктерін байқаймыз. Сонымен қатар, бала тіліне отбасындағы қарым-қатынасқа байланысты, сөз қолдану ерекшеліктері мен баланың психологиясына әсер ететін жағдайларға байланысты жеткіншек балалардың сөз қолданысы мен тілінің ерекшелігін қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абдуллина З.А. «Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы» (Б.Соқпақбаев, М.Гумеров, М.Қабанбаевтың шығармалары бойынша). Автореферат. -2002

2 Жанұзақов Т. Ономастика және қоғам // Сөзтаным. – Алматы, 2003. - №3. - 45 б.

3 Б.Соқпақбаев «Менің атым - Қожа» повесі.

М. ШАХАНОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ–СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖАНАЕВА А. К.

студент, Павлодар медициналық колледжі, Павлодар қ.

УРУСБАЕВА Д. Б.

оқытушы, Павлодар медициналық колледжі, Павлодар қ.

М.Шаханов ХХІ ғасырда әлем әдебиетінде қазақ халқының арасынан шығып, тиісті орынға ие болған ірі жазушы. Оның осы дәрежеге жетуі – терең ойшылдығы, бала кезінен бастап қазақ ауылында өсіп, өмірге деген көзқарасы ұлттық көзқарас болып қалыптасқаны.

Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдерімен араласып, салт – дәстүрлерді салыстырып, өмір шындығын көркемдікпен, өз халқының тұрғысынан шығармаларында ашуы – М.Шахановтың азаматтығы, рухани байлығы, жазушы шеберлігі.

Заманалар бойы тайталасып, бірде жеңіліп, бірде жеңіп келе жатқан, аттап өте алмайтын қазықтар – Махаббат пен Қызғаныш, Достық пен Сатқандық, Жастық пен Көрілік, Шабыт пен Топастық,

Арамдық пен Қимастық т.б. жан табиғаты райларының ақын танымына өзек болуы М. Шахановтың төл қасиетінің даралығын да дәлелдейді. Аталмыш философиялық категориялар тек ойлы да сұлу, жазира жырдың дәні болуы керектігін түсінген ақын оларды қоңыр ырғақты мақаммен өрнектейді.

Қажеттілік өлшемі мен астамшылық жайлы ғылыми теория жасаған ақын «Құлпытас кепиеті немесе кері тебу заңы» өлеңінде:

Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді,
Арын өлсе, тәнің қатар өледі!
Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын,
Артық кетсең, қатал қолмен тәубанды еске салатын

Әрбір оғаш қылығыңды ұиытпаған, кешпеген,
Ол – табиғат заңдылығы, ғылым әлі шешпеген.
Сәл көңіліме желік енсе,
Қасиетті сол заңға
Қайшы келіп қалам ба деп сескенем.

«Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын,
Артық кетсең қатал қолмен тәубанды еске салатын»

Бұл - ақынның ақиқатқа бас июі, жеңілуі емес, жеңісі екені сөзсіз. Ой салу бар да, бір нәрсеге көз жеткізіп содан сабақ алу бар. Бұл М. Шахановтың адам ретінде болмыс – бітімін ашып, даралай түседі. Жалпы творчество адамын өз шығармасындай ешнәрсе нақты бейнелей алмаса керек. Л. Толстойдың «Слово есть поступок» деген қағидасы да бекер айтылмаған.

Ақынның ой – идеяларын жарқырата өткірлей түсетін тәсілі – шендестіру, ассоциация тудыру.

Мұхтар Шахановты ақын еткен, философиялық ойшыл өлеңдерге жол ашқан – ел, елдегі ұлттық қарым – қатынас арқылы түзілетін салт – дәстүр, сол жерде оянған асыл махаббат. Бір ерекшелігі, өмір иірімдеріндегі жүрекке дүрсіл сыйлар оқиғалар мен ситуациялар ақын санасына ғұмыр бойына жаңғырып, жасарып отырар сәуледей орныққан. Ол бұлардың бәрін өзінің тылсым, табиғи психологиясынан өткізеді, оларға түрлі – түрлі бояу береді және сол түстермен өмір ситуацияларын үнемі жаңа қырынан көруге, солардың ең дұрысын, салмақтысын тандап алуға мүмкіндік береді.

М.Шахановтың ой маржаны жарқ етіп бір көрінбейтін өлеңі жоқ. Ол үшін афоризммен сөйлемеу – жат. Ол үшін әр сырдың түпкі түйінін тереңнен алып шықпау өлеңнің жазылу мақсатын жоққа шығарғандық болар еді. Ол үшін ой - өлең, өлең – ой. Ой - өлеңнің

құлпырып жайнар бағы, жағдайы. Тарихты тарихи адамдармен, ақиқат іздеушіні өз басымен, соңғы айтар сөзді ел өмірінде қалған естеліктермен, өнегелі оқиғалармен шендестіру – М.Шаханов үшін үлкен тақырыптан үлкен ой тудыру үшін алынатын жүйе. Расында да, бірнеше шағын жүйелер тоғысы бір үлкен жүйе болса, ол осы позицияны әділ сақтауға тырысады. Өйткені ақын табиғатына болмашы, ұсақ жылт еткен көзқарас айту жат. Оны тек адамзаттық, әлемдік пікір айту мұраты толғандырады. Себебі махаббат, достық, сенім, тарих, батырлық, бақыт, арман – тұтас тіршіліктің өзі.

М. Шаханов - соңғы жылдары қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік сипатта бірқатар жаңалық әкелген ақын. Біз М. Шахановты лирик дейміз бе, эпик дейміз бе? Екеуіне де негіз бер. Эпик деуімізге болады. Өлеңдерінің дені сюжетке құрылған. Баллада, поэмалары оның творчествосының негізгі тараулары.

«М. Шаханов - эпик ақын» дегенде оның негізгі қасиеті тасада қалып қойған сезіледі. Ол - ең алдымен мықты лирик. Эпика мен лириканы ұштастыруда ол талантын танытады, шеберлік көрсетеді, өзіндік жаңалығын енгізеді.

Мөп – мөлдір, әдемі лирикаларынан, шағын поэмалары мен балладаларынан аңғартқыш ақынның ізгілікке күштар, мөлдірлікті марапаттайтын, үлкен ерлікті тым биіктікті қаламайтын сұңқар көңілі осы шығармаларда біраз тоят табады.

Мұхтар Шахановты жұрттың ыстық қабылдауының екінші бір себебі – оның шығармаларындағы өткірлік. Батылдық алдымен поэзияға қажет. Жұрттың шын жүректен қол соғатыны ақынның шындыққа еш бүкпесіз тура қарайтын батылдығы.

Махамбеттің риторикалық сұрауға құра отырып, кер заманның зіл батпан ауырлығын иніне артқан, асыл ердің жүрегіне суарылған сұсты сөздерін есіңізге алыңыз. Әрине, арналы ортақтық бар. Оңашалығы қандай? Махамбетте де «Ерлердің ісі болар ма?» тіркесіне екпін түсіп отырады. Бірақ «Кім айтты саған» сөзіне түскен екпіннен мән-мазмұн жағынан айырма бар. Махамбетте ішкі монолог үлгісі басым.

М. Шахановтың көркемдеу құралы жаңа, поэзияға сіңісті эпитеттерді өзінше жаңартты. Метафора, өлеңнің композициялық құрылысы, троптың түрлері, ең бастысы – жаңа ырғақ әкелді.

Міне, мұның бәрі М. Шаханов өлеңінің өзегіндегі динамикалық іске қосатын сан-саналы тамырлы күштер.

Иық бұрмай тек білімнен басқаға
Қатар өсті екі бірдей жас бала

Қатар өсті,
Қатар жүріп, ән салды,
Қатар тұрып, құба танды қарсы алды.

Кұрғақ баяндау емес, сол өлеңнің жан әлемінен хабар беретін лирикалық лепті баяндау. Лиризм бұл жерде «қатар тұрып, құба танды қарсы алуындағы» эпитет арқылы туып тұр. Сөз жоқ, осы жердегі жалғыз эпитеттің ролі ерен. Мәселе, эпитетті автордың қалай пайдаланғанын сіздің сезбей қалуыңызда. Егер сол эпитеттер соқырға таяқ ұстатқандай «мен мұңдалап» көрініп тұрса, құны болмас та еді. Жаңалық та сезілмес еді. Автор дараланбас та еді. Шын мәнінде «құба таң» бағзы бір уақыттарда, не нәрсеңіз болсын мөлдiреген таза, замананың аузынан мәйегі шыққан балғын шағынан елес беретін бір сәттік көрініс.

Екінші, бұл шығысқа етене тән ұғым. Ана тілінің астарлы күдіреті ғана ұлттық сипатқа тереңдеп бойлай алады. Ұлттық ұғымымызды тереңдететін де, мағынасын түсіндіретін де, эстетикалық қасиетін санамызға сіңіретін де – тіл.

Әлемдік өмірдің жаңалығынан хабардар, зерек, сезгіш ақын билікті де, шындықты да өз атынан емес, ұлттың ең озық дәстүрін тірілте отырып, солардың атынан қозғайды. Оның бүгінгі «өз сөзі» әлдеқашан ашылған, дәлелденген, өмірде әлденеше сыналған сөз екенін көрегендікпен пайымдайды. Махамбет пен Естайға, қала берді Шыңғысхан мен Ақсақ Темірге тізгін ұстатуының осындай сыры бар. Сөйтіп ақын өлең - өнер қақпасын ашқанда бүтін халқымыздың қасиетті қақпасын қоса ашуға тырысады. Ақынның осынша ауқымды дүниені желбуаз сөзге ұрынбай, халықтық поэзияның дәрежесінде қалып жетегіне еріп кетпей, халықтық деген үлкен ұғыммен тең түсіп, азаматтық жүрек, тегеурінді талант арқылы танытуы – жаңашылдығы.

Ақынның «Ғасырларды безбендеуі» әртүрлі оқиғаларды, тарих кезеңдерін аптыға, аса бір асығыс талпыныспен өрнектегеніне қарамастан, азаматтың әйтеуір бір түсіп шығатын жамандық мұхитын көз алдына елестетсе, жақсылықтар тіпшілігі сол мұхиттағы жалғыз қайықшыдай үнемі арпалыста көрінеді. Қайықшы болмысы – ақынның өзі. Әрбір идеялық талғам поэзияда жаңа толғаммен бас түйістіреді. Осы тұста М.Шахановтың түйінді ойшылдығы, байсалды философ ретінде аяғының биік үзеңгіде тұрғанын аңғармай қала алмайсың. Үлкен ойларды түзетін философиялық өлең тармақтары оқырман үшін өлең шумақтарының ғана жүгін көтеріп, соған ғана қызмет етіп тұрған атрибут ретінде көрінуі мүмкін. Ал көзі қарақты

әдебиетші олардан жаңа бедер, пішіндерді, алыстың жақынмен, қырлының жұмыр нәрсемен, ауырдың жеңілмен үйлесімін яғни тосын әрі орнықты көзқарастарды аңғарады.

Жалпы М. Шаханов шығармаларын оқып отырсақ, өмір сабақтастығы байқалады. Ақын өмірдің көптеген мәселелеріне қалам тартқан.

М. Шаханов адамзатты жеке тұлғаның тарихтағы ролін жаңаша ұғынуға итермелейді. Жалпы ел билеуші табиғатына тән озбырлықты, адамды тақтың бұзуын, тойымсыздықты әшкерлеу - М. Шаханов шығармасында ерекше сыншылдықпен беріледі. Билік иесі өз басын ойлап кетсе, ол сөзсіз трагедия туғызады. Зұлымдық зұлымдыққа жетелейді.

М. Шахановтың «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты шағын поэмасындағы қираған қаланың тағдыры бүгінгі халық тағдырымен тікелей ұштасып, ұрпаққа ауыр да абыройлы жауапкершілік жүктегендей болады.

Сонымен қатар М. Шаханов ер азаматты тәрбиелеу, яғни баланың әке жағынан тәрбие алуын, әке тәрбиесімен өсу керектігін ескертеді.

«Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» шығармасында Отырарды жау қолына түсірткен сатқын туған кезінен бастап нағашысының бауырында өскені айтылады. Демек, ол әке тәрбиесінен тыс өскен болып отыр. Сол дастанда айтылған өсиетте:

Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер қадірін,
Ер қадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылығына
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балаң ойдың желкенін
Қинаса да қиқар соқпақ, қиыс жол,
Өзі туған қасиеттің өлкенің
Ауасымен дем алуға тиісті ол.

Иә, әр сәби туған жерінің ауасымен тыныс алып, туған жерінің ауасымен өсу керек және тиіс. Ол өзінің туған жерінің қасиетін сонда ғана түсіне алады. Бұл әрекетте халық пәлсапасының көрінісі бар.

Әлемді дүрліткен даңқты қолбасшының тісі батпаған жау жүрек тас түйін қаланы алатын басқа күштің болуы мүмкін бе? Мүмкін. Ол – осы кезге дейін дауасы табылмаған сатқындық.

Қашан мені сатарыңды күтпей – ақ
Алдыңды орап кеткеніме налыма.
Жақсылығым қайтпады деп арыма.
Сатқындыққа сатқындықпен тіл қату
Ұқсамай ма табиғаттың заңына

Халқымызға тән отаншылдық – этнографиялық көрініс деп айту артық болмайды.

Достық тақырыбына жазған «Достық өлкесінің заңы» өлеңін қарастырайық. Мұнда баланың досы үшін өзін қатерге беріп, қорғап қалғаны дәріптеледі.

Қой, бәйбіше, дау тудырмай бекерге,-
Деп нағашым әңгімесін жалғады,-
Айып пе екен, өзін беріп қатерге,
Ер жігіттің досын қорғап қалғаны.

Достық деген ізгіліктің алаңы,
Оған куә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады
Қиын шақта досын сатқан адамдар!

Мұнда автордың достыққа деген көзқарасы, яғни ізгілік алаңы деуі автордың оған берген бағасы болып саналады.

Жалпы, М.Шаханов шығармашылығы - өзіндік ерекшеліктерімен бүгінгі қазақ поэзиясының өсу үстінде екенін, оның дамуындағы негізгі бағыт – бағдарын толық танытады деп ойлаймыз.

Поэзия табиғатынан сезгеніміздей, өнер адам бойындағы мән – мағыналық қасиеттерді қалыптастырушы, ашушы, жетілдіруші. Сондықтан М.Шаханов шығармашылығы өзінің адам жасаушы, өмірді жасандырушы, ұғындырушы парызын кемеңгерлікпен өткеріп келеді.

Ақын – ерекшеліктерді тудырушы, бедерлеуші. Ақын - біртума. қайталанбас қасиет иесі.

Бүгінгі күнде тарихты, этнографиялық көріністерді, халық психологиясын дұрыс қолданып, биік деңгейде беруі – М.Шахановтың әлемдік аренадағы жетістіктері.

Сонымен бірге, әлем әдебиетінің сыншылары М.Шахановтың шығармаларына биік баға беріп отыр. Ол неліктен?

Ол – М.Шахановтың шығармаларының үлкен ойға құрылуында, өмірдің өзінен алынуы, өткірлігінде, нақтылығында.

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ-МИФОПОЭТИКАЛЫҚ САРЫНДАР

ЖИЕНОВА Д.

студент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ.

ЖАНҰЗАҚОВА Қ. Т.

ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ.

XX ғасыр басындағы қазақ ойшылы, көрнекті ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында діни-эстетикалық таным философиялық және психологиялық бастаулармен шебер жымдасқан. Ол адамның рухани тұрғыда өзін-өзі жетілдіру мен ақиқатты тану талабын әдеби-көркемдік ізденістерімен ұштастыра білген сирек тұлғалар қатарына жатады. Ш.Құдайбердіұлы дүниетанымының қалыптасуына ұлы Абайдың, орта ғасырдағы сопылар поэзиясының, Л.Толстой шығармашылығының ықпалы зор болды. Ақынның философиялық лирикасында эсхатологиялық сарын да бой көрсетіп калады. Мұның өзі XX ғасыр басындағы қоғамдағы алмағайып өзгерістердің ақын дүниетанымына психологиялық әсерінен туса керек. Шәкәрімнің Шыңғыс тауларында күнделікті күйкі тіршіліктен бойын аулақ ұстап, ұзақ жылдар бойы оңашалануы болмыстың мәңгілік – өлім мен өмір, жақсылық пен жамандық, жан мен тән, нәпсі мен иман т.б. күрделі мәселелерін шешуге талпыныс жасаған іңкәр ұмтылысынан туындады.

Ш. Құдайбердіұлы алғашқы шығармаларынан бастап-ақ адам сезімдерінің ішіндегі ең ардақтысы, асылы – сүйіспеншілік пен махаббатты көтере жырлады. Ш. Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн», «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» поэмалары, «Әділ-Мария» романы суреткер шығармашылығындағы темірқазық тақырыпты махаббатты, ғашықтықты арқау еткен.

«Ләйлі-Мәжнүн» – махаббатты ұлықтаған терең мағыналы ойымен, мәнерлі, бейнелі сұлулығымен, ғажайып фантазиясымен ойып орын алатын мәңгілік шығарма. А.Қыраубаева «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын романтикалық шығарма қатарына жатқызып, оны аударма емес «ежелгі әдебиетіміздің нәзира дәстүрін XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жалғастырған, талантты ақындық қуаттан туған шығарма» ретінде бағалайды [1,39].

Ш.Құдайбердіұлы поэтикалық дарыны мен бейнелі сөз өрнектері арқылы шынайы альтруистік махаббат тақырыбын, қос

ғашықтың сүйіспеншілік сезімінің нәзік иірімдерін шебер игере білген. Шығарманың тақырыптық-идеялық, сюжеттік желісі, адам бейнесін жасау әдісі романтизмге ыңғайластырылған. Қайыс пен Ләйлінің бесікте жатып-ақ бір-біріне өлердей ғашық болуы, бірін-бірі бір сәт көрмесе, қайғыға берілуі, ғашықтықтан естері ауысып, махаббат үшін бастарын өлімге тігуі романтикалық образдарды еске салады. Олар қайғыға толы тұрақсыз әлемді тастап, осы дүниеден тыс мәңгілікті, өздерінің мінсіз махаббаттарының рухани толымдылығын таңдайды. Екеуінің сезімдеріне беріктігі мен өз мақсаттарына жету жолындағы мінез-кұлқын, кейіпкерлерінің романтикалық мінездерін шебер бейнелеуде Ш. Құдайбердіұлы үлкен табысқа жеткен. Поэманың образдық құрылымы, тілі ақынның ақиқатты метафоралық бейнелілікпен, тұспалмен танудың тәсілін шебер меңгергеніне куә етеді. Ләйлінің іштегі ғашықтықтың қызуынан үстінің өртке айналып, жануы, Мәжнүннің есінен адасып, диуанаға, жындыға айналуы, екеуінің құсадан өлуі махаббатты романтикалық бояуға бөлеп, көтеріңкі суреттеуден туған.

Ш. Құдайбердіұлы «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасында нәзира дәстүрімен бүкіл әлемге танымал сюжеттің қазақша нұсқасын жасай алды. «Ләйлі-Мәжнүннің» қазақша нұсқасын сомдауы суреткердің сопылық махаббат философиясының қыр-сырына терең бойлай алғанын айғақтайды. Шығыстың ұлы аңызын аударып, суреткер өзінің поэтикалық болмыс-бітімін сақтап қалды. Ол шығарманың көркемдік тініне лирикалық ойларын, көркемдік көзқарастарын қосып, оны оқырманның қабылдауына, дүниетанымына анағұрлым жақындатады.

«Әділ-Мария» романы (1925) –Ш. Құдайбердіұлының іргелі шығармаларының бірі. Оның «Қайғылы роман» деп аталуында үлкен мән бар. Романға екі ғашықтың бір-біріне қосыла алмай, арманда кеткен қайғылы мәңгілік махаббаты өзек болған. Суреткердің Шығыс философиясындағы махаббат тақырыбына көз тігуі оның сопылық философиялық-эстетикалық дәстүрге ден қойғанын дәлелдейді және суреткердің жеке дара рухани дамуының шарттарымен, интуитивтік сезімдік қабылдауларымен сай келді.

Романның оқиғасы ХХ ғасырдың басындағы дәстүрлі қазақ романдарында жиі кездесетін сюжеттік желі арнасында өрбиді. Ата-аналарының келісімімен атастырылған Әділ мен Мария бір-біріне ғашық, алайда олардың бақытты болуына тосқауыл туады. Екеуінің арасына мақсатына жетпей, ойлағанын іске асырмай қоймайтын өзіншіл Еркімбек түседі. Қыздың ағаларын жағалап, қалайда

екеуін айыруға бар күшін салып баққан ол қызға қолы жетпеген соң, қызғаныштан Әділді жаламен абақтыға жабады. Роман шешімі трагедияға ұласады. Еркімбек Марияның ағасын өзіне қаратып, қорқытып-үркіткен әрекетінен ештеңе өнбеген соң, қанына қарайып, ақырында екі ғашықты өлтіріп тынады. Әділ мен Марияның өздерін өлтіргенімен, олардың шынайы асқақ махаббатын жеңе алмайды.

Романдағы реалистік желі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін, адамдардың мінез-кұлқын, психологиясын суреттеуде көрінеді. Туынды автордың Шыңғыстау туралы лирикалықтолғанысынан басталады. Шығармадағы оқиғаны суреттеу барысында баяндаушыныңсюжеттік желіге кенеттен «кіріп», табиғат туралы толғануыоқиға түйінінің күрделі және ширыққан шешуші тұстарына эмоциялық бояуқосады. Шыңғыстау шығарманың соңына дейін кейіпкер ретінде оқиғаға қатысып отырады.

Автордың асқақ, биік, ерекше сезімдермен байланысты табиғат суреттері романтикалық ажармен айшықталған. Шәкәрімге поэтикалық шабыт берген кәрі Шыңғыстау тауларына қарата айтылған арнаудың тілі көтеріңкі, эмоциялық бояуды қалыңдататын риторикалық сұрақтар, лепті сөйлемдер, поэтикалық инверсиялар, қайталаулар (талай, сенде сөздерін анафоралық қайталау), поэтикалық антитезалар («құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып, суалғаны да болды», «біресе рахат, біресе бейнет», «үнсіз дауыс») т.б. айқын байқалады. Таудың қимыл-әрекеті градациялық тәсілге сай құлпырып, әдемі эстетикалық өсер тудырады. Қайталаулар лирикалық сазды күшейтіп, роман кеңістігін өзінше сомдаған.

Баяндаушы романда оқиғаны әңгімелеп қана қоймай, өзінің оқиғаға қатысын, сезім-күйлерін, қуанышы мен ренішін білдіріп отырады. Ол ойға беріледі, оқиғаны кейіпкерлермен бірге өз басынан кешіреді және куәге Шыңғыстауды тартады. Баяндаушының кейіпкерлерінің тағдырына селкос, немқұрайлы қарай алмайтынын айқын аңғарамыз. Баяндаушы оқиғаны суреттей отырып, арасында оқырманға да тікелей тіл қатады. «Ардақты оқушылар!» деп басталатын қаратпа сөзінде Әділдің Мариядан айрылып, абақтыда өткізген азапты күндерін, жан дүниесіндегі сезімдерін, қуанышын, жұбанышын суреттейді. Бұл толғаныстарда Шәкәрімнің адам, суреткер, азамат ретіндегі сезімдері, авторлық бағасы тікелей көрініс табады.

Романда табиғат «тірі» сипатта көрінеді, тауға «тіл» біткен, оның өзіндік ойы бар. Тау жастарға болысып, олардың махаббатын

куаттап отыр. Іңірде туған толық ай да таумен «тілдесіп», Әділ мен Мария махаббатының бір куәсі әрі қорғаушысы, жанашыры іспетті. Екі ғашықтың алғашқы махаббатын көріп, «аспандағы жарық ай әлдеқашанғы көрі Шыңғыстауға дыбыссыз ымбалмен: «Ақсақал-ау! Мына екеуі бір-біріне не қылған құмар? Мұнан басқа қалыңдық ойнаған кісі жоқ па еді? Мына екеуі бірін-бірі құшақтап жатып өлсе, арман қылатын емес қой? Бұл бұрын бірін-бірі көріп, асық болып па еді?» – дегенде, көрі Шыңғыстау терең шатқалдан шығып, ай жарығымен жарқырап бұраңдап аққан мөлдір өзен суын сылқ-сылқ күлдіріп айтыпты: «Сен көрген жоқсың-ды...Бұл іс күндіз болғандықтан сен оны көре алған жоқсың» [2, 20] – деп, Әділ мен Марияның алғаш рет қалай кездескенін, көрген сәтте бірін-бірі шын сүйіп қалғандығын, екі жақтың үлкендері құдаласып, уәде жасасқанын айтып береді.

Ш. Құдайбердіұлы романында табиғат суреті – композицияның көмекші емес, маңызды, басты элементтерінің бірі. Пейзаждық суреттемелер баяндаудың жалпы реңін береді, оған лирикалық бояу дарытып, әуез қосады. Қазақ прозасында ай мен таудың сұхбатын, табиғаттың осылай «жандандыра» суреттеу бұрындары болмаған. Романда көрі Шыңғыстау дербес лирикалық кейіпкерге айналған. Ол болатын драмалық оқиғаның куәсі, сырттай бақылаушысы әрі оған тікелей қатысы бар кейіпкер қызметін атқарып тұр. Табиғат құбылыстарын ирреалды әлем деңгейінде қабылдау баяндаушыға қаһармандарының сезімдеріне, көңіл-күйлеріне барлау жасауға мүмкіндік береді. Баяндаушы қабылдауындағы, санасындағы реалды және ирреалды әлемдердің кезектесуі, өрілуі өмірді мәңгілік ретінде тұтастай қабылдау танымын көрсетеді. Баяндаушы табиғатты (Шыңғыстауды) үлкен ғарыш ретінде қабылдайды. Ол табиғатпен тілдесіп, өз өмірінің әр қилы сәттерін есіне түсіріп, қуанышымен де қайғысымен де ортақтасады. Бұл турасында Б. Майтанов: «Шыңғыс тауы – тап-таза символикалық бейне. Өз қойнауында туған Әділмен бірге опық жеп, зар төгетін көрі Шыңғыс. Ұқсастыра, қабаттастыра суреттеу принципі басым... Шыңғыстау мен қаламгер – автор әрі сырлас, әрі мұндас. Жазушы өзіміне сөйлейді. Баланың әкеге еркелегеніндей. Тау-анадан аспан-атаның қаһарына араша сұрау. Табиғат пен адам дүниесінің тұтастығы. Пейзаждың түпкі мәні әлеуметтік өмір қайшылығын, сұрапыл қиянаттың құрық бермес асаулығын ишаралау» [3, 30] – дейді.

Романда Шыңғыстау кейіпкердің психологиялық ахуалына сәйкес суреттелген. Пейзаж шығармада болатын болашақ оқиғаның

жай-жапсарын алдын-ала меңзейді. Әділді урядник ауылға келіп, алды-артына қаратпай, жаламен абақтыға айдап алып бара жатқанда, кейіпкердің көңіл-күйімен табиғат та сабақтас бейнеленген. «Сол кезде Шыңғыс жақтан қайғылыққа бұлт шығып, қара дауыл болып, қарлы жаңбыр жауа бастады... Дәл сол кезде сен қарлы, жаңбырлы қара дауылыңды соққызып, Әділді урядник бір айдаса, ыққа қарай сен дауылыңмен екі айдап, бурадай бұрқырағаның жерді қара түтекборан қылып, аспанды қара жаңбырлы қара бұлтпен қаптағаның Әділге қылған көрін бе? Әйтпесе, рахымсыз зұлымдыққа ызаланып, жазасызды аяп жылағаның ба?...» [2,52]– деген үзіндідегі (курсивпен берген – Ж.Қ.) «қара бұлт», «қарлы жаңбыр» сөздерінің үдемелене қайталануы кейіпкердің басына төнген жамандықтан, қайғыдан хабар береді. Сонымен қатар бұл үзіндіде баяндаушының өз кейіпкеріне деген ашық аяушылығын, ыстық ықыласын көреміз. Ол Әділге жаны ашып, тауды да өз қатарына қосады.

Ш.Құдайбердіұлы романындағы пейзаж таза реалистік үлгіде емес екенін, онда лирика-романтикалық саздың да басым көрінетініне назар аударғымыз келеді.«Әділ-Мария» романының көркемдік әдісінде ауыз әдебиетінің әңгімешілдік сипаты, бейнелеу үлгілері молынан кездеседі. Шығарма құрылымындағы көтеріңкі баяндаудан ғасырлар бойы басым орын алып келе жатқан көркем шығармашылықтағы поэзия өрнектері мен прозаның белдесуі тәрізді құбылыс анық аңғарылады. «Әділ-Мария» романының махаббат тақырыбына жазылған басқа шығармалардан өзіндік ерекшелігі баяндау мәнерінен, оқиғаның лирикалық бояуға қанықтығынан көрінеді.

Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесіндегі Шұғаны бөліп әкеткенде Әбдірахман, С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Ахмет қайраттылықтанымта алмай, шарасыздық тұсауында қалады. «Әділ-Мария» романында Әділ өз махаббаты үшін қайратты қарсылыққа бара алады. Ол – зорлыққа қарсы тұра алған рухани күшті тұлға. Махаббат үшін, адамдық үшін қандай кедергілерге төтеп беруі, қиындықтармен жан аямай күресуі Әділ мен Мария рухының биіктігін, беріктігін дәлелдейді.

Ш. Құдайбердіұлы шығармашылығы оның метафизикалық дүниетанымымен тығыз байланысты. Оның философиялық концепциясында тірі мен өліні, өмір мен өлімді, жоғары мен төменді қарсы қою маңызды орын алады. Нақты өмір сүріп, тіршілік еткенімен, ішкі рухани жан қозғалысынан, арданада, мейірімділіктен айырылған, шынайы махаббатты танымаған жандар өлі болып саналады, олар – төменгі әлемнің өкілдері.

Ш. Құдайбердіұлының махаббат тақырыбын арқау еткен шығармаларында шығыс әдебиетінің әсері байқалады. Әлемдік сопылық дәстүрімен байланысы күшті Шәкәрімнің махаббаттың ғарыштық мәні бар, ол абсолюттік танымға – құдайды сезінуге баспалдақ сынды. Біздің ойымызша, Шәкәрімнің лирикалық шығармаларында ғана емес, «Әділ-Мария» романында да Әділ мен Марияның таза махаббат үшін құрбан болып, бірге өлуін, ал оларға кедергі жасаған Еркімбектің тірі қалуын осы тұрғыда түсіну керек сияқты.

Суреткер шығармаларындағы діни-романтикалық мотив өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық сынды метафизика үстемдік құрған дүниенің өзгеше суретін сомдауда, жоғары ақиқаттарға ұмтылуда байқалады және онда тіршілік ететін адам жанына айрықша назар аударылады. Жеке тұлға, құпия әрі ерекше тіршілік иесі ретіндегі адамның жаны туралы ілім суреткер шығармашылығының басты бағдары ретінде көрінеді. Ақын туындыларындағы лирикалық кейіпкердің кіші ғарыш болған жан дүниелері терең діни парадигмаларға, рухани сана архетиптеріне негізделген. Шығыс пен Батыстың рухани жинақтаудағы ауқымдылық Ш.Құдайбердіұлының имандылыққа, махаббатқа, танымға, өзін-өзі жетілдіруге, этика мәселелеріне иек артқан көп желілі дүниетанымдық парадигмасын танытады. Суреткер дүниетанымдық, методологиялық тұғырының шырқау биігіне адам жаны, рухы, ары мен адамгершілік мәселелерін шығарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қыраубаева А. Мен сорлы жоққа ғашық болып өттім // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 б.

2 Құдайбердіұлы Ш. Роман, қара сөздер, мақалалар, аудармалар. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 2 т. – 440 б.

3 Майтанов Б.Қ. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 335 б.

ДЫБЫСТЫҚ ҮНЕМ

ЖҮНІСХАН Д.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл дыбыстану мүшелерінің жұмысының (қимыл қозғалысының) нәтижесі. Физиологиялық жақтан ұқсас бола тұрып, әр ұлттың дыбыстау мүшелерінің жүйесі әр басқа. Солай бола тұрса да тілтілдің бәріне ортақ бір заң бар. Ол – үнем, айту, жазуда неғұрлым аз күш жұмсауға тырысу. Қысқарған сөздер-соның нәтижесі. Қазақ тіліндегі дыбыстар үндестігінің бәрі де осы үнемге негізделген. Мәселен тіл үндестігі-тілдің, ерін үндестігі-еріннің үнемді қызметінің нәтижесі. Бір сөзді (мейлі көп буынды болсын) айтқанда, тіл не ерін бір-ақ қимыл жасап, бір деңгейде тұрады. Орыс тілінде олай емес. Төрт буынды республика сөзін айту үшін тіл төрт ілгері кейін жылжуға мәжбүр. Дыбыстардың алмасуы да дыбыстау мүшелерінің үнемді қимылына негізделеді.

Дыбыстық үнем сөздің құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу болып табылады, басқаша айтқанда сөзді ықшамдау деген сөз. Дыбыс, буын санының кемуі-әсіресе байырғы сөздерге тән құбылыс. Осы күнгі қосымшалардың көпшілігі-бір кездегі толық мағыналы сөздердің дыбыстық, буын жақтан ықшамдалуынан (кемуінен) жасалғаны белгілі. Бұған әлі де ізі суымаған факті ретінде – тың, - тін жұрнағы мен көмектес септіктің жалғауын айтуға болады. Кейбір кіріккен сөздердің буын жағынан ықшамдалып жасалғаны айқын: әкел (алып кел), апар (алып бар), әкет (алып кет), сөйт (солай ет), бүйтіп (бұл етіп), қайтіп (қалай етіп), әрмен (әрі таман), бермен (бері таман). Буындардың кему құбылысы әсіресе сөз бен сөздің, буын мен буынның арасында көбірек ұшырайды. Осы күнгі сосын формасы содан соң сөздерінің ықшамдалуынан пайда болған. Жалғаулардың түсіп айтылуы жиі кездесетін құбылыс. Яғни мұнда да сөздердің буыны кеміп, ықшамдалады деген сөз.

Есімшенің өткен шақ (-ған,-ген) және көсемшенің келер шақ (-а,-е) формалары жіктіктің жекеше, бірінші жағында айтуда да бір буыны кеміп қалатыны бар: бар-ғам (барғанмын), барам (барамын), келгем (ке-лем (қелемін). сондай-ақ ал, бол, кел, қал, қыл етістіктері көсемшенің өткен шақ (-ып,-іп) формасында ап (алып), боп (болып), кеп (келіп), қап (қалып), сап (салып), қып (қылып) түріндей бір буыны кеміп айтылуы және жазылуы жиі ұшырайды.

Бұлар әсіресе М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Есенберлин, Ә. Нұрпейісов шығармаларында көп кездеседі. Қазақ тілінде сөз ішінде екі дауысты қатар келмейді. Бұл заңдылық бір тіркеске еніп айтылатын күрделі сөздерге де қатысты. Мұндай сөздердің аралығында қос дауысты келгенде айтуда міндетті түрде біреуі түсіп қалады. Мысалы: қарағаш (қара ағаш), сарағаш (сары ағаш), өлара (өлі ара), қарала (қара ала), сарала (сары ала), жүралмады (жүре алмады), айталмады (айта алмады) т.б. Сондай-ақ дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда кейбір екі буынды сөздердің екінші буынындағы қысаң дауыстылар түсіп қалады да, буын кемиді: орын-орна (орын-а), орны (орын-ы), орным (орын-ым), орнык (орын-ык) т.б.

Қысаң дауыстылардың көмескі айтылуы, түсіп қалуы сөздерде жиі ұшырайды. Мәселен: кікене (кіш(і)кене), сарғай (сар(ы)ғай), келсап (келі сап), бөржар (бөрі жар), өшшер (осы жер), ошшак (осы жак), т.б. Ал сөйлемді аяқтап тұратын үшінші жақ көсемше формалы (-а,-е,й) етістіктің соңындағы дауыстының түсіріліп айтылуы норма деп танылады. Мысалы: барат (барады), келет (келе-ді), тұрат (тұрады), жетет (жетеді). Өлең жолдарында буынның қажеттілігіне қарай бұл бұын түсіріліп те, түсірілмей айтылады.

Салыстырыңыз:

Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзенмен рақат тауып басылады.
(Ы.Алтынсарин)

Ақ үйге ай сәулесі нұрын төгед(і)
Шапи қыз сәлем айтып келсін деп ед(і)
Шомылған айдың көлде аққудай боп,
Бұраң бел сылаң қағып шыға келед(і).
(Халық әні).

Қысқасы, сөздің құрамындағы буындар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады да, бірде кеміп отырады. Мұның өзі сөзге, қала берді, тілге (серпінділік) беретіні айқын.

Сөздің мағына тікелей әсер ететін дыбыстық алмасуын алафондардың вариациясы деп қарауға болады. Төмендегі мысалдарды қараңыз:

Жазылудағы фонемалары:	Айтылудағы вариациялары:
Шала ұйқы	шалұйқы
Хосейн, Хусейн	Құсайын

Көнбеді	көмбеді
Келсе	кесе
Тасы ала	тасала
Тай алды	таялды
Бой алып	боялып
Тайы ақ	таяқ
Қанба	қамба
Келме	кеме
Қалма	қама
Карта	қарта
Гири	кір
Қара май	қарамай

Сөздердің дыбыстық вариация және варианттылығының пайда болу себептерін, өзгеруін, дамуын, олардың маңызын жете түсініп, меңгеру өте қажет: тілдің фонемалық жүйесі сөзбен сөзді ажыратуда негізгі қызмет атқаратындықтан, сол тілдің лексикасымен тікелей байланысты. Сөздің немесе сөз бөлшектерінің өзгеруі соларды құрастырып тұрған фонемалар санының, сапасының өзгеруі болғандықтан, тілдің грамматикасымен де тікелей қатысты. Дыбыстардың вариант, вариациялығын жете тану әдеби тілдің тарихын айқындауға, оның бір жүйеге түсуіне де үлкен себін тигізді. Әдетте, басқа тілдерден келген сөздерде негізгі фонемалар варианттық /дыбыстық, тұлғалық/ өзгерістерге түскенде, сөздің бастапқы мағынасын бұзбайды, негізгі түбірлік мағынаның тепе-теңдік қалпына әсер ете алмайды, яғни бір сөздің бірнеше дыбыстық сыңарының тұлғасы ұқсас, тең түбірлес, бір мағыналас морфема қалпы сақталады. Негізгі фонемалардың жалпы табиғатын, ішкі сапалық қасиеттерін, жасалу орнын жете тексеріп, оларды бір-бірінен ажырата білу сөз ішінде, сөз аралығында кездесіп отыратын алуан түрлі дыбыс алмасуларының сырын ашуға, белгілі сөздерді, сөз бөліктерін таңбалаудағы ала-құлалықтарды бір ізге салуға үлкен себін тигізеді.

Тіліміздегі сөздердің дыбыстық құрылысын, олардың дыбыс жүйелерінің қолданылу ерекшеліктерін, әр дыбыстық өзіндік ерекше сапасын жеке дыбыстардың жасалуындағы, сол сияқты қолданылуындағы қарқыны/ напряженность/, белсенділігін / интенсивность/, айтылу күшін, әлсіздігін, созылыңқылығын / длительность/, үнін, әуенін/ звучность/, ашықтығын, айқындылығын, көмескілігін, күңгірттігін, үн мен салдырдың мөлшерін т.с.с. қасиеттерін толық түсініп, жақсы меңгеру арқылы ғана қазақ

тілінің нақтылы фонетикалық материалына қажетті талдау жасауға мүмкіндік туады. Ол үшін мына жағдайларды жете түсіну қажет.

Қазақ тілінің қазіргі дыбыс жүйесінің ішінара сараланып бөлінуіне, оларды арнайы топқа бөліп топтастыруға, жеке дыбыстардың белгілі бір орында ғана қолданылуына, бір дыбыстың екінші бір нақтылы дыбыспен не тіркесе алуына, не тіркесе алмауына себеп болатын қаншама фонетикалық ерекшеліктер болады. Дыбыстардың әр жақты топтастырылуы қалай болса, солай бөліне салған жасанды, шартты бөліктер емес, керісінше, қандай тілдегі дыбыстар болса да, жоғарыда аталған өзіндік табиғи ерекшеліктеріне негізделіп топталады. Сондықтан да тіл-тілдегі дыбыстардың таптастыру жүйесі, жалпы алғанда, бір тектес деуге болады. Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тіліндегі барлық фонема, негізінен, үлкен екі топқа бөлінеді: дыбыстардың бір тобы тонмен байланысты жасалып, олар дауыстылар тобы/вокализм және енді бір тобы салдармен байланысты жасалады, олар дауыссыздар тобы/консонантизм/.

Адам сөйлеп тұрғанда, сөз ішінде қолданылған дыбыстардың бір-біріне тигізген артикуляциялық әсерінен немесе басқа да әртүрлі фонетикалық жағдайлармен байланысты толып жатқан дыбыстық өзгерістер пайда болып отырады. Тіліміздегі фонетикалық факторлар жалпы тіл ғылымының, оның фонетика саласын зерттеуші ғылымдардың дыбыс алмасулары туралы айтқан пікірлері қазақ тіліне де ортақ екенін байқатады. Сондықтан дыбыс алмасулары, олардың түрлері жайындағы жалпы тіл біліміндегі теориялық материалдар қазақ тіліндегі дыбыс алмасулар да айқындауда жетекші теориядан бола алатынын саналы түрде түсінген жөн. Сөз ішіндегі фонемалардың өзгеруі негізінде дыбыс алмасулары үш түрде пайда болады. Олар: шектік /позициялық/ өзгерістер, игерулі /комбинаторлық/ өзгерістер, игерусіз /спонтандық немесе тарихи дағдылы/ өзгерістер.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бейсенбаева К. Қазіргі Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы-1995. Республика Баспа Кабинеті.
- 2 Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы. Қазақ Университеті. 1993
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 2002
- 4 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. Алматы. «Сөздік-словарь» 1999

М. МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ЖҰМАХМЕТОВА Г. Ж.

02101- топ студент, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
ДЕМЕСИНОВА С. Н.
жетекшісі

Мұқағали Мақатаев – қазақ жырының құдіретіне айналған кемел тұлға, “сөз өнерін дертпен тең көрген” парасатты қаламгер. Ақын жырларының қуаты – халықтық саз, халықтық рух, даламыздай байыпты қоңыр әуен. Сондықтан да оның халықтық, ұлттық рухы бар бай шығармаларын қалың оқырман іздеп жүріп оқиды, таласын тұрып сатып алады. Бұл заңды да. Өйткені Мұқағали жырлары – азаматтық жан-дүние сырлары.

“Мұқағали поэзиясы – азаматтық пен адамгершіліктің симфониясы”, - деп Ф.Оңғарсынова тұжырымдағандай, оның өлеңдерінен адалдықтың, кішіпейілдіктің, қарапайымдылықтың лебі еседі.

Күрмеуі мол күрделі ақынның жырлары бүгінде сан қырынан зерттелу үстінде. Мен өз зерттеуіме нысана етіп ақын өлеңдеріндегі қаратпа сөздердің қолданылуын алдым.

Ондағы мақсатым - Ә. Кекілбаев айтқандай, “шын күйзеліс пен шын қуаныштан туған” ақын өлеңдерінің болмысын таныту.

Сөйлемнің негізгі құрамымен тікелей грамматикалық байланысқа түспейтін, онымен тек қана мағыналық қатыста болатын сөз бөліктерін әдетте оқшау сөздер деп атайды. Оқшау сөздерге қазақ тіл білімінде қаратпалар мен қыстырмалар және одағайлар жатады. Оқшау бөліктер сөйлем білдіретін негізгі ойды, мағынаны толықтырушы сипаттаушы жанама тәсіл болып табылады десек, Мақатаев шығармаларындағы қаратпа сөздер де өлеңнің әсерлілігін күшейтуге өзіндік үлесін қосып тұр деп батыл айтуымызға болады.

Мәселен,

Кен дүние, төсінді аш, мен келемін,

Алынбаған ақым бар сенде менің, -деген өлең жолдары ерекше көтеріңкі екпінмен айтылып, дүниеге адам келгенін айдай әлемге паш етіп тұрғандай. Мұндағы жоғары нотаны ұстап тұрған анықтауышты сөз тіркесіндегі “кен дүние” қаратпасы.

Сырғанап барасындар, сынап-күндер.

Жылыстап кеттіндер-ау, шуақ күндер,- сынды жыр жолдарынан ақынның кимастық сезімі байқалса,

...Ей, дүние!

Тағзым ет, басыңды иіп,

Адамның құдіретті сеніміне,- деген жолдардан өр ақынның өктем үні естілгендей болады.

Қаратпалардың синтаксистік құрылымы туралы сөз болғанда ең алдымен олардың негізгі екі түрі (типi) болатындығын ескертеміз. Олар-дара және жайылыңқы (күрделi) қаратпалар. Дара қаратпалар әдетте бiр ғана сөзден жасалады. Ал жайылыңқы қаратпалар бiрнеше сөздің тiркесiнен жасалады. Мұқағали өлеңдерiн оқып отырғанда қаратпалардың осы екі түрi де өлең мағынасы мен құрылымына қарай қызмет етiп, көптеп кездеседi. “Ботам”, “болашағым”, “жүрек”, “өмiрiм”, “құрбыжан”, “ұлым”, “қалқам”, “халқым”, “пoэзия”, “досым”, “қарағым” сынды дара қаратпалармен қатар кездесетiн “жапырақ-жүрек жас қайың”, “о, менiң ақ қанат құс - махаббатым”, “қарлығаш көмей құрбым-ау”, “тағдырыма тура келген серiгiм” тiркесiндегi жайылыңқы қаратпалар өлеңнiң көркемдiгiн арттырып, шырайын ашуға септiгiн тигiзiп тұр.

О, менiң ақ қанат құс – махаббатым,

Қайдасың, қайтсем саған көрiнемiн?..

Өлең туралы әңгiме болған жерде оның эмоционалдык – экспрессивтiк мәнepi талдаудан сырт қалмасы белгiлi. Мұндай мәнepдi сөзге әдетте -ау/-еу/-ай демеулiктерi үстейдi. Ақын өлеңдерiндегi бiрқатар қаратпалар осы демеулiктердiң қосарлануы арқылы қолданылған. Мәселен, «достар-ау», «жұртым-ау», «ағайындар-ау», «бақыт-ау», «қарғам-ай», «жаным-ай», «аққуым-ау», «әйелдер-ай», «ақсақал-ау», «анам-ай» қаратпалары бұған нақты мысал бола алады.

Нағып тудың, Анам-ай, нағып тудың?

Күндерiмдi күйбеңмен. Жалықтырдым

Сондай-ақ:

Ақымақ-ай!

Бiр көрiнсең болмай ма ?

Табар едiм,

Саған барар жол қайда ? - сынды жыр жолдарындағы ақынның алабұртқан көңiл күйiн бiлдiруге -ау/-еу/-ай демеулiктерi өзiнше қызмет етiп, оның эмоционалдык-экспрессивтiк әсерiн күшейтiп тұр деуге болады.

Ақын өлеңдерiндегi бiрқатар қаратпалардың құрамында одағай сөздер де қабаттасып қолданылған. Одағайлардың

қабаттасуы эмоционалдык мәнepдi одан әрi күшейтумен қатар, қаратпаның мағынасын да айқындай түскен.

“о досым”, “о Муза”, “о жастық”, “ей, досым”, “о жүрегiм”, “ей, қазақ!”, “әй, бөтшағар”, “уа, жұртым”, “бөу менiң есiл күндерiм”, “аһ, далам, айхай далам, сағым далам”, “пай, пай, өмiр”, сынды қолданыстағы қаратпа сөздер жоғарыда айтқандай өлеңге ерекше рен берiп, ақынның эмоциялық көнiл күйiнен хабардар етедi.

Жылай да алмаймың, күле де алмаймың,

О, досым!

Тауып өкелшi ұмыт қалдырған күлкiмдi. [7,236]

Қаратпа қызметiнде жиi қолданылатын сөздер – жалқы есiмдер [8,25]. Ақынның арнау өлеңдерiнде мұндай үлгiдегi қаратпа сөздер де көптеп кездеседi. “Моцарт”, “Данте”, “Лашын-ау”, “әй, Сергей”, “Әнуар”, “Шәмiл- ау”, “Фариза, Фаризажан, Фариза қыз” сияқты қаратпаларда кiсi есiмдерi тура аталып қолданылған. Кейде “Ғабеке”, “Әбе” сияқты кiсi есiмдерiнiң модаль мәндегi қосымшалы түрлерi де ақын өлеңдерiнен өзiнше өрнек тапқан.

Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайың,

Мен қалай,

Әбе, сенi жат санайың. [6,70]

Жер-су аттары да қаратпа сөз қызметiнде жұмсалатын мәлiм. Алайда ол арнайы стильдiк контекстерде ғана қолданылады. Ондай стильдiк контекстiң бiрi-өлең [8,29]. Мақатаев өлеңдерiнде де көптеген жер-су аттары қаратпа ретiнде қолданылған. Мысалы,

Алматым, ғашық әнiмсiң!

Сәнiмсiң менiң, бағымсың! [5,265]

Бұл өлеңдерден ақынның туған жерге деген сүйiспеншiлiгi мен күрметi көрiнедi.

Жалпы есiмдер де қаратпа қызметiн атқара алатын арнайы сөздер тобына жататыны белгiлi. Алайда жалпы есiмдер деген атпен әр қилы семантикалық топтарға жататын сөздер бiрiгедi, сондықтан олардың қаратпа қызметiнде жұмсалу мүмкiндiгi бiрдей емес. Ақын өлеңдерiнде туыстық, отбасылық қарым-қатынасты бiлдiретiн есiмдер көптеп кездеседi. Мәселен, “ата”, «асыл жарым», «мамасы», «iнiм», «қайран жеңгем», «шеше», «қызым менiң», «әке», сөздерi ақын өлеңдерiнiң ауыр жүгiн көтерiп-ақ тұр. Оған төмендегi жыр шумақтары мысал бола алады.

Әке, сенiң жасыннан асып барам,

Кезi-кезi келгенде тасып та алам.

Немесе:

Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,
Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.

Тіліміздегі жалқы есімдер орнына жұмсалатын эмоционалды-экспрессивті сөздер де ақын өлеңдеріндегі қаратпа сөздердің қомақты бір бөлігін құрайды. Олар кейде жеке, кейде шылаулы тұлғада, кейде одағаймен қосылып қолданылған. Мысалы: «қарашығым», «жарығым-ай», «жаным-ау», «қалқам», «сәулем», «жаным», «жұлдызым көгімдегі», «еркем, ақ еркем», «жарығым-ай», «қарғам менің», «шырағым», «еркежан», «жаным-ай», «аппақ құсым», «қарғам-ау», «аяулым менің», қолданысындағы қаратпа сөздер ақын өлеңдеріне сыршылдық сипат беріп, нәзік иірімдеріне тартады.

Жайна, жайна, жұлдызым көгімдегі!
Кенде ғып жаратпаған өмір мені. [5,218]
Ақылдым-ау, сен неге қарамайсың?!
Кейде өзің де қызықсың... баладайсың...

М.Мақатаев өлеңдерінде өмірдің сан қырлы құбылыстары, мінез-құлық иірімдері, күрбы-күрдас қасиеттері мен оған деген наздары, поэзия туралы өлеңдері ақынның поэтикалық дарынының өзіне тән өрнегімен кестеленген. Шалқыған сезім, жеке бас сырлары, ақын қаламынан ерекше қалыпта, алайда көпке түсінікті түрде өріледі. Өз өлеңдерінде алдыңғы тарауларда талданғандай, қаратпа сөздерді қақпақылдай ойнатып, шебер қолданысқа түсірген ақын көп өлеңінде қайыра соғып отыратын қаратпалары бар. Олардың қолданылу жиілігін қолда бар, яғни басты нысана етіп алған жыр жинақтарына сүйене отырып, анықтауға талпыныс жасағанда, мынадай құбылысты байқадық. Ақын өлеңдерінде әсіресе көп қолданылатын қаратпалар: «Муза», «дос», «қалқам», «қарғам», «жүрек», «тағдыр», «жігіттер», «жаным», «тау», «өмір», «махаббат», «бақыт», «бауырым» сөздері. Мәселен, «Муза» қаратпасы ақынның «Соқ, жүрек», «Музаға», «Бір күні, бір жылдары, бір заманда », «Сыр» өлеңдерінде кездесті.

Отырғанын қарашы күйім келмей,
Қайда кеттің?
О,Муза! Құйын желдей. («Музаға»)
Айта алмай қалам ба деп ашынамын,
О, Муза!
Мен бір жаққа асығамын... («Соқ, жүрек»)
О, Муза!
Тағдырыма иемісің? !
Күрсініп көкірегім, күйеді ішім. («Сыр»)

“Қарағым” сөзінің ақын өлеңдеріне қолданыс тапқан тұстары:

Қарғам, сені жайым жоқ жек көретін,
Бимағұлым тағдырың сен көретін.
Қарғам-ау, қайдасың сен жүрсін бе есен?
Хабар бер қасиетімді білсін десен.
Иек артқан теңізге мүйістейін,
Келші, қарғам, шашыңнан иіскейін?
Қажыдың, қарғам, басылар ма екен аптығың,
Қалжырама, ерте жат бүгін.
Көңіліне алған, түсіне енсін шаттығың.

Жекелеген қаратпа сөздердің қолданылу жиілігін анықтау мақсатында 100 өлеңге сараптама жасап, олардың нәтижесі бойынша төмендегі үлгіде кестелік қорытынды шығардық.

Ақынның 100 өлеңін сараптау нәтижесі

Нысанаға алынған қаратпа сөз	Қолданылу жиілігі
Жаным	23
Өмір	20
Аға	13
“пай” одағайы	9
Қалқам	8
Әке	8
Баба	7
Муза	6
Ұлым	5
Халқым	4

М.Мақатаев - өлең өлкесіне өзіндік дара өрнегін салған бірегей ақын. Ақынның шынайы жан тебіренісінен туған өлеңдері оның өмірінің күнгейі мен көлеңкелі тұстарынан да хабар бергендей. Көңіліндегі, көкейіндегі ойды көпке сыр ғып шерткен ақын өз өмірінде қаратпа сөздерді мейлінше мол және ұтымды қолдана отырып, оқырманды еріксіз баурайды. Қаратпа сөздердің алуан үлгіде қолданылуына куә болған оқырман ақын талантына, сөз қолдану ерекшелігіне, сөздерді сан түрлі формада құбылтқан шеберлігіне тәнті болады. “Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын”, - деп Абай ақын жырлағандай, М.Мақатаевтың 100 өлеңін нысанаға ала отырып, қаратпа сөздердің қолданылу жиілігіне сараптама жасалды.

«Болашағым, сен тұрсаң, мен өлмеспін»-деп келер ұрпаққа сөзін арнаған ақын өлеңдері әлі талай зерттеушілердің назарын аударып, өзінің құпия сырларын шым-шымдап шығара бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Батыргерева Б. Ардың жүгін арқалаған аманат. Алматы: А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана, 1990.-33 бет.
- 2 Егеубаев А. Айтсын деп ақиқатты тіл берілген... Кітапта:Егеубаев.А Сөз жүйесі. Алматы:Жазушы,1985. – 300 бет.
- 3 Кәрімов Х. Көркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері. Алматы:С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті баспасы, 1983. -45 бет.
- 4 Қаратаев М. Ақиық ақын. Кітапта: Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. Алматы: Жазушы, 1982.-380 бет.
- 5 Мақатаев М. Өмір -өзен. Алматы: Жазушы, 1979.-360бет.
- 6 Мақатаев М. Аманат. Алматы: 2002.
- 7 Мақатаев М. Жүрек арызы. Алматы: Қазақпарат, 2012.- 296 бет.
- 8 Томанов М., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. Алматы: С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: 1980.-50бет.

ЖАҢА ДӘУІР ТЫНЫСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ-КӨРКЕМДІК ШЕШІМ

ИБРАЕВА Ә. Т.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.

Көркем шығармалардың әдеби үрдісті құрайтын шығармашылық ықпалын, ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерін қамтыған туындыларды эстетикалық таныммен бағалау, күрделі тағдырлы тарихи тұлғалар мен оқиғаларды әдеби үдерісті талдаудың жаңашыл методологиялық әдіс-тәсілдермен қарастыру – үнемі дамудағы ұлттық сөз өнері мұраларын терең тануға, бағалауға жетелейді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең түрде қамтылмаған ақтаңдақ беттерін толық қамтып жазу үрдісі кенінен өрістеуде.

Сонымен бірге, көркем шығарманың мазмұны мен пішінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан да арылған хал-ахуал қалыптаса бастады. Көркем шығармалар арқылы өмір шындығын өнер тілімен бейнелеудің мол мүмкіндігіне орай жұмыстарды жүзеге асыру жүріп жатыр.

Тәуелсіз мемлекет тұғырымен әлемге танымал болып жаңа даму жолымен келе жатқан Қазақстанның көркем әдебиеті де өркениет кеңістігіндегі өзіндік орнымен бағалануы – өзекті мәселе.

Қазіргі қазақ прозасының романдары – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармалық еңбек нәтижелері. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын суреткерлер ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы (роман-хамса)», С.Елубайдың «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С.Досановтың «Қылбұрау», «Үйық», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. романдар Қазақ Елінің кешегісі мен бүгінгісінің тыныс – тіршілігін, тарихи шежіресін, ұлттық болмысын сомдайтын, дүниетанымдық белесін танытатын сүбелі туындылар дүниеге келді.

Бұл ретте қазақ прозасындағы роман жанрындағы шығармаларды арнайы қарастырып жүрген және әдебиеттің тарихына, теориясына, сынына арнап іргелі зерттеулер жазған көрнекті қазіргі әдебиеттанушы ғалымдарымыздың, атап айтсақ, М.Атымов, Ш.Елеуқенов, Т.Сыдықов, Т.Рахымжанов, Д.Ысқақұлы, М.Хамзин, Т.Есембеков, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Қ.Әбдешұлы, Б.Әбдіғазизұлы, Қ.Алпысбаев, З.Бисенғали, Қ.Ергөбек, Б.Ыбырайым, Р.Тұрысбек, А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, т.б. еңбектері жаңа бағыттағы зерттеулер үшін тың бастамашыл тұжырымдарымен маңызды.

Қазақ әдебиетінің ежелгі заманғы жазба жәдігерліктерінде негізі қаланған тарихилық негізіндегі көркем шындықпен жазу үрдісі әлем өркениетіндегі классикалық даму деңгейіндегі шығармашылық озық ізденістер жолымен біртұтас бағаланады. Қазақ романдарының пайда болуы, қалыптасуы, дамуы – XX ғасырдағы әдебиетіміздің әлем өркениетіндегі классикалық үрдісті байытқан көрнекті көрсеткіші. XX ғасырдың 90-жылдары

мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ романдары да хакім Абай қалыптастырған, одан кейінгі толқын қаламгерлер жалғастыра дамытқан эпикалық шығармашылық дәстүрдің көркемдік жалғастығын танытады.

Қазақ тарихының бұрын жан-жақты қамтылмаған жақтарын кеңейте, тереңдете жазуда қаламгерлер сөз арқауындағы бірнеше ғылымдар салаларының тұтасуы жағдайында еңбек етуде. Ұлттық тарихтың көрнекті тұлғаларын, олар өмір сүрген қоғамдық-әлеуметтік ортаның қайшылықты, тартысты күрделі болмысын шығармашылық психологиясы көрігіне салып оқырмандарға ұсыну жауапты іс. Бұл орайда, әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақованың пікіріне назар аударамыз: «Шығармашылық психологиясы (психология творчества) – суреткердің өмірді танудағы, мәдени қазынаны жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі» [1, 228 б]. Демек, өмір шындығын тарихи шындық поэтикасы аясында бейнелеуде қаламгердің шығармашылық психологиясы ең негізгі шешуші қызметті атқарады. Қазіргі қазақ романы - ұлттық сөз өнері тарихындағы алдыңғы толқын суреткерлер қалыптастырған көркемдік үрдістің жалғасқан көрсеткіші. Әрине, қазақ сөз өнері алыптары да әлем әдебиеттеріндегі суреткерлер тағылымынан өнеге алды. Бұл орайда, қазақтың рухани мәдениеті тарихына қатысты жақтары жиі айтылатын А.С.Пушкин шығармашылығына назар аударуға болады. А.С.Пушкиннің прозалық шығармалары мен қазіргі қазақ романдарына ортақ тарихи шындық поэтикасының көркемдік үндестігі мәселесіне тоқталуға болады [2, 5 б].

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі деректі романдар да тарихилық негізділікті мол қамтитындығымен бағаланады. Ал, нақтылы деректілікке негізделген шығармалар қатарында жазушылар Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» (роман-толғау), Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы» (роман-диалог), М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» (деректі роман) туындылары айрықша дараланып көрінеді. Бұл романдарда ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының материалдық және рухани мәдениет салаларындағы даму оқиғалары, кеңестік кезеңнің жетістіктері мен кемшіліктері, көрнекті тарихи қайраткерлердің әрқайсысына тән даралық сипаттары, қоғамның, мемлекеттің, әртүрлі шығар-машылық, шаруашылық ортаның қарым-

қатынастарындағы қайшылықтар мен қақтығыстар – бәрі де нақтылы өмірлік деректер бойынша баяндалады.

ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың бас кезіндегі қазақ прозасындағы көптеген романдар ұлттық тарихымыздағы бұрын айтылмай келген көптеген мәселелерді тарихи шындықпен бейнелеудің поэтикалық заңдылықтарын игеруімен ерекшеленді. Қазақтың көркем прозасында өзіндік суреткерлік қолтаңбаларымен танылып қалыптасқан көрнекті қаламгерлердің жаңа романдары ұлттық және әлемдік әдебиеттің классикалық үрдістерін байыта, тереңдете түсті. Д.Досжановтың «Алыптың азабы», «Ақ Орда», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», М.Мағауинның «Мен», Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Елубаевтың «Ақ боз үй», Қ.Шабданұлының «Қылмыс» атты романдары қазіргі қазақ прозасындағы реализм көркемдік әдісінің шынайы үлгілері ретінде оқырмандарына ұсынылды. Аталған романдардағы тарихи тұлғалар (Кенесары, Құнанбай, хакім Абай, Д.А. Қонаев, Н.Ә.Назарбаев, т.б.) және олардың заманы, уақыт пен кеңістік аясындағы қарама-қайшылықтар қазақтың ұлттық тарихына көркемдік уақыт, көркемдік шындық, поэтикалық жинақтау, авторлық шешім және т.б. шығармашылық ерекшеліктер тұрғысында қамтуымен байқалады. Аталған романдардың тақырыптық, идеялық-композициялық желісіне алынған кезеңдер қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының қайта қарастырылып, жаңаша бағаланып жатқан мемлекеттік бағдарымен толық үндеседі.

Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықтарда жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары - ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан қазақ өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығын да шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқандығын байқаймыз.

Қаламгерлер романдарының мазмұны мен пішіні жүйесіндегі эпикалық көлемде тарихи тұлғалардың өмір сүрген кезеңдері келбетін, қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларды, қазақтың ұлттық-этнографиялық дәстүрлі болмысын, тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастар мәдениетін, жақсылық пен жамандық жағаласқан қарама-қайшылықтар әлемін – бәрін де тарихи шындықпен бейнеледі.

Мәселен, Жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының төрт кітабында (бірінші кітап «Толғақ», екінші кітап

«Жұлдыз құрбандық», үшінші кітап «Қызғаныш», төртінші кітап «Хақиқат мекені») Құнанбай бейнесінің шынайы тарихилықпен, тарихи шындықпен бейнеленгенін көреміз. Қазіргі **қазақ прозасы романдарында да** көркем әдебиеттегі **классикалық үрдістерді шығармашылықпен** дамыта жалғастыру **үрдісі** байқалады. Жазушы **Р.Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы тарихи тұлғалардың (Кенесары, Құнанбай, Абай, Шоқан) көркем бейне тұғырында** сомдалуындағы **поэтикалық ерекшеліктер** саралана көрінеді. Роман-хамса композициясындағы тарихилықтың нақты **көрінісі - қазақ тарихындағы атақты қайраткерлер тағдырларының нысанға** алынуы.

Қазіргі қазақ романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтастығының көрінісі классикалық әдеби даму арнасында танылады. Роман жанрындағы шығармалардың эпикалық мол тынысты құрылымында қаламгерлер уақыт пен кеңістіктегі халық тарихы оқиғаларының шиеленісті кезеңдерін реалистік сипатпен бейнелейді. ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ романдарының реалистік сипатын дәйектеген тақырып саласы – адамдар мен қоршаған табиғат ортасының хал-ахуалы. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуынан, Семей полигонындағы ядролық сынақ жарылыстарынан туындаған зардаптарды арқау еткен көркем шығармалар әдебиеттегі өзекті мәселелерді қамтуымен танылды. Заманымыздың экологиялық өзекті мәселелерін арқау еткен көркем шығармалар уақыт шындығын туындылардың мазмұны мен пішінінде қамтып, адам мен табиғат тағдырының күрделі жағдайын реалистікпен жазудың тың бағдарына жол салды.

Көрнекті жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», белгілі қаламгерлер С. Жұбатырұлының «Абыржы», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны» романдарында уақыт шындығы Арал теңізі тартылуының экологиялық зардаптарын реалистік сипатпен қамтуымен ерекшеленеді. Реалистік сипат пен көркемдік қиял тоғысуы арқылы эпикалық шығармалардағы кейіпкер мен табиғат, қоғамдық-әлеуметтік орта байланыстары аясындағы поэтикалық мағына айқындалады. Өмір шындығы ортасындағы жеке кейіпкерлер тағдыры мен табиғат тынысын сабақтастырып, тіршілік қозғалыстары мен құбылыстарының баламаланып суреттелу тәсілін қолдану арқылы жазушылар өмір философиясын айқындайды. Бұл орайда, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының идеялық-композициялық құрылысындағы үш кейіпкер (Жәдігер, Бәкізат,

Әзім) арқылы Адам – Табиғат – Қоғам тағдырларының біртұтас өріліммен, бір-біріне баламаланумен берілетін психологиялық сипат болмысын аңғарамыз.

ХХ ғ. 80–90-жылдары және ХХІ ғ. басындағы қазақ романистикасында тарихилық пен психологиялық сарындылықты тұтастандыра жазу үрдісі өрістеді. Романдардың мазмұны мен пішінінде халық тарихының күрделі қайшылықты оқиғалары, жеке тұлғалардың тағдырлары, адамдар қарым-қатынастарындағы және мінез-құлық сипаттарындағы қарама-қайшылықты психологиялық ерекшеліктер, т.б. сан алуан мәселелер қаламгерлердің дүниетанымы деңгейіне қарай көркемдік шешіммен жазылды. Қазақ ұлты тағдырының бейнеленуіндегі тарихилық пен көркемдік қиял тұтастығы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі салтанат құрған жаңа тарихы басталған ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ прозасы романдарынан байқалады. Бұл орайда, көрнекті жазушы Д. Досжановтың романдарын айтуға болады. Жазушының «Алаң» (1993) атты романының тарихилығы шығарма желісінің 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысты құжаттық деректерге, нақты прототиптерге сүйене жазылған реалистік сипатымен танылады. Романның он бір тараудан құралған композициясы, сюжеттік бөліктері авторлық эпикалық баяндаулармен, философиялық толғаныстармен, психологиялық талдаулармен, кейіпкерлердің монологтарымен, диалогтарымен, т.б. поэтикалық тәсілдермен өрнектелген. Роман тарауларының басты кейіпкерлері – ХХ ғасырда өмір сүрген, қызметтері Қазақстан тарихына қатысты болған адамдар. Бұлар – көркем шығарма поэтикасы заңдылығы бойынша прототиптер. «Алаң» романындағы прототиптілік негізділігін сақтай отырып, бірақ көркем шығарма талабына орай әдеби тұлға тұғырында **бейнеленген** тарихи қайраткерлер тұлғаларын көреміз. «Алаң» романында жазушы кейіпкерлерінің сомдалуында олардың оңашадағы ойланулары-толғанулары, кейбіреулердің түс көрулері және т.б. тәсілдерін шығарма композициясында мол қолданған. Романдағы тарихилықтың көркемдік қиял арқылы романтикалық-реалистік сипатпен танылуы – кейіпкерлерінің нағыз ұлтын сүйген шын ұлтшыл-отаншыл көзқарастарын даралай танытатын тұстарында айқындала түседі.

Қазіргі қазақ прозасының романдарында тарихилық пен көркемдік қиялдың тұтаса өрілуі – қаламгерлердің классикалық әдебиет үрдістерін шығармашылықпен игеруінің көрсеткіштері.

Әлем әдебиеттерінің әдеби тек жанрлары шығармаларындағы көркемдік шындық поэтикасы заңдылықтарын игеру арқылы қазақ әдебиеті де өркениеттегі өзіндік ұлттық бояулы болмысымен танылуда. Қазақтың ұлттық рухани құндылықтары дамуының өркениеттегі жетістіктері арқылы мемлекетіміздің беделі де нығая түсері ақиқат.

Өмірлік шындық – тарихи шындығы мен шежіресінің өзегі. Қазақ прозасындағы тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармаларда халықтың басынан өткен оқиғалар, көрнекті қайраткерлердің тұлғалары қаламгерлердің көркемдік шешімімен қамтылады. Көрнекті жазушы, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың «Қылбұрау» («Ұлы даланың ұлы қайғысы») (2003) атты романында Қазақ елінің бірнеше ғасыр бойы Ресейдің отары болған кезеңдерінің зардаптары тақырып нысанына алынған, идеясы – ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік іс-әрекеттері өрістеткен қайраткерлер тұлғаларын даралау. Романда қазақ халқының ұлттық-тәуелсіздік алуы жолындағы күрескерлер, Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсынұвтың сом бейнелері Нұрдәулет Бабахановтың тарихи тұлғалары әдеби-көркем бейне деңгейінде алынған. «Қылбұрау» романының композициясы мынадай бөлімдер мен тараулардан құралған: Бірінші бөлім: «Үміт пен үрей» (тоғыз тарау); Екінші бөлім: «Тайталас» (он бір тарау); Үшінші бөлім: «Жанталас» (он екі тарау).

Роман композициясының тұтас желісіндегі оқиғалар барысында басты кейіпкер әр түрлі көлемдегі қамтылуымен ерекшеленеді. Мол қамтылғаны – Нұрдәулет. Жазушы С.Досановтың осы «Қылбұрау» романындағы басты кейіпкерлер Ахметтің, Нұрдәулеттің табиғат аясындағы сұхбаттарындағы тіршілік, заман, адам, халық тағдыры хақындағы толғаныстарының осындай өмірлік шындықпен сәйкестігі айқындалады. Жазушының көркемдік шешімі кейіпкерлерінің азаматтық-күрескерлік көзқарастарын таныта алған.

Ойымызды түйіндей келе, қазақ сөз өнері тарихындағы прозалық шығармалар жазу үрдісі кенжелеп пайда болды, бірақ ХХ ғасырдың басынан аяғына дейін қазіргі ХХІ ғасырдың бас кезінде де аса мол **өнімділікпен**, шапшандықпен дамыған екпінмен келеді. Толассыз жарық **көрген** қазақ қаламгерлері **романдары-**эпостық әдеби жанрының әлем әдебиеттерінде мол өркендеген үлгілерінің қазақ сөз өнері кеңістігінде де кеңінен дамығандығын дәлелдеді. Қазіргі қазақ романының **эпикалық** және психологиялық

ерекшеліктері **тарихи** шындық пен көркемдік шешім арқылы шығармашылық шеберлікпен жүзеге асырылуда. Бұл – қазақ әдебиетіндегі классикалық үрдістердің жетіле жалғасуының көрінісі.

Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықтарда жазылған прозалық романдарды тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары бойынша саралау мақсатында нысанға алынған туындыларды өмір шындығының тарихи шындықпен бейнелеудің, тарихилықтың көркем шығармаларға негіз болуының ерекшеліктері деп санаймыз. Қазақ романдарының пайда болуы, қалыптасуы, дамуы – ХХ ғасырдағы әдебиетіміздің әлем өркениетіндегі классикалық процесске сәйкес көрнекті көрсеткішіміз екеніне ешқандай дау жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

2 Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 223 б.

3 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.

4 Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 164 б.

5 Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық / Құрастырған және алғы сөзін жазған Х.Ж.Сүйіншәлиев. 1-том: 564 б.; 2-том: 564 б.; 3-том: 548 б.). – Алматы: Ғылым, 2001.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҮЙІМ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ИМАНТАЙ А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
ӘМІРЕНОВ Ә. Д.
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ, Ф.Г.К.

Егемен еліміздің ертеңі – жастарға жүйелі білім, тәлім-тәрбие беруде халық педагогикасының, халық даналығының маңызы зор. Мың жылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын күнделікті өмірде, отбасында, тұрмыс-тіршілікте әділдік пен адалдыққа, инабат пен ізгілікке, имандылыққа үздіксіз тәрбиелеп отырған. Ата дәстүрін

ардақтау – қазақ халқының ұлттық ұжданы. Тәрбиенің сыншысы да, бағалаушысы да халық болған. Халықтық тыйым сөздер халықтың ежелден бері келе жатқан ұлттық ғұрып әдетінің бір бұтағы, бұл сөздердің көбі ешбір оқу-тоқусыз-ақ үлкендер арқылы балаларға ақыл-кеңес шектеме ретінде насихатталып бүгінге жеткен, үлкендер балалардың ерсі қылықтарымен әрекеттеріне тыйым салып отырған. «Неге» деген сөзге «жаман» болады деп жауап берген. Әрине «жаман боладының» мәні жарамсыз әрекеттердің бар екенін, әркім өз түсінігінше жорамалдап қорытынды шығарған. Тыйым сөздердің тәрбиелік құны зор болып балаларды тәртіпке, сыпайылыққа баулиды әрі белгілі моралдық дағды қалыптастырады. Мұндай үзіліссіз ұласқан өзіндік ерекшеленген тыйым сөздердің өміршеңдік қуатының халық даналығының қорытындылары екенін талассыз таныймыз.

Тыйым – әлеуметтік тұрғыдан зиянды әрекеттерден тартынуды талап ететін құқықтық реттеу тәсілі, дәстүрлі құқықтық норманың бастапқы нысаны. Күнделікті тұрмысқа байланысты тыйымдар ерлі-зайыптылардың, үлкен мен кішінің, әке мен баланың, ағайын-туыс, құда-жекжаттың қарым-қатынасын реттеу және тазалық, тәртіп сақтау мақсатында пайда болған. Мысалы: дос-туыс, құда-жекжатқа ит, пышақ, балта сыйламау, некелі төсекке басқа адамның отырмауы, ит аспанға қарап ұлыса жамандық шақырады деп қорқу, бос бесікті тербетпеу, жас босанған әйелдің қолын суық суға малдырмау, некелі әйелдің жаулығын басқаға бермеуі, қыз баланың қатты сөйлемеуі, кіндігін көрсетіп жүрмеуі, әйелдің шашын, мініп жүрген аттың құйрығын кеспеу, қазанды есікке қаратып қисайтып аспау, т.б. тыйымдар құқықтық реттеумен қатар жастарды тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мыс., балаға бүйірінді таянба, босағаны керме, итті шөмішпен ұрма, малды басқа теппе, тырнақты орынсыз жерде алма, пышақты адамға кеземе, пышақтың жүзін көкке қаратып қойма, қаруды қадірсіз жерге, аяқ асты тастама, киімді жеңіл жамылма, киімнің жағасын аяқпен баспа, жастық орнына шалбарды жастанба деп уағыздайды [1, 609].

Бала ата-ананың болашағы, ұлт мәдениетін жалғастырушы дәнекер, ұлттың үміті, отанның болашағы, ұрпақтың жетелі жетесіз болуы, сол ұлттың тағдырына барып саяды, сондықтан да ата-ана жетелі жеткіншек жетілдіру жолында өз ұрпағын өз дәстүрі бойынша жақсы тәрбиелеуге ерекше назар аударған. Баланың ақыл-ойын, парасатын жөргекте жатқаннан бастап тәрбиелеу керек. Ата-бабаларымыз өмір тәжірибелерінен, халықтың әдет-ғұрып

болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өнебойы өнеге етіп ұрпақтарына үйретіп отырған, тілек тілеп, бата беріп, жастарды жақсы жолға бастаған.

Халық даналығында: «Баланы әуелі мейір-шапағатқа, онан соң ақыл-парасатқа, ақырында еңбек пен ғылымға баулы», - дейді. Осы қағидаға орай дана бабамыз Бұқар жырау: «Баланы туғаннан 5 жасқа дейін хандай көтер, 15 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан кейін досындай сырлас» - деген екен.

Сондай-ақ, «Қызынды бөтен үйге қондырма, ұлынды бөтен үйден тойдырма», - деп, ортақ талап қойған. Мұнда ұлдың да, қыздың да ретсіз жүруі, тұруы, мезгілсіз қыдырыстың жағымсыз екенін ұқтырып отырған.

Үлкеннің алдын кесіп өтпе, сағымды сындырма, сүйек жасытпа, сөз тасыма, - деген жүйелі сөздер тағы бар. Бұл бала тәрбиесінің үлкен бір буыны болса керек.

Қазақта «айналайын» деген сөз бар. Ата-анасы баласын айналады, өз баласын бөле-жаладан, аурудан сақтай отыра «Балаға келген ауру бізге келсін» деген ықыласы, тілегі. Басқа біреуді айналайын деп айту дұрыс емес [2, 30].

Жаңа туған баланың кіндігі қатқанша, күн батқаннан кейін үйден күл шығарылмайды. Егер күл шығарылса, нәрестенің денсаулығы нашарлайды [3, 299].

Нәрестенің бетіне ай сәулесін түсірмейді. Ай сәулесі бетіне түссе, ол ауруға шалдығады [4, 15].

Бала қырқынан шыққанша, түнде алып жүрмейді. Нәрестенің бетіне ай сәулесі түсуі мүмкін [4, 16].

Бейуақытта баланың киімін далаға жаймайды [4, 16]. Себебі, ол кезде далада жын-перілер жүреді. Олар киімге енсе, сол киімді киген бала әр түрлі пәле-жалаға душар болуы мүмкін.

Баланы ожаумен ұрмайды [4, 16]. Ожау ас құятын киелі ыдыс саналғандықтан, ырыс-несібе бірге кетеді деп ырымдаған.

Қыз балаларға дөрекі сөз айтуға болмайды. Бұл әдепсіздік болып саналады [4, 16].

Қыздардың ұлдарды тебуіне болмайды. Бұл көргенсіздік болып саналады [4, 16]. Қазақ халқында ер адамды әйел адамнан артық санаған. Еркек үйдің иесі, отбасының тірегі.

Үлкен кісіге бірінші сәлем беру керек [4, 16]. Үлкен адамдардың көңілі бала көңілі сияқты. Басқа адамдар өзіне бірінші болып сәлемдесіп жатса, қарт адамдар қуанып, жадырап қалады. Бұл жасы үлкен адамды құрмет тұтудың белгісі.

Үйге келген кісінің аяқ киімін тазалап, ол кетерде алдына қою керек [4, 16]. Бұл қазақ халқының қонақжайлығын, мәдениеттілігін білдіреді. Аса бір талғампаздықтың, тазалықтың көрінісі.

Үйге келген кісіге төрден орын беру керек [4, 16]. Бұл қонаққа деген құрмет пен төрдің киелілігімен астасып жатқан ырым.

Егер баланың үлкен башпайы шұлығын тесіп шыға беретін болса, өскенде өткір мінезді, іске алғыр, жұрт сүйсінген адам болады деп ырымдайды [3, 299].

Дүниеге келген нәрестенің кіндігін ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлайды да, түбіне күл себеді. Ақ балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай, сақтап қояды. Ер баланың кіндігін «үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырады. Ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген ырыммен ошақ түбіне көмеді [4, 17].

Жаңа туған сәбиді емізбестен бұрын таза суға малынған қасқырдың жүнімен ауыздандырады. Ерте кезде қасқыр киелі саналған, сондықтан да бұл ырым бала қасқырдай қайратты да қажырлы болсын деген ниеттен туындаған [4, 17].

Нәрестенің ұйқысы тыныш болуы үшін және жын-шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып түтетіп, баланы бөлдерден бұрын бесікті айналдырып, аластап шығады [4, 17].

Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе (шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы және бесік көрпе) жабады. Кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілекті білдіреді [4, 17]. Үлкен адамның шапанын жабу сол адамның қасиеті балаға дарысын деген ниеттен туындаған.

Ұл баланы қырық күнге жеткізбей, 37-39 күнде, ал қыз баланы қырық күннен асырып, 42-44 күнде қырқынан шығарады. Бұл – ұл баланың қалыңдығына төлейтін қалың малы аз болсын, қыздың қалың малы көп болсын деген ырым [4, 18].

Қыз балаға шашы өссін деп желке жегізеді [4, 18]. Желке малдың ағзасының бір бөлігі. Ол қатты, тарамыс болады. Малдың шашының беріктігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да, қыз балаларға желке жегізген.

Баланың орайы екеу болса, екі рет үйленеді, немесе екінші рет тұрмысқа шығады [4, 18].

Балаға қарғыс өтпеу үшін үш кемпірдің бұтының арасынан өткізіп алады [4, 18].

Сәбиге көз тимес үшін бетіне күйе жағып, үстіне ескі киім кигізеді [4, 19]. Балаға ерекше назар аудару қараған адам болса, алдымен сол күйеге көзі түсіп, бала тіл-көзден аман болады деп санаған.

Бойына бала бітпей жүрген әйел баланың ит көйлегін ырым етіп қалап алады [4, 19]. Баланың иткөйлегін алу ана бойын ерекше сезімге бөлеп, мейірлендіреді.

Баланың қарын шашын адам аяғы баспайтын жерге көміп тастайды. Өйтпесе, бала бақытсыздыққа ұшырайды [4, 19]. Ана құрсағындағы біткен шаш киелі деп саналады.

Нәрестенің тіл-көзден сақтау үшін оның бесігіне, киіміне тұмар ретінде жыланбас, үкі, тоғыз моншақ, күміс тиындарды іліп қояды. Сәбиге «көз тиді» деп секем алған жағдайда сол адамның үйінен бір нәрсесін әкеліп түтетеді [4, 19].

Баланы асырап алғанда ер балаға – асықты жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстатып, көпшілікті бұған куә етеді [4, 19]. Ұл балаға асықты жілік ұстату – еліне, жеріне тірек болсын деген ырымнан туындаған. Ал, қыз балаға тоқпан жілік ұстатып көпшілікті бұған куә ету – отбасының құты болсын дегені.

Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса, үйге береке, ырыс, байлық келді деп қуанады [4, 19].

Бала тұрмай, шетіней берген жағдайда оны басқа адам өтірік сатып алады [4, 19]. Баланы өзінің жақын туысқандарының біріне уақытша асырауға береді.

Әйелдің екіқабат кезінде жерігі қанбаса, баланың аузынан су ағып жүреді [4, 19]. Аяғы ауыр әйелдің бір нәрсеге жерік болуы заңды құбылыс. Бұл кезде адам ағзасында өте күрделі өзгеріс болады. Әйел адам бір тағамды аңсап, соны жеуге құмартады. Сондықтан, оның жерік асын тауып беру қажет.

Әйел, не еркек жұмыс істеп жатқан үйге келгенде, қолғабыс жасамаса, баласының белі бүкір болады [4, 20]. Бұл ырым қазақ халқының біреуге көмек жасауға бейім тұратын қасиетін көрсетеді.

Бала алғаш жолға шыққанда тоқымқағар жасап тойлайды [4, 20]. Баласы үйінен алғаш рет алыс сапарға аттанып бара жатқанда ата-анасы оның тілеуін тілеп, аман-есен оралсын деген ырыммен жасайды.

Сәби анасынан ұстап отырып емсе – сараң, еркін отырып емсе мырза, жомарт болады [4, 20].

Есіктің тұтқасын жуған сумен көз тиген баланың бетін, екі алақаны мен табанын жуса, тәуір болып кетеді [4, 20].

Көз жара шыққан балаға сойған малдың немесе құстың көзінің суын жақса, жазылып кетеді [4, 20].

Бала тілін шығарса, тіл келеді, яғни хабар келеді деп жориды [4, 20].

Сәбидің тілі мезгілінде шықпаса, нағашысының үйіне апарып бір қойды сойып, соның ішегімен буындырады [4, 20]. Неге десеніз, жігіттің үш жұрты болады. Олар: Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Осылардың ішінде, нағашы жұртының орны ерекше деп саналған. Өзге жұрттан гөрі нағашылары балаға жақын. Жиен мен нағашы арасында ерекше жақындық болады.

Бөбек алақанын шапалақтаса, қуанышты хабар келеді [4, 20]. Алақанды шапалақтау қуанышты білдіреді. Ал, сәби – бейкүнә жан. Бөбектің бұл ісі жақсылықтың нышаны саналған.

Перзентсіз ерлі-зайыптылар мойнына көгеннің бұршағын салып бала тілейді [4, 20]. Көгенде үнемі көгендеулі қозы лақтар болады. Сол себепті, ерлі-зайыптылар баламыз көп болса екен деген ырыммен мойнына көгеннің бұршағын салып бала тілеген.

Егер жас бала өзінің үйіне өзі сәлемдесіп келсе, төрге тұрып алып тоңқайып жол қараса, үйге қонақ келеді [3, 299].

Егер бойдақ жігіт көп ұйықтаса көзі қыли қызға үйленеді [3, 299]. Қазақ: «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық», «Ер азығы – түзде»,- дейді. Сондықтан ер адам жортып жүріп өз азығын, несібесін табуы керек.

Сәби көзін ашып ұйықтаса – жары сұлу болады [4, 94].

Сәби шалқасынан алаңсыз ұйықтаса, елге белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп ұйықтаса, уайымшыл, жігерсіз болып шығады. Етпетінен жатып ұйықтаса, ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса, болашақта батыр болады, бұл кеменгерліктің белгісі [4, 94].

Шала туған баланы тымаққа салып, неше күні кем болса, сонша күн кереге басына іліп қояды [4, 21]. Тымақ – жүннен, таза теріден тігілген бас киім. Жылуды жақсы сақтап, бірқалыпты температураны ұстап тұрады. Ана құрсағы мен тымақ ішіндегі температура сәйкес келеді. Сондықтан әлсіз баланы сол тымаққа салып қояды.

Қалы, мені үлкейіп кетпесін деп, қалымен туған балаға «Қалдыбай», «Қалдыгүл», «Мендігүл», «Анарбай», «Анаргүл» деп ат қояды [4, 20].

Балаға ешкінің құйыршығын, сирағын, қойдың құйымшағын мүжуге бермейді. Бала есейіп ержеткенде жеңілтек болып кетеді. Ата-анасының сөзіне құлақ аспай, өз бетімен бейбастақ болып кетеді, ел жұртқа жек көрінішті болып кетеді деп ырымдаған [5, 218].

Үлкендер баласын сыпыртқы мен көсеумен ұрмайды, балаға пәле жабысады, қырсық шалады деп ырымдаған [5, 218].

Баланың үлкен адамның алдын кесіп өтуге, үлкендердің сөзіне араласуына болмайды. Бұл әдепсіздік болып саналады. «Әке тұрып, бала сөйлегеннен без» деген нақыл сөздерді насихаттаған [5, 218].

Жас балаға бұғана ұстатпайды, онда бойы өспей қалады деп жорыған [6, 94].

Аты сүріншек болады деп балаға төстің сүріншегін жегізбейді [6, 95].

Баланың желкесі шұқыр болса немесе желкесінен сүйсе кесір болып өседі [6, 94].

Шөбересінің алақанына су құйып ішкен қарт жұмаққа барады [6, 94]. Ұрпақ өсіру, шөбере сүю тек Алланың сүйікті құлына бұйырады. Қарт адамға одан асқан бақыт болмайды.

Бала тіл ұшын жесе, сүйредеп сөйлей беретін болады деп ырымдаған. Сондықтан, тілдің ұшын кесіп тастап, балаға берген. Таңдай жесе, шешен болады [6, 94].

Батырдың, ақынның, шебердің палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе, олардың жақсы қасиеті мен өнері балаға қонады деген ырым бар [6, 94]. Бұл ырым да негізсіз емес. Ақынның, шебердің, палуанның жақсы қасиеттері балаға еңсін деген ниеттен туындаған.

Сәбиге көз тимес үшін маңдайына күйе жағып, ескі киім кигізіп қояды [6, 94].

Егер бір үйде қыз туа берсе, келесі баланы ұл болсын деп оған ұлдың атын қояды [6, 95]. Моңғолия, Қытай қазақтарында бұл ырым көптеп кездеседі.

Баланың мойынын тез және түзу бекісін деп оның шілдеханасына сойған қойдың мойын омыртқасын тұтасымен асып, тесігінен шыбық өткізіп кептіріп қояды [6, 95].

Бала қаспақ жесе, оның үйлену тойында жаңбыр жауады [6, 95].

Сәби қолындағы заттарын «шашу» деп шашса, ол үйде той болады [6, 95].

Қорыта айтқанда, халқымыздың ғасырлардан бізге жеткен наным мен ырымдары, сенімі мен түсініктері – жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған халық педагогикасы. Бұл тыйым сөздердің бәрі де көнеден келе жатқан, ұрпақ санасында жатталған ұлттық қасиеттер. Тыйым сөздер – бәле-жаладан, тіл-көзден сақтап, ұлттық салтты құрметтеуге ықпал жасап, халқымыздың дүниетанымы мен болмысының қалыптасуына ерекше қызмет атқарғанын байқаймыз.

Міне, біз ғасырлар қойнауына сүнгіп, халқымыздың тыйым сөздері, сенім-нанымдарына ой тоқтатып, өлместей өміріне,

сөнбестей шырағына, өздері жетпеген арманға, өздерінің танымы жетпеген ойларға назар салдық.

Фасырлардың беттеріне жазылып қалған тыйым сөздер халық санасында мөрдей із қалдырып, ескірмей, ұмытылмай бізге жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстан» энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. - 720 бет.
- 2 «Қазақ халқындағы тыйым сөздердің орны» //«Мектептегі тыс жұмыстар» журналы. №8, 2012 ж. Б. 29-32
- 3 Қазақтың тәлімдік ойлар онтологиясы. 2-том. /Құраст.: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. - Алматы, 2007. – 416 бет.
- 4 Қазақы тыйымдар мен ырымдар /Құраст. Құралұлы А. – Алматы: Өнер, 1998. – 64 бет.
- 5 Н.Қабиқызы. Қазақы тыйымдардың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі. // Қаз ҰУ хабаршысы Филология сериясы, 2011 ж, №3, Б. 216-218
- 6 Қуандық Оразбекұлы. Тылсым жағдайларда бәрін жақсылыққа жору керек. «Ақиқат» журналы. 2014 ж, №4. Б. 94-97

ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ӘЙЕЛ ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ

ИМАШХАН А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әйел тілі – әйелдердің тілдік қарым – қатынастарында шартты түрде болатын өзіне тән сөз қолданысы. Әйел тілінің ерекшелігі әлеуметтік діни және басқада көптеген факторларға байланысты болады, бірақ бұл факторлардың әсері болмаған жағдайда әйелдер тілі мен тілдің басқа түрлері арасындағы ерекшелік сақталып қалуы мүмкін. Кейбір тілдерде (мысалы: чукот тілінде) мұндай құбылыс дыбыстық жүйені де жанап өткенімен, көбінесе тіл байлығында (лексикасында) байқалады. Мысалы, араб тілінде 20-ғасырға дейін, қазақ, алтай тілдерінде әдет-ғұрыпқа, діни сенімге байланысты тура айтуға тыйым салынған атаулармен есімдерді тұспалдап түсіндіру немесе соған балама болатын сөзбен айту. Ал жапон тілінде әйел тілі есімдік жүйесінде кездеседі. Тіл білімінде қолданысқа ене бастаған жаңа бір сала - **гендерлік лингвистика**. Гендерлік лингвистиканың негізі – тілдік қатынастағы әйел тілі

мен ерлердің тіліндегі ерекшеліктерді лингвистикалық тұрғыдан талдау. Гендерлік зерттеулердің негізін салушы зерттеушілер А.В.Кирилина, А.П.Мартынюк, Е.А.Земская, Н.Н.Розановалар. Қазақ тіл білімінде де ғалымдар *әйел тілі* мәселесіне назар аударған. Әйелдер тілінің ерекшелігі біздің тілімізге енген жаңа құбылыс емес, ол тілдік қолданыста бұрыннан өмір сүріп келе жатқан экспрессивті тілдік категория деп танымыз. Қазақ халқының сөйлеу тілі бағзы дәуірлерден, ежелгі кезеңнен бері келе жатқан ең ұлы тілдердің бірі. Тоныкөк пен Күлтегін ескерткішіне қашалып жазылған жолдардан біз қазіргі тілімізге қатысты көптеген ұқсастықтарды табамыз. Одан кейінгі орта ғасырлардағы көне шағатай тілінің де бүгінгі тіліміздің қалыптасуына ықпалы, әсері мол болғаны айқын. Түркілік уақыттан сақталған құнды жәдігерлерде көшпенді халықтың дүниетанымын айқындап беретін жолдар да аз емес. Жалпы сөздік қор, көркемдік қана емес, гендерлік тұрғыдан алғанда да бұл тілдің асыл қасиеттері бірден танылады. Себебі қазақ тілінде араб тіліндегі, еуропаның көптеген тілдеріндегі сияқты әлеуметтік жікке бөлінушілік мүлдем жоқ. «Бұл ерекшелік түркілік менталитетке, тіл логикасына да тікелей ықпал еткен. Мысалы, басқа көптеген тілдерде кездесетін “средний род, мужской род, женский род” сияқты айырмашылық жалпы түркі (қазақ) тілдерінде кездеспейді. Өйткені, түркілік дүниетанымда әлем біртұтас үйлесімділікте қабылданады. Сондықтан да жыныстық тұрғыдан әйел-еркек деп бөлектеу құбылысы олардың дініне, діліне, тіліне де жат нәрсе». Ер мен әйелдің сөйлеу тілінің арасындағы айырмашылық тек нәзік, көзге шалына бермейтін тұстарда ғана ашылады. Осыған сәйкес тілімізде «Әйелдің аты – әйел» деген қалыптасқан тіркес бар. Аталған тіркесті қазақ халқы бір жақты ұғынбайды.

Біріншіден, әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай *әйел – ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым...* деп танымыз.

Екіншіден, *әйел – төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің* символы. Қазақ мәдениетінде әйелге қатысты жағымсыз коннотациядағы ассоциациялар кездеседі. Әйелге байланысты әсіресе ауызекі тілде көп қолданылатын шүйкебас, төмен етекті, шөпжелке, ұрғашы сияқты кемсіту мағынасындағы сөздер бар. Әйелді «ақылы шолақ, сөзі көп» деп еркектен кем санайтын түсінік қазаққа да тән екені көрінеді.

Фалым Б.Хасанов өз еңбегінде: «Ескі әдет-ғұрып бойынша келіндер қайын ата, қайын інілерінің атын дәл атай алмайды, басқашалап келтіреді. Мұндай әдет-дәстүр түркі халықтарында ертеректен бар». Мысалы:

Сарқырамаңың ар жағында, сылдырмаңың бер жағында маңырамаңы ұлыма жеп жатыр екен, жанамаңы білемеге білеп-білеп жіберіп бауыздап келдім, - депті бір келіншек қайын аға-інілеріне болған жайды жеткізіп.

Көркем шығармалар мен күнделікті тұрмыстық қатынастағы сөз қолданыстан әйелдер тілінің өзіндік ерекшелігі танылады. Әйел тілінің ерекшелігі әлі де талай лингвистикалық зерттеулерге арқау болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы: 1998жыл, 47 бет
- 2 Кенжебекова Г. Қазақ тіліндегі гендерлік лексиканың зерттелуі. Алматы

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖӘДИТШІЛДІК ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ІЛИЯСОВА А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
СҮТЖАНОВ С. Н.
ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор

Ұлт зиялылары тарихи процеске үлкен өзгерістер әкелді. Атап айтқанда, қос төңкеріс тұсында түркілік түлектер ұлттық мемлекет құрылымдарының негізін қалады; болашақтың бағдарламасын жасады. Ұлт зиялыларының құрамында әдебиет пен мәдениет қайраткерлері де болды. Бұл іске олар таза творчестволықпен кірісіп, халықтың мүдде-мұратын, арман-аңсарын тап басып, айта білді.

Міне, осы түркі және Алаш зиялылары ұстанған негізгі концепция тұрғысындағы әдеби ағым, бағыт тұтастығы, жалпы, сол тұстағы тектес, туысқан елдер әдебиеттеріне ортақ еді.

Ал ағартушылық арна аясындағы қатынастар рухани алмасуда жетекші рөл атқарғаны мәлім. Осы тұрғыдан келгенде, түркі елдеріндегі ағартушылық ағым қоғамдық-саяси жағдайға байланысты өрбіді. Ел ертеңіне елеңдеген зиялы қауым халық тағдыры, оның болашақ даму жолдары және т.б. туралы

толғандырған түбегейлі мәселелерге дұрыс шешімді ағартушылық идеологиясынан тапты. Оған сол кезеңде қалыптасқан әдеби-тарихи процесс ересен зор қозғау салды.

Жалпы ағартушылық кезең өзіндік тарихи даму тенденциясымен айқындалады десек, ағартушылықтың негізгі міндеті – жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастарға жол ашу. Демек ағартушылық бағыт қоғамдық қатынастарды қалыптастырып, әдеби-мәдени процесте соны үрдіс туғызады. Мәселен, татар қоғамында орнығып, қанат жайған жәдит қозғалысы басқа түркі ұлыстарынан кен қолдау тапты. Әсіресе, өзбек, қазақ басылымдарының бетінде жәдитшілдікті жақтаған, қадимшілдерге қарсы пікір қозғаған материалдар жарық көрді. Жаңа ағартушылық бағыт қазақ әдебиетінде де өз ізін қалдырып, айрықша бедерленді. Осы аспектіде ғылыми жұмыс жүргізіп, бүгінгі уақыт талабына сай, тәуелсіздік тұрғысында ой-тұжырым жасаған еңбектер бұны растайды. Сондай-ақ, діни-ағартушылық ағымның тууы мен қалыптасуына тірек болған жәдитшілдік түркі халықтарының рухани байланысуының нығая түсуіне де ерекше ықпал етті.

Жәдитшілдік ағымды табиғатына қарай бағалайтын болсақ, ол ағартушылық сипатқа ие. Алайда, оқу жүйесіндегі реформа әлеуметтік-экономикалық, туыстық және мәдени-идеологиялық қатынастарды да қамтыды. Жәдитшілдер халықтың хал-ахуалын жақсарту мақсатында мәдени-ағарту орындарын көбейту, баспасөз ісін дамыту секілді мәселелерді алға тартып, әйел теңдігін, тіл, дін бостандығын талап етті. Сонымен, жаңашыл топ өкілдерінің талап-тілектері түркі жұртының өркениет өрісіне жетуі, дәуірдің алдыңғы қатарлы ұлттары игерген мәдениет жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа енуі сияқты мақсат-мұратпен өзектестік тапты.

Әлбетте, жәдитшілдік таза ағартушылық- демократиялық негізде қалыптасты десек болады. Олай дейтініміз, жәдитшілдер буржуазиялық қатынастарды жақтағанмен, сол таптың ғана мүддесін қорғаған жоқ. Олар бүкіл халықтың, барлық топтардың, оның ішінде прогресшіл ой-түсініктегі діндарлардың да сұраныстары мен үндестіктерін білдірді. Олардың бар іс-әрекеті мен қызметі түркі қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен мәдени артта қалушылықты жеңуге бағытталды. Оған негізінен сол кезеңдегі қоғамдық жағдай – Ресей империясындағы саяси хал-ахуал, түркі қауымының тұрмыс жайы, жан-жақты қысым, қиындықтар себеп болды.

Шындығында да, түркі халықтары ғасырлар бойы Ресейдің бұғауында күн кеше жүріп, әлеуметтік тәуелсіздікпен қатар ұлттық

езгі мен діни кемсітуді бастан кешті. Өйткені патша әкімшілігі тарапынан мұсылман жұртына орыстандыру мен шоқындыру секілді отарлау саясаты жүргізілгені мәлім. Сондықтан жәдитшілердің іс-әрекеттерінде құлдық езгіден құтылу мен теңдік жағдайын қалыптастыру мақсаты көзделді. Олардың мәдени-ағартушылық саладағы тынымсыз ізденістері мен қажырлы қайраты ұлттық сананы ояту мен құлдық психологиядан ажыратуды алға міндеттеді.

Жәдитшілер түркі халықтарының басқа ұлттармен, атап айтқанда, орыс халқымен саяси, экономикалық және құқықтық қатынастарда тең тұруын қалады. Сондай-ақ, шет аймақты мекендеуші ұлыстардың әлемдік мәдени жетістіктерін орыс халқымен бірдей тең тұрғыда тұтынуына жағдай жасалуын талап етті.

Сонымен қатар жаңа ағымдағылар исламиат аясынан алшақтамай, діни құндылықтарды қорғауды және исламның эстетикалық қағидаларын орындауды қалады. Жаңалық жаршылары ретінде олар құдайшыл қасандық пен ескі әдет-ғұрыпты сынады әрі заман лебіне орай дінге реформа енгізуді ұсынды.

Осы тұрғыдан келгенде, сол тұстағы «Алашорда» партиясының қайраткерлері мен басқа да түркі халықтары оқығандарының қоғамды қайта құру жөніндегі ой-пікірлері Қазақстан мен Орта Азия ұлттары өкілдерінің эстетикалық көзқарастарына да белгілі дәрежеде өзіндік игі әсерін тигізді. Мысалы, Чолпанның «Адабиет надур?» («Әдебиет деген не?») [25] мақаласында көрсетілгендей, ақын сөздің зор маңыздылығына сеніммен қарап, әдебиет заманның құбылмалы себеп-салдарын түсіндіретін құрал ғана емес, сондай-ақ адам жаны мен тәнін кара ластан тазартатын қиын тағдырдың қатпарынан сақтайтын құдыретті күш. Осындай сеніммен жігерленген, күшпен қаруланған Чолпан бар қабілет-қарымын құлдық пен надандық бұғауынан құтылуға жұмсады. Оның сол кезеңде (1914-1915 жылдары) жарияланған мақала, фельетон, очерктері «Доктор Мұхаммадияр», «Ош», т.б. ағартушылық-азаттық сарында жазылған еді.

Ол азаттық-ағартушылық бағытынан таймай, қос төңкерілістен кейін «бостандық алған» тұста, Түркістан автономиялық республикасы құрылғанда жазған «Өзбегім» («Узбегим») өлеңінде:

Қишлоқда фақирлар кутадур-
Кегада, кундузда, сахарда!
Билгилким, хаётинг, томиринг,
Узбегим, камбағал кишлоқда.
Қишлоқда чопасан отинги,

Чопишинг бекуда тошлоқда.
(Қыстақта пақырлар күтеді,
Кешкіде, күндіз, таңертең.
Өткізіп өмірін, тамырлап,
Өзбегім, кедей қыстақта.
Қыстақта оқыса жаназа,
Қашарсың шынында тастаққа.)

-дейді. Ақын тапқа бөлініп таласудан «ақтар» мен «қызылдардың» соғысынан зардап кешкен халықтың ауыр жағдайын көзге елестетеді.

Өзбек әдебиетінің ақтандақ беттері саналатын – Абдурауф Фитраттың (1886-1938) шығармашылығы да жәдитшілікпен тығыз байланысты. Ол Түркістан өңірінде етек жайған, М.Бехбуди басшылық еткен сол тарихи ұйымға белсенді түрде ат салысты. Фитрат өзбек және Шығыс әдебиеті тарихынан хабардар ететін оқулықтарды жарыққа шығарды. Олар «Фархад-Шырын» дастаны турасында (1920), «Ахмед Яссауи» (1927), «Түрік әдебиеті-нің үлгілері»(1927), «Яссауи мектебі шаирлары турасында»(1928), Мұхаммед Салық», «Шағатай әдебиеті» (1929) секілді аса қымбат дүниелер еді.

Сонымен қатар, Абдурауф Фитрат - өзбек әдебиетінің драматургия саласын өз шығармаларымен молайтқандардың бірі. Ол 1916-1934 жылдар аралығында 14 драмалық шығарма жазып қалдырды. Атап айтқанда, «Абу Муслим» (1916), «Темір сағанасы» (1918), «Оғызхан» (1919), «Қан» (1920), «Шын махаббат» (1920), «Қиямет» (1921), «Шайтанның төңірге қарсылығы» (1921), «Бедил» (1923), «Абулфаизхан» (1924) т.б. туындыларын берді. Алайда, оның осы аталған яки аталмаған поэзиялық, прозалық және драмалық шығармалары «пантүрікшіл», «панисламшыл», «милләтшіл» пиғылда жазылған деп басылмай, сахнадан алынып тасталды. Ал, шындыққа жүгінсек, Фитрат «асарлари» (шығармалары – С.С.) өзбек әдебиетінің жаңа беттері, жаңалықтың жаршысы іспетті еді. Әсіресе, оның өз кезінде өзбек театры сахнасынан жиі көрінген «Темір сағанасы», «Шын махаббат», «Абулфаизхан» пьесалары зиялы қауым мен қалың көрермен тарапынан көркемдік –эстетикалық деңгейі биік драмалар ретінде жоғары бағаланды.

Сол бір аласапыран қиын кезеңде көш бастап, түркі жұртының тұтасуын көздеген талай боздақтарға нақақтан жала жабылып, айдалды, асылды; кейбірі шетел асып кетті. Ұлт зиялылары тарихи процеске үлкен өзгерістер әкелді. Атап айтқанда, қос төңкеріс

тұсында түркілік түлектер ұлттық мемлекет құрылымдарының негізін қалады; болашақтың бағдарламасын жасады. Ұлт зиялыларының құрамында әдебиет пен мәдениет қайраткерлері де болды. Бұл іске олар таза творчестволықпен кірісіп, халықтың мүдде-мұратын, арман-аңсарын тап басып, айта білді.

Осы орайда, «түрік бірлігін» қоштап, тұтас та азат Түркістан идеясын қозғаушы қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, т.б. елдердің қоғам қайраткерлерінің еңбегін екшеп, елеулі істерін ескергеніміз жөн. Олай дейтініміз, олардың жазбалары мен естеліктерін саралай отырып, сол құрсауы қиын кезеңнің келбетін көзге елестетеріміз анық. Әсіресе, туысқан башқұрт елінің падишасы - А.З.Уәлиди мен төл перзентіміз - М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар мен өзбек - Бехбудидің жазғандарын дәуір тынысын таңбалаған көркем туынды ретінде қабылдауымызға болады.

Түркі түлектері, оның ішінде өзбек өрендері өз заманындағы саяси-әлеуметтік құбылыстардың мән-маңызына терең ой жібере отырып, әр алуан мәселелер жөнінде пікір бөлісті. Олар ұлттық идеяға ұласар келелі пікір-толғаныстарын баспасөз арқылы үнемі жариялап отырды. Ол ақын-жазушылар өз шығармалары арқылы ұлттық сананың өрістеуіне, тіл мен дін және т.б. дамуына айрықша ықпал етті. Тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты туындаған, ұлттық идеялар негізінде құрылған, халықтың мұң-мұқтажынан пайда болған сол кездегі әдебиет өкілдерінің шығармаларына қазіргі жанарған көзқарас тұрғысынан баға беріп, зерделесек еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Реизов Б.Г. Сравнительное изучение литературы //В кн. Вопросы методологии литературоведения.- М.-Л.: Наука ,1966.
- 2 Дуйсенов М.Т. //В.кн.: Некоторые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия национальных литератур.Материалы дискуссии. - Москва, Издательство АН СССР, 1961.
- 3 Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін.-Алматы, Қазақстан. 1996.-256 б.
- 4 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет.-Астана: «Фолиант», 2002.-474 б.
- 5 Турдыев Ш. Берегите мудрецов. Судьба и смерть М.Бехбудиды.// Звезда Востока, 1991, №5. стр.83-86
- 6 Чулпон. Яна олдим созимин. - Тошкент: Ф. Фулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1991. -576 б.

XV-XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ (ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА)

КАБЫШЕВ Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А.Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бұл дәуірдегі қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде жаңа құрала бастаған халықтың сөйлеу тілі мен қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелден келе жатқан поэзиясы тілінің негізінде ауызша дамыған әдеби тіл қызмет етті. Ол, негізінен, поэзия түріндегі көркем әдебиет пен ауызша жүргізілетін дау-билік саласында, хан жарлықтары, шетелмен қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер секілді жазба дүниелердің қажетін орта азиялық түркі әдеби дәстүріне негізделген қазақтың ескі жазба тілі өтеп отырды.

Солай десекте, қазақтың бірқатар ғалымдары бұл кезеңде қазақтың әдеби тілі болды дегенді қолдамайды, өйткені әдеби тілді танытатын әдебиеттің басын ХУІІІ ғасырдан, Бұхар жыраудан бастайды. Олардың пікірінше, сол тұстағы қазақ жырауларының өзіндік жанрлық сипаттары мен стильдік ерекшеліктері болған емес, көбіне фольклордағы дидактикалық-тұрмыстық жырлар мен арнау, қоштасу, өсиет сияқты ертеден келе жатқан ауыз әдебиетімен үндес келеді.

Ғалым Р.Сыздықтың пікірінше, бұл тұста қазақтың ауызша дамыған төл әдеби тілі болған. Ғалымның осындай пікір айтуына, 60-80 жылдары жарық көрген «ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Ақберен» (1972) т.б. жинақтарда басылған мәтіндер негіз болып отыр. Бұл жинақтарға енген Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Сыпыра жырау және т.б. толғаулары ауыздан ауызға жеткендіктен, біз осы дәуірдің өзіне тән ауызша әдеби тіл болды деп айта аламыз.

Ал жазба әдеби тіл үлгілеріне келсек, бұл салада да біршама зерттеулер мен айтылған пікірлер бар. Қазақтың ескі жазба тілінде жазылған жалайыр руынан шыққан Қадырғали Қосымұлы сияқты тарихшының шығармаларын танып-талдау үстінде сол тұста қазақ туындысы пайдаланған жазба тіл мәселесін Ә.Марғұлан, Қ.Жүнісбаев, Е.Масанов, Т.Қордабаев, Р.Сыздықова т.б. ғалымдар көтерді. Сонымен қатар, осы тұстағы қазақтың хан, сұлтан, тархандарының Ресей үкіметіне немесе бір-біріне жазысқан ресми

қағаздары мен әкімшілік орындарының үкім-жарлықтарының мәтіндерінің тілі жайлы да пікірлер айтылды.

Р.Сыздықтың айтуынша, әдеби тіл статусын тарих кешенінің барлық кезегінде тек жазуға байланыстыра анықтауға болмайды. Сол тілді танытатын үлгілердің әлеуметтік жүгі, барлық нұсқаларға біршама ортақтығы, тілдік-көркемдік нормаларының («қырланған, өңделген, сұрыпталған сипатының») болуы – осылардың баршасы қоғамға белгілі бір дәуірде қызмет еткен тілдің категориясын айқындайды, даму сатысын көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, бізде ауызша сақталып, там-тұмдап жеткен ескерткіштердің тілін әдеби тіл болды деп табамыз.

Бұл кезеңдегі әдеби тіл нұсқалары ауызша тарап жеткендіктен, олардың мәтіндерінің жай-күйлері бірдей болмаған. Мысалы Асан қайғының «Ақ тоынды жамандап, Атлас қайдан табарсың» дегеніндегі атлас сөзі – соңғы дәуірлердің элементі. Сонымен қатар жырау шығармаларында ақы, ғаріп, мәрмөр, пейіл, мақсұт, пір, надан, хатим ету, ғалым, әзиз сынды араб-парсы сөздері мольнан ұшырасады. Бұл да соңғы кезеңдер қоспасының жемісі болуы керек.

Асан қайғының замандасы Қазтуған, Шалкиіз, ХҮІ ғасырда өмір сүрген Доспамбет пен Шобан жыраулардың текстері лексика-грамматикалық және көркемдік-композициялық құрылымы жағынан өз дәуірлеріне сай элементтерді көбірек сақтаған. Ал ХҮІІ ғасыр жырауларының тілі соңғы ғасырларға өте жақын. Мұнда қазіргі кез тұрғысынан алғанда да бейтаныс тұлға-тәсілдер өте аз. Дегенмен түсінуге қиын, мағынасы күнгірт сөздер мен сөз тіркестері бар. Мысалы, Қазтуғанның «Қара ұнымы сұлтандайын жүрістің» дегені түсініксіз. Немесе оның «Салп-салпыншақ анау үш өзен» дегенінде «салп-салпыншақ» эпитеті нені білдіреді? Шалкиіздің «Тал мойныма кол артсаң, күліктен бек ұнармын» дегенінде соңғы сөз түсініксіз. Доспамбеттің «Көмбідей ару жаларға. Кірмембес ауыр қолға бас болып» деген, Шобанның «Аббар кешіп, шет қонған, Балаңқылар батпаған. Сыргаласқан жауды сықтарға. Ісірібі тоқтасқан» деген жолдарында көрсетілген сөздер қазіргі қазақ тілі үшін бейтаныс элементтер.

Зерттеуші Қ.Өмірәлиев ноғайлы циклі нұсқаларындағы мұндай элементтерді көне емес, түбі бір туыстас өзге түркі тілдік деп санайды. Ал Р.Сыздық бұл дәуірдің поэзиясы тілінде кездесетін бейтаныс немесе мағынасы өзгеше сөздер мен грамматикалық ерекшеліктерді тұтасымен қарамай, бөліп қарау керек екенін айтады. Яғни бұл сөздердің бірқатары ноғай тілінде болса, енді бір тобын қазақты құраған ру-тайпалардың

өзіне тән, бұл күнде көнерген немесе мағынасы өзгерген сөздері мен тұлғалары деп танығанымыз жөн. Себебі ХҮ-ХҮІ ғасырларда қазақ ру-тайпаларының өз алдына ұлыс болып құрала бастады. Бұған дейін ноғайлылар мен қазақтың ру-тайпалары Алтын Орда құрамында бірге, аралас-құралас өмір сүргені мәлім. Сондықтан Асан, Шалкиіз, Қазтуған, Шобан сияқты сөз зергерлері ноғайлы, қазақ бөлінгенде, әрқайсысы өзімдікі деп ала кетуі заңды құбылыс.

Сөз етіп отырған дәуірлердегі әдебиет үлгілері хатқа түспей, ауызша сақталып жеткендіктен, олардың тілін құрылымдық қабаттарға қарай сипаттау, фонетикалық күй-қалпын беру мүмкін емес. Бұл дәуірдегі әдеби тіл үлгілері фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жағынан да көп өзгеріске ұшыраған. Сонымен қатар осы ғасырларда жасаған қалам иелері ноғайлы-қазақ жұрттарына ортақ болғандықтан, мұнда ноғайлылық тілдік элементтер көп кездеседі. Мысалы Шалкиіз, Доспамбет, Шобандарда кездесетін *соңратын, соқта, асмар ету-сымарыш ету, бажса, балаңқы, сықтау нарты, кілең бұз, жарқа, кезігу, т.б.* сөздер қазақ тілінен гөрі ноғайлылар тіліне жақын. Ал грамматика мен фонетика салаларынан *бұз (мұз), бұзмай, дұшман, менім, атлы, жүрерлер, кешу кешмек, хаңлар, не білейім, бізім* тәрізді тұлғаларды кездестіреміз.

Ал енді осы тұстағы ақын-жырауларының тілін тақырыбы мен мазмұнына қарай былай топтасытырамыз: Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Шобан, Марғасқа, Жиембеттер негізінен екі-үш жанрда жырлаған: бірі – дидактикалық толғау, оның тақырбы – жалпы ақыл, насихат айту, екіншісі – арнау толғау, тақырыбы көбінесе қоғам, адам, ел қорғау, үшіншісі – портрет өлеңдер. Қазтуған мен Доспамбетте, Шобанда, Марғасқа мен Жиембетте дидактикалық толғаулар жоқ.

Жоғарыда аталған жыраулар тілінің лексикасын бірнеше салаға бөліп қарауға болады:

1. Аң-құс, жан-жануарлар, өсімдік, ландшафт сияқты табиғатқа қатысты сөздер: *тырна, тауық, қошқар, изен, түйе, қаршыға, сұңқар, құлан, тарпан, ор қоян, тобылғы, көл, аспан және т.б.*

2. Төрт-түлік малға қатысты сөздер: *тоқты, жабағы, тай, бұзау, жылқы, түйе, т.б.*

3. Қауымның әлеуметтік құрылысы мен жаугершілік тақырыбына қатысты сөздер: *жұрт, халық, хан, қарашы, қызметші, батыр, би, жау, ер, құл, дұшпан, жолдас, көп, ата, ана, ұл, ұғыл және т.б.*

4. Соғыс ісіне, қару-жараққа қатысты сөздер: *садақ, қылшан, сары жүн оқ, найза, алдаспан, ауыр қылыш, ала білек оқ, қанды*

кобе, ала балта, қандыауыз, жебе, қара болат, он екі құрсау жез айыр, мылтық, т.б.

5. Дерексіз есімдер: атақ, көңіл, кеңес, жақсылық, жамандық, жалғыздық, әділдік, сыпайшылық, есендік, қызыл тіл, өтірік, пәле, ит тұрткі, ерлік, өрлік, зарлық, беріктік, сыр, қайрат, ант, т.б.

Бұл тұстағы қазақтың ауызша дамыған төл әдеби тілінің сөздік қазынасында орыс тілінен сөз алу дәстүрі жоқ, өйткені мұның әлі базасы жасалмаған еді. Себебі Ресей мемлекетімен, орыс мәдениеті және тілімен араласатын саяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастар тұмаған болатын.

Ал жаңа сөздерге (неологизмдерге) келсек, олар жайлы нақты айту қиын, себебі ХҮ ғасырдан бұрынғы тілдің лексикалық сипатын толық көз алдымызға келтіре алмаймыз. Дегенмен бір жәйтті нақты айта аламыз, ол – жыраулардың жеке бастарына тән даралық ізденістер мен қосқандары байқалмайды. Бірінде бар сөздер типтері басқаларында да кездеседі. Бұл, мүмкін, ауызша сақталудың жемісі болар.

Дегенмен бұл кезеңдегі қазақ тілінде бүгінгі нормалардан өзгеше келетін азды-көпті грамматикалық тұлға-тәсілдердің болғаны даусыз. Соларға тоқталсақ.

Сөз өзгерту саласында. Септеу тәртібі негізінен қазіргімен бірдей, тек есімдіктердің септелуінде өзгешелік бар. Ілік жалғауы мен, біз деген есімдіктерге жалғанғанда *-ің, -ім* түрінде де келеді: менің, бізің. Шығыс септіктің *-дың, -дің* нұсқасы кездеседі: Ер өзіндің соңратын... Бұ кеткендің қайтпасаң (Шалкиіз).

Етістіктің тұйық түрі екі түрлі тәсілмен жасалған: бірі - *-у* жұрнағы арқылы, екіншісі *-мақ* жұрнағы арқылы: мақтанбақ, батыр болмақ, кешу кешмек. Мақсат реңкімен келетін тұстарда *-уға* қосымшаларымен берілетін етістік *-арға* тұлғасымен келеді: Ал дегенде аларға, Алып жерге саларға.

Есімшенің ауыспалы шағын жасайтын тұлға негізінен *-тұғын* түрінде келеді: Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін (Асан қайғы).

Етістіктің бұйрық рай тұлғасы (II жағы) қазіргі қазақ әдеби тіл нормасымен сай келеді: анайы түрінде (бар, кел, сынаспа), көпше түрі *-ңыз* жұрнағын жалғайды: барыңыз, болыңыз. Мысалы: Бір болыңыз бәріңіз (Асан қайғы).

Бұйрық райдың II жақа *-ғыл, -гіл* жұрнағын жалғаған түрі кездеседі: Адам өзін айтар деп, көңілінді салмағыл. Нәпсі алдаушы дұшпанның насихатын алмағыл (Асан қайғы).

Осы күнгі *-ңыз, -ғыз* жұрнағымен келетін етіс тұлғалары – кер қосымшасымен берілген: Масағынан өткеріп, Басы қолға жеткеріп, Созып тартар күн кайда! (Доспамбет).

Етістіктің өткен шағын *-ғай, -гей* жұрнағымен беру бар: Тұқылдықтан сартылдап Үзілер болғай сол мүйіз (Шалкиіз).

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің I жақта *-ма+й+мын* вариантының орнына *-ман* (фонетикалық түрлерімен) жұрнақты тұлғасы да кездеседі: Тоғай қондым – өкінбен. Ару сүйдім – өкінбен (Доспамбет). Мұнына, халқым, шыдаман (Жиембет).

Шылаулар ішінен жазба тілдерге тән арабша *уа*, *лекин*, *парсыша* һәм шылауы бір-екі жерде ғана көрінеді: Жайынды білген қарындас Ол – қарындас һәм жолдас (Шалкиіз).

Сөз тудыру жүйесінде. Бұл салада да біршама ілгерушілік байқалады. Жиі қолданыста болған *-лық, -лік, -лы, -сыз, -дай* жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің мағыналары қазіргідей. Бұл күнде жанаса байланысатын қатысты сын есімдер, сол кездегі тілде *-лы* қосымшасымен келеді: *алтынды кесе (алтын кесе), айдынды көл (айдын көл). Ал басқа -шы, (қызметші, жарақшы) -ім (көрінім жер), -шылық (сыпайшылық), -сін (сүйесін, демесін), -шық (сызашық, боташық)* секілді қосымшалар жиі қолданылмаған.

Гамматикалық ерекшеліктер қатарында дүр (*-ды, -ді, -ты, -ті*) қосымшасының қолданылуын айтуға болады. Мысалы: Жауынды күні көп жүрме, Жар жағасы тайғақ-ты (Шалкиіз). Сырым саған түзу-ді (Жиембет). Қарап отырсақ, іс-әрекеттің нақты болған-болмағанын білдіру мәнінде жұмсалған дүр көрсеткіші бүгінгі күнге *-ды, -ді* түрінде жеткен.

Бұлардан басқа сол дәуірде өзгеше тұлғада қолданылған кейбір туынды етістіктер бар. Мысалы, ырысымды сындайын, Сұлу үнмен үндейін (Асан қайғы) дегендегі сындайын – сынайын, үндейін – сөйлейін болар еді.

Сонымен талдап отырған дәуірдегі қазақ әдеби тілінің грамматикалық жүйесі қазіргі кездегімен көбінесе бірдей болғанымен, кейбір жерлерде өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалады. Ол ерекшеліктер, біріншіден, ертеден келе жатқан ескі тұлғалардың орын алуынан туса (*-ғай, -ман, -дүр*), екіншіден, әдебиет жанрының сөз қолданыс тәсіліне байланысты (*-ар, -ман* жұрнақты етістіктердің қолданысы) орын алған.

Сонымен ХҮ-ХҮІІ ғасырларда қазақ даласында ауызша және жазбаша әдеби тіл қатар дамыды деп айта аламыз. Жазба әдеби тілде лексикалық нормалану процесі аяқталмаған, жүріп жатқан

әрекет болғандықтан, осы дәуірдегі әдеби тілде жарыспалылық (варианттылық) орын алған. Соның ішінде ішінара оғыз, көне ұйғыр сөздері қолданылған. Араб, парсы тілдерінен енген тілдік элементтердің бірі - кірме сөздер болса, екіншісі – көпшілік қолданысында жоқ, бірақ сол кездегі мұсылманша сауатты адамдарға түсінікті болған.

ХУ-ХУІІ ғасырлардағы ескі қазақ жазба тілінің поэзия және проза жанрында грамматикалық, синтаксистік амалдардың белгілі бір нормаға тұрақталмағандығын және жүйеге түспегенін айта аламыз. Дегенмен сол тұстағы көне қазақ тілі әр салада қолданылып, түрлі стильдерде жұмсалған. Ноғайлы және түркі тілдес халықтардың тілдерінен көптеген тілдік элементтерді қабылдаса да, өзіндік өзгешеліктерін сақтап қалған. Бұған әсіресе қазақтың сол тұстағы жыраулары мен шежірешілері өзіндік зор үлес қосты. Бұл кезеңдегі поэзия үлгілері ауызша жетсе, жазба әдебиет үлгілері тек тарихи шежірелер мен хан-сұлтандардың іс-қағаздарынан көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.-400 б.

2 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1996. - 301 б.

3 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. (ХУ-ХІХ ғасырлар). –Алматы: Арыс, 2004. - 288 б.

4 Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1968. - 238 б.

5 Бес ғасыржырлайды. Алматы 1989,1-том. - 350 б.

6 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы,2001. – 320 б.

АЛҒАШҚЫ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР

ҚАРСЫБАЕВА Н.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
СҮТЖАНОВ С. Н.
ғылыми жетекші, ф.ғ.д., профессор

XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары ұйымдастырған әдебиет үйірмелері, оның сауық кештері сахналық өнер мен драматургиясынның бастамасы болды. Ұлттық мәдениеттің бұл жаңа түрі, негізінен ағартушылық бағытта дамыды. Олардың репертуарындағы шығармалар халықтық өнер-білімге, ілгері кеткен елдердің мәдениетін үйренуге, үлгі алуға, ескіліктің шырмауынан шығаруға үндеді. Алғашқы ойын-сауықтар тәжірибелері драматургияның тууына, алғашқы қадамдар пьесалардың жазылуына ықпал жасады. Қазақстанның әр жеріндегі осындай талпыныстар, алғашқы сахналық қадамдар Қазан төңкерісімен ілесе келіп, ұлттық драматургия мен театр өнерінің дүниеге келуіне негіз болды.

Төңкеріс қарасында бірлі-жарым пьесаларымен алғашқы қадам жасаған қазақ драматургтері Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Жұмат Шаниндердің еңбектері драматургия жанырының негізін қалады және алғашқы театр өнерінің тууын жеделдетті.

Европалық үлгідегі театр тек қана европалық үлгідегі драматургия арқылы дүниеге келеді десек, оның қыры мен мен сырын меңгеруге қазақ топырағында ден қойған Жүсіпбек Аймауытов еді. Мұның қаламынан туып, сол кезде сахнаға қойылған тұңғыш үш пьесасы «Рабиға» «Мансапқорлар» «Қанапия - Шарбану» 1916- 1917 жылдары жазылған. Ал, «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» 1920- 1925 жылдар ішінде жазылған[1].

Жиырмасыншы жылдардағы тәуір пьесаларға алғашқы жарияланғанбәйгенің нәтижесінде М. Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясынан кейінгі екінші орынды Ж. Аймауытовтың «Шернияз» шығармасы иеленді. Ол сондай-ақ А.С.Пушкиннің «Сараң сері», «Тас мейман» трагедиялары мен Н.В.Гогольдың «Ревизорын» қазақшаға «Бақылаушы» деген атпен аударған. Соңғысының жазбасынан әзірге ешқандай із жоқ. Ендігі бір аударған пьеса «Октябрь» әзірге қолжазбасы табылмағандықтан, кімнен аударылған, қандай драматургтың дүниесі екені белгісіз. Бәлкім, қазақшаға аударылғаннан кейін пьесаның түпнұсқасының аты өзгеріп кетуі де ықтимал. Ж.Аймауытов жазған, аударған

драматургиялық шығармалардың ұзын-ырғасы, осы пьесаларының бәрі де Семейдегі губерниялық, кейін «Ес - Аймақ» деп аталған труппадан бастап, Қазақстанның көптеген қалаларында, Тәшкентте, қазақтың тұңғыш Мемлекеттік ұлт театрының сахнасында Қызылордада қойылған. Ж.Аймауытов қазақтың ауыз әдебиетін жетік біле отырып, көне дәуірді бейнелейтін бір пьеса жазбаған. Тұтас алып қарағанда, барлығы да өз кезеңінің болмысын суреттейтін шығармалар. Және басқа драматургтердің дүниелеріне ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де айқын көрінеді. Оның барлық пьесалары шымалдығының ашылуы жеке кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рәбиғада» оқиға өзінен өзі іштей арпалысып отырған Рәбиғаның монологынан басталады. «Ел қорғаны» Оқығанның әңгімесінен, «Қанапия Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Ұмсынайдың уайымға толы үрейлі монологынан басталады. Ж.Аймауытовтың драматургиядағы мол еңбегіне кейінірек тоқталмақпыз. Қазан төңкерісінен кейін қазақ драматургиясынан төңкеріс тақырыбын алғаш көрген С.Сейфуллин болды. Оның «Бақыт жолына» атты пьесасы 1918 жылы 1 Май мерекесі кезінде сахнаға қойылды. Бұл туралы автордың өзі мерекені көңілді өткізгенін, демонстрацияға қатысып, митинг құрғанын айта келіп: «Омбыда оқып жүрген Ақмоланың мұқтаж балалары мен «Жас қазақ» пайдасына кешке қазақша ең бірінші рет Ақмолада үлкен сауық жасалды. Сауыққа оның алдында ғана жазылып біткен «Бақыт жолына» деген менің пьесам қойылды. Менің ең алғашқы ірі деген шығармам осы еді, сонымен «жазушы» болып едім», деп жазды. Сауыққойларды қызықтырған пьесадағы жаңашыл бағыт, бірі бірі сүйген екі жастың ескіліктің бұғауын үзіп, бақытты өмірге ұмтылуы.

С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы қазақ драматургиясының алғашқы туындыларының бірі болып, әрі 1922 жылы жарыққа шығып, жылдам тарап кетсе де, үйірмелер мен труппалар сахнасында сирек көрінді. Оның басты себебі пьесаға орынсыз айтылған сынның, баспасөз беттеріндегі бір жақты мақалалардың әсері болса керек. Және ол кездегі баспадан шығып немесе қолжазба күйіде тараған пьесалардың бәрә дерлік қазақ ауылының көне өмірін, әрі кеткенде сол төңкеріс қарсанындағы әлеуметтік көріністерді суреттейтін. Ал, С.Сейфуллин пьесасы бұларға ұқсамайтын жаңа оқиға, соны сөз болып шықты.

«Қызыл сұңқарлар» әуелде көркем үйірме мен труппалардың сахнасына қойылып келді. Осындай спектакілдің бірін Семейде Ж.

Шанин қойып, Еркебұлан ролін ойнаған. Кейін театр ашылғанда ол сол пьесаны қайта қойды Міне, сол кезден бастап-ақ пьеса талас тудырып, баспасөз бетінде ұзақ айтыс болды. Айтылған пікірлерді автор жинақтай келіп: «Қызыл сұңқарларға» әркім

Пьесаны сынаушылардың кейбіреулері мұндағы бейнеленген өмір болмысы қазақ халқының тұрмысынан қашық және ол төңкеріс ісіне тікелей арласқан жоқ деді. Енді бір сын мақалалар пьесада саяси мін табуға ұмтылды. Сонымен бірге шығарманы орынсыз мінеген біржақты, сыңаржақ сыннан қорғап, оны ұлттық мәдинетіміздің жемісі, тын туындысы деп бағалаған байсалды пікірлер де болды. «Қызыл Қазақстан» журналының бетіне жарияланған мақалада пьесаны талдай келіп «... бұл пьесаны еңбекшілер табының төңкерісі туғызған, анық геройлао күллі еңбекші тап » - деп әділ тұжырым жасаған[2].

Мұнан кейін «Қызыл сұңқарлар» туралы айтыс таластар тоқтап, көпке дейін баспа сөз бетіне ол туралы жазылған жоқ. Ал, 1936 пьесаға автор қайта оралып, өңдеу – редакция жүргізгенде, сахнаға қабылданған сол нұсқасы тағы да қызу айтыс туғызады. Мұнында негізгі бағыты алғашқы айтыс сарындас. Жазушы С. Мұқанов өзінің естелігінде «Қорыты айтқанда қазақ драматургиясында Октябрь революциясында жолындағы күреспен жеңісті «Қызыл сұңқарлардан» бұрын сиппаттаған бірсыдырғы көркем сиппаттаған пьеса болған жоқ. ... Октябрь революциясының әр – бір жасы толған оның шынында оның күресі мен жеңісін көзге елестету үшін қазақ театрларында осы пьеса көөсетіліп келеді...» - дегені пьесаға берілген әділ баға[2].

«Қызыл сұңқарлар» Октябрь төңкерісі туралы тұңғыш шығырма болғандықтан алғашқы революциялық драмаға лайықты белгілер мұнда жеткілікті. Олар – пьесаның үгіттік бағыты, көркемдік шындықпен тарихи шындықтың тұтастығын, оқиғаның документтік дәлдігін, этнографиялық бедерін сақтау бар. Қысқасы, пьеса өзінің жарыққа шыққан тұсындағы революциялық драманың шарттарына толық жауап беретін шығарма. Ал, пьесаның кемшілігі жалғыз С. Сейфуллин шеберлігінің жетіспеуімен өлшенбек емес. Ол драматургиядағы шеберлік пен тәжірбиенің әлі толық дамып, қалыптасуына толық байланыста.

Қазақ жұмысшыларының алғашқы қадамы, экономикалық күрестің саяси күреспен астасуын көрсетуді мақсат тұтқан Жұмат Шаниннің «Шахта» пьесасының сахнаға қойылуы – «Қызыл сұңқарлар» тақырыбын одан әрі жалғастыру ниетінен туған. 1928

жылы бұл пьесаның «Өлемін үмітке» деп аталатын 4 перделі нұсқасы қазақ театрының сахнасына қойылған. Бір жылдан кейін екі перде қосылып, ұзартылған екінші нұсқасы да сахнаға шықты. 1930 жылы «Шахта» деген атпен ол жеке кітап болып баспадан жарық көрді.

Спектакілге жазылған сындар мен оған қатысқан актілердің пікіріне қарағанда, пьесаның екі арасында оның көркемдік – идеяның мазмұнын өзгертерліктей айырма жоқ. Бір айырмашылығы – соңғы нұсқасына қосылған перделердің оқиғалары алғашқысынан кейін, Қазан революциясының 10 жылдық мерекесі қарсаңында өтеді. Бас – аяғы жинақы пьесаның соңы енді қажетсіз сызылып, шұбалаңқылық туғызған. Кейіпкерлері баяғы Штейгер енді Зотов, Борсықпай және Жантай болып өзгере келіп, астыратын жауыздыққа көшеді. Мұның барлығы күрделі материалды меңгеру қиндығынан, драматургиялық шеберліктің жетіспеуінен туған.

Бірінші спектакль Қызылордада Ж. Шанин мен С. Қожамқұловтың, екінші Алматыда тағы да автордың режиссурасымен қойылғандықтан, екеуінің де сахналық шешімдерінде айтарлықтай алшақтық жоқ. Екінші спектакльдің декорациялық көркемделуі мен киім-кешектері, техникалық жабдықтаулары біріншісінен әлдеқайда көркем жасалған. Түйіп айтқанда, «Шахта» кемшіліктеріне қарамастан қазақ жұмысшыларының өмірін, саяси күреске араласуын бейнелеген драматургия мен театрдың құнды еңбегі.

Қазан төңкерісі туралы әр драматург өзінің қал – қадірінше әртүрлі жазады. Олардың көбісі үгіттік үлгіде жазылған. Бұларда сомдалған характер немесе саяси оқиғаны терең зерттеуден туған жоталы тартыс болмайды. Көбіне екі таптың өкілі қарама-қарсы қоюдан туындайтын талас-тартыс кедейлердің жеңісімен немесе Кеңес өкіметінің өкілі араласуымен әділет салтанат құрып отырған. Осы қатылеттес пьесаға Қошмұхамбет Кемеңгеровтың «Бостандық жемісін» жатқызуға болады. Бұл пьеса 1919 жылы ақмолада көркем үйірме сахнасына қойылады. Мұнан кейінгі жылдары үйірме сахнасына Қ.Кемеңгеровтың қазақ әйелінің өткен замандағы қайғылы өмірін көрсететін «Алтын сақина» мен «Ескі оқу» атты шағын пьесалары және басқа белгісіз авторлардың шығармалары қойылған. «Алтын сақина» 1923 жылы Орынборда жеке кітап болып басылып шыққалы театр репертуарынан берік орын алады. Қазақтың тұңғыш мемлекеттік театрының шымылдығы да осы пьесаның қойылуымен ашылған. 4 актілі драма деп аталатын «Алтын сақина» - шағын трагедия. Айналасы бір ағаттың ішінде көрсетіліп болатын қысқа ғана 4 көріністен тұратын пьесаның оқиғасы

жинақы, шағын, әрекеті жіті дамиды. Автор диалог құруға шебер, кейіпкерлер сөздерінде драматизм күшті. Жазушы драматургия техникасымен таныс, жанр ерекшелігінен хабары бар. Драмадағы тоғыз кейіпкердің оқиғаға үзбей араласатын негізгілері – төртеу. Пьеса – қоюға жеңіл, күрделі режиссерлік шешімдер мен арнаулы жасауларды тілімейді.

Пьесаның басты кейіпкері – Халима. Шешесінің көзі тірісінде саусағына кигізіп кеткен алтын сақинаны күйеуінің тентек нағашы апасы Тәуіршіге бермеуден туған лаң трагедияға ұласады. Енесі Жәния әртүрлі жала, өсек-аяңмен келініне күн көрсетпейді, басынан таяқ арылтқызбайды. Ақыры Халима қорлық пен таяқты көтере алмай өліп кетеді... пьесаның басында Халима сүйген жігіті Сағынтаймен көңілі жарасып қосылғанына шексіз қуанышты. Тірлігінің осы бір жарқын шағында Халима жүзі нұры жайнап, алабұртқан көңілі аңсағаның тапқан сияқты, бірақ, тату – тәтті өмір мен қуаныш ұзаққа созылмайды. Үйге келген қонақтың сынайы бұған ұнамайды, сақинаға көзі түскен ол ойлаған мақсатына жетпей тынбайды. Сақина жайлы әңгіме болғаннан Халима өзгеріп сала береді, басына үйірілген ала бұлтты іштен сезеді. Тентек Тәуіршеге адуын ең қосылып алып өз дегендеріне жетеді. Орынсыз зәбір көріп, жазықсыз жаны жараланған Халима: «Үш жылдан асып барады таяқтан көз ашпағаныма, неден құдайыма жазықты болдым (жылайды). Балдан тәтті жүрген күндерім-ай!.. Күйеуімен тату тұрған жалғанның ұжмағы екен! Иненің көзінің жазығым болса екен-ау! Құдайдан көрейін бе, адамнан көрейін бе? Құлағымнан сөз, басымнан таяқ кетпейтін болды» - деп зар илейді. Драматург төңкерістен бұрын малға сатылып барған қазақ әйелінің қасіреттартқан өмірін, көзі жастан тиылмайтын трагедиялық тағдырын суреттеген. Халимада, әрине, Қарагөздің махаббат үшін өлімге баратын ірі қимылы немесе қолына садақ алып тау шыңын шарлайтын Ендік әрекетінің бірі де жоқ. Бұл – әділетсіз заманның жаншып тастаған әлсізі, сүйенері мен таянары жоқ. Күні қараң болған қазақ әйелінің өткен замандағы тартқан азабының жанды куәсі іспеттес. Пьесада ұнамды кейіпкерлер атымен жоқ. Сағынтай, Өрік, Жәния бейнелері өтіп бара жатқан заманның дәрекі дәстүрін, жөнсіз жоралғысын қолдаушы, әділетсіздік қуаттап, әйел бостандығы мен теңдігін, адамгершілік қасиеттерді аяққа басушы қара ниет жандрдың тұрпайы қылықтары әшкереленеді.

Жалпы әйел бостандығы, әйел теңдігі – Қазан төңкерісі әкелген жеңістің бірі есебінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, оның ішінде

драматургия мен театр репертуарының алғашқы кездегі басты тақырыбына айналды. Бұл тақырыпқа барған жазушы-драматургтер де, пьесаларды сахнаға қойған театр да көтеріп отырған мәселенің мағына-мәнісін, актуальдылығын барынша жете түсінді. Шеберлік жетіспегендіктен, тәжірибе толыспағандықтан бұл тақырыпты көтерген пьесалар мен спектакльдердің көбісін көркемдік сапасы төмен болды, берісі натуралдық, әрісі отбасылық сипатынан аспады. Соған қарамастан, сондай пьесалардың негізінде қойылған спектакльдерді көруші қауым жылы қабылдап, кемшілігін кешіріп, табысын көтеріп отырған.

Демек, сол көркемдік дәрежесі жетіспейтін шығарманың өзінде өмірдің көкейтесті көріністері, әйел бостандығы мен теңдігі (қазақ қауымында ғана емес, Орта Азия, бүкіл шығыс әлеміндеғасырлар бойы өзінің әлеуметтік шешімін таппай келген маңызды мәселелері) дұрыс қозғалған. Қарагөз, Дәмеш, Халималар тіршілік еткен орта, олардың мақсаты мен ойы, әрекеттері бізден қаншама қашық болғанымен, ол уақыттағы көруші қауымға өздерінің кеше ғана басынан кешкен, әлі ізі суымаған замандастарының өмірі, солардың тынысы сияқты сезілетін[3].

Театрдың алғашқы бір-екі жылғы репертуарынан Бейімбет Майлиннің шағын комедиялары, Жиенғали Тілепбергеновтың «Сүйіскендер», «Перизат-Рамазан», Рахметжан Малабаевтың «Үй тұтқындары», «Ғұрып күні», Сыдық Аблановтың «Күндеспейтін қатындар», Асқар Тоқмағамбетовтың «Екі заң» т.б. сол уақыттағы өмір болмысының актуальды мәселелерін көтеретін пьесалар еді. Пьесалардың негізгі ойы – Қазан төңкерісі әкелген бостандықты үгіттеу. Ол ойлар ұран іспеттес жалаң сөзбен ғана берілген, көркемдік суреттеуге, драмалық түрге түспеген, қысқасы, ой бар да, жеткізетін көркемдік қуаты жоқ. Мұндай әлсіз пьесалардың «... мазмұны да, жазылуы да бір-біріне ұқсас, бәрі де тап тартысынан шығып, ауыудағы тартысты көрсетеді. Бірақ сол күресті үстірталып, жеңіл көрсетеді. Көбі сол өздерінің алған тартысын сахнада әрекет үстінде көрсетудің орнына, ауызша әңгіме соғады». Соған қарамастан олардың ішінде репертуарда біріз тұрақтап, сахналық көркемдік жағынан көзге түскені – Ө.Оспанов пен Е.Өтеулиннің «Зарлық», Ж.Тілепбергеновтың «Перизат-Рамазан» пьесалары [4]. «Зарлық» - Халық ағарту комиссариаты жарияланған конкурста үшінші бәйге алып, кеңес кезіндегі өмірді бейнелеуді мақсат тұтқан шығармалардың тұңғышы. Мұнда азамат соғысының аяқ кезіндегі ауыл тұрмысы, ашаршылықтан зардабы, кедей шаруалардың

күйзелісі трагедиялық сарында суреттелген. Зарлық бейнесінің өзіндік маңызы бар.

Қазан төңкерісімен бостандыққа ұмтылған кедейдің ұнамды бейнесінің алғашқы белгілері осы Зарлық бойынан табылады. Ол белгілер кейінірек молая, жетіле келіп, Б.Майлиннің, М.Әуезовтың, Ж.Аймауытовтың пьесаларына жоғары көркемдік сипат табады, ұнамды қаһармандардың тұтас тұлғасы жасалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана: Фолиант, 2005.
- 2 Мұқанов С. 20 ғасыр кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, 1970.
- 3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы: Білім, 1995.
- 4 Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, Қаз. Унив-і, 1993.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕҢБЕК ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

КЕНЕСАЛЫ А. Н.
студент, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.
ЖҰМАЙ Н.
ғылыми жетекшісі

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар талай замандар бойы қалыптасып ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. “Мақал-мәтел – сөз мәйегі”, “Мақал – сөздің мұнарасы”, - деп, қазақ халқы ауыз әдебиетінің асыл жанрына аса құнды баға берген. Қазақ халқы қашан да өскелең ұрпақты тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, одан шығатын нәтижені біліп отырған. Осы тұрғыдан алғанда, ауыз әдебиетіндегі шағын жанрлардың бірі мақал-мәтелдер баланың ой-өрісін, дүниетанымын, қиялын, тілін дамытуда, тәлім-тәрбие беруде үлкен маңызды рөл атқарады. Мақал-мәтелдер – әр кезеңде ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың

еншілеген мол қазынасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынандай түсіндірме берілген: «Мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз; мақал деп қысқа, образды, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз» [3,102]. «Мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз» [3,168].

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегіне келер болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1,112 б.],— деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындыққа жанаса қоймай, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады. Қазақ мақал-мәтелдері сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тонькөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [2, 56 б] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

Мақал-мәтелдер негізінен халық аузында ауызша сақталған. Ал, оларды нақты жинап, қағаз бетіне түсіру, баспасөз беттерінде жариялау – XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» [3,416 б.] еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылықтарын жоғалтқан жоқ. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері түрлі жинақтарда, хрестоматияларда жазылып, жарияланып келді. Қазақ халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, соның ішінде

Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетте 1879 жылы Орынборда шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсариннің хрестоматиясының алатын орны ерекше. Бұл хрестоматияда берілген мақал-мәтелдер бірнеше тақырыптарға бөлініп, жүйелі түзілген.

Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының көне жанры. Олардың көбі жазу шықпай тұрып пайда болды. Сондықтан олардың алғашқы қайнар-көздері туралы мәселе ашық болып саналады. Ағылшын мақал-мәтелдер пайда болуының осындай негізгі қайнар-көздері: халықтық, әдебиеттік, библияның пайда болуы, басқа тілден алынуы және мақал-мәтелдер ретінде Шекспир цитаталарының пайдаланылуы болып саналады.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріне қатысты негізгі айырмашылық мынада: қазақ мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы жеке тұлғаға (би, шешен, ақылғөй, дана қариялар т.б.) байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып отырған. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінің негізгі бұлағы діни ағым, қасиетті кітаптан тараған ұлағатты сөздер болып табылады және Шекспир сынды ұлы тұлғалардың айшықты, мәнді сөз үлгілері ерекше орын алады. Мәселен, біздің жыл санауымыз бойынша 320 жылдардағы Теопратус (Theopratrus) жазбаларында мынадай мақал кездеседі: «There is a time of everything», оның қазақ тіліндегі баламасы келесі мақалмен беріледі: Сабақты ине сәтімен.

Бұл мақал қасиетті кітап Інжілдің «To everything there is a season, and a time to every purpose under the heaven». (с.с.а.: Аспан астында әр нәрсенің, әр мақсаттың өз мерзімі бар) деген өсиет, өнегелерінен ықтималдылық, тұрақтылық қалыпқа енген.

Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел-отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Солардың ішінде ең күрделі бір саласы адам баласының еңбек етуіне арналған мақал-мәтелдерге тоқтала кетсек. Бұл тектес мақалдардан халықтың еңбек жайындағы көзқарасы байқалады.

Еңбек адамды мақсат-мұратқа жеткізуші, абырой әперетін іс екендігін халық мақалдары арқылы дәлелдеп көрсетеді. “Еңбегі көптің — өнбегі көп”, “Еңбек еткен — мұратқа жеткен” деп, халық адал еңбекті ардақтайды. Дүние — байлық, шат өмір еңбек арқылы болатындығын, адамды тек еңбек қана қатарға қосатындығын суреттейді. Еңбек етпеген адам – жатып ішер жалқауларды халық өзінің мақалы арқылы сынға алады, шенейді. Бұған “Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, еріншек ұйқыдан қирап тұрады.”, “Еріншектің ертеңі таусылмас” деген мақалдарды мысал ретінде келтіруге болады.

Еңбек тақырыбына арналған мақалдардың қайсысы болса да ақыл-өсиет түрінде айтылады. Еңбек ету оңай еместігін, қиыншылығы мен бейнеті, ауыртпалығы барлығын ескертеді. Осылардың бәрін еңбегімен жеңген адам ғана мақсатына жететіндігін аңғартады. Мұны “Бейнет, бейнет түбі – зейнет”, “Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер”, “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”, “Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді?” деген секілді мақалдардан көреміз. Бұл тектес мақалдар адамды еңбек — кәсіп етуге, жұмыс істеуге үндейді, тек еңбек қана абырой-атақ әпереді деп қорытынды жасайды.

Әрине ағылшын тілінде де еңбек туралы мақал-мәтелдер баршылық. Ағылшын және қазақ тіліндегі еңбек туралы мақал-мәтелдерге тоқтала кетейік.

Business before pleasure деген ағылшын тіліндегі мақалдың қазақша баламасы – Бейнет түбі – зейнет. Бұл мақалдың екі тілде де мағынасы ұқсас келеді: саналы ғұмырында тынбай еңбек етіп, Жаратушы берген өмірі қартайған шағына жеткен кезде кез келген адам зейнет демалысында қамсыз өмір сүруді армандайды. Бұл жерде мақалдар тура аудармасы бойынша әрі ұқсастық, әрі үндестікті көрсетеді және екі тілдегі баламасы да жай сөйлем түрінде беріліп тұр.

No rain, no gain. – Еңбек етсең – емерсің. Бұл мақалдың мағынасы мынада: өмірдегі бар байлық, жақсылық, табыс пен береке тек талпыныс пен еңбектің арқасында келеді. Мақалдың ағылшын тіліндегі баламасы болымсыз сөйлем түрінде берілсе, қазақ тілінде шартты сөйлем түрінде беріліп тұр.

Келесі бір A tree is known by its fruit мақалының қазақша аудармасы – Еңбегіне қарай өнбегі. Бұл мақалдың да өзіндік мағынасы, тәрбиесі, өнегесі бар, себебі адам қалай жұмыс істесе, еңбек етсе, соның жемісін алады. Адам еңбек етуден жалықпаса,

талпынса ол сол еңбегінің жемісін көреді. Бұл мақал сөзбе-сөз аударылмаса да, мағыналары бір деп айтуымызға болады.

Care killed the cat. – Еңбек қажытпайды, қайғы қажытады. Былай қарасақ, екі мақалда да түпкі бір үндестік – еңбек етсең ғана бұл өмірде қиындықты жеңе аласың. Бірақ, үніліп қарасақ, мақалдың ағылшын тіліндегі баламасы қазақ тіліндегі баламасымен тек мағынасы жағынан үндеседі. Ал ағылшын тіліндегі мақалдың құрамындағы сөздерді жеке алып қарасақ, онда мақал өз мағынасын жоғалтып алатыны көрініп тұр.

Көріп отырғанымыздай, ағылшын және қазақ халықтарының еңбек туралы мақал-мәтелдерінде айырмашылықтарға қарағанда ұқсастықтардың көп екені байқалады.

Барлық мақал-мәтелдердің ең басты ұқсастығы – тәрбиелік маңыздылығы. Ағылшын және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді үйрету негізінде тек ағылшын, қазақ халқының көп ғасырлық өмірлік тәжірибесімен, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастары мен дүниетанымымен таныстырып қана қоймай, ең бастысы сол нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсіндіріп, сөздік қорын байытамыз. Сонымен бірге бірқатар қазақ және ағылшын тіліндегі еңбек туралы мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өзара сәйкестіктері байқалды, абсолютті эквивалент, яғни теңбе-тең балама түрлері де кездесті. Сонымен қатар екі тілдегі еңбек туралы мақал-мәтелдер жай сөйлем күйінде және тура мағынада қолданылды, яғни мақалдар мәтелдерге қарағанда көбірек кездесті. Себебі ағылшын тіл білімінде мақал мен мәтелдің ара жігі нақты ажыратылмай, біртұтас тұрақты тіркес ретінде қарастырылады. Туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі қазақ және ағылшын халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, кекейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты.

Қорыта келгенде, мақал-мәтелдердің қай-қайсысын алсақ та, олар халықтың жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы, ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін көрсетеді. Осы мақалада ағылшын және қазақ тіліндегі еңбек туралы мақал-мәтелдерге сараптамалар жүргізіліп, олардың мағынасы мен құрылымы жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары // Алматы-1996, 17 б.

2 ЗАКИРОВА А.С. Мақал-мәтелдер және дүниенің тілдік бейнесі.

3 <http://referattar.kazaksha.info/%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB-%D0%BC%D3%99%D1%82%D0%B5%D0%BB-%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D0%B1%D0%B0%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80>

4 http://kazhalyk.ucoz.kz/index/ma_al_m_telder_zhajly_ma_1_mat_shy_u_tarikhy/0-75

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ФИЛОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗИ

ҚЫЛЫШБАЕВ Ж. Қ., ЕСИРКЕПОВ М. М., АЛМАНОВА Н. С.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы

Қазақстан Республикасының дамушы ел екендігі, сонымен қатар соңғы жылдары жетіп жатқан жетістіктері барлығымызға да белгілі. Дегенмен, ғылым саласында әлі де жетер жетістіктерді алда деп санаймын. Халықаралық рецензиялық журналдарда ғылым мен техникаға бағытталған мақалаларды жариялау ұйымдардың, сонымен қоса бүкіл еліміздің дамуының көрсеткіші болып табылады. Сол себепті, бұл мақалада ҚР филология саласына көңіл бөлдім. Ол үшін SCImago Journal & Country Rank журналынан мәліметтер алдым[1].

Филология (гр. philologia сөзге құмарлық) — жазба ескерткіштерді тілдік және стилистикалық жағынан талдау арқылы адамзаттың рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімі, әдебиеттану, мәтінтану, деректеметану, палеография т. б. гуманитарлық пәндердің жиынтығы мәтін филологияның алғашқы нақты негізі болды, оның дамуына философия елеулі ықпал етті. Филологияның ішкі құрылымы екі жақты қарама-қарсылыққа негізделген: бір жағында — нақты мәтіннің қарапайым қызметі, екінші жағында — шегі дәл белгісіз оның жалпы қызметі. Мәдениеттің өзін-өзі тануына қызмет ете отырып, филология жазу өркениетінің неғұрлым толысқан шағында пайда болған. Таяу Шығыстың өте жоғары көне мәдениеті тіпті филологияны білмеген, ал батыс еуропалық орта

ғасырда да ол жоғары сатыда болмаған. Ежелгі Үнді мен Грекияда филология дүниетанымдық рефлексияның ойлау мен сөйлеуге қатысы тұрғысынан зерттелген. Филологияның жоғарылауы дүниетанымдық ойдың ұлы дәуірлерімен (Аристотельден кейінгі эллинистік әлемде, Р. Декарттан кейінгі 17 ғ-дағы Еуропада, И. Канттан кейінгі 19 ғ.-дағы Германияда) сәйкес келіп отырады. Үнді филологиясы Панини (б.з.д. 5—4 г. шамасы), Патанджали (б.з.д. 2 ғ.) сияқты грамматистер мен стилистика теорияшылдарын берді. Ежелгі қытай мәдениетінде де өзінің филологиялық дәстүрі болған (5—6 ғ. Лю Се т. б.). Бірақ жана дәуірге дейін Үнді филологиясының жетістіктерімен таныс болмаған Еуропа филологиясы үшін негізгі білім көзі Грекия болды, оның негізінде Гомер ілімі жатты. Софистер дәуірінде (б.з.д. 5—4 ғ.) филологияны жетілдіруге Протагор, Горгий, Продик айрықша еңбек етті. Грек әдебиет теориясы Аристотельдің «Поэтикасында» толығып жетілді. Эллин дәуірінде филология философиядан бөлініп, онымен Александрия мен Пергамның кітапханашы-мамандары шұғылданды. Дионисий Фракийский (б.з.д. 170—90 ж.) қазіргі кезде белгілі сөз татары туралы ілімді қалыптастырды. Қайта өркендеу дәуіріндегі ойшылдар антикалық құнды деректердің мазмұнын меңгеріп қоймай, ежелгі дәуірлер тілінде сөйлеп, сол әлемнің рухани дүниесін игеруге тырысты. 16—18 ғғ. Германияда филологияның жана дәуірі басталды. Неміс филологы Ф. А. Вольф «филология» терминін қолданысқа енгізді, 19 ғ- ағы неміс филологтарының (Г. Узенер, Э. Роде т. б.) арқасында көне тарихтан филология бөлініп шықты. Сол кезде романтизм және басқа идеялық ағымдардың әсерімен классикалық филологиямен бірге «жана филология», оның түрлері германтану (ағайынды Я. және В. Гриммдер), славянтану (А. Х. Востоков, В. Ганка) және шығыстану пайда болды. Бірақ кейін тіл білімі, әдебиеттану, тарих т. б. салалар бір кездегі біртұтас тарих-филология ғылымынан бөлініп шыққанына қарамастан, филология баспасөздің ерекше бір тәсілі ретінде бірлігін күні бүгінге дейін сақтап келеді. Қазіргі заманда гуманитарлық білімді математика сияқты формалдандыруға тырысушылық басым. Математиканың нақты әдістері филологияның шеткі салаларында ғана қолданылуы мүмкін, бірақ оның негізгі мәніне әер ете алмайды[2].

Қазақстанда ғылыми ой-пікірдің тууы ежелгі замандардан бастау алады. Археологиялық зерттеулер мен жазба деректер бізге Жетісуда, Орталық және Шығыс Қазақстанда 6 – 8, 9 – 11 ғасырларда-ақ болған ежелгі қалалар мен қоныстар мәдениеті

туралы деректер береді. Бұл мәдениеттің иелері өз көркемөнерін, қолөнерін және жазуын жасаған жергілікті түркі тайпалары: оғыздар, қарлұқтар, кимақтар, қыпшақтар еді. Орта Азия мен Қазақстанның 8 – 11 ғасырларда араб халифатына кіруіне байланысты өлкеде ислам діні таралып, мәдени өмірде араб мәдениетінің ықпалы күшейе түсті. Батыс Еуропадағы латын тілі сияқты араб тілі халифат аумағында халықаралық әмбебап тілге айналды. Алайда жергілікті мәдениет пен тіл сақталып қалды. Араб мәдениетін жасауға және дамытуға халифаттың бір кездегі арабтар жаулап алған елдерінен шыққан көптеген талантты ғалымдары барынша белсене қатысты. Орта ғасырлардағы қалалар өздерінің базарларымен және қолөнершілерімен ғана емес, сонымен бірге ақындарымен, ғалымдарымен, суретшілерімен, бай кітапханаларымен, оқу орындарымен де дүние жүзіне мәлім болды. Қалалардың арасында Үндістан мен Қытайдан Еуропаға қатынайтын “Жібек жолы” деп аталатын сауда керуен жолының географиялық және экономикалық жағынан аса маңызды торабында, Орта Азия мен Қазақстанның отырықшылық-егіншілік аудандарының түйіскен жерінде орналасқан Отырар (Фараб) қаласы ерекше көзге түсті. Отырар кітапханасы қолжазба кітап қорының байлығы жағынан Египеттегі Александрия кітапханасынан кейінгі аса ірі кітап қоймасы болды. Отырарда ұлы ғалым Әбу Наср әл-Фараби дүниеге келді. Ол аса зор ғылыми мұра – жүзден астам ірі еңбектер қалдырды. Орта Азия мен Қазақстан қалаларынан Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Абдаллаһ әл-Хорезми, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Жафар ат-Туси, Рудаки (860 – 941) және басқа көптеген ғалымдар шықты. Хорезмимен бірге әйгілі астрономиялық кестелерді жасауға қатысқан астроном әрі математик – Ғаббас әл-Жәуһари (9 ғасырдың 1 жартысы), сондай-ақ, оның замандастары – Ысқақ әл-Фараби және 40 мың сөзден тұратын араб тілінің түсіндірме сөздігін жасаушы Исмаил әл-Жауһари әл-Фараби танымал болды. Ертгіс жағалауында кимақтар арасынан географ әрі тарихшы Жанах ибн Хақан Қимақи шықты. 10 – 11 ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген Қарахан әулеті мемлекетінде тамаша ақын әрі ойшыл Жүсіп Баласағұни өз шығармаларын жазды, оның 1069 жылы жазылған “Құтадғу білік” кітабы дүние жүзінің көптеген елдеріне тарады және оны ғалымдар бүгінге дейін зейін қоя зерттеуде. Ортағасырлық өркениеттің дамуында Ежелгі Грекия мәдениетінің елеулі ықпалы болғаны сөзсіз. Шығыстың озық ойшылдарының ғылым мен мәдениетке қосқан баға жетпес үлесін сол кездің өзінде-ақ Еуропа ғалымдары да мойындаған

болатын, мұны 10 – 12 ғасырларда Шығыс ғалымдары мен ақындары кітаптарының Францияда, Италияда, Испанияда және Еуропаның басқа да елдерінде аударылып кеңінен таралғандығы да дәлелдейді. Олар: Ибн Синаның (Авиценна) “Медицина каноны”, әл-Хорезмидің “Алгебрасы мен теңдеуі”, Ибн Рушдтің (1126 – 98), т.б. еңбектері. Орта Азия мен Қазақстандағы ғылым мен мәдениеттің 9 – 11 ғасырлардағы дамуы туралы айта келіп, орыс шығыстанушысы Н.И. Конрад ғылыми тәжірибеге “Шығыстың дәуірлеуі” деген терминді енгізді. Қазіргі Қазақстан аумағында ғылым мен мәдениет қарама-қайшы және шектеулі түрде дамыды[3].

Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың шынайы заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты. Кеңес Одағы жүйесінің Зкүйреуі барысында республика ғылыми мекемелері дағдарыс жағдайында болды. Мұның себебі бірнешеу:

- Ғылыми зерттеулердің негізгі көздері мен бағыттарын белгілеу КСРО кезінде орталықтан жүзеге асырылды. Одақтық ведомстволар зерттеу институттарын көбіне республикалардың қалауынсыз жүргізіп келді;
- Республика ғылыми-техникалық әлуетінің басым бөлігі жалпы-одақтық ғылыми құрылымға тартылғандықтан, олар Қазақстан ғылымына қосалқы түрде көңіл бөлді;
- Ғылым академиясы мен салалық ғылым мекемелері (КСРО энергетика және электрлендіру министрлігі 6 мұнай және газ өндірісі министрлігінің батыс қазақстандық институты, т.б.) өзара және академиялармен тығыз байланыста жұмыс істей алған жоқ;
- Экономикалық дағдарыс салдарынан ғылымды қаржыландыру едәуір қысқартылды;
- коммунистік қызметке арналған бағаны ырықтандыру ғылыми мекемелерді ұстап отыру мәселелерін одан сайын қиындата түсті;
- 90-жылдары белең алған құнсыздану ғалымдардың айлық жалақысын төмендетті, көптеген жас та дарынды мамандар бизнеске, шетелге кетті;
- XX ғасырдың 90-жылдарындағы республика ғылымының өрісі, оның жаңа технологиялармен жабдықталуы бүгінгі күн талабына жауап бере алмады.

Аталған кемшіліктердің орнын толтыру бағытында Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі нақтылы жұмыстарды қолға ала бастады. Министрліктің ұсынысына сәйкес 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті

«Ғылымды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық потенциалын дамыту туралы» Жарлыққа қол қойды.

Ойымызды тұжырымдасақ, ғылымның дамуы – дәстүрлер мен жаңалықтардың диалектикалық бірлігі процесі болып табылады. Ғылым бұрыннан келе жатқан дәстүрлерге сүйеніп және оны жаңалықтармен толықтыра отырып дамиды. Бұл күрделі процесс. Ескінің жаңаға орын беруі қашан да қиын жүреді. Бірақ қоғамның дамуы ғылымнан оның жаңалықтық сипатта болуын, жаңа идеялар арқылы қоғам сұраныстарына жауап бере білуін талап етеді, онсыз ғылымының өзі мәнсізденеді. ЖОО ғылыммен айналысуды Елбасымыздың өзі де бірнеше рет атап өтті. 2014 жылдың шілде айында «Бәйтерек-АГРО» ғылыми-өндірістік оқу орталығына барған сапарында «Барлық университеттер ғылыммен айналысу керек. Зертханалар, тәжірибелік жұмыстарды жасауға арналған техникалық базалар ашылу керек» екендігін айтты. Сол себепті барлықтарыңызды жасап жатқан жұмыстарыңызды айтылып өткен журналда көрсетіп, Қазақстанның әлемдегі рейтингін көтеруге шақырамын[4,5,6].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 www.scimagojr.com.
- 2 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.
- 3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, V том
- 4 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. Астана, 2011.
- 5 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты «Назарбаев Университетінде» оқыған интерактивті дәрісі. Егемен Қазақстан, 2012, 6 қыркүйек.
- 6 Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика / В.Д. Бондалетов. М.: Просвещение, 1987. - 160 б.

МӘШҰР-ЖҮСІП ЖӘНЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

МҰХИТОВ Қ. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне байлығының рухани қазынасы. Ол – өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып, келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мирасы.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [1, 56] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

«Мақал мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі факторға байланысты. Оның біреуі – сыртқы фактор болады да, екіншісі – сәйкесінше ішкі фактор» (Ә. Қайдар).

Ғалымның зерттеуіне сүйене отырып, мақал-мәтелдердің шығуын ішкі фактор қатарына жатқызып, оны этностық қауымның ұзақ тарихи процесіне, тіршілік тәсілдеріне, өзіндік дүние танымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, географиялық аумақта, бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізетін рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

Мақал-мәтелдердің зерттелуін бүкіл түркология көлемінде қарасақ, Нәқый Исәнбаттің «Татар халық мәкәльләре» (40 мыңға жуық мақал), С. Гапаровтың «Синтаксический строй киргизских

пословиц», Ю. Ф. Ефимовтың «Лексика-грамматические особенности» сынды еңбектерін келтіруге болады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге қатысты материалдарға шолу жасау барысында оларды жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, жариялау ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды, оның алғашқысы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген болса, екінші кезең - оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш. Уәлиханов. Ал баспа бетіне тұңғыш жариялаған қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болатын. Одан соң, 1899 жылы өзіне дейінгі жарияланған 1500 мақал-мәтелдерді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпенен қазақ тілін алған зерттеуші түркологтардың бірі В.В Катаринский жариялайды.

Осы дәстүр жалғасып, қазақ мақал-мәтелдері 1923 жылы Мәскеу қаласында «Мың бір мақал» деген атпен, 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» деген атпен (құрастырушы Ә.Диваев), Алматыда 1935 жылы «Қазақ мақалы мен мәтелдері» деген атпен (құрастырушы Ө. Тұрманжанов) жариялана бастайды [2]. Ш. Уәлиханов пен Н. Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. Радлов, Щ. Ибрагимов, М. Терентьев, т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбегі ерекше.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындаса, С. Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырды. Мақал да, мәтел де қазақ тіліне араб тілінен кіріккен. Арабша мақал «орынды айтылған сөз» дегенді

білдіреді екен. Мәтел сөзі [масал] сөзінен деформацияланған (с~т). Мақалдарды мәтелдерден айыру керек. Мақалдың басты өзгешелігі болып оның бітімі және дидактикалық мазмұны табылады. Мәтел үйрету мінезімен, ақылды қорытындының бітімсіздігімен айырылады. Сонымен мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал мен мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал, әдетте жалпылама мағынаны білдірсе, мәтел белгілі бір ситуацияға байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, не іс-әрекеттің тек өзіне ғана тән мағынасын білдіруге бейімділігі [3, 56].

Сонымен мақал дегеніміз – накыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтылады. Көбіне ұйқасқа, аллитерацияға, ассонансқа бейімделіп құрылады.

Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді (“Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар”), (“Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер”), (“Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны”), (“Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді”).

Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа накыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, “Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке” – мәтел. “Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың” – мақал. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді.

Зерттеушілер арасында, «мақал мен мәтелдің қайсысы бұрын пайда болды?» - деген сауал бар. Біздің ойымызша: мақал-мәтелдердің құрам-құрылым жағынан бұрын соң шықты деп айту талас тудырса да, мағына жағынан мақалдардан мәтелдер бұрынырақ пайда болғанға ұқсайды. Өйткені логикаға жүгінсек, себебі мен салдарын бірден айтатын мақалдарға қарағанда себебін ғана айтып, салдарын этнос жадынан тауып білуді талап ететін мәтелдер бұрынырақ дүниеге келген көне де байырғы құбылысқа ұқсайды. [3, 58].

Мақал-мәтелдер күнделікті қолданатын ауызекі сөйлеу стилінде, публицистикалық жанрларда, кейбір ғылыми контексттерде, кез келген көркем шығармада кездеседі. Бұдан мақал-мәтелдердің аса кең диапозонда қолданыс табатынын аңғарамыз. Мақал-мәтелдер аса бұрыннан зерттеушілік жұмыстардың бір нысаны болып келе жатқандықтан, осы аталған мақал-мәтелдерге әдебиет, тіл, философия, педагогика тұрғысынан анықтама беруге болады. Мәселен, белгілі орыс ғалымы Г. Л. Пермяков: «С одной стороны, пословицы и поговорки – явления языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическими оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой, чеканной форме обобщающие факты самой действительности», [4, 10] – деп көрсетсе, академик Мұхтар Әуезов: «Мақал-мәтелдер халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы» – деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерін жинастырып зерттеген, топтап жүйелеген фольклорист-ғалымдар бірқыдыру көп. Олардың ішінен бөліп көрсететініміз – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Оның жинаған жазба мұраларынынан көптеген құнды деректер кездестіруге болады. Аталған деректерден алып қарастыратынымыз – мақал-мәтелдер болмақ.

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда ара-жігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға тырысу тек Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлында ғана емес, көптеген басқа фольклорист ғалымдардан көптеп кездестіруге болады [5].

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен құнды. Бұл тақырыптағы мақал-

мәтелдердің жіктелісіне қарағанда, Мәшһүр-Жүсіп халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, адамның түрлі мінез-құлықтарына т.б. байланысты туған мақал-мәтелдер тобын мол жинаған сынды. Бірақ жазбада сақталған мақал-мәтелдер жеке мысалдармен топтастырылып, олардың өзіндік ерекшеліктері, мән-маңызы ашылмаған деуге болады. Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған мақал-мәтелдердің осындай тұстарын айқындап, саралап, жүйеге келтіру маңызды деп білеміз. Жазбада сақталған мақал-мәтелдердің тақырыптық тобы әр алуан. Мәселен 1) *Өнер-білім, ақыл туралы* мақал-мәтелдерді сараптасақ: Ақыл – малда, көрік – көмейде; Ақылсыз бас – аяқтың әлегі; Ақылы жоқтың – жақыны жоқ; Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады; Өнер алды – қызыл тіл; Өнерді үйрен де, жирен; 2) *Бінтымақ-бірлік жайындағы* мақал-мәтелдер: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді; Ердің ерлігін білмеген – Құдайдың «бірлігін!» білмейді; 3) *Адамгершілік-сыйластық жайында*: Иесін сыйлағанның – итіне сүйек сал; Үлкейіп барып, сыпайыны көр, кішірейіп барып, шынайыны көр; 4) *Адамның мінез-құлқы жайындағы* мақал-мәтелдер: Айдан – анық, сүттен – ақ, күннен – жарық, судан – тұнық; Сарғайған жетер мұратқа; 5) *Денсаулық, ауру турасындағы* мақал-мәтелдер: Айналырған ауру алмай қоймас; Ауру – астан, дау – қарындастан; 6) *Ел мен жер жайлы* мақал-мәтелдерге: Ел даусыз болмайды, тау құрсыз болмайды; Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген; 7) *Еңбек туралы мақал-мәтелдер*: Бейнет түбі – рахат; Ексең егін, ішерсің тегін; 8) *Әділдік туралы мақал-мәтелдер*: Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, туғанына бұрған биде иман жоқ; Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды; 9) *Барлық пен жоқтық турасындағы мақал-мәтелдер*: Бар ағайын пәтуада болмас, жоқ ағайын сатуда болмас; 10) *Отбасы, жанұя туралы мақал-мәтелдер*: Жақсы әке – қырық жыл азық; 11) *Мал туралы мақал-мәтелдер*: Малды – тапқанға баақыз, отынды – тергенге жаққыз; Малым – жаным садақасы, жаным – арым садақасы; Мал – байдікі, жан – Құдайдікі; Мал бітсе көзге тал бітеді; 12) *Сөз өнері, тіл жөніндегі* мақал-мәтелдер: Басқа пәле неден? Басқа пәле – тілден!; Қызыл тілде буын жоқ; Тіл – қайыстан қатты, қылыштан өткір; 13) *Жақсы мен жаман туралы* мақал-мәтелдер: Жақсы жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады; Жылқыда өт жоқ, жақсыда кек жоқ, жаманда тек жоқ; Жақсы – көргенін айтады, жаман – бергенін айтады; жақсы лепес – жарым ырыс; 14) *Санға байланысты*: санамасаң, саннан шық;

мың асуға – бір тосу; Мыңды беріп, бірді алсаң, бір байырғыдай болмайды; Мыңның түсін білгенше бірдің атын біл; Қырық кісі – бір жақ, қыңыр кісі – бір жақ; қыс тоқсан түспесе, мұз қатпайды; Жетім құрсағы – жетеу; Жұт – жеті ағайынды, күйеумен – сегіз ағайынды; 15) Қыз-ұл атаулыға қатысты мақал-мәтелдер: Қыз – қылығынан; Қыздың қырық жаны бар; Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол, ұлың өссе ұлықтымен ауыл бол; Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма? Ұл жеп жайына кетті, қыз жеп байына кетті; Ұл он беске жеткенше – қолға ұстаған қобызың, ұл он бестен асқан соң, тіл алмаса – доңыздың. 16) Ұрлық-қарлық туралы: Ұрлық қылса, өледі, шөп жесе, қақалады; Ұры байымас, сұқ семірмес; Ұры басынып ұрлайды, қонақ таңдап қонады; Ұры – түн асқанша, қасқыр – дөң асқанша;

Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында сақталған осындай мақал-мәтелдер тақырыптарының көп түрлілігімен, әрі көлемділігімен құнды. Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларының V-томдығында 1152 мақал-мәтелдер алфавит реті бойынша берілген. Мұнда адамның мінез ерекшелігіне, бітіміне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, дінге т.б. байланысты түрлері көптеп кездеседі. Мәселен, қолжазбада: «Қазақтың: Ат – биеден, алып – анадан» деген сөз тараулары мәнісі, «Екі қырағыдан су қараңғы», «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» дегеннің мәнісі, «Ала арқан жоғалады, бір лақ алып табылады» дегеннің мәнісі, қазақ: «піріден емес, мұраттан» деуінің мәнісі, – деп аталатын т.б. мақал-мәтелдер топтамаларының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін танытудағы мәні үлкен. Сондай-ақ қолжазбалардың бірінде Мәшһүр-Жүсіп саны 176 мақал-мәтелді бір бөліп көрсеткен. Мұндағы мақал-мәтелдердің барлығы рет-ретімен нөмірленіп жазылған. Және де әр беттегі әр мақал-мәтел басынан аяғына шейін жаңадан нөмірленіп көрсетіліп жалпы қолжазбаның 13 бетін қамтиды.

Мәшһүр-Жүсіп өз жазбаларында қысқаша түрде жазып алған мақал-мәтелдерінің кімнен, қалай, нендей жағдайда көшірілгеніне анықтама беріп отырған. Мысалы, «Байды Құдай атқаны, «Жабағы жүнін сатқаны», – деп басталатын топтаманы Мәшһүр-Жүсіп Шортанбай қожа айтты десе, «Қарадан хан қойса, қасиетті болмайды, Үлгісізден би қойса, өсиетті болмайды», «Кәлимасыз пір болса, кереметі болмайды, Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» деп басталатын бір топ мақал-мәтелдерді Мұса Шорман би ұғлынан естігенін жазып қалдырған. Сол сияқты Исабек (Ғайсабек) ишан дуамнан мына мақалды естігенін жазады: «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес». Сондай-ақ «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді»,

«сөз тапқанға қолқа жоқ» мақалдарының қайдан шыққаны, түп төркіні туралы қызықты, баянды әңгіме түрінде айтып береді. Міне, осы сынды қысқаша түсіндірмелер, сілтемелер Мәшһүр-Жүсіп күнделіктерінен, қалдырған қолжазбаларынан көптеп кездеседі. Мұның өзі фольклорлық мұраны жинастыруда фольклорист-ғалымның тыңғылықты жұмыс атқарғандығын аңғартады.

Мәшһүр-Жүсіп жинастырған мақал-мәтелдердің мағына-мәні де мейілінше терең, дені айшықтау түріне бай келеді. Сөздердің өзара үндесіп, үйлесуі, ішкі ұйқастардың бірізділігі, ассонанс, аллитерациялардың мол қолданысы бірден көзге түседі. Мәселен, «Ағайын арасынан ақсайды, «Ат турасынан ақсайды», «Алма алмадан реңк алады», «Ұйықтаған ұйқы алады», «Ұйықтамаған жылқы алады», т.б. ассонанс арқылы жасалса, «Күндестің күлі – күндес», «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу», «Қатын қайраттанып, қазан қайнатпайды», «Қойдан қоңыр қойшының өгізі», «Күлсең, кәріге күл», т.б. мәтелдердің аллитерация арқылы жасалған бірнеше үлгісін көруге болады [6].

Қазақ мақал-мәтелдерінің жиналуы, жариялануы, зерттелуі сөз болғанда, Мәшһүр-Жүсіп еңбектерінен аттап өту – ғалымның еңбегін бағаламаумен пара-пар келеді. Оның мақал-мәтел тақырыбындағы жинастырған зерттеулері бірталай дүние. Осы күнге дейін ғұламаның қыруар шығармалары жарыққа шыққанымен, әлі де болсын кейбір еңбектері аударылмай, баспа бетін көрмеген. Мұның өзі фольклор танушының мұрағатының қалыңдығын байқатады. Осыған қарағанда атқарылатын еңбектің де көп болғаны. Ғалымның мұраларын жинастырып, жариялау ісі – бүгінге ұрпақтың еншісінде. Бұл істің әлі де жалғасын табары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қашқари М. («Диуани лұғат-ит-түрк») 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.

2 [http://semgu.kz/files/shakarim2013\(4\).pdf](http://semgu.kz/files/shakarim2013(4).pdf)

3 Қайдар. Ә. «Халық даналығы» Алматы. Тоғанай Т., – 2004. – 559 б.

4 Пермяков Г. Л «Пословицы и поговорки народов Востока» 1979. – 359 б.

5 http://kk.wikipedia.org/wiki/Мәшһүр_Жүсіп_Көпеев

6 12. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 5-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 410 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛГЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ОРАЗБАЕВА Н. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Сәкен Сейфуллин

Қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының қомақты біл бөлігі — публицистика. Ол алуан тақырыпқа мақалалар жазып, елдің санасын оятты. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы барлық алаш қайраткерлері сияқты Ахмет да бірнеше тақырыптарға қалам тартып, ағартушылық идеяларды халық арасында орнықтыруға тырысты. Оның кез-келген мақалалары сол саламен көп жыл айналысқан маманның жазғаны секілді әсер қалдырады. Не жазса да, мәселені тереңнен қозғайды, жұртшылыққа мол мәлімет береді. Көтеріп отырған мәселесін өте жетік біледі және оны оқырманға өте ұғынықты тілмен баяндайды. Әсіресе, «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары арқылы ұлтқа жетекші болып, бағыт-бағдар берушінің ролін атқарды. Академик Серік Қирабаев айтқандай, «Ахмет пен Міржақып шығарған «Қазақ» газеті олардың көркем туындыларында көтерген идеяны ашық публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды» [1, 10].

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған “Тағы да народный сот хақында” (1911), “Қазақ һәм ІҮ Дума” (1912), “Земство” (1913), “Жер жалдау жайынан” (1913), “Көшпелі һәм отырықшы норма” (1913), “Уақ қарыз” (1913), “Бұ заманның соғысы” (1914), “Жәрдем комитеті” (1915), “Закон жобасының баяндамасы” (1914) (осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынұлы штраф-айып төлеген), “Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение” (1914), “Губернатор өзгертілуі” (1914), “Соғысушы патшалар” (1914), “Қазақ жерін алу турасындағы низам” (1913), “Қазаққа ашық хат” (1916), “Бастауыш мектеп” (1914), “Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек” (1923), “Партия һәм кеңес құрылысындағы рушылдық әсері” (1926) сияқты

көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсынұлының көзқарасы эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді.

Ал ғалымның тілші, әдебиетші ретінде жазған еңбектері бірнеше том боларлық мол дүние, бұлардың ішінде 1913 жылы жазылған “Қазақтың бас ақыны” еңбегі – оқшау, дара тұр.

Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырманының алдына тартылды. Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынұлы мақалалары алдымен “Айқап” журналында, 1913-1918 жылдар арасында өзі редакторлық еткен “Қазақ” газетінде, кейін кеңес баспасөзінде жарияланған.

Мақалалар саны көп, олар мерзімді басылым бетінде шашылып жатыр, бұларды жинап, сұрыптап, ой елегінен өткізіп, жүйелеп бастырып шығару арқылы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тарихи зердеміздің қазір ойсырап, үңірейіп тұрған беттерін толтыратын боламыз. Қазіргі қолда бар материалдардың негізіне сүйенгенде қаламгер – оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер иегері, кәсіп істеу, халықаралық қатынастар, тарих, құқықтану, заң, философия, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңнен қозғап, өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйытқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған. 1917-19 жылдар арасында әр қиянды шиырлаған кездерін автордың өзі де мойындаған.

Автордың “Қазақ өкпесі” мақаласында (“Айқап”, 1911, № 2) тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. “Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты”, дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

Бұл бағытта жазылған, бірі-бірімен сабақтас мақалалар өте көп. “Оқу жайы” (“Қазақ”, 1913, № 11) мақаласында өз кезіндегі мектептер ісін тиянақтай отырып, сол тұстағы Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды, әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, әл әрбір үш жүз кісіден 1 әйел қазақша, төрт мың кісіден 1 әйел орысша хат таныды деген

дерек келтіреді. “Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимун (педучилище) жоқ” деп күйзеледі. Мұның үстіне автор қазақша, орысша, екі тілде білім алу жүйесін ерекше қолдап, “жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын” деп дәл қазіргі күндегі тәуелсіздік шарттары алға міндет етіп қойып отырған терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

Ал, революциядан бұрын жазған еңбектердің басым көпшілігінің негізгі идеясы ағартушылық, демократтық, прогрестік биік нысана, олар біздің азаматтық, рухани дамуымыздағы маңызды, мәнді кезеңдер шындығын ашады, бірқыдыру ойлар, пікірлер дәл қазіргі уақытқа қызмет ететінін көруге болады [2]

А.Байтұрсынов көсемсөздерінің ішінде көзге айрықша түсетін екі мақаласын айтуға тиіспіз. Бұл екі мақала да әскери тақырыпқа арналған. Екеуі де 1914 жылы жазылған. «Қазақ» газетінде жарияланған. Біріншісі «Соғысушы патшалықтар», екіншісі «Бұ заманның соғысы» деп аталады. Осы мақалаларды оқып отырып, ғалымның бұл тақырыпты әскери ғылыммен өмір бойы айналысқан адам секілді жіліктеп тұрып талдайтынын көреміз. Ол қарастырып отырған мәселесін соғыс тактикасына жетік тәжірибелі қолбасшы сияқты талдайды. Халықаралық ахуалға баға береді. Бір-біріне өштесіп, жауығып отырған елдердің географиялық сипаттамасын беруді де ұмытпайды. «Европа патшалары көптен берлі өзара соғысқан жоқ. Өзара соғыспай, өзгелермен соғысып, я тіпті соғыспай тыныш отырып, соғысқан патшалардың арасына билік айтып, үлкен ауылдың сыбағаларын алып, жай отыратын еді. Екі ұлық патшаның арасынан соғыс шықса, ол соғысқа, араларында байласқан уағдалары бойынша, басқалары да кірісіп, соғыс ұласып, ұлғайып, ақыры немен тынарына көз жетпей, бәрі де өзара соғысудан тартынушы еді. Соғыспаса да, қарау-жарақтарын бәсекемен сайлап, соғысатындай күтініп, бірін-бірі аңдумен келе жатыр еді» [3, 275], — дейді ол «Соғысушы патшалықтар» атты мақаласында.

Ахаңның бұл мақаласының жазылу мақсатын былай түсіндіруге болады. Европадағы халықаралық ахуалдың қалай өрістегеніне Ресейдің жағдайы тікелей байланысты болмақ. Жауласушы

мемлекеттердің бәсекесінде Ресей жеңіске жете ме, әлде жеңіліс таба ма деген мәселе өте маңызды. Өйткені Ахаң Ресеймен тағдыры тоғысқан қазақ жұртының келешектегі тағдырына алаңдайды. Сол тұрғыдан көзі ашық, көңілі ояу оқырманға жеткілікті мәлімет беруге тырысады. Қазақ халқын алдағы уақытта күтіп тұрған оқиғалардан хабар береді. Тосын жаңалықтың бәріне елең ете қалатын халыққа сабырға шақыратын, сабасына түсіретін ой айтады. Әр түрлі себеппен болып жататын соғыс пен қақтығыстардың өзін тарихтың заңдылығы деп түсіндіреді: «Тарих жүзіне көз салсақ, таласпаған, соғыспаған халық көрінбейді. Бұл күндегі халықтар да, қанша ғылымды, өнерлі, білімді, мейірімді болдық десе де, аталарынан ұзап алыс кете алған жоқ». Соғыспай тұратын күйге әлі жеткен жоқ» [3, 275].

Жалпы, «Қазақ» газетінде жарық көрген материалдардың бәрінде де ұлттың қажетіне жарайтын ұсақ-түйек деген жәйттерге дейін ескеріліп отырған. Бұл тұрасында ахметтанушы Ө.Әбдіманов: «Газеттің жеткен жетістігі, оның бас жазушысы Ахмет Байтұрсынов көшелілігіне тікелей байланысты» [4, 165], — дейді. Халыққа қажет нәрселер осындай ұғынықты тілмен газет арқылы баяндалды. Ол тұста жұртшылықтың қоғамдық пікірге құлақ қойғаны, ағартушылық идеяларға ықыласты болғаны ескерілмей қалған жоқ. Анығын айтқанда, «сөздің құдіреті де осы жерде сезіледі. Алаш азаматтарының қолындағы жалғыз қаруы — баспасөз. Сол арқылы елге тараған жанайқай — жүректен шыққан сөздер кімді де болсын ұйғытып, жан тебіртпей тұрмайды» [5, 163]. Біз бүгін мысалға алып отырған мақалаларда да алдымен осындай мақсат көзделді.

Ахмет Байтұрсыновтың «Бұ заманның соғысы» деген мақаласы сол дәуірдегі қарулы қақтығыстардың сипатын көрсетуге арналған. Алдымен елдің көзін ашып, сыртқы дүниедегі жайлардан хабар беріп, ұлтқа болашақта қатер қайдан төнетінін аңарту мақсат болған секілді. Бұл мақаласында да Ахаң соғыс тактикасының майын ішкен кәнігі маманның көзқарасын танытады. Ол әдетінше, ең алдымен мақаласының алға қойған міндеттерін аңдатады: «Өткен нөмірде соғысқа кіріскен патшалардың қай жағының әскері көп, қай жағының флоты күшті екенін айтып едік. Енді бұл заманның соғысқа жұмсайтын құралдары һәм соғысу тәртібі қандай екендігін айтып өтпекшіміз» [6, 278]

1913 жылы “Қазақтың” тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған:

“... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету

керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті”.

«А.Байтұрсынұлы — гуманист күрескер. ...Ол қарапайым тілмен, ретімен тәптіштеп түсіндіруді артық санамайды» [7, 365], — деп Дихан Қамзабекұлы айтқандай, ұлы ғалым айтар ойын өте ұғынықты сөзбен баяндайды. Себебі, ол мақаласын оқытандардың негізінен қарапайым, санасы енді ояңған, білмекке күштар адамдар екендігін әбден ескерген сияқты. Осыған орай көтерген мәселесін таза педагогтік тәсілмен ежіктеп отырып, миға сіңіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қирабаев С. Алашорда және қазақ әдебиеті // Алаш және Өуезов, Алматы: Жазушы, 2007. — 304 бет.

2 http://referatik.kz/load/azasha_referattar/debiet/a_bajtrsynovty_shyarmalary/7-1-0-316

3 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы: Жалын, 1991. — 464 бет.

4 Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы. Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 183 бет.

5 Кәкішев С. Ахан туралы ақиқат. Алматы: Қазақстан – Шапағат, 1992, — 112 бет.

6 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы: Жалын, 1991. — 464 бет.

7 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Астана: «Фолиант», 2002. — 474 бет.

МҰХТАР МАҒАУИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

ОСПАНОВА А.

4 курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.

Поэтиканы зерттеу ерте дәуірлерден басталады. Ғылымда Ерте Антикада Аристотель негізін қалаған поэтикаға ерекше назар салып, оның басты сипаттарын белгіленді. Аристотельдің поэтикасы жалпы сөз өнерінің бүгінгі тілмен айтқанда тек пен түрге бөліне отырып, қазақы түсінік пен танымды қайталайды [1]. Аристотель сөз өнеріндегі поэтиканың негізі поэзиядағы (поэзия деп драма мен эпосты қоса алады) үйлесім мен ырғақ деп белгілейді. Осы тұста оның пікірлерінің бірі – қазақ өнері жайындағы бағалы оймен сабақтастығында. Ежелгі грек ғалымы да қазақ даласындағы өнер жайындағы танымда әдебиетті – өнердің ең жоғарысы деп бағалайтындығында. Бұл қазақ мақалындағы «Өнер алды – қызыл тілдің» өнер үшін ғана емес, ғылым үшін де мәнін айқындайды.

Аристотельдің поэтикасының басты қағидасы сөз өнерінің негізгі түрлерін жіктеп, оны тектік сипаттарын ғана айқындауында емес, ойшыл поэтиканың негізгі белгілері ретінде:

- 1) фабуланы (шығарманың негізгі «жаны» деп алады);
- 2) характер (бұл көркем бейне де, көркем сөз де);
- 3) ой – идея ;
- 4) мәтіннің өзі деп қабылдайды.

Осы белгілерге қарап отырып жалпы поэтика туралы қазіргі ғылымдағы пікірлердің түп-төркінінен алыстай қоймағандығын байқаймыз. Поэтика – қазіргі әдебиет ғылымында әдебиеттанудың пәні, көркем туынды ерекшеліктерін, нақтырақ айтқанда құндылығын бар табиғатымен айқындайтын жүйе. Поэтиканы негізгі 3 салаға бөледі.

1. Мәтіннің дыбыстық жағы;
2. Сөздік қалпы;

3. Образдық құрылымы жағынан қарастырады. Бұл үш жақыт үйлесімнің мәніндегі басты мақсат – біртұтас үйлесім арқылы эстетикалық амалдарын анықтау. Бұл тәсілдер поэтиканы әдебиет теориясымен үндес ұғымда анықтаса, ал негізгі мәнде әдебиет теориясының бір саласы ретінде зерттейді.

Әдебиет теориясының нысаны ретінде поэтика осы саланың барлық жүйесін қамтиды: тек пен түр, түрлі ағымдар мен бағыттар, стиль мен әдеби әдістердің берілуін назарға алады. Көркемдік жүйе

ретінде тұтастық қалпында әдеби жүйенің өзара байланыстарын, бір-бірімен сабақтаса біріккен тілдік, бейнелілік, пішіндік т.б. белгілері алынады. Осындай нысандық белгілері оны ағым мен бағыттың, әдістік сипаттарына қарай романтизм, сентиментализм, реализм поэтикасы деп зерттейді. Әдебиеттегі бейнелеу құралдарының тілге қатыстылығын ескерсек, онда поэтика көркемдік құралдар тілін зерттейтін ғылым ретінде де танылады (мысалы, көркем әдебиеттің тілі).

Жоғарыдағы белгілерді жүйелей келгенде поэтика көркем шығарма құндылығын, эстетикалық әсер қалыптастыратын элементтерін айқындап, оны біртұтас ету әдістерінің жиынтығы болып табылады (мысалы, лирикалық өлеңдерде ырғақ, ал прозада сюжет басты рөл атқарады).

Қазақ әдебиеттануында Ахмет Байтұрсынов поэтика ұғымын *қисын* деп алады. Ол тіл қисыны яки лұғат қисынына сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу деген анықтама береді. Шығарманың өңді, ұнамды болу шарттарын белгілейді: ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды [2].

Поэтика мен жалпы әдебиеттану ғылымдары ортақ нысандарға әкеледі. Бұл тұрғыда жеке қаламгер шығармаларының поэтикасын зерттеудің өзіндік ерекшеліктерін атаған жөн. Жеке қаламгер поэтикасы оның шығармашылық лабораториясын, тақырыптық-идеялық ұстанымдарын, кейіпкерлер панорамасын ашатын әлем екендігі мәлім. Сондықтан да жеке қаламгер поэтикасы оның сөз өнерінің иесі ретіндегі талант, талғамын, азамат ретіндегі ұстаным, қағидаларын жалпы шығармашылығы арқылы ашып көрсетеді. Бұл тұрғыда поэтиканың нысаны тұтастай шығармашылық әлемі болып табылады. Қазақ әдебиетіндегі қарымды қаламгерлердің бірі – Мұхтар Мағауин шығармалары 20-ғасырдың екінші жартысындағы көркем кестелері сөз үлгілерінің бірі. Жазушы шығармашылығы шағын прозалық шығармалар әңгімелерден бастап, кең көлемдегі роман-диалогияға дейін ұласып жатады.

Жазушы әңгімелерінің өзі де әр кезең суреттерін көрсетеді. Сол әр кезеңді бейнелеуіне қарай поэтикалық қалпымен де өзгеше. Бұл өзгешеліктер

- тақырып таңдау мен идеяны беруде;
- көркем кейіпкер бейнесін жасауда да;
- шығарма құрылымын тұтастыруда,
- сөз қолданысында анық байқалады.

Жазушы өз әңгімелерінің бір тобын «Иесіз әңгімелер», бірін «Бейкүнә әңгімелер», келесілерін «Доңыз жылғы балалық» және «Еркіндік бастауындағы әңгіме» деп бөледі.

Алғашқы топқа кіретін әңгімелерге тән ортақтық:

– қазақ ауылының, қалаға енді үйренісі бастаған қазақ халқының 20-ғасырдың 70-80-жылдарындағы жай-күйі суреттеледі;

– қазақы ашықтық пен тазалықтың жаңа қалыпқа түскен бейнелері бар;

– қаланың тар бөлмелеріне келіп, қысқа көшелерге тіреліп, кең далаға үйренген жұрттың бейнелері суреттеледі. Осы тар жерге еріксіз үйрен бастаған кейіпкерлер бейнесі жасалады;

– жазушының алғашқы әңгімелерінің қатарынан болса керек, ортақтық құрылым мен түйінде де бар. Әр әңгімедегі негізгі оқиға баяндалып, шешім ашылмайды. Бірақ жазушы суреттуінен оны анықтау да қиындық келтірмейді;

– кейіпкерлер бойында әдеттен тыс өзгешеліктер жоқ: күнделікті өзіміз көретін, бірақ назар сала бермейтін кейіпкерлер. Оларды бүтіндей жақсы немесе бүтіндей жаман деп бөлуге де келмейді;

– жазушының алғашқы әңгімелеріндегі кейіпкерлер болмысының құпиялылығымен өзгелерден басқа болатын. Олардың бойындағы құпиялылық әрбір жанның бойында бар мінездерге қарай жетелейді. Сонымен де әңгімелер кейіпкерлерін кейде жаныңнан табатындаймыз; «Бейкүнә әңгімелер» деген келесі бір тобының да басты сипаттары жазушының алдыңғы туындыларының стилімен, тақырыбын, идеясы мен кейіпкер жасау ерекшеліктерін танытқанымен, көркемдіктегі айырмашылықтарды анықтауға болады.

Бұл әңгімелер 1980-жылдардың соңынан ала жазылған. Қоғамдағы социализмге деген сенім өзгере бастаған кез екені белгілі. Елдің Кеңестік өкімет пен болашақ коммунизм туралы ойлары ашық айтыла бастаған. Жариялылық, пен қайта құру қоғамдағы пікірлерді де жария ете беруге соншалықты қарсы емес еді. Жазушының осы кезеңдегі әңгімелерінің бірі – «Әжеде» ұлттық құндылықтардың кете бастағаны суреттелді. Қаладағы жалғыз баласының тілекші ауылдағы ананың жайы немересі Нағима сезімдері, қабылдауы мен көргендері арқылы беріледі. Нағима – әжесінің қолында өскен, енді қалаға келген соң әжесімен жиі хат алысып тұратын сүйікті немере. Нағиманың әжесіне қатынасы арқылы оның ата-ана парызын ұмытқан әкесі мен шешесінің де бейнесі ашылады. Барлығына көнген, баласы үшін ғұмырын берген

ананың ендігі тілегі жалғыз немересі еді. Сондықтан да хатында үнемі оған бақ пен жақсылық берер ақылдарын аямайтын. Хат арқылы әжесінің баласы мен келінінен көңілі қалғанымен де, ендігі сенімі тек немересінде. Қаншама көңілі қалғанымен, немересіне ата-анасын тыңдап, түсініп сыйлауды ғана қалайтын ананың кен жүрегі кімді де болсын риза етеді. Осындай әңгімелердің қатарына «Биік үйдегі бөрібасар» деген әңгімені де ұқсатуға болады. Әңгімедегі әже бейнесі негізгі кейіпкер болмаса да, ұлттық таным мен түсініктен кете бастаған келіні мен ұлына қарсы қазақы қалыпты түсінетін бейне болып суреттеледі. Жазушының екі әңгімесінен ортақтықты бірнеше қалыпта табуға болады. Екі әженің де қуанышы – немесерлері. Әңгімедегі кейіпкерлер – жаңа заман, жаңа қоғам дегенге үйренген, әрі бұл қоғамды өздерінің жан тыныштығы үшін өмір сүруге арнағысы келетін адамдар. Байлық пен дүние жинауға бет бұрған, сол жолды таңдаған ұл мен келіннің тәубасын келтіретін персонаждар бар. Алғашқысындағы аналары болса, кейінгілерінде – аузықтаудан кеткен Бөрібасар.

Қаламгер әр істің де жақсылығы мен жамандығы боларын ескертеді. Барлық жақсылықтың да берер шапағаты болатыны сияқты, барлық жамандықтың да әкелер кесірі бар. Бұл қалай болары белгісіз. Сондай ойды осы топтағы әңгімелер ішіндегі «Алтын тіс» әңгімесінен табамыз. Ана махаббаты мен, ана көңілі, сезімі алдамайды деген негізгі ойды түйгіміз келеді. Бірақ қаламгер басты екпінді оған қоймайды. Түрлі әңгіме айтушылардың айтқан бір әңгімесі деп береді. Әңгіме басы Ы.Алтынсариннің шеберлігінен басталады. Ұлы ұстаздың шағын әңгіме жазудағы шеберлігі айтылып, оның шығармаларының қазірге дейін маңыздылығына өзгеше назар аудартады. Сондықтан да «Алтын тісте» Ы.Алтынсариннің әңгімесі қайта еске алынады.

Жазушының бұл топтағы әңгімелерінің басты сипаттары тақырып пен идея маңына топтасады.

- ана мен бала, отбасы сезімдері;
- ананың сүйіспеншілігінің шексіздігі, бала – ұрпақ жалғасы, ұлттың тірегі, сүйеніш пен тірегі,
- балалық тазалық, адалдық пен соны бағалай білу, сәбиге қуаныш сыйлау;

М.Мағауиннің осы топтағы әңгімелеріні келесі «Доңыз жылғы балалық» деген балалық шақ естеліктері толықтырады.

Кез келген қаламгер шығармаларында бірлік пен тұтастық болады. Бұл тұтастық поэтикалық блгілерде көрсетілгендей,

сөз, мағына, дыбыстан басталады. Осы үш бірлік Мағауин шығармаларына да тән. Әңгімелеріндегі жылылық пен әрбір оқырман өзі де бастан кешірген немесе таныс жайлардың ішіндегі өзгеше тұстар әңгімелер тақырыбы болған. Осы тақырыптардан жазушы ұлттық таным ойлауымен қалып қоймай, жаңа қоғам қажетіне қарай ой қорытуға жетелейді. Жазушы әңгімелерінің басты поэтикалық құндылығы да осында болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аристотель. Этика. Политика. Риторика. Поэтика. Категории. Минск: Литература, 1998. - С. 1064-1112.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол, Алматы, Жазушы, 1992, 547-бет.

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ КӨТЕРІЛУ

РАБИЛОВА Н. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шерхан Мұртаза қазақ журналистикасына тың дүниелерді енгізген тұлға. Оның публицистикалық еңбектері арқылы оқырман әдеп, адамгершілік және парасатты тереңнен ұғынуды үйренді. Жақсы журналист болу үшін – әдебиетті жақсы білу керек екенін өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы көрсете білді. Ол қаламды өмірлік қару етті. Әділ сөзді, шындықты дұрыс көрді. Әдебиетте, журналистикада халықтың тынысын айта білген өжет адам. Оқырманды ойландыратын және ой тастай білетін жазушы. Оның табандылығы мен рух жігерлігіне, бүгінгі жастар үлгі тұтулары қажет. 1932 жылы ашаршылық кезінде дүние есігін ашқан Шерхан Мұртаза өмірден, жастық шағынан бастап жеңілмеуді үйренді. Шығармашылықтың адамы қиындыққа тап болған сайын шындала түсетіні айқын. Себебі рухы мықты адамдарды қиындық құлатпайды. Өмірі күреспен өткен Шерағанның оқырмандарына да беретін ойлары көп. Өйткені өмірде азды емес, көпті көрген тұлға. Сондықтан ол өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Шерхан Мұртаза ұлттық намыс, тіл мәселесі және адами құндылықтарды көп жазды. Ұлттық мәселелерді халыққа шынайы сөздерімен айтты.

«Елім, саған айтам, Елбасы сен тында» тақырыбында жазылған Камал Смайылов екеуінің хаттары журналистика әлеміне тың

жанрды енгізді. Қос журналист азаттыққа оңай жетпегенімізді, ендігі мақсат тәуелсіз елдің тұғырындағы көк туды құлатпауды ертеден ойлады. Халыққа елдегі болып жатқан өзгерістерді іштей бұқпай, керісінше жазып, айтты. Сол мәселелердің шешімін табуға тырысты. Бұл еңбекте «Журналистің мақсаты- қоғамдық маңызы бар мәселелерді қозғау, көтеру, ел назарын соған аудару, ал содан нақтылы қандай істер, нәтижелер шығатыны сол іс басында отырған адамдардың ой –өрісіне, қабілет қимылына байланысты » - деп Камал Смайылов журналистің нақты қалай жұмыс істеу керектігін жазды. Сондықтан екі нар тұлғалы азаматтар бұл еңбекте елдің дамуы үшін қандай іс – әрекеттер жасалу керектігін айқын дәлелдеп берді. «Тәуелсіздік – жаңа шығып келе жатқан күн. Елдің емес, жас мемлекеттің емес, өз қарақан басының қамын ойлаған жемқорлар, паракорлар, Қазақстан байлығын талан таражға салған сатқындар! Жаңа шығып келе жатқан Күнді көлегейлеп, бұлтпен бүркемелеп, түмшаламандар!»[2946]- деп Шерхан Мұртаза елдегі болып жатқан әділетсіздіктерге бейжай қарап отыра алмайтындығы көрініп – ақ тұр. Камал Смайылов екеуі бастаған бұл игі мәселеге елім деп жүрегі соққан әр азамат «Егемен Қазақстан» газетіне жауаптарын жаза бастады.

«Тек адамдар имансыз болмаса екен. Әркім атақ-дәреже, мансап дегенді өз бойына, өз ойына, талант – талайына шақтап өлшесе, нысап деген қасиетті ұғымды ұпытпаса деймін ғой. Әйтпесе, қазір көшеде келе жатып, абайламай, біреумен қақтығысып қалсаң, академик болып шығады. Анау да академик, мынау да академик. Үлкен де академик, кіші де академик. Мейлі ғой, қызғанбайық. Бірақ, бұл ғылымдағы инфляция ғой. Осыны неге түсінбейді «академикті» оңды солды үлестірушілер? «Академик» деген атаққа шыннан лайықтымын ба? деп бір сәт неге ойланбайды атақ-дәреже алушылар? Неге көз алдарына Мұхтар Әуезовті, Қаныш Сәтбаевты елестетпейді бір сәтке? Өз шама-шарқын солардың ұлылығымен, даналығымен неге ойша салыстырмайды? Біле білсе, оңай академиктер қорлады ғой ғылымды да, ұлыларды да !»[306 б]- деген сөзі ғылыммен тек қабілеті бар жандар айналысу қажет екендігін өз сөзімен дәлелдеп отыр. Ғалымдар, академиктар қоғамда көп болғанымен өкініштісі ашқан жаңалықтары аз. Бүгінде Ш. Мұртазаның көтерген мәселесі қазіргі күнге дейін шешімін таппай келе жатқаны көңілге қаяу салады.

«Қазақстан – бәріміздің ортақ үйіміз.

Кім үйін лас ұстағысы келеді дейсің?!

Ортақ үйдегі әр азамат таңертең ұйқыдан тұрғанда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істеуім керек? – деп түрегелсе, ұйқыға жатарда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істедім?- деп жатса» [2716] Ал жеке басынан бұрын халықтың, елдің жағдайын ойлау қажет екендігін Шерағанның осы бір сөзінен аңғарамыз. Бір сөзінде «Занның азы, орындалуының көбі лазым. Әйтпесе не, Конституцияда да, заңда да жазылған. Адам еңбегін қанауға болмайды. Адам еңбек етті ме – ақысын алсын! Бұл қағида қасиетті Құран –Кәрімде де айтылған» [4146]- деген сөзінен әділетті адам екені аңғарылады. «Елге оралған ағайынға жылу беру – ата – бабамыздың адамгершілік дәстүрі. Жылу беру- қайыр –садақа емес, ағайынның жанын жылыту, ұясын жылыту деген ұғым. Сонда ертең сен жаурасан, ол сені жылытады. Ұлттың бірлігі, бауырмалдығы осындайdan құралады.» [3556] – осы сөз қоғамды бауырмал болуға үйретеді. Абай Құнанбайұлының «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» - деген өлең шумақтарындай жазушы Шерхан Мұртаза адамзатты бірлікке шақырады.

«Бала проблемасы – мемлекеттік тұрғыдан алғанда, әсіресе, біз үшін өте өзекті мәселе. Соңғы жылдары қала тұрмақ, ауылда да бала өсімі азайып кетті. Әрине, заманды тұрмыс билемей қоймайды. Ал, тұрмыстың нашарлағаны жасырын емес. Сан жағынан өскеніміз жақсы. Ал, сапа жағынан ше? Нашар тұрмыстан дүниеге нашар бала келеді. Ол аурушан, әлжуас. Оның үстінде адам өзі қолдан жасаған экологиялық апаттардың бала тууына ғаламат залалын қосыңыз» [3946].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірсек Шерхан Мұртаза шер тарқатып оқырманға зерделі ой тастайтын жазушы. Әдеби шығармаларында, публицистикалық еңбектерінде адамгершілік деген ұғымды ұмыт қалдырмай, жастарды иманды болуға шақырады. Ол өмірлік өшпейтін сөздер қалдырған нар тұлғалы азамат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 К.Смайылов «Үш томдық шығармалар жинағы», Алматы, 2003 жыл

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БИЛИНГВИЗМ

РАҚЫМФАЛИЕВА А. О.
3-курс студенті, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Жалпы қазақ тіл біліміндегі қызықты әрі тың тақырыптардың бірі-билингвизм. Билингвизм жайлы мәліметтер, нақты фактілер әліде болса толық зерттеуді қажет етеді.

Билингвизм (костілділік, лат.бі «екі»+lingua «тіл»)-екі тілді қатар қолдану [1].

Қазақстанда қазақ не орыс тілінің араласуынсыз, өзге тілдерден құралған костілділіктің оншақты түрі бар. Олар тәжік-өзбек, дүнген-ұйғыр, түрік-әзірбайжан, татар-ноғай және т.б. Қостілділіктің бұл түрлері туралы мәлімет аз болса да, тілдердің аймақтық қатынасының айғағы [2].

Қостілді адамның ғылыми атауы билингв. Билингвизмды зерттеумен психоллингвистика, нейролингвистика, социоллингвистика ғылымдары айналысады. Қостілділікті зерттеуде В.Ю. Розенцвейга, Ф.П. Филина, А.А. Метлюк, Г.М. Вишневская, В.Д. Бондалетов есімдерін ерекше атап кеткеніміз жөн. В.Д. Бондалетов: «Билингвизм-бұл костілділік, яғни, бірінші тіл міндетті түрде ана тілі, ал екіншісі жүре бара үйренген тіл. Бірінші үйренген, әрі қолданысы көп тіл-ана тілі болса, екінші тіл қосымша қызмет атқарады. Индивидтің қай тілдерді жиі қолданатыны, әрі қайсысын басты орынға қоятының тәжірбиеде анықтау қиынға соғады. Кей жағдайларда, индивидтің бір емес бірнеше тілді қатар қолдануы мүмкін»-дейді. Ал Г.М. Вишневскаяның пікірінше билингвизмнің ең көп тараған түрі: жасанды әрі табиғи болып екіге бөлінеді. Оның тұжырымы былайша оқылады: «Біз көп жағдайда жасанды костілділікті кездестіреміз, бұл кезде басым рөлді айтушының өз тілі алады да, ал екінші тіл көмекші ретінде жұмсалады.» Америка лингвисті Л. Блумфилдтің айтуынша: «Қостілділік дегеніміз-ана тілімен екінші тілді қатар, еркін меңгеру», бұған қарсы пікірді Э. Хауген ұсынды. Э. Хауген: «Екі тілді қатар қолданғанда, бір тіл міндетті түрде басымдыққа ие болады» - деп есептейді [3].

Ғалым К. Гавранен билингвизмді «тілдік қатынастық ерекше жағдайы» ретінде қарап, бұл терминді қолдану тек ұжымдық екітілділікке қатысты екенін айтып, түсінік береді [4].

Ал В.А. Авронин билингвизмге мынадай анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру.

Нағыз костілділік екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады [5].

Ал Қазақстандағы костілділікті зерттеу, еліміз тәуелсіздікті алғаннан кейін басталды, атап айтсақ З.К. Ахметжанова, С.А. Асанбаева, М.К. Исаев, С.Т. Саина, М.М. Копыленко, Б. Хасанұлы және т.б. ғалымдар зерттеулерін жүргізді.

Белгілі ғалым Б.Х.Хасанұлы: «Қостілділік-белгілі территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумының) әр түрлі жағдайда екі тілді (әдетте ана тілі мен екінші бір тілді) алма кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана костілді (билингв) болып саналады»-дейді [6].

Б.Хасанұлы 1976 жылы жарық көрген «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» еңбегінде көпұлтты Қазақстандағы тілдік жағдаятқа мінездеме берді. Қазақстан халқы тілдерінің арала суын, орыс, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, корей, неміс т.б. Қазақстанда тұратын өзге ұлттардың ауызша және жазбаша тіліндегі қазақшылықтың кездесуіне талдау жасады. Кеңес кезіндегі орыс, ұйғыр, дүнген, корей және неміс тілдерінің Қазақстандағы қызметіне тоқталды. [7].

Ғалым Е.Ю.Протасова былай деп тұжырымдайды: «Қостілділік жеке жағдайда, ал көптілділік жай мағынада-екі тілде қатар сөйлеу мүмкіндігі, яғни, екі тілді деңгейінің ана тілін меңгеру деңгейіне сәл де болса жақын болуы, ал ғылыми тұрғыда-күнделікті өмірде екі тілді жүйелі қолдану. Тілдердің қоғамда толық жетіліп дамуы немесе тең дәрежеде қалыптасуы, сондай-ақ бір-бірімен араласып кетуі, немесе, бір-бірімен тәуелсіз жағдайда болуы мүмкін. Тұрақты тілдік жағдайда, қоғам мәртебесі жоғары беделді тіл және мәртебесі төмен беделсіз тіл қатар өмір сүреді. Оның біріншісі-грамматиканың күрделі болуымен ерекшеленіп, көбінесе ресми жағдайларда және жазбаша жазуларда қолданады. Ал екіншісі-күнделікті өмірде, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады [8].

Ә.Д.Сүлейменова және Н.Ж.Шаймерденова костілділік түріне былайша сипаттама береді. Аймақтық костілділік-елдің белгілі бір аудан тұрғындарының екі тілді білуі және пайдалануы, ұлттық костілділік-елдің осы аталған этностарының екі тілді меңгеруі және пайдалануы. Республика тұрғындарының арасында орыс тілін меңгеру кенінен тарағандықтан қазақ-орыс билингвизмі

ретінде сипатталады. Сондай-ақ қосымша қостілділік-деп, билингв екінші тілді бірінші ана тілінің құзыретін жоймай пайдалануын атайды, ал егер билингв екінші тілді меңгеру жағдайында бірінші тілдің құзыретін жоғалтатын болса, ол-орын басатын қостілділік деп аталады. Екі тілді жетік меңгеру-амбилингвизм деп аталады. Семиллингвизм дегеніміз индивидтің ана тілін де, екінші тілді де толық меңгермей, екі тілдегі күрделі конструкциялардың мағынасын беруде қиындықтарға тап болуы [9].

Қостілділікке әр түрлі классификация берілуде, соған байланысты Б.Хасанұлы әлеуметтік-лингвистикалық негізде жасалған классификацияны ұсынады:

а) қостілділіктің түрлерін оның белгілі қауыммен сәйкестенуінің бағытына қарай жеке, топтық және бұқаралық қостілділік деп жіктеуге болады;

ә) тілдерді игеру тәсіліне қарай табиғи және жасанды түрлерге бөлуге болады;

б) тілдерді меңгеру деңгейіне қарай координативтік (таза) және субординативтік қостілділіктің түрлерін сипаттауға болады [10].

Ал ғалым Ф.Вальверду қостілділік түрлерін былайша қалыптастырады: 1) инструменталдық-интеграциялық (бұл қостілділік түрлері жеке тұлғаның психологиялық мотивациясына қарай жіктелінеді); 2) реттелінген (координативтік), реттелінбеген (субординативтік) қостілділік; 3) симметриялық (белсенділік)-ассимметриялық (бұл қостілділік түрлері тілдерді білу деңгейіне қарай бөлінеді); 4) органикалық жалпы қостілділік (осы қостілділік түрлері қоғамда тарағанына қарай белгіленеді); 5) ерте жастағы, егде жастағы қостілділік (бұл жағдайда қостілділік түрлері адамның жас мөлшеріне, оның екінші тілді қандай жаста игергеніне қарай өзгешеленеді); 6) әулеттік-әлеуметтік қостілділік (әулеттік қостілділік отбасы деңгейінде кездеседі); 7) бейтарап диглоссиялық қостілділік (бұл қостілділік түрлері тілдердің орындалатын функцияларына қарап белгіленеді); 8) ресми және бейресми (ресми қостілділік мемлекетте заңды түрде бекітілуі мүмкін, ал бейресми қостілділік қуғынға ұшырайды, себебі, екінші тілді осы мемлекетте қолдануға рұқсат бермейтін жағдай болуы мүмкін); 9) ассимилятивтік, ассимилятивтік емес қостілділік (бұл қостілділік түрлері мемлекеттің тілдік саясатына қарай жіктеледі, мысалы, мемлекеттік тілде қостілділік ассимилятивтік қостілділікке жатады, себебі, екінші тілді білу арқасында қостілді тұлға көпұлттық социумға интеграцияланады); 10) функционалдық көркем қостілділік [11].

Қазіргі зерттеулердің көбі бала қостілділігіне арналып отыр. Екі тілді еркін меңгеру, билингв отбасында жүретіні сөзсіз. Бала екі тілді қатар үйренген кезде, бір тілдің екінші тілден басым тұруы болмайды. Бұл процессты игеру кезінде ата-ананың атқаратын рөлі ерекше. Ата-ана екі тілді бірдей параллельді қолдануы шарт. Табиғи қостілділік баланың дүниеге келгеннен бастап үйренген тілі болса, жасанды қостілділік баланың қарым-қатынас жасайтын ортасы әсерінен туған, яғни қазақ тілді баланың орыс тілді балабақшаға баруы, орыс тілді мектепке баруы және т.б.

Егер статистика мәліметтеріне сүйенсек 70%-дан астам адам қостілді және көптілді. Әлемнің әрбір үшінші тұрғыны 16 жасында қостілді және көптілді, ал 10-15 жылдан соң әр екінші бала қостілді болатыны даусыз. Қазақстандағы мәлімет бойынша, 2013-2014ж 2,5млн оқушының 1,7млн-ы қазақ тілінде, 808,6мың-орыс тілінде, 98,3 өзге тілдерде білім алған. 2000жылы қазақ тілінде оқитын студенттер 32% (85300), орыс тілді бөлімде білім алатын студенттер саны 68% (181000) құрады. Ал 2009 жылғы статистикада 634000 студенттен 322000 (50,7%) орыс тілінде, ал 302000 (47,6%) қазақ тілінде, 10000 (1,6%) ағылшын тілінде білім алған. 2009 жылдың есебінше 61% мектеп оқушысы 48% студент қазақ тілінде білім алғаны белгілі болды.

Қазіргі уақытта билингвизм жайлы қызықты мәліметтер өте көп. Ғалымдардың пайымдауынша екі немесе одан да көп тілді меңгерген баланың IQ көрсеткіші тілді игермеген оқушыға қарағанда өте жақсы болады екен. Билингвизм есте сақтау қабілетін жетілдіреді, және де екі тілді меңгерген адамның қартаюы да жай жүреді. Бұл пайымдауға канада ғалымдары басымдық береді. Олардың зерттеуінше балалық шақтан қос тілде еркін сөйлеген адамның қартайған кезде есте сақтау қабілетін жоғалтуы неғұрлым жай жүреді екен. Ерте кездегі билингвизмнің артықшылықтарымен қатар, кемшін тұстары да жоқ емес. Баланың сөздік қоры екі тілде де көп болмайды, ойын бір тілде еркін жеткізу қиынға соғады, әрі екі тілде өз деңгейінде жетілмеуі мүмкін, грамматикасында да қиындыққа тап болады. Қостілділік баланың ой-санасының жетілуіне кедергі болмайды, қайта көмек береді. Қостілді адамның өзгелерге қарағанда шығармашылық қабілеттері де тым жоғары болады екен [11].

Біз Батыс Қазақстан облысының орналасу жағдайын ескерсек, студент жастардың көбі екінші тіл ретінде орыс тілін қолданатынын байқаймыз. Бұған себеп, Батыс Қазақстан облысының Саратов,

Самара, Оренбург облыстарымен шектесіп жатуы. Біз Батыс Қазақстан облысындағы қостілділік дәрежесін білу үшін М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің 1500 студентіне анкета ұсындық. Анкета сұрақтары төмендегідей:

- 1) Қанша тілді білесің?
- 2) Қандай тілдерді үйренудесің?
- 3) Қай тілді жиі қолданасың?
- 4) Отбасында қандай тілде сөйлесесің?
- 5) Екінші тілді үйренуде қиындық болды ма?
- 6) Қандай тілдерді игергің келеді?
- 7) Жетекші тілің қандай тіл?
- 8) Қай жастан қостілді қолданасың?
- 9) Тілдерді игеруіне қандай баға берер едің?
- 10) Қостілді болу дұрыс па?
- 11) Қандай тілде еркін сөйлесесің?
- 12) Сөнің ойынша, студент қанша тілді білуі керек?
- 14) Өзге тілді білу не үшін керек?
- 15) Оқу орнында, достарыңмен қай тілде сөйлесесің?
- 16) Өзге тілді үйренуіне қандай фактор себепші болды?
- 17) Қандай тілді үйрену кезінде қиыншылық болды?

Нәтижесінде студенттердің барлығы қос тілді екендерін көрсетті. 60% орыс тілінде, 30% ағылшын тілінде, ал қалған 10%-ы өзге тілдерді еркін меңгерген. Студенттердің көбі орыс тілін балалық шақтан білсе, ағылшын тілін мектепте, университетте және арнайы курстарда үйренген, өзге тілдерді қызығушылықтан меңгерген. Кейбіреулері екінші тілде еркін сөйлесе алады, өзгелері бірінші тілден екінші тілге оңай ауысса, ал қалғандары өзге тілді тек қажеттілік жағдайында ғана қолданады.

Қостілділік мәселесі-Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңістікке шыққан заман тілдерді талап етеді. Қостілділік елдегі тұрақтылықты сақтау үшін, халықаралық аренада Қазақстанның беделін арттыра түсуші қажетті саясат. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2008 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі

және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»-деген болатын. Бұл қажеттілікке студенттеріміз дайын болуы тиіс. Қазақстандағы соның ішінде студенттер арасындағы қостілділік мәселесі әлі де болса сараптама, зерттеу, фактілерді қажет етеді. Сондықтан тіл игеру кезінде студенттерге әсер етуші негізгі ішкі және сыртқы факторларды де ескерген жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахунзянов Э.М. «Двуязычие и лексико-семантическая интерференция», Казань, 1978.
- 2 Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3.
- 3 URL: www.fictionbook.ru Жером Богана, Елена Владимировна Хапилина «Контактная лингвистика взаимодействия языков и билингвизм» Монография.
- 4 К проблематике смешения языков // Новое в лингвистике. Вып. 6. М., «Прогресс», 1972.-64-111-б.
- 5 Проблемы изучения функциональной стороны языка.- Л.: Наука, 1975.-140б
- 6 Хасанұлы Б. «Тілдік қатынас негіздері»-Алматы, 2006-86 б.
- 7 Хасанұлы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихоллингвистические аспекты). Алматы: Арда, 2007.
- 8 Становление и функционирование двуязычия // Материалы по исследованию билингвизма. М., Изд. МГУ, 1999-3-15-б.6
- 9 Словарь социоллингвистических терминов, А., «Қазақ университеті», 2001.-36-б.
- 10 Казахско-русское двуязычие: Социально-лингвистический аспект. А., «Наука», 1987-27-б
- 11 Ахмедина Б; Қазақ-француз оқу қостілділігі. А, 2007
- 12 http://www.balazhan.com.kz

ҚҰРМАНБЕК ЗЕЙТІНҒАЗЫҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН АҚЫНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІНЕН БІР ҮЗІК СЫР

РЫСХАН Т.

студент, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық к.

Ерте заманнан бері жер бетіндегі халықтар ішінде «өмірі – өлең» болып бір қанатын ат, ендігі бір қанатын ән етіп келе жатқан халық бар десек әрине ол қазақ халқы екендігі шындық. Қазақ халқы өзінің елдігі мен ерлігін тарихта тамаша жырлармен тасқа басқан таңбадай етіп жазып қалдырғаны бізге мәлім. Топты жарып қол бастаған, жауды жеңіп жол бастаған батырдаң ең жақын серігі де, сенері де астындағы аты болса, ерлігін жалпақ жұртқа жайып, елдігін айқындап көрсететін алып жарнамасы – өлең болып келген.

Ежелгі заманалардан бүгінге дейін жалғасып, күн өткен сайын өзінің озық кемелін көрсетіп келе жатқан сара да, дара дәстүрімізге айналып, көзіміздің қарашығындай болып, қалың қауымның күрметтеуіне ие болған, асыл өнеріміз – ақындар айтысы.

Қазақ бар жерде қанына сіңген асыл қасиет те жойылмақ емес. Сөзге тиек еткелі отырғанымыз, бүгінгі «аспан асты елі» атанған Қытай халық республикасының Шинжяң ұйғыр автономиялы районында (бұрынғы Шығыс Түркістан) өмір сүріп жатқан қандастарымыздың айтыс сахнасында артына өшпестей із қалдырған, тамаша жырларымен тыңдарманның құлақ құрышын қандырып, жақсы жырларымен қара ормандай халқына рухани ләззат сыйлап өмірден өткен бірегей ұлдарының бірі, ақиық ақын Құрманбек Зейтінғазыұлы жайында болмақ.

Белгілі айтыскер ақын Құрманбек 1941 жылы 10 қаңтарда шұрайлы дала, құтты мекен Алтай аймағының Шіңгіл ауданындағы Шыбартобылғы деген жерінде көзі ашық, сол топырақтан елге танымал адамның бірі болған Зейтінғазы Мұқаметжанұлының отбасында дүниеге келіпті. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, жетелі отбасында өскен ақын ауданнан бастауышты үздік тамамдап (1950-1954.ж.ж), Алтай аймақтық орта мектебіне оқуға қабылданады (1954-1957.ж.ж). Толықсыз ортаны үздік аяқтағаннан кейін, өлке орталығындағы өрелі білім ордасы - Шинжяң университетінде жоғарғы оқу орнындағы құлшынысқа толы білім алу жолдарын енді ғана бастағанда сол кездегі «төрттік төбе» атанған кері тартпашылардың қолдан жасалған он жылдық (1966-1976.ж.ж) зобаланның кесірі тимей қалмады. «Кері

төңкерісші, сасық зиялы» сынды жалған жаланың шекпенін кигізіп, әкесін темір тордың қараңғы қапасына қамауға алады да «кері төңкерісшінің баласы» деген атпен оқу ордасынан қудаланады. 1978 жылы ел астанасы Бейжиң қаласында өткен партия орталық комитетінің 11 кезекті үшінші жалпы мәжілісінен кейін «жаттың жапқан жаласынан» ақталып, көкірегіндегі қасірет – қайғысы арылып, қайырылған қанаты жетіледі.

Ақынның құмға құйған судай болған солақай саясаттың кесірінен ауыр еңбекке жегіліп, өлең атты ажырамас қасиетті мұрасынан шектелгеніне табаны күректей 20 жылдың жүзі болғанда «алауыртқан тандардан сені іздедім», - деп М. Мақатаев жырлағандай өнерге, өлеңге деген үміті мен тебінді кезіне қайырылуды былай жырға қосады:

«Отыздың ортасынан ауғанымша,
Орнынан тұра алмады «мешел» денем.
Екпіні жиырма бестің оралар ма?
Ағылып ақ жауындай нәсерлеген.
Қырықтың қырқасында қимылдадым,
Әперсең қолдан кеткен есемді өлең...» [1,56]

(Құрманбек туралы зерттеулер. 4 том), - деп зарлы жылдардың жанына түсірген сызаттарынан арылуды күдіреті мол өлең атты пірінен күтеді.

Тағы бір дерек келтірсек, 1980 жылы Толы ауданының Қоңыроба сазында өткізілген облыстық 7 кезекті ақындар айтысында:

«Мұрагерміз атаның мұрасына,
Бүгін еркін самғадық құлаш ұра.
Жақсы өлеңді бір кезде жала өртеді,
Келсек егер, әріптең расына.

Бөгеуден ағытылған ақ өзендей,
Шапқының шылқысын ән қиясында.
Мұрасын халқымыздың тұншықтырған,
Жазылды «төрттік төбе» күнасына» [2]

(Құрманбекпен Құланның айтысынан) -, деп мәдени мұралардың аяққа тапталған, халықтық өнердің тұншықтырылған сол бір өткен дәуірдің шындығын қасиетті жыр тілімен жеткізеді.

Өткен күндеріне оймен қарайтын ақын алдағы күндерге зор үміт артып, жанарын қиырларға жүгіртеді де жетелі мақсаттарын айқындап, жемісті еңбек етуге бел буады. Жемісі мол жұмыстар да жасайды. 1962-1984 жылдары аралығында Шіңгіл аудандық мәдениет мекемесінде қызметкер, мекеме бастығы, 1984-2003 жылдар аралығында аудандық саяси кеңестің орынбасар төрағасы

болып қызмет атқарған ақиық ақын 2003 жылы құрметпен зейнеткерлікке шығады.

Біржан мен Сараны ұстаз тұтқан ақын алғашқы айтыс сапары 1977 жылы аудандық айтыста Мұрат Ингеншеұлымен айтыста 1 орынды алса, 1979 жылы Қанаста өткізілген Алтай аймақтық 3 кезекті ақындар айтысында Кәлен, Мәріхан және Бәтимамен жыр додаларына түсіп 1 дәрежені, 1980 жылы Қоңыробада өткізілген Іле қазақ облыстық 4 кезекті ақындар айтысында Изетпен, Күләнмен, Бүбімәріммен жыр майданында тағы бір мәрте біріншілік тұғырынан көрінеді. Ақын ағамыз бұдан кейін де талай мәрте жыр додаларына түсіп бірінші дәрежелі, ерекше марапаттаулар алып, қалың қауымның көрерменінің құлақ құрышын қандырады. Ақын тек ел іші ғана емес, халықаралық айтыстарда да өнер бәсекесіне түседі. Мәселен, 1991 жылы Қазақстанда (Талдықорғанда) болған Ханшамен айтысында топтық сыйлыққа ие болса, 1992 жылы Түркияда өткізілген айтыста алтын медальға ие болды. 1997 жылы Сауан ауданында өткен Тарбағатай аймақтық 12 кезекті ақындар айтысында Жамалқанмен айтысып ерекше құрметке бөленіп, ат мініп қайтады. 2001 жылы 13 кезекті ақындар айтысында «Еңбек сіңірген халық ақыны» атағы беріліп, алтын медаль тағынады.

Құрманбек Зейтінғазыұлы - тек айтыскер ақын ғана емес, әрі жазба ақын, әрі зерделі зерттеуші.

Ақын «Әуедегі әңгіме», «Мұраты биік мұз балақ», «ақын туралы жыр» дастандарын, 50 - ден артық толғау, 500 - ден астам өлең, «Ақын Арғынбек туралы», «Ұстаздың ықыласы», «Қара теңіздегі қайырлы сапар», «Есімде жүрген екі реткі кездесу» т.б зерттеулер мен эсселер жазған.

Жанарынан от, мерейінен шуақ шашқанмаржандай тізбектелген жанға жайлы әсем жырларын артқа тастап, 2011 жылы 8 қаңтарда:

«Достарым кейімендер мен өлгенде,
Хабарла жоғарғы елге, төменгі ерге.
Айна халқым кешсе екен айыбымды,
Өкпелері бар болса егер менде.
Сүйдім елді жаныммен, өлеңмен де,
Елден бесқа ешкім жоқ сенер менде.
Әрі – сәрі болмастан әділін айт,
Ақымақтың бірі еді дегендерге.
Артық мақтау абырой әпермейді,
Айналдырып жіберме кемеңгерге.
Өлген жанның денесі көмілседе,

Көмілмейді дегейсің өлең жерге!» [1,186],- деген жырларын қалдырып ұзақ сапардың жолаушысы болып кете барды.

Шинжиян қазақтарындағы айтыс өнерінің биігінен көрінген жарық жұлдыздардың бірі, кемел ойдың кемеңгері екендігін 1979 жылы Қанаста өткізілген аймақтық 3 кезекті ақындар айтысында Кәленмен болған додада былай көрсетеді.

Кәлен:

«Құрманбек қара өлеңге қамалмайсың,
Қалайда айтқаныңнан тана алмайсың.
Ағалап бір арыста шыға алмасаң,
Ақын боп ел алдында сыналмайсың.

Алтайға атым анық Кәлен деген,

Жүлдені мен тұрғанда ала алмайсың»,- деп жүлде үшін айтысатын, ат-атағын шығаруды жүлде алумен байланыстырған әріптесіне не айтады?

Құрманбек:

«Ей, Кәлен, жүлдеме талаптарын?
Келгелі жүлде алам деп далақтадың.
Айтысып менен бұрын екі ақынмен,
Бетіңе ешқайсысын қаратпадың.
Ентелеп есіл-дертің жүлдеге ауған,
Өзімшіл мінезіңді жаратпадым.
Алтайда мен ғана деп ала сұрма,
Белгілі көрінеді шанақтарын.
Ұғарсың алдыңғының үлгісі деп,
Қазақта айтыс дейтін санат барын.
Өнеге ұрпағына көрсетпеген,
Келмейді жарамсызды жағаттағым.
Есінде мұнан кейін берік сақта,

Халықтан ақынға ауыр талап барын» [1,446], - деп «өзімшілдік өктемдікке өтсе өзгенің басындағы алтын тақия да көзге көрінбейді» дегендей айтыс деген сара жолдың бағасын берер халық, ал жүлде болса болмашы бұйым екендігін аңғартып кемеңгерлік танытады.

Қазақ айтысындағы мазмұны жағынан да, құдіреті жағынан да күрделісі жұмбақ айтыс болса, айтыстың бұл түрі де Құрманбек айтыстарынан қалыс қалмай кемеңгер жанның кемел ойын тағы бір мәрте айғақтайды. 1985 жылы Үрімжіде өткен фольклор қоғамының ғылыми талқы жиналысында «шын жүйрік өрге салсаң өршеленер» дегендей Жамалқан Қарабатырқызымен жыр додасына түседі.

Бір – бірін сынасып, жан тамырларын жасырын ұстап, қабілет қарымдарын жақсы білетін сыралғы әріптесі Жамалқан ақын бірде :

« Жол тартып көшкен екен бір керуен,
Алдынан жүрген сайын нұр көрінген.
Ысқырып төбесінен бір айдаһар,
Керуенді айдап салған тілдерімен.
Керуен жүрген сайын жайтаңдайды,
Жаман деп қонған жұртын айта алмайды.
Артында ат басындай алтын қалса,
Ысқырып әлгі айдаһар қайтармайды.
Тоқтаусыз шеше алмасан бұл жұмбақты,
Дарының мынау көпке байқалмайды», - деп қарсыласына

сұрақ қояды. Бұған қарсыласы іркілсін бе?

« Емес пе көшкен керуен өмір деген,
Қызыққа мәңгі тоймас көңіл деген.
Ысқырған айдаһарың сағат тілі,
Атқыласаң артына шегінбеген.
Уақыттың қымбаттығын сонда ұғынар,
Не білген, албырт кезде не білмеген.
Шығармас өлшеулі өмір бекіністен,
Адамзат аулақ емес өкініштен.
Соныдан соңғы ұрпаққа ізін қалсын,
Қайратын тұрған кезде жетіп үстем» [1,1996],-деп өзінің

тұжырымды жауабын іркілместен қайтарады.

Ауыз әдебиетінің бір жаныры саналатын жұмбақ айтыс арыда Біржан мен Сарадан жалғасқан дәстүрлі жалғастық болып әріптестер арасында қарсыласының өресінің, ақындық қарымының қаншалық екенін сынаудағы мол қазына болып табылатын құнды мұра десек сол қасиетті өнердің сырынан сүрінбей өте алу кез- келген ақында бола бермейтін құдірет. Біздің тілге тиек етіп отырған ақынымыз сыралғы әріптесі Жамалқанның бұл сынағынан да сытылып шығып өзіндік өресін танытады. Міне мұнда айтыс көшінде 40 жылдай әріптес болған тарландардың аңдысуы мен қағысуында өзгешелік пен дарындылығын көрсете білу менмұнда лап жатқан жоқ па?

Санасы саңылақ төкпе ақын, ақын ғана емес халық мұрасына терең зер салған, ұлт рухын ұлағат деп танитын халқының ардақты ұлы тек қана айтыс ақыны ғана емес жазбаның да жайсаңы болған. 1983 жылы Үшкөл жайлауындағы айтыстан қайтқанда жазғаны:

« Кербез таудай өсірген иықты қып,
Аттандырды ел аузымнан сүйіп тұрып.

Босап тұрған көңілдің ернеуінен,

Жібереің өлеңді құйып – құйып...» [1,2636] көңілін көлдей толқытқан сезім мен шарықтаған ақын қиялы бар.

Ақын тек көркем суретке толы ғажайып дала көрнісін жырға қосып қана қалмай келер ұрпаққа « жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген аталы сөзін де тамаша жыр жолдарымен ғасыр індетіне айналған ішімдіктің ұрпақтарымыздың, ұлтымыздың табиғи өжет рухын, тектілік сапасын әлсіретіп отырған уытты дүние болып табылатын арақтың кесірі мен қасіретін былай жырына қосады:

« ...Айранмен мас болатын қымыз ішіп,
Құтырмай, қызбай жүрсең нең кетеді.
Жиіркеніп иісінен ит ішпейді,
Солғұрлы иттен күнің кем бе тегі...» [1,3826]

Тағы бір өлеңінде:

« Біріміз бірігіп ап бірімізге,
Безбейік ар- ұяттан тірімізде,
Аз күндік арақ тамыр араздасып,
Алакөз болған мынау түріміз не?
Аздырып өзезіл су азаматты,

Жетеді-ау, тиымасак түбімізге...»[1,3836],- деген жыр тармақтарынан бір адамға ғана емес барша азаматтарға айтылған ащы шындықты шымырлата жырға қосып « дос жылатып айтады » деген халық даналығын тағы бір мәрте айғақтайды да ұлттың басына түскен салғырттық, жалқаулық қатарлы қазаққа жат әрекеттерден аулақ болып білім, өнер іздеуге үгіттейді.

« ...Бірлік те, тірлік те жоқ бүйте берсек,
Не қалар тілімізде, дінімізде.

Балалар өнер ізде, білім ізде» [1,3836],-дей келе неге өзіміздің өмірді өзіміз күйретеміз деген ақынды мазалаған сұрағы мен шығар жолдың қалай болатынын да көрсетіп кетеді.

Бойына біткен азғана дарынына бола қара орманы болған дана халқын ұмытып өзінің қайда жүргенін сазбей де қалатын жандар қаншама? Біздің шығармаға арқау етіп алып отырған ақиық ақынымыз бұндай астамшылық пен менменсіуден аулық. « Өз өкеңнің білмесең ұлылығын, онан ұлы өкесін кім береді!», « ұмытпа қарғам ен -таңбанды тануды» деп келетін жолдар- ақ айғақтап жатқандай болалы. Біз сұлулықты гүлге, биіктікті тауға теңейтін болсақ біз тілге тиек етіп отырған ақынымыз еңсесі таудай ұлы, ақын жаны гүлдей нәзік.

Құрманбек Зейтінғазыұлы нар Алтайдың тегеурінді қыраны. От тілді, орақ ауызды ақынымыз жағымпаздықтан аулақ болып, айтар

сөзін ішіне бүгіп қалмайтын болған. Мәнсәбіна сеніп кісімсінген жандарды көргенде « ақ сайтаны» ұстайтын болған. Көрелік;

« ... Ей, жігіт, мынау жұрттың шіндесің,
Өзгені менсінбейтін пішіндесің.
Көрмесең көпшілікті адам құрлы,
Сен өзі неменені түсінесің!?
Халықтан артықпын деп ойламаңдар,
Мәнсәбің үлкен болсын, кіші болсын.
Еліріп елден ала неменене,

Суырдың айғырынша кісінейсің?!...» [3,676],-деп ащы тілмен шенейді.

Айтыс – қазақ өмірінің сахналық көркем шығармасы. Дарқан дала табиғатынан қазақ қанына сіңген асыл өнері. Ақынның қалың қауымның алқауына ие болғаны да осы сөз барымтасы еді. Бар ынта пейілімен беріліп, ұлы мұрасына үлкен үміт артады.

« Нөсерін өлең – жырдың селдетуге,
Ақындар арман қуған кел бекімге.
Айтыстың жойылуы мүмкін емес,

Бір қазақ қалғанынша жер бетінде...» [1,2896],- деген зор сенімі мен өшпес үміті менмұндалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қауығұлы Ж, Шаңбаева Г. Құрманбек туралы зерттеулер. 1,2,3,4- том. Бекін: Ұлттар баспасы, 2013.-463б.

2 Құрманбек дәптерінен. Шинжия: Халықбаспасы,1993.

3 Айдынбекұлы І, Құрманбекқызы Н, Солтанияұлы Ғ, Масайұлы Қ. Тап берменің тарланы. Үрмжі: Шинжян Шинхуа баспасы, 2010,Маусым.-349б.

4 Құрманбекұлы З. Жылып өткен жылдар- ай. Бекін: Ұлттар,2009.- 338б.

ТОРҒАЙ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ӨКІЛДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ СИПАТТАРЫ

САҒЫНТАЕВ Б. Ж.

студент, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық к.

ҚАЛИЕВ А. К.

ғылыми жетекші

Көрнекті ғалым Е. Ысмайылов өзінің «Ақындар» атты монографиясында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өзіндік дәстүр ерекшеліктерін қалыптастырған ақындық мектептер болғандығын жазған еді[Ысмайылов Е. Ақындар, Алматы: Қазмемкөркемәдеббас,1956. – 70 б]. XIX ғасырдың 60-70 жылдарында қалыптасқан Торғай ақындық мектебінің өкілдері: Жұмабай Шалабайұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Есенжол Жанұзақұлы, Әбіқай Нұртазаұлы, Күдері Жолдыбайұлы, Әбдірахман Иманқұлұлы, Құбаша Шалбайұлы. Бұл ақындарды осы ақындық мектепті зерттеуші, журналист, ақын Назарбек Бектемісов ұстаз ақындар деп атайды. Аталған ақындық мектептің дәстүрін жалғастырушылар: Қарпық Шолақұлы, Қашқынбай Қазыұлы, Файзолла Сатыбалдыұлы, Әлмұхаммед Оспанұлы, Сәт Есенбаев, Нұрхан Ахметбеков, Омар Шипин[Торғай ақындық мектебі: оқу құралы / Қалиев А. Арқалық, 2013. -7 б]. Мұндай өзіндік дәстүр ерекшеліктері бар ақындық мектептің жоқ жерден пайда болмайтыны белгілі және олар халық ауыз әдебиетінің дәстүрлерінен сусындайтыны да айқын. Торғай ақындық мектебі де халық ауыз әдебиетінен үлгі алып, соның негізінде қалыптасқан. Оған осы ақындық мектептің өкілдерінің шығармаларындағы халық фольклорының нышандары айқын дәлел бола алады.

«Ауыз әдебиеті шығармасы халықтың ұғым-түсінігін тікелей көшірмей, оларды өзінше қалып-модельге түсіреді. ...Фольклорлық санада көне түсініктер элементі ұзақ сақталады, оның көркемдік жүйесінде дәстүрлік сарыны басым жатады»[Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1981. – 4б]. Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларында да жоғарыда аталған өлең-жырлардың көркемдік жүйесіндегі дәстүрлік сарындар мен көне түсініктердің элементтері жиі кездесіп отырады. Бірақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін барынша игеріп, оны өз шығармашылықтарында қолданған осы ақындардың фольклорға деген қатынасы қандай бағытта болды? деген сұрақ туындайды.

Зерттеуші Сейіт Қасқабасов өзінің «Жаназық» атты кітабында Абайдың ауыз әдебиетіне қатынасын «...қазақтың төл халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін асқан шеберлікпен пайдалануы, ...қазақтан басқа елдің де фольклорлық сюжетін өз шығармаларына арқау етуі[Қасқабасов С. Жаназық, Астана: Аударма, 2002. - 546б]...» сияқты бірнеше тараптан байқалатынын жазады. Осыны Торғай ақындарына да қатысты айтуымызға болады.

Кез келген ақынның алдымен өзінің туған халқының әдебиетінен үйренетіні белгілі. Халықтың әдебиеті болса сол халықтың жастығына немесе көнелігіне байланысты қалыптасып, даму үстінде болады. Қазақтың халық ауыз әдебиеті тарихын көне күндерден бастау алғандықтан мазмұндық, формалық т.б. сипаттарына байланысты бірнеше топтарға бөлінеді. С.Сейфулин «Қазақ әдебиеті» деген кітабында арғы дәуірдегі қазақ әдебиеті нұсқаларын екі үлкен топқа бөліп береді.

Бірінші топ. I. Ертегілер. II. Салт өлең-жырлары(Тойбастар, жар-жар, сыңсыма, жұбату мен үгіт; Беташар, Бесік жыры, Қоштасу мен өсиет жырлары; Естірту, көңіл айту, жоқтау). III. Ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар(Ескілікті мейрам-ұлыстың ұлы күні тақырыпты айтылған өлең-жырлар; Бақсының жырлары, шақыру, арбау, байлау жырлары, бәдік, жарапазан). IV. Мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, күй, жырлары[Автор бұл бөлімде төрт түлік жайлы белгілі жырлармен қатар, батырлар жырынан Тарғынның Тарланбозы, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, т.б. туралы үзінді, атакты «Көкжентет» атты ән-өлеңді, алғыр құс араласып, мысалға алынатын арнау жыр, шешендік сөздер т,б. қоса береді.]. V. Жастық ойын-күлкі өлең, тақпақтары(Қысқа әзіл-ысқақ, күлдіргі өлеңдер, өтірік өлең, қыз-жігіттің қысқа айтыс өлеңдері, жаңылтпаш балалар ойын өлеңі т.б.). VI. Билер сөздері(Мұнда: Едіге би, Асан би, Арғын Алшынбай би, Ұлы жүз Төле би, Сүйіндік Бұхар жырау сөздер, Беріш Есет би т.б. сөздері кірген).

Екінші топ. I. Батырлық жырлар. II. «Қозы Көрпеш –Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлар[Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964, 6-т].

Мұхтар Әуезов болса бұларды былайша жіктейді:

1. Халық поэзиясының шағын түрлері: 1. Үйлену салт жырлары.
2. Мұң-шер өлеңдері. 3. Діни салт өлеңдері.
- II. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар.

III. Батырлар жыры.

IV. Ғашықтық жырлары.

V. Тарихи жырлар.

VI. Айтыс өлеңдері[Әуезов М. Қазақ халқының эпостары мен фольклоры. – Уақыт және әдебиет, Алматы, 1962, 75-76 б].

Міне осындай халықтық әдебиет үлгілерінің молдығы Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармаларында өз орынын таппай қойған жоқ. Алдымен байқалатыны – халықтың тіл байлығы, түрлі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер және бір қалыпқа түсіп дәстүрге айналған формулалар. Мысалға бір ғана Күдері Жолдыбай өлеңін алып қарасақ, оның «Аманкелдінің Торғайды алғаны» атты өлеңінің өзінен ғана ежелден қалыптасып, қолданыста жүрген көптеген образды сөздер мен сөйлемдерді табуға болады: аспанды бұлт торлаған, жау жағадан алғанда, ит етекпен шырмаған, айдарлымды айдады, тұлымдымды байлады, айбалтасын қолға алды, әрілі-берлі толғады, құла жоннан жол салды, қара бұлт құрсанды, кереге жалды кер бесті, түйеден қом, аттан жал кету, ат жалын тартып мінгендей, еңбектеген бала, еңкейген шал, жасанған жау, тұс-тұсынан ат қойды, сары ала туын көтеріп, оқ жыландай ысқырған, шашақты найза желкілдей т.б. Назар салып қараған адам болса жоғарыдағы тіркестердің барлығында қазақтың кез келген эпостық жырынан кездестіруге болатынын байқар еді. Мұндай тіркестер Торғай ақындарының барлығында дерлік кездеседі десек артық айтқандық емес. Дәл осындай қалыптасқан үлгілер тұтас өлең шумақтарында да кездеседі. Қ. Өмірәлиев «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» еңбегінде «қазақ поэзиясында аты белгілі жырау ақындар өздерінің жыр сөздерінде «мен-ақын» жоқ кездегі «кейіпкер-ақындардың» монолог, диалог үлгісінде туған сөздеріне қарыздар. ...бұларға ерлік, жорық, жортуыл тұсында я соған орай айтылғанда өктем, айбар, сес, кек, ант сөзі болып келеді де, осы жорық пен жортуыл, шеру тұсындағы сәтсіздікке орай айтылғанда мұң-шер, өкінішті-қамығу, өттенге жеңізген қапы сәт сөзі боп келеді. Бұл екі жағдайда да жыр – жорық жыры, ерлік жыры, жеңістің салтанатына арналған жыр[Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы: Ғылым, 1983. - 76-77б]» деп жазады. Бұл қазақтың батырлық жырларында жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында:

«...Шынымен қазам жеттің бе?

Шын бұйрығым біттің бе?

...Жалғыздық қайғы басымда,

Жолдасым жоқ қасымда,
Мұндай қайғы көріп пе ем
Өзімнің өмір жасымда...[Ақсауыт, Алматы: Жазушы, 1977. -
90б] – немесе «Алпамыс батыр» жырында кездесетін:
«Жад еттім әуел бір құдай,
Құдіретіне көңілім сай,
Дергейіне жылаймын
Біздерге қиын, сізге оңай,
Жатырмын жалғыз зынданда
Ойласам: «Болды бұл қалай...[Ақсауыт, Алматы: Жазушы,
1977. - 210б]

- деген жыр шумақтары осы қатардағы дүниелер. Енді Сәт Есенбайұлының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі жайындағы «Құмкешу соғысы» атты өлеңін қарастырсақ, ақынның аталған шығармасында да жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай эпизод кездеседі. :

«Жауда қалды сүйегім,
Тартып алған ешкім жоқ.
Жалғыздық деген осы екен,
Енді қалған кескін жоқ.
Жан-жағыма қарасам,
Бәрі солдат дос-жар жоқ,
Сұрайтын «қалай жараң?» деп.
Ұзынымнан сұладым,
Қалім бітті құладым.
Мәңгі сапар шегем деп,
Арманыма жете алмай,
Көңілім кетті алаң боп.
Шыға алмадым құмардан
Бостандық алған заман боп[1916 жыл, Рауан, 1996. - 176б]

Бұл Жағыпардың өмірден өтер сәтіндегі айтқан қоштасу сөзі. Алдыңғылар секілді бұл да «мен-ақынның» атынан емес өлеңнің ішіндегі кейіпкердің атынан айтылады. Бұл халық ауыз әдебиеті мұраларында (әсіресе батырлар жырында) жиі кездесетін тәсілдің бірі.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде көнеден келе жатқан өлең-жырлардың бір түрі – бәдік өлеңдер. Бастапқыда адамдар өздерінің таным-түсінігіне, наным-сеніміне байланысты туған бәдік өлеңдер адам бойындағы түрлі ауру-сырқауды көшіруге өз септігін тигізеді ден сенген. Кейінгі дәуірлерде халықтың көңіл көтеруіне айналған аталған салттың сарқыншағы Сейдахмет ақынның ауырып жатқан

кезінде айтқан «Көш, Күлсапан, көш» өлеңінің мазмұнынан байқалады:

...Лұқман дертке шипа, дәру еткен,
Құдайым оны өзіне жақын еткен.
Иншалла, Күлсапан деп біз көшірсек,
Бұл кісі шипа болар ғапылеттен[Сейдахмет.Фибрат// Құрастыр.
Б.Әлмағамбет.- Астана: Фолиант, 2010. - 92б]

Сейдахметтің тағы бір шығармасы «Дариға мен Серібектің айтысы» да халықтық фольклор үлгісінде жазылған және осы айтыс жұмбақ түрінде келеді. Қазақ халқында айтыстың құрылысына қарай сүре, түре және қайым деп бөлінетіні белгілі. Торғай ақындық мектебінің өкілдерінде осы айтыстардың барлығы да кездеседі. Осы мектеп өкілдері Өтеулі мен қыз Қағаздың, Сәт пен Нарымбайдың айтыстары түре айтыс үлгісінде болса, Уақ Жұмабай мен Нұржанның(Нұржан мен Уақ Жұмабай ақынның екі айтысы бар, оның бірі жұмбақ айтыс), Өтеулі мен Орынбайдың, Нұрхан мен Сәттің айтысы сүре айтыс түрінде келеді. Ал, Байжан мен Қоденнің, Хамитбек пен Сәлімгерейдің сөз қағысуында қайым айтыс көрініс тапқан. Сөзімізге дәлел ретінде қайым айтыс үлгілерінен бірнеше мысал келтіре кетсек.

Қоден:
Ассалаумағалейкум, Байжан қартым,
Жасыңнан білуші едің дүние шартын.
Келгенде алпыс жасқа ақыл айнып
Болмадың тауып жолдас жігіт мәртін...
Байжан:
Уағалейкумассалам, Қоден жарқын,
Сен-дағы білуші едің сөздің парқын.
Пара жеп бұрын төре берген бе екен
Бері қарай палуаннан ата қалпың [Айтыс, Алматы: Жазушы,
1988. - 10, б]... -

немесе Сәт:
Сыртыңнан Сталин бар бағып тұрған,
Кедейге шамшырағын жағып тұрған.
Қарның ашса колхоз бен совхозға бар
Қабаттап сүт пен майы ағып тұрған...
Нарымбай:
Ол рас Сталин бар бағып тұрған,
Кедейге шамшырағын жағып тұрған.
Алды өліп, арты құлап жатқанында
Қақиып сол Сталин неғып тұрған...

Мұнда қайым айтыстың екі түрі көрінеді. Алғашқысында тек ұйқас қана сақталса, екінші айтыста шумақтың алдыңғы жолдары сәл өзгеріске түскен күйінде сақталып отыр. Қайым айтыстың белгілері Нарымбай мен Сәттің айтысында да бар.

Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің шығармашылығында халық ауыз әдебиетімен қатар таралатын ескі тарихи аңыздар мен халықтың ертедегі нанымына байланысты қалыптасқан бейнелер өз орынын тапқан.

...Берер деп езілгенге жоғарғы орын,

Қойдырған бастықтардың солай қолын.

Қазаққа еш уақытта солдат жоқ деп

Басыпты ит терісіне патша мөрін[1916 жыл, Рауан, 1996. - 1366]...

Бұл Омар Шипиннің «Аманкелді айбаты» дастанының үзіндісі.

Ақын бұл шумағынан Екатерина патша қазақтан солдат алмауға уәде берген, ит терісіне жазылған шартқа қол қойып, мөрін басқан деген ел арасындағы аңыздың сұлбасы көрінеді[Батырдың биік тұлғасы – Светлый образ батыра. Құраст. Ш. Иманов, Х. Маданов. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 446].

Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, иә қызы, иә келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз – жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді[Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.- 428б]. Жоқтауға Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде осындай анықтама береді. Өзі қазақ халқының төрт жүз жылдық тарихын қамтыған ескілікті жоқтауларын жинап 1926 жылы Мәскеу қаласынан «23 жоқтау» деген атпен басып шығарды. Аталған жинаққа Байтұрсынов Торғай ақындық мектебінің бір өкілі Қарпық Шолақұлы шығарды деген бес жоқтауды енгізген екен. Бұдан да басқа аталмыш ақындық мектептің өкілдері шығарды деген жоқтау жырлар кеңінен кездеседі. Торғай ақындық мектебінің зерттеушілерінің бірі Бөгетбай Әлмағанбет Алтыбас Ақмолда ақын жайында: «Аманкелді жау қолынан қаза тапқанда, оның жұбайы Балымға ұзақ жоқтау жыр шығарып берген. Ол «1916 жыл» деген жинақта жарияланған. Ал сол жоқтауды орындап, жұртқа жария еткен Ақмолданы көрген-білген адамның өз аузынан жазылып алынған нұсқа бізде сақтаулы. Сонымен бірге Ақмолда ақын «Кейкі батыр айтты» деп шығарылған жоқтау жырдың иегері деген де дерек бар» - [Әлмағанбетов Б. Таңат Сейдахмет ақын // Торғай таңы,

4,6,11,13 наурыз, 1993.]деп жазады. Жоғарыда аталған жоқтаулар көркемдік кестелерге бай:

«Кемеңгерім, келбеттім// Кермиығым, Мүлгілім// Солкылдағым, сүйрігім// Қанатым, жалым, күйрығым// Ұсынғанда қол жетпес, Үстімдегі түңлігім// Қарадан туып хан болған, Тұлпардан туған дүлділім// Орта жүзден орасан, Ойқастап шыққан жүйрігім// Қарадан шығып хан болған, Айырдан туып нар болған»... (Ақмолда ақын шығарған Аманкелді батырдың жоқтауынан).

Жоқтауда заттық ұғымға, зат есім сөзге теңеу топталып берілген. Ақынның бұл теңеулері жалаң емес, метафоралы түрде келеді. Бұл жолдарды оқи отырып адамның есіне Махамбеттің «Тарланым» өлеңі түседі: Кермиығым кербезім!//Керіскідей шандозым!//Құландай ащы дауыстым!//Құлжадай айбар мүйіздім!// Қырмызыдай ажарлым!//Хиуадай базарлым...

Зерттеуші Сыдиықов өзінің «Көркемдік өрнектер» атты еңбегінде: «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар мен ақындар халық ауыз әдебиетінің көптеген жанрлық үлгілерін пайдаланып, ұстартқан болса, бұл дәуірдегі жыраулар мен ақындар мұрасынан олардың көркемдік тәсілдерінен кейінгі дәуірдегі ақындардың талайы үлгі алғандығы аңғарылады. ...сөз тіркестері мен жыр жолдарының, бірқатар көркемдік әдістер мен кейбір ойлардың кейінгі ақындарда сол күйінде, не өзгерген, ұстарған жағдайда кездесуі олардың арасындағы дәстүрлі байланысты танытады»[Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер(ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері). Алматы: Рауан, 1992. – 76 б] - деп жазады. Бұған жоғарыда келтірілген мысалдағы Ақмолда ақын шығарған жоқтаудың Махамбет өлеңімен үндесіп келуі дәлел бола алады. Бұл халық поэзиясында бұрыннан бар дәстүр. Ақындардың өзіне дейінгілердің озық үлгісін алуы, оларды сол қалпында қайталамай өзіндік қолтаңбасын қалдыруы олардың ақындық қуатына, талант қарымына байланысты. Солайша қарымы мықты ақын дәстүрді жаңашылдыққа бұрса, жаңашылдық қайтадан дәстүрге бастайды.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығындағы фольклор сипаты тек қазақ халқының ғана емес басқа да халықтардың әсері көрінеді. Әсіресе шығыс халықтарының арасында кеңінен таралған сюжеттер аталмыш ақындық мектеп өкілдерінің туындыларында жиі кездеседі. Мысалы, ақын Сейдахмет Бейсенұлының «Панисрайыл заманында» атты шығармасы шығыс халықтарының әдебиетінде жиі кездесетін Сүлеймен патшаның

әділдігі жайында. Ақынның бұл шығармасында бақшаны күзетіп жүрген екі шалдың сол бақшаға келіп жүрген әйелге айтқандарын орындату үшін жала жапқаны жайында сөз қозғалады. Әйелге айтқандарын орындата алмаған олар патшаға барып жалған сөйлеп, әйелді зор азапқа түсіреді. Осы шығарманы ақын белуардан жерге батып азап көрген әйелді он екі жасар Сүлейменнің құтқарып алуымен өрбітіп, сөз соңын куәгерден жалғыз жауап алу сол кезеңнен қалған деп аяқтайды.

Шығыс фольклорынан алынған топтағы шығармаларға Сейдахметтің «Мың бір түн» мен «Тотынамадан» алған «Махрума», «Өнерлі уәзір», Әмір мен Мәлике қыз» секілді шығармаларымен қоса Файзолланың «Мархумасы» [Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.], Нұрханның «Қамарлы Заманы» мен «Албан Жұпар ханым» [Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 456 б.] дастандарын т.б. жатқыза аламыз.

Профессор Қажым Жұмалиев өзінің «ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде Ыбырай Алтынсаринның Ақмолда, Күдері, Нұржан сынды ақындарға идеялық жағынан әсер еткенін атап өтеді. Ыбырай айналасында болуы аталған ақындардың батыс әдебиетімен сусындауына мүмкіндік берді. Ұлы ұстазбен сыйлас болып, жақын араласқан ақындардың бірі Сейдахмет Бейсенұлының «Түлкі мен сауысқан», «Мұжық», «Қаздардың Рұмды алуы» секілді мысалдары батыс әдебиетінен алынған сюжеттерден құралған. Ақынның «Түлкі мен сауысқан» мысалы 88 жолдан тұрады және бірнеше көріністі қамтиды. Алғашқы көріністе ауызына сүйек тістеген түлкі судағы балық бейнесіне алданып, соңында өз олжасынан құр қалса, екінші сюжетте түлкінің сауысқанды алдап, оның тістеп тұрған етін қулықпен алуын суреттесе, үшінші бөлімде кек алғысы келген сауысқан түлкіні қасқырға ертіп апарды. Мысал соңында ақын:

...Біреуден аңқау, момын пайда қылса,

Басыңа жастанарсың бір күні мұз, - деп үгітпен аяқтайды. Бұл батыс әдебиетінде жиі таралған сюжет. Сейдахмет аталмыш мысалды қазақ оқушыларына түсінікті ету үшін өз жанынан қосып, шығарманы әрі қарай дамыта түскені көрінеді.

Жоғарыда аталған ақындардың шығармаларындағы фольклор сипатының жиі кездесуі өзіндік дәстүр ерекшелігін қалыптастырған Торғай ақындық мектебінің өкілдерінің халық ауыз әдебиетімен молынан сусындап, жақсы білгендігін көрсетеді. Олар тек қазақ

халық ауыз әдебиетімен ғана шектеліп қалмай, өзге де халықтардың әдебиетінің озық үлгілерінен үйреніп оларды өз шығармашылығын да пайдалана білген. Бұл аталмыш мектептен шыққан ақындардың туындыларындағы тақырып пен мазмұнды байыта түсіп, олардың шығармаларына идеялық жағынан да өз әсерін тигізген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ысмайылов Е. Ақындар, Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1956. – 70 б.
- 2 Торғай ақындық мектебі: оқу құралы / Қалиев А. Арқалық, 2013. - 7 б.
- 3 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1981. – 46.
- 4 Қасқабасов С. Жаназық, Астана: Аударма, 2002. – 546б.
- 5 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964, 6-т.
- 6 Әуезов М. Қазақ халқының эпостары мен фольклоры. – Уақыт және әдебиет, Алматы, 1962, 75-76 б.
- 7 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы: Ғылым, 1983. - 76-77б.
- 8 Ақсауыт, Алматы: Жазушы, 1977. - 90б.
- 9 1916 жыл, Рауан, 1996. – 176б.
- 10 Сейдахмет.Фибрат// Құрастыр. Б.Әлмағамбет.- Астана: Фолиант, 2010. – 92б.
- 11 Айтыс, Алматы: Жазушы, 1988. - 10 б.
- 12 Батырдың биік тұлғасы – Светлый образ батыра. Құраст. Ш. Иманов, Х. Маданов. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 44б.
- 13 Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.- 428б.
- 14 Әлмағамбетов Б. Таңат Сейдахмет ақын // Торғай таңы, 4,6,11,13 наурыз, 1993.
- 15 Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер(ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері). Алматы: Рауан, 1992. – 76 б.
- 16 Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.
- 17 Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 456 б.

Т.АҚШОЛАҚОВ – ПЕДАГОГ-ҒАЛЫМ, ӘДІСКЕР-ҰСТАЗ

САДЫҚОВ Е. Т.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
АФАЛИЕВА Н. Б.
ПМПИ, Павлодар қ.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы.

Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Мағжан Жұмабаев

Қазақ поэзиясы мен бағзы ақындық, жыраулық дағдыны қадірлеп, әрі қолы жеткен орыс, шығыс әдебиеті нұсқаларын пайымды-парасатты оқып үйренген ағартушы-демократ ақындар жазған қазақтың таза құнарлы шығармаларының эстетикалық мән-мағынасын ашып, сол тілдің тазалығын сақтау үшін елеулі еңбек еткен ғалым, ұлы педагог, профессор, қазақ әдебиетінің әдістеме саласының беделді ғалымы Төлеутай Қазіұлы Ақшолақов болды.

Төлеутай Қазіұлы Ақшолақов 1915 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау болысында дүниеге келген. Ол өз күн көрісі бар отбасында өскен. 1916 жылы қатты жұт болып, сонан азды-көпті малынан айырылған соң үй-ішімен Павлодарға қоныс аударады. Әкесі құрылыста жұмысшы кейде «Трансвод» деген кәсіпорында қойма меңгерушісі болып істеген. Кейін зарлы күндер келіп, ғалымның әкесі сотты болып, КарЛАГ-ке жер аударылып, азап шегеді. Ғалымға осы лаңның кесірі аз тимеген. Екі рет комсомолдан қуылды. 1950 жылы Абай атындағы ҚазПИДі бітіріп, өзінің ұстаздық ұлы жолын бастайды. Төлеутай атамыздың алдынан өрбіген, қанат қаққан шәкірттері қаншама. Солардың ішінде бүкіл қазақ халқына танымал ақын Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев т.б. бар. Ол өз шәкірттерінің ерекше ықыласына бөленген ардақты ұстаз болды. Бұған дәлел М.Әлімбаевтың Т.Ақшолақовқа жазған «Ізет» атты өлеңінен үзіндіге назар аударайық:

Бәз-баяғы еркелігін тыймаған,
Балалыққа мейірбандық сыйлаған.

Өз алдында әлі күнге ұстазым,
Шәкірт болу- сый маған,-

деп Қазақстанның халық жазушысы М.Әлімбаев өзінің ұлы ұстазы Т.Ақшолақовқа алғысы мен ізгі ниетін, шын көңілден шыққан ыстық ықыласын білдірген [1, 8 б]. Шіркін! Осындай дүйім жұртқа танымал шәкірт тәрбиелеудің өзі бақыт емес пе? Әрине, зор бақыт. Ұстаздық еңбегінің толығымен ақталып, зая кетпегенінің дәлелі.

Ғалым оқу, білім беру жүйесіндегі хадимнен жадидке көшу мектеп-медреселерде оқыған қазақ жастарының әдебиет арқылы өмір, дүние, табиғат, тіршілік туралы нақты білім алуына жағдай жасап, оқып-үйренуін біраз жеңілдетті.

Төлеутай Қазіұлы саналы ғұмырының көп уақытын көркем шығарманы талдау проблемасын зерттеуменен өткізген. Шығарманың қат-қабат ішкі құрылымы, астарлы, бейнелі көркем ойы, образдар жүйесі, жазушының шеберлігі – осының әрқайсысы бір-бірімен байланысты, бірінен-бірі туындайтын үлкен проблема. Ал образдар жүйесіне еңбейінше, шығарманың тұтас бітім екенін, оның көркемдік ерекшеліктеріне терендемейінше, қаламгер шеберлігін, туындының идеялық мазмұнын аша алмайтынымыз анық.

Ғалым өзінің 1983 жылы жарық көрген «Көркем шығармаға талдау жасау» монографиясында алдыңғы еңбектерінде айтылған келелі ойларын, тұжырымды пікірлерін сабақтай түсіп, көркем шығарманың мектепте талдаудың әлі шешілмеген мәселелеріне, поэзиялық, прозалық шығармалардың үлкенді-кішілі түрлеріне талдау жасау үлгілеріне, жүйелілік-құрылымдық тұрғыдан саралау әдістеріне жан-жақты тоқталған.

Төлеутай Қазіұлы прозалық шығармалар жайлы былай деген: Прозалық шығармалардың үлкенді-кішілі формасының қайсысында болмасын сюжет те, композиция да бар. Өйткені олар оқиғаға құрылады. Ал поэтикалық шығармалардың бәрінде бірдей сюжет бола бермейді. Сондықтан прозалық шығармаларды талдағанда, оның сюжеті мен композициясына арқа сүйемей, ондағы кейіпкерлер мінезін ашу мүмкін емес. Образ эволюциясы, образ композициясы көркем туындының сюжеттік-композициялық желісінде бой көрсетеді. Шығарма архитектуралық құрылыммен салыстырады. Ғалым өзінің ғылыми байламын, түсінік-тұжырымын нақтылы көркем туындыны талдау, Абайдың дара стилін ашу арқылы ұтымды дәлелдеген. «Абай жолы» эпопеясында толып жатқан кейіпкерлер бар. Төлеутай Қазіұлы: Ақын-жазушы шеберлігі-шығарманың осы сюжеті мен композициясын

құра білуінен танылады. Әдебиеттің негізгі объектісі-адам,-деген. Шынында да жазушы өз шығармасына сол адам тағдырын арқау етеді. Оны көрсету үшін жазушы өз кейіпкерлерін әр түрлі саяси, әлеуметтік жағдайларға тап қылдырады. Сан алуан адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді, оны өмір тартысының әр кезеңінде көрсетеді. Сол арқылы суреткер өз қаһарманының мінезін жасайды. Сол қимыл, мінез үстінде адам мінезі әр қырынан ашылады. Сол қылығына, әрекетіне қарай оқушы кейіпкерге баға береді. Сонымен шығарманың композициясы мен сюжетін талдамайынша, ондағы кейіпкерлердің мінезін ашу мүмкін емес. Жазушы шығармасындағы әрбір деталь, штрих, оқиға, әрбір поэтикалық образ дәлелденген болуы парыз.

Ғалым Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесі жайлы былай деген: Б.Майлин-көркемдік детальды қолданудың асқан шебері. Жазушының «Түйебай» деген шағын әңгімесі көпке мәлім. Кішкентай Түйебай сабаққа барған бастапқы күннен-ақ молда қаһарына ілінеді. Зеректігі басқа балалардан кем болмаса да, молда оның жер-жебіріне жетіп ұрысады: «Ақымақ, Хайуан», «доңыз» деп зекиді. Жиырма шақты баланың ішінде таяққа жығылатын да сол. Сабағын білгеніне қарамай, сәл мүдірсе болғаны, молда қамшымен сыдырып салады. Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесі реалистік тұтас бітімімен, нанымдылығымен, етек-жеңі жинақы көркем туынды. Б.Майлин әңгіме-новеллалары шағын дүниеге өмір аласапыранын, тіршілік-тартысын шебер түсірген. Оның шеберлігі оқиға таба білуінде, соларды қиыстыра кірістіре білуінде. Ол сөз өнерін соған қарай саптай білген, - деп айтқан. Ғалым прозалық шығармалармен бірге поэзиялық шығармалар жайлы жақсы-жақсы пікір қалдырған.

Шығармадағы мазмұнды форманы таныту жолдары алуан түрлі. Ол шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне, композициялық, сюжеттік құрылымына, тілдік ерекшеліктеріне қарай түрленіп отырады. Ал соның бәрінде есте ұстайтын нәрсе-шығармадағы ой мен өрнек тұтастығын естен шығармау. Ал ақын І.Жансүгіров градация(дамыту) тәсілін шебер қолдана білген. Ақын оны өзінің эстетикалық мұратын паш ету, кейіпкер мінезін ашу үшін, оқушының сезім пернелеріне еселей әсер ету үшін қолданған. Сол арқылы оқушысын оқиғаға ортақтастырып, оның жүрегіне күйініш-сүйініш сезімін ұялата алған. Илияс бұл тәсілді өзінің эстетикалық идеясына орай ұтымды қолданған. «Күйші» поэмасындағы ақынның үдету тәсілін қолдануына көңіл аударалық.

Соқ жігіт!Соқ!Соқ жігіт!Күйінді тарт!

Лапылда!Жандыр!Күйдір!Құмарт!Құмарт!

Безілдет!Сарнат!Зарлат!Үздіктірші!

Керек жоқ!

Лактыр әрі!Қысқарт!Қысқарт!

Осындағы нәсерлете төгілген қайталаулар мен үдетулердің поэтикалық түйініне көз жүгіртсек, Илиястың ақындық шеберлігін тану қиын емес. Илияс градацияны стилистік фигура ретінде ғана емес, шығарманың композициясы мен сюжетін құру тәсілі ретінде де қолданған, -дейді ғалым [2, 12 б]. Т.Ақшолақов сондай көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту, жазушы стилін таныту мәселесіне де ерекше көңіл бөлген. Ол: өнер тарландары бір-бірінен өсте шатастырмайсың. Әрқайсысы өзінше сөйлейді, өзінше толғайды, өзінше нақыштайды. Радиодан мысалы, музыкалық концерт бергенде, орындаушы-әнші есімдері көбінде аталмайды. Ал ән сүйер қауым ән айтып тұрған адамды кім екенін қатесіз таниды. Себебі әр әншінің өзіне ғана тән әуен-сазы, стилі, дауыс ырғағы, шеберлігі бар. Демек, өнердің қай саласында болсын шынайы суреткер өзіндік өрнегімен, нақышымен көрінеді. Ақын-жазушы тек өзіндік қолтаңбасымен, даралық суреткерлігімен, өз стилінен айқындалады. Әр жазушының стиль ерекшелігін оның шығармасындағы көркем компоненттерін тану арқылы айқындаймыз. Әр жазушының өзіне ғана тән суреттеу стилі, сөз саптау мәнері бар. Ол сол жазушының барлық шығармаларында көрініс беріп отырады. Жазушы стилін орта мектепте үйрету «оқушылардың әдеби дамуына, бір жазушы шығармасын екінші жазушы шығармасынан ажырата алуға әр жазушының әдебиетке әкелген жаңалығын көре білуге, ерекшелік дегенді жазушының белгілі бір идеялық-көркемдік ұмтылысынан туған жаңалықтың нәтижесі екенін түсінуіне қолқабыс етеді, - деп әдіскер Н.Я.Мещерякова дұрыс тұжырым жасаған» [3, 21 б].

Әңгіме мынада болып тұр, стиль деген ұғымға-жалпы өнертану тұрғысынан бір, сөз өнері-көркем әдебиет стилистикасы тұрғысынан екінші, тіл мен тіл білімі тұрғысынан үшінші-әр түрлі түсінік, анықтама беріліп келеді.

Қорыта айтқанда, Төлеутай Ақшолақов бір емес бірнеше ғылымның биік шыңын бағындырған қазақ халқының тұлғалы ғалымдарының бірі болған. 95 жылдық ғұмырының жартысынан көбін педагогика, публицистика, әдістеме салаларына арнап, ерең еңбек етті. Тұғыры биік, асқақ тұлғалы әдіскер ғалым, ұстаз Т.Ақшолақовтың мол мұрасы өскелең ұрпаққа баға жетпес қазына.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақшолоақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. - Алматы, 1983.
- 2 Ақшолоақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. - Алматы, 1994.
- 3 Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. - Алматы, 1991.

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТИЗМДЕР

САЙЛАУОВА Ф.

2 курс студенті, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КӨРІПЖАНОВА Г. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдеби тіл қатарына еңбейтін сөздердің қатарына диалектизмдер де жатады. Диалектизмдер туралы Х.Нұрмұқанов: «Бұлар, белгілі бір аймақ тұрғындары үшін атқаратын қызметіне қоса, әдеби тіл үшін де, әдебиет тілі үшін де қажет қазына[1, 120], - деп орынды атап көрсетеді.

Әдеби тіл нормасына түспеген, бірақ белгілі бір ортада белсенді түрде қолданылып жүрген сөздердің көркем шығармада кездесуі мүмкін. Ұлы жазушы М.Әуезов: «... ондай көпшілік халқымыз тұтынып келген, әдебиетке түспей жүрген тың сөздерден жатырқап, бой тарту – бір жағынан халық тіліне жасалған зорлық, екінші жағынан алғанда бар қазақ тілін білмей, баурай алмай тұрып, бұлайша паңдық ету қыңырлық пен астамдық» [2, 167], - деп тұжырымдайды. Көркем әдебиет стилінде диалектизмдер әдеби баламасы бола тұра қолданылады. Бұл таза стильдік мақсатты көздейді.

Ж.Аймауытұлы шығармаларында да жергілікті ерекшеліктер (диалектизмдер) кейіпкер тілінде де, авторлық ремаркада да кейіпкер бейнесін сомдау мен ойдың әсерлі көрінісін беру үшін жұмсалған.

Бізге ұқсап дәм айдап келген ғой (Ж.А.,308).

- Бұлар да бізге ұсап Ақбілек сынды қызды жақсы көре ме екен деген ойлармен ауыз үйде отырып қалды (Ж.А.,230).

- Мұрныңды жеңіңмен сұртпесейші, әлдекімнің баласына ұсап,- деп Қажыкенді иегінен қақты (Ж.А.,269).

Ұқсайды, ұқса деген етістіктің құрамындағы қ түсіріліп, кейде ү мен қ дыбыстарының орындары ауысып қолданылған.

Дегенмен сомадай болып, бір ауылдың сиырына қауға тарта алмауды намыс көреді. Сыр алдырмағысы келеді (Ж.А.,29).

Екеудің бірдей сомадай боп отырып, жалғыз қызымды қураққаным ба?- деп Шекер қызының шашбауын көтерген болды (Ж.А.,399).

Сомадай – үлкен, өзін-өзі көтеру, әлдеқандай болу. Сомадай, деген сөз- комсыну, менсінбеу, кекесін мағыналарын береді.

Төлеген қара басына құнақты жігіт екен деп ойлайды.

Анығында да Төлеген құнақты жігіт еді (Ж.А.,220).

Құнақты – ұқыпты.

Жас науетек жүрегі- соқпай жатып жоқ болды (Ж.А.,202).

Ақбілектің науетек дауысын естіген соң, әрі іші жылып, әрі таңырқап «қонамыз» дегенге әлдеқандай болып қалды.

Науетек- таза, нәзік деген мағынада.

Жазушы шығармасында «науетек», «нәуетек» болып та қолданылған. Келтірілген мысалдарға диалектизмдер кейіпкердің бейнесін, мінезін суреттеу үшін жұмсалады.

«Балаларға ара түсесің»- деп, Жұманның сөзін сөкетті қылды (Ж.А.,26).

Сөкетті қылды – сөкті, кінәлады деген мағынада берілген.

«Олармен де анаугүні екі бие туралы шайырғал болып қалды десіп еді ғой» (172-бет).

Бірмеғанмен оның малайын азғырып алғаны туралы жаздай араз болып, қатындарының шайырғал екені есінде.

Шайырғал- араз [3, 198].

Қазақ зәбірін тиді деп бізді айыптайды. Зәуеде қазақ әскер болып, қазақ әскері орыс елінің ішінде жатса, маңайына зәбірі тимес пе еді?

Зәуеде- 1) қашанда, ешқашан;

2) әлдеқайлай, алайда, алда- жалда;

3) кейде, анда- санда;

4) сірә, тегінде.

ҚТТС-де Зәуеде деп беріледі, бұл жерде зәуеде сөзі тегінде деген ұғымды білдіреді [3, 379].

Енді мұндай дүкірт киілікті (Ж.А.,45).

Дүкірт- пәле, жала, тосын жағдай, ауыр, қиын іс (Ж.А.,93).

Мені елден пара алды, дүние тартып әкетті, пәлен-түген қылды деп қаладағы оқыған азаматтарға дәттеп қойыпты (Ж.А.,158).

Дәттеп - (араб тілінен енген) жамандап деген мәнде.

Талай адамдардың «қарызға» ақша алып, дәт дегізген (Ж.А.,217). Дәт дегізу- тіркесі – алдаған, өкіндірген деген мағынада.

Бітегенеден соң, ала сақал тәсбиғын сыртылдатып, оң қолына ала жабдығының ала жібін ұстап, ерні ғана қозғалып, көмейі бүлкілдеп, «тәлел» оқи бастады (Ж.А.,39).

Өз елінше Шекер де үйінің ішін мырсындай қылып қойыпты (Ж.А.,402).

Мырсындай – жинақы, таза деген мағынада берілген.

Аузың кепердей боп, қара басып отырдың (Ж.А.,399).

Аузы кепердей болу – үндей алмау.

Ал Жұматай қойды мөз ойлап, басын қатырған жоқ.

Мөз ойлап- қатты ойланған жоқ мағынада қолданылған.

Ықаң шылымын тұтатқандай әуелі аузын толтырып, түгінді жүдемете будақтатып жіберді (Ж.А.,224).

-Дәл сендей онжырғасын салған кісі жоқ шығар (Ж.А.,66).

Онжырғасын салу- бар ынтасын салу деген тұрақты тіркеспен мәндес.

Омбыға таянған сайын күн сурықай тарта бастады(Ж.А.,137).

Суырмай- суытты деген мағынада.

Жазушы еңбектерінде тағы бір ерекше назар аударарлық құбылыс – сөздіктерге еңбеген лексемалардың кездесуі. Ол сөздер шажа, тақылжырын, кежімделген, малағам т.б. толығырақ мысал келтірейік.

Амандықтан кейін:

Бай, түндегі малағымды білдіңіз бе?-деді.

Жоқ,- деді.

Ойбай, үлкен оқиға боп қалды(Ж.А.,174).

Жеке тұрғанда бұл сөздердің мағынасына дәл басып айтып беру қиындау. Бұл сөздер сөйлем ішінде, контексте белгілі бір мағынаға ие болып тұрғанымен (фразеологиялық, диалектологиялық түсіндірме) сөздіктерге еңбеген. Әр түрлі ұғымға қатысты бүгінгі күні тілімізде кездеспейтін, қолданылмайтын мелдек, пәтуа, жұрын, құнтақты т.б. сөздер романда тілінде ұшырасады. Бұл сөздердің мағынасы контексте анықталады. Мысалы, мелдек сөзі – кеңірек деген ұғымды берсе, пәтуа – береке, жұрын –арық, құнтақты – тиянақты деген мағынада жұмсалған.

«Диалектілік ерекшеліктердің 1920-30 жылдардағы прозалық шығармалардағы қолданылуымен қазіргі кездегі қолданылуын қатар қойып қарауға болады. Диалектілердің қазіргі көркем әдебиетте

қолдануға қойылатын стильдік мақсат ол жиырма жылдағы шығармалардан үнемі байқала бермейді. Демек, диалектілік ерекшеліктердің 1920-30 жылдардағы прозалық шығармалардағы қолданылуын ол тұстағы жалпы проза тілінің қалыптасуы, жетілуі туралы мәселеден бөліп алып қарауға болмайды.

Өйткені тілдегі жергілікті ерекшеліктерді қолдану 20,30-жылдардағы шығармалардың бәрінде бір дәрежеде емес, әрбір автор диалектілік ерекшеліктерді өз талғамына ыңғайлап пайдаланған» [4,257]. Осы айтылған тұжырым Ж.Аймауытұлы шығармаларына да қатысты деп ойлаймыз. Мысалы, Ондай сұқым, сімтік шалдарды қайта ішінен жаратпай: «Не бар екен? Жатсайшы!» деп отыратын (Ж.А.,166).

Сұқым шалдарша, сұғанақ балаларша көзімізді сатып, қылқиып отырмақшы (Ж.А.,170).

Енді жұқалау бір сұқым жігіт жамбасты тұтамдап, майын бармағымен бүркітше басып ұстап алыпты (Ж.А.,65).

- Өмірі әбүйір байлаған, сұқым! (Ж.А.,200).

Жазушы шығармаларында сұқым сөзі (сұқым шал, сұқым жігіт) кейіпкерлердің мінез-құлқының, іс-әрекетінің ұнамсыздығын беру мақсатында авторлық баяндауда да, кейіпкерлер тілінде де ұшырасады. Сімтік – әр нәрсені қазбалап жүретін тіміскі. Сұқым – ашқарақ, қомағай адам.

Кеудесі әнтек сая табайын деді (Ж.А.,365).

Әнтек- түсіндірме сөздікте:

1. Болар болмас сәл ғана, азғана.

2. Онша лайық болмайтын, орынсыз ағат [3,628]. деп екі мағынасы берілген.

Біздің отағасы да...- деп келе жатып, әнтек кідіріп:- Жақсы көңілді болса керек,- деді (Ж.А.,21).

Бұл мысалдардағы әнтек сөзі сәл, ақырын деген мағынаны білдіреді.

Әнтек тәрбиеленіп, қылымсуды, еркекке жағынуды үйренбегені болмаса (Ж.А.,155).

Бекболат шылым тартып машық қылмаса да, алмауды қолайсыз көріп, екі бармағының ұшымен, қолы әнтек қалтырап, шылымдарын шашып төгіп, бірін алады (Ж.А.,221).

Бірінші мысалдағы әнтек сөзі еркін, бетін қақпай деген мағынаны, екінші мысалда, ақырын деген мәнді қоса білдіреді.

Сонымен, Жүсіпбек Аймауытұлы халық тілі байлығын, оның ішінде қарапайым сөздерді мынадай мақсаттарда:

- кейіпкер басындағы эмоциялық-психологиялық күйді ашу үшін;
 - сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттыру, сол арқылы айтар ойын оқырман көңіліне бірден, нақты жеткізу үшін;
 - кейіпкер тілінде келіп, оның образын (мінез-құлқын, дүниетанымын, тыныс-тіршілігін) таныта түсу үшін;
 - субъективті модальділікті білдіру үшін қолданған.
- Кейіпкер тіліндегі уәжді ауытқуларды кейіпкер бейнесін сомдау, ойдың әсерлі көрінісі беру қызметін атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрмұханов Х.Сөз және шеберлік. Алматы, 1987. -288 б.
- 2 Әуезов М.Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1959.-556 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1-10 том.
- 4 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. 1968, -Алматы.-264 б.

СӘТ ЕСЕНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

САТТАРОВА Б.

студент, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Арқалық қ.

Торғай ақындық мектебінің өкілі, өз өлеңдеріне елінің басынан өткерген зұлматтарын арқау ете білген, том тарихты ақтарғанда «елім» деп соққан жүрегі мен кезі келгенде қаламын қаруға алмастырған ұлтжандылығы өн бойынан табылатын, жылдар тоғысында халық жадынан ұмыт қалып, көмескіленіп бара жатқан Сәт Есенбаевтың өмірі мен шығармашылығы бертін келе зерттеуді қажет ететін аса көлемді тақырыптардың бірі.

Сәт Есенбаев жайлы мұрағат қорларындағы деректер әр қилы. Мысалы, облыстық №2 әмбебап кітапхананың құрастырған көрсеткіші бойынша, Сәт ақын Есенбайұлы 1893 жылы бұрынғы Торғай облысы, Аманкелді ауданы, Қарасу кеңшарының Бестарау ауылында дүниеге келген. Арғы атасы Сатыбалды да, әкесі Есенбай да шаруа адамдары болған. Бала кезінен өн-жырға әуес болып өскен. Болашақ ақынның жақсы тәрбие алып, өнерлі әрі ақын болып өсуіне Байжан ақынның ықпалы көбірек болған. Оны өз сөзі де қуаттай түседі: «Мен арғынның таз деп аталатын тармағынан тараймын, маған ұстаздық еткен және бала жасымнан әке орнына әке болып тәрбиелеген ағам Байжан ақын еді»[Есенбайұлы С. Өлеңдер мен дастандар./ құраст. С.Кенжеахметұлы.-Арқалық,1992.- 3 б].

Өлеңді жас кезінен айтып және өз жанынан шығарған. Ол 1916 жылғы Торғайдағы Аманкелді батыр бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан сарбаз ақын. 1921-1925 жылдар аралығында ан дайындау органдарында агент, 1929-1933 жылдары Бестау ауылдық кеңесінің , жылы ақталып шыққан. 1936-1944 жылы колхозда бақташы болса, 1944-1948 жылдары ауылдық кеңестің басшысы қызметін атқарған. 1975 жылы 26 тамызда 83 жасында туған жерінде дүние салған. Бұл – облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапхананың библиографы құрастырған көрсеткіш бойынша.

Сонымен қатар, «Торғай елі» энциклопедиясындағы мәліметтерге көз жүгіртетін болсақ, Сәт Есенбайұлы (1893,бұрынғы Торғай оязы Қайдауыл болысы Бестарау а. - 29.08.1975, Аманкелді ауд. Бестарау а.) - халық ақыны. Атасы Сатыбалды ұрпақтары түгел дерлік өнерпаз адамдар болған. Сәтте жастайынан өнер қуып, өз жанынан мысқал өлеңдер шығарып, ауылдағы жас жігіттер мен қыз-келіншектердің қызығы болған. С.а. 1916 жылғы Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне басынан аяғына дейін белсене араласты...[Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 359 б]

Ақын балалығынан ауыздан ауызға тараған өлеңдерді жатқа айтып жүрген. Бертін келе өз жанынан өлең шығарып, халықтың ықыласына бөлене білген. Ақын шығармашылығы өз дәуіріндегі болып жатқан кез келген оқиғадан сыр шертеді. Халық зары, оларды сабырлылыққа шақырып, тура жолға бастаған көсемдері мен езіп – қанаушылар ақын өлеңдерінің негізгі арқауы. Түрлі тақырыпта қалам тербеткен ақынның өлеңдерін бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арналған толғау-дастандары, Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған өлең-жырлары мен сол кезеңдегі кеңестік саясат ықпалымен жазылған шаруашылық озаттарына арналған арнау өлеңдер, сонымен қатар туған жер табиғатын жырлаған табиғат лирикасы және шығыстық сюжетке құрылған дастандары.

Жазушы-этнограф Сейіт Кенжеахметұлы Сәт туралы, оның шығармашылығы туралы былай дейді: «Сәттің ақындық атағын да, шабытын да көтерген кез 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілген Торғайдағы халық қозғалысы. Әліби, Амангелді, Әбдіғаппар, Кейкі бастаған осы азаттық күреске қаламмен де, қарумен де үлкен еңбек жасаған адамдардың бірі - Сәт Есенбайұлы. Ақын мұнда жалғыз болған жоқ, оның алдында Күдері, Омар, Орынбай, Ақмолда, Досмұқан сияқты халық ақындарымен бірге жыр

төкті. Осы шайқаста Сәт ақын «Ер Амангелді», «Июнь жарлығы», «Құмкешу соғысы» атты толғау дастандар шығарды. Бұл дастандар тек 1916 жылғы ғана емес, одан бұрынғы Махамбет, Исатай, Сырым, Жанғожа, Кенесары бастаған азаттық қозғалыстардағы ерлік жырларының қатарынан орын алатын сүбелі шығармалардың бірі деп есептеледі» [Кенжеахметов С. Асыл мұра// Торғай таңы.- 1992.-30 маусым. -4 б.].

Ақын шағармашылығындағы өзекті тақырып та осы – 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс. Себебі ақын бұл оқиғаның басы – қасында болып, өзі де Амангелді сарбаздарының қатарында ерлігін танытады.

Амангелді Имановтың жанында көп болған ақын батыр туралы көзбен көріп, көңілге түйгендерін 1944 жылы жазылған «Ер Амангелді» поэмасында толық баяндайды. Ата тегі – Иман батыр жайлы айтып келіп, текті елдің ұлы екенін танытады. Поэмада батыр өмірі тұтастай қамтылмаса да, мәні зор, кең мағынаға ие деген оқиғалар толықтай қарастырылады. Жастайынан мерген, озбырлыққа көз жұмып қарай алмайтын батырдың балалық шағы, жігіттік шағы сөз болады.

Ақын батыр бейнесін ауыз әдебиеттегі шындықтан хабар беретін аңыз әңгімелер мен батырлар жыры арқылы суреттеуде өз шеберлігін танытады. Себебі, ол болып жатқан оқиғаларды көзімен көрген еді:

...Жендеттердің алдынан,
Жолын бөгеп қол шықты.
Азғана емес мол шықты.
Құдайдан жау сұраған,
Жау көрмесе жылаған,
Мынды бірге санаған,
Ер Әкімбек сұр мерген,
Қол ішінен сол шықты.
Әлжан, Кәрібоз, Дәуренбек,
Мыңбасылар мол шықты.
Алысатын ажалмен,
Айқасатын залыммен,
Қолымен оқты қағатын,
Қамалға жалғыз шабатын
Амангелді ер шықты [Есенбаев С. Өлеңдер топтамасы.

// Рауан. 1992]

Сәт, Күдері, Б.Есенжолов тәрізді ақындар Амангелдінің сол тұстағы табандылығы мен қайсарлығын, іскерлігі мен алғырлығын нақты көрініс, әрекеттер арқылы тартымды сипаттай алған.

Сәт дастандарының өзге халықтық жырларға ұқсамайтын басты бір ерекшелігі бар: ол бұлардағы мифологиялық сипат пен әсірелеудің кең орын алуы дер едік. Ақын қалыпты батырлар жырының үлгісімен өз кейіпкерлерін жұрттан туысы бөлек, айрықша қасиетті жан етіп жеке дара алып сипаттау үшін, ата-бабаларынан бері қарай олардан батырлық жолдың үзілмей келе жатқанын айтады. Сәт дастанында жазба әдебиет пен ауыз әдебиет үлгісінің аралас келетінін айту керек. ...бұған қазақтың төл жазба әдебиеті де елеулі ықпал-әсерін тигізіп, оның жаңа арна, соны сипатпен дамуына да қолайлы жағдай жасады [Амангелді Иманов. Мақалалар, документтер, материалдар. Ред. басқарған С.Б.Бейсембаев. Құрастырушылар: М.Қ.Қозыбаев, П.М.Пахмурный. Алматы, «Қазақстан»,1975. – 213 б.].

Мұнда аты аталған әрбір батыр бейнесі тарихтан хабар береді. Тек қана Сәттің ғана емес, Байжан, Файзолла, яғни дәуірлес ақындардың шығармаларында да осы батырлардың есімдірі аталып, ерліктері жырланған.

Сарғаскері Әбіші Ырысбайдың,
Мыңбасылар Кейкісі Көкембайдың.
Өмені қажы ағамыз Мұсабайдың,
Және бірі Қосжаны манабайдың.

Ожаннан Әлжаны бар Қарабайдың,
Елбегісі Әбжаны Құндызбайдың.
Шыға келді ұлдары басшы болып,
Мынды айдаған шұбар төс ылғи байдың.

(Файзолла Сатыбалдыұлы «Әбдіғапар хан» поэмасы) [10.Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 295 б]

Әдебиетте шығарма кейіпкерін әмбебеп көрсету үшін түйдектету, әсірелеуді жиі қолданып, екінші топты әжуалау, құлдырату басым болып келеді. Ақын шығармасында бұл тәсіл өте көркем қолданылған.

1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліске байланысты ақын қаламынан туған туындылар қатарын «Июнь жарлығы», «Құмкешу соғысы» толғау – дастандары толықтыра түседі.

Сонымен қатар, екі дәуірді басынан өткерген ақын шығармашылығында Ұлы Отан соғысы жай да сөз болады.

Ауылдық кеңестің төрағасы болған Сәт ақын осы кезеңде халықты рухтандыру, жігерлендіру, Отаны үшін өліспей, беріспеу үшін көптеген өлеңдер жазды. Жазған өлеңдері үнемі газет беттеріне шығып, майдандағы әскерлерді де, тылдағы жұмысшыларды да қажырландырып, қайраттандырып тұрды. Жігеріне жігер, батырлығына батырлық қосып, рухын асқақтатты. Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, жауға тойтарыс беруге күш қосты.

Ал, Торғай көктемі», «Жаз», «Жайлау» сынды өлеңдері ақынның табиғат лирикасындағы алар асуын бағындырып бергендей. Өте көркем суреттеулермен көмкерілген бұл шығармалар жансызды жандыға, аласаны биікке ұштастыруда ақынның тағы бір талантын таныта түседі:

...Сеңменен сең сіресіп,
Бірін-бірі тіресіп,
Арпалысып, алысып,
Төбелесіп, күресіп.
Сең соғысып, сатырлап,
Мұз жарылып шатырлап.
Бірін-бірі соққанда,
Шыдай алмай сықырлап.
Бірін-бірі көтеріп,
Көбік құсып жетеліп...
...Толқыннан толқын семіз боп,
Түбектер толып теңіз боп.
Өзен туып өзеннен,

Түбектер толып теңіз боп... [Есенбаев С. Торғай көктемі.

// Ақ жол.-12 сәуір.] – деп ақын Торғай өзенінің көктемгі көкмұздан арылып, арнасынан асып жатқанын әсерлі бейнелейді.

Ақын шығармашылығындағы ендігі тобы - философиялық, дидактикалық ой-толғамдарға құрылған «Бір ретте», «Ағайын, саған не жаздым» өлеңдерін, «Терме», «Төрт жақсы», «Талап» дастандары.

Таласып Дәулет, Бақыт, Ақыл, Сабыр,
Айтысты бір-бірімен алмай дамыл,
Мадақтап өзін-өзі әрқайсысы
Бірінің сөзін бірі етпей қабыл

Керісіп келіспейді, тоқтамайды,
Ортада болмаған соң етуші әмір.
Осылай талас дайтыс, дауалармен
Данышпан бір кісіге барды ақыр – деп

басталатын «Төрт жақсы»

деген дастанында дәулет, ақыл, бақыт, ақыл, сабыр төртеуі бұрын дұрыс жолдан тайып көрмеген, қара қылды қақ жаратын Әйіп деген төреге барады. Төре бұлардың таласының себебін түсінгеннен соң өз тарихтарын айтуларын сұрайды. Сонда Бақыт сөз бастайды. Ол өз сөзінде:

Бакпенен оған қоса бітер білім,
Басқадан көріктірек көрсен түрін.
Қарасып қарсы келер адам болмас
Теріс деп қайтармайды ешкім тілін.
Қақпайды ешкім қолын сұрағанын
Ел билеу бәрі өзінде прованың
Мүлтіксіз орындайды ойындағы
Өзінің көңілі сүйіп ұнағанын.
Болған мен дәулет, сабыр және ақыл,
Көпшілік түгел сырын көрмес мақұл.
Күші жоқ, паво жоқ, артықшылық
Емеспе бұлар кеміс, шын мүсәпір – деп өз артықшылығын жеткізеді. Ал, әділ төре:

Алда артын жетесінің ойлауың жоқ.
Опасыз баянсызсың, байлауың жоқ.
Сол адам өлген кезде кетсең екен.
Жетпейді, оған төзім аяуың жоқ – деп кемшілігін бетіне басады. Осыдан сон:
Үйде жиһаз жинаған, далада мал
Кімде болса тамаша, келісті хал
Дәулет жоқтың дәмі жоқ, дәрмені жоқ
Қария мұны мықтап есіне ал – деп Дәулет те өз артықшылығын баяндайды. Бірақ қария:

Іздеп тауып аласың елден саран,
Жұмулы қолы, көзі, көңіл тараң
Рақым жоқ, мейірі жоқ, ішпес, жемес
Қайда болса барасың соған таман – деп өзінің қайда, кімге біту керек екенін білмейтінін даттайды.
Істейді не нәрсені ақылменен,
Дәулет, Бақыт Ақылдан болар төмен.
Мен білгішпін, артықпын дегендердің,
Сұрап алып кетпей ме бәрін менен – деп Ақыл өз артықшылықтарын айтып марқаяды. Бірақ қария оның да мінін тауып:
Орданды, ауылыңды ашу жайлап,
Ұрысып, сөгіп, қаптап жанжалды.

Арынды, абыройынды, берекенді,
Қояды тас-талқан ғып бәрін байлап – деп, келесі сөзін сабырға
береді. Сөзінің соңында:

Сендерден болады артық анау Сабыр,
Шын алты алтын Сабырдың салмақты ауыр,
Мақтауыма лайық бағаласам.

Зат жоқ артық Сабырдан болар тәуір – деп, өз кесімін, төрелігін
айтады.

Ақынның бұл топтағы толғау – дастандары негізінен шығыс
әдебиеті үлгісімен жазылған. Жоғарыда берілген «Төрт жақсы»
да шығыс әдебиетінен болып табылады. Бірақ ақын Денсаулықты
Сабырмен ауыстырып, өзінше жырлайды. Мұнда ақынның негізгі
ой-түйіні - бақыт, дәулет, ақыл – барлығын ұстап тұрушы адамға
ең қажетті қасиет сабыр екендігі.

Сонымен қатар, ақын тек поэзия жанрына ғана қалам
тербеп қоймай, проза жанында да елеулі еңбек сіңіргенін
Темірғали Тұрмановтың араб әрпінен кирилицаға аударған
«Мәкеннің тағдыры», «Бақсы», «Ақтың азары» атты әңгімелерінен
байқауымызға болады.

Сәт ақынның жазба өнердің біз шыңын бағындырған ақын
екенін танытатын шығармалары көп, алайда ақын тек онымен
шектеліп қалған емес. Оның суырып салма ақын, айтыскерлігі
де бар. Ақынның айтыстары «Қостанай ақындарының айтысы»
(1958), «Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» (1966) жинақтарында
жарияланған. Сәт Есенбаевтың есімі «Қазақ әдебиетінің тарихына»
(1 том, 2 кітап, 1964), «Қазақ совет энциклопедиясына» (10 том,
1977), «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығына (2005)
енген. Ол аудандық, облыстық айтыстардың бірнеше дүркін
жеңімпазы болған. Ел жадында Нұрқанмен айтысы жақсы сақталған.

Сәт ақынның өлеңдері өз заманында білгір, көсем, дана,
халық мұңын мұндаушы, зарын зарлаушы, сондай-ақ сарбаз ақын
болғанын таптырмас айғақтар. Солай бола тұрса да көмескіленген
әдебиетте зерттеу аясы толық ашылмай, дамуы мешеуленіп келе
жатқан Сәт ақынның да, онымен тұстас ақындардың да өмірі
мен шығармашылықтарының бізге жеткен өте аз бөлігінің өзінде
тамаша дүниелер жатқанын байқаймыз. Оның жетпей, ұмытылғаны,
«билеушілердің» бұйрығымен құртылғаны қаншама. Бірақ құмның
асылды мәңгілік бүркей алмасы хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Есенбайұлы С. Өлеңдер мен дастандар./ құраст. С.Кенжеахметұлы.-Арқалық,1992.-98 б.
- 2 Торғай елі. Энциклопедия / Құрастыр. Т.Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 456 б.
- 3 Кенжеахметов С. Асыл мұра// Торғай таңы.-1992.-30 маусым.-4 б.
- 4 Есенбаев С. Өлеңдер топтамасы. // Рауан. -1992.-8 желтоқсан.
- 5 Аманкелді Иманов. Мақалалар, документтер, материалдар. Ред. басқарған С.Б.Бейсембаев. Құрастырушылар: М.Қ.Қозыбаев, П.М.Пахмурный. Алматы, «Қазақстан»,1975. – 276 б.
- 6 Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.
- 7 Есенбаев С. Торғай көктемі. // Ақ жол 1992. -12 сәуір.

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ

СЕЙІТКӘРІМОВА М.
4-курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі ақындық мектеп жайында сөз қозғалса, еске түсері – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мектебі. Қазақ халқының ұлттық әдебиетін, ұлттық идеясын көркем әдебиетте ашып, анықтап түйіндеуде Абайға ешкім тең келмейтіні белгілі. Абайға шейін де, Абайдың тұсында да қазақ әдебиетін, руханиятын Абайдай көтерген ақын жоқ. Ақынның қазақ әдебиеті мен өнеріндегі үлкен орны өз кезінде қазақ даласында өнер мектебі, ақыл-ой, әдебиет мектебін құруымен де бағаланады. Шәкәрім, Мағауия, Ақылбай, Көкбай сияқты Абайдың ақын шәкірттері ұлы ұстаздың ақыл-ой, шеберлік мектебінен өтіп, елге мазмұнды, мәнді рухани байлықтар қалдырды.

Абай шығармаларын зерттеуші, ұлы ақын туындылары туралы пікір айтушылар Абай поэзияны немесе көркемөнерді әсер алу үшін емес, қоғамды өркендету үшін қазақ елі қайтсе жақсылыққа жетеді деген тілекпен жазғанын айтады. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» десе, М.Әуезов «Абай – поэзияда үкім айтушы» дейді.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі қомақты еңбегі – өз маңындағы өлең жазған, жыр шығарған жастарды жөнге келтіріп, әр сөзіне сынмен қарап, тезге салып отырғандығында.

Өлеңі бар, өнерлі інім сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге... («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...»)

Мұхтар Әуезов «Абайдың туысы мен өмірі» атты мақаласында Абай өлеңге, өнерге қатал қояғандығын айтады. «Мәселен, Көкбай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым Әзірет Әлі айдаһарсыз,
Бізде жоқ алтын иек, сары ала қыз.
Көрілікті жамандап, өлім тілеп,

Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, – дейді. ...Алғашқы жолдағы – «Әзірет Әлі айдаһарды» Көкбайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқан. «Алтын иек, сары ала қыз» деп Сыбан Әріп деген ақынның «Зияда» деген қисасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

«Ақтамақ, алтын иек мойындары,
Ұжмақ, жұпар исі қойындары,
Бағдат, Мысыр қызығы ұқсамайды,

Бұлардың сауық қылған ойындары,– деген. Сұлу қызды сипаттаймын деп, иегі алтын, көзі гәуһар деп мақтауын асырып, түсіне қарамай, асыл тастарды сынай берсе керек [1, 133]. М.Әуезов еңбегі жазылған кезде Шәкәрім Құдайбердіұлы халық жауы деп айыпталып, аты аталмайтын. Сондықтан да кейінгі жолдардың, көрілікке қатысты тұсының Шәкәрімге қатысты екендігі кейіннен айтылды. Соңғы екі ауыз көрілікті жамандап айтқан Шәкәрім өлеңіне арналған. Абай ортасы мен оның ақындық мектебі туралы алғаш ой қозғап, кейінгі кең зерттеуге негіз берген – М.Әуезов ойлары.

Сондай мазмұндағы мақалаларының бірі – «Поэтическое окружение Абая» деп аталады. Бұл – алғаш рет «Абай ақындығының айналасы» деген атпен 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының №11 және №12 сандарында жарияланған мақаласының аудармасы. Автор осы мақалада айтылған мәселені екшеп, тұжырымдалған таным ретінде қарауға мән береді. Сондықтан да оны орыс тіліне аударып қайта жазады. Бірақ бұл мақалада көтерілген М.Әуезовтің Абай мұрасының Шығысқа қатысы мен ақын шәкірттері туралы пікірлері сынға түсіп, дау туғызып, аударманы жариялауға мүмкіндік болмайды. Мақаланың орыс тіліндегі аудармасы, Абай ақындық мектебіне жасалған ғылыми тұжырымдаманың алғашқы негізі тек 1988 жылы «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген атпен

басылған кітапта жарық көреді [2]. «Тезисы на доклада на тему «О поэтической школе Абая» деп аталатын туындыда М.Әуезов Абай ақындық мектебі болғандығын, оның шығармашылық, өнер ортасы ретінде өзіндік бағыт-бюағдары мен, қазақ руханиятында орыны болғандығын дәлелдейді. Ғалым Абай ақындық ортасының 9 сипатын анықтап көрсетеді.

1. Абай маңына білімді, көркемдік ойлауда өз үлгілерін қалыптастыруға қабілетті, ақын жастарға тәлімгер ұстаз болып, жас дарынды, суырып салма болашақ өнерпаздарды маңына топтаған.

2. Абайдың тірі кезінде бұл жастар көп туындылар жазады. Жаңашыл жастар әлеуметтік мәселелерде де белсенді. Ұстазына еліктеп, Абай жолымен көптеген шығармалар жазғанмен де, кейіннен әрбірінің өз жолы, бағыты (стилі) қалыптасты.

4. Бұл тұрғыда Абайдың ақын шәкірттері: Мағауия, Ақылбай, Көкпай, Әріп, Бейсембай, Әубәкір және т.б. шәкіттерінің шығармашылық жағынан ұстаздарынан өзгешеленді. «Масғұт», «Әзімнен» басқа Абайда сюжетті поэмалар жазған жоқ. Бірақ сюжетті дастандар жазуға өз шәкірттерін бағыттады. Оларға тақырып беріп, идеялық, көркемдік сипаттарына сын айтып отырған.

5. Абай шәкірттеріне әдеби мәдениетті үйретті. Шығыс әдебиеті ғана емес, орыс әдебиеті және сол арқылы әлем әдебиеті үлгілеріне жол ашуды бағыттады.

6. Халықтық-тұрмыстық, тарихи тақырыптарға жаңа ұстаныммен баға беруді үйретті. Сондықтан да тарихи тақырыптарға «Еңлік –Кебек» (Мағауия), «Абылай» (Көкпай), «Қозы-Көрпеш» (Бейсембай) т.б. дастандары жазылды.

7. Қазақ әдебиетінде әлі де жаңашыл үрдісте дамуды қажет ететін романтикалық дастандар жазылды. Мағауияның «Медғат-Қасым», «Дағыстан», Ақылбайдың «Зұлыс» дастандарындағы кейіпкер сонылығы мен тақырыптық-идеялық даралыққа мән береді.

8. Абайдың ақын шәкірттері, ақын дәстүрін жалғастырушылар.

- Мағауия және оның шығармашылық мұрасы;
- Көкпай және оның шығармашылығы;
- Әріп, Әубәкір, Бейсембай.

9. Түйін: Абай – өз шығармаларымен ғана классик емес, өз маңына ақындарды жинай білген, оларға әдеби мәдениетті үйреткен ұстаз. Өз заманындағы ақындар ортасын жасаушы.

М.Әуезов Абай ақындық мектебінің негізін осылай белгілеп береді [2, 89-91].

М.Әуезов атаған ақындар шығармашылығы кейіннен ғалым Қ.Мұхаметханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» зерттеуінде кең талданды. Кейіннен 1988 жылдың соңында Шәкәрім Кұдайбердіұлы ақталған соң, Шәкәрім де ақын шәкірті ретінде қарастырыла бастады. Сонымен бірге Қ.Мұхаметханұлы Уәйіс Шондыбайұлын қосады. Қ.Мұхаметханұлы Абайдың ақын шәкірттеріне әсері туралы жазғанда Көкбайдың естелігін береді. Көкбайдың өз ұстазы туралы айтқандарынан ақынның үлгілік бейнесін ашады.

«Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, өрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы көп насихатының түп қазығы: адамшылық, ақтық, әділет болса, осының барлығы да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шалып, келіп отыратын» [3, 143]. Абайдың әдеби ортасы ұлы ақынның өз шәкірттерінің ақындық жолына әсерін тигізген, рухани жетілуіне бағыт-бағдар бола білген, ұлттың ғасырлар жасалған мұрасын насихаттаған ортаның өнерпаздары екені белгілі. Әдеби орта туралы айтқанда оның кең ауқымды қамтитындығы да ескерілуі шарт. Ақынға әсер еткен рухани бұлақ көздері дегенде шығыс, батыс және қазақтың төл әдебиеті негізгі сипат ретінде алынатыны белгілі. Бұл әдеби ортаның ауқымын кеңейтіп, ақын рухани әлемінің әдебиетке қатыстылығы анықталады.

Әдеби орта тек өзіне ықпал еткен ілгерідегі әдебиетпен ғана шектелмейді. Абайдың өзі сусындағын ортасы бар. Өзгеге үйреткен, ықпаол еткен мектебі бар. Қазақ әдебиетіндегі ақынның өзгеге берген нәрі руханияттағы үлкен арна – Абайдың әдебиеттегі дәстүрі мәселесін қоса қамтиды.

М.Әуезов: «Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деп белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болады» [1, 118-], - деген анықтама берген болатын. М.Әуезовтің жетекшілігімен өткен ғасырдың елуінші жылдары Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, бұл тақырыпты ғылыми айналымға енгізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы Алматы, Жазушы, 1985, – 448 бет

2 Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар // Ауэзов М. Неопубликованные материалы по Абаеведению // Құрастырушылар Л.Әуезова, М.Мырзахметов Алматы, Ғылым, 1988, – 368 бет.

3 Мұхаметқханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері, 2-кітап, Алматы РГЖИ Дәуір, 1994, – 336 бет.

Д. ИСАБЕК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТРАГИЗМ

СЕРГАЗИНА Ә.

4 курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.

Дулат Исабек – қазіргі қазақ әдебиетіндегі проза, драматургия саласының аса көрнекті өкілі. Жазушы шығармашылығы қарапайым адамдар өмірін, күнделікті тұрмыстағы, қоғамдағы жайларды тақырып етіп алады. Сол бүгінгі біздің күнделікті тіршілігіміздің сан қатпарларына қайта апарады. Бұл тұста жазушының прозалық шығармаларындағы драматизмнің әсері өзгеше.

Жазушының «Қарғын» романы Жасын мен Бағыла арасындағы бәйкүнә махаббаты жыр етеді. Отбасылы, қоғамда да, жеке өмірде де өзгеге ұқсамайтын жазушының махаббаты да өзгеден бөлек.

Өңгімелеріндегі басымдылық тақырыптан гөрі юмор кей тұстарда сарказмнің басымдылығымен жазушы стилін танытады. Д.Исабек шығармаларының ішінде повестерінің өзі бөлек бір шок құрайды. Жазушы повестерінің ішіндегі «Бекет», «Пері мен періште», «Мазасыз күндер», «Гауһар тас», «Сүйекші» повестеріндегі трагизм кей тұста қоғамға қатысты болғанымен, жеке адамдық бақыт, тағдыр жазған талайдан аса аламағандық деген түйінге келіп тірелетін. «Бекет» повесінің кейіпкері Нұркен болғанымен негізгі кейіпкер – Бекет. Өмірдегі бір күйініші анасына еркелік пе екен, жоқ, әлде жас кездегі алып-ұшқан мінездің түсінібестікке әкелген түрі ме, әйтеуір, анасын ренжіткен көңілін өмір бойы баса ламайды. Сондықтан да анасының көңілі үшін інісі Нұркеннің бақыты үшін бар тауқыметті тартады.

«Бекетке тән бір мінез – сондай бір беткей еді. Сәл нәрсеге ашуланып, өкпелесе, жуық арада райдан қайтып, ашық, жарқын қалпына қайтып түсе қоймайтын. Апам да, мен де оның бұл мінезіне қарап, «мейірімсіз, тасбауыр» деп ұрысатынбыз. Бір күні сабақтан оралсақ, апам түскі тамақты әлі дайындай алмай жүр екен. Ауызғы

үйдің бұрышында мор ошақтың үстіндегі қазанда патыр-патыр етіп жүгері қуырылып жатыр. Шынында Бекеттің кейбір содыр мінезінен апам шошына ма, жасқана ма, осының-ақ көңілі болсыншы дей ме, ол кіріп келгенде кірісе кететін тамақ әлі дайын болмаса, апам сасқалақтап қалатын» [1, 13]. Анасын жөнсіз ренжіткен Бекеттің ойында осы бір оқиға өмір бақи қалады. Тіпті өзінен үлкен, қай жағынан болсын тәжірибелі Ләтифаға үйленгенде де анасының бір кездегі мақтауы көңілінде тұрған сияқты. Анам өзгеше жақсы көруші еді ғой деп, Нұркені үшін бар өмірін арнайды.

Повестегі трагизм Нұркен мен бекеттің анасының қайтыс болған күнінен басталады. Бірақ Нұркенге тірек болам деген, шынымен тірек, сүйеніш бола білген ағасы Бекеттің арқасында інісі жалғыздық деген қайғыны кешкенімен өмірде таршылық көре қоймайды. Түркістандағы пансионатта жатып, жақсы білім алады, демалыс сайын ағасына барып, мауқын басып, жоқшылықты да көп көрмейді. Бірақ Нұркендегі трагизм Бекеттің трагизмімен сабақтасып жатыр. Бекет бақытты болған шақта Нұркен де бақытты. Сондықтан да болар, жазушы Нұркен мен Бекеттің бір-бірімен айырылысар себептерін Зәйдамен біріктіреді. Повесть соңы жақсылықпен аяқталады. Себебі қаншама қиындық көрген, бір-бірін шын жақсы көретін, бірі үшін бірі жан беруге дайын аға-інілердің таршылықтағы, қыспақтағы, тағдыр талайына салған істерге сабыр пен қайрат, төзімдері қарсы тұра алады. Бар қиындық, қайғы, таргедия артта қалып, бақытты да, шын түсініскен туғандар көңілімен шығарма аяқталуы да – сәтті алынған шешім.

Д.Исабектің «Мазасыз күндер» деп аталатын туындысындағы трагизм бұдан бөлек. Бұндағы трагизм тағдыр талайы дегенімізбен де, жеке адамдар жасаған қайғы мол болғандықтан да, оны көтеру бір адамға қиын. Сондықтан да болуы керек, жазушы кейіпкерлер арасындағы трагедияны үш кейіпкерге бөледі.

Өңгімелеуші Мәкәрімнің де өз басында қайғы болмағынмен, уайым мен сағыныш арқалап шығады. Ал бар трагедия – ана басындағы трагедия. Жалғыз баласынан айырылып, келініне жақындай алмай, немересін еміреніп сүйе алмаған ананың қайғысын Мәкәрім сөйілткісі келгенімен, арылтқысы келгенімен қолынан келмейді.

«Кемпірдің өзіме қадалған аянышты да жапа шеккен көздеріне көзім түйісіп қалудан сескендім. Сол үндемеген бойда сыртқа шығып кетуге қанша бекінсем де, бейнебір сиқырланған жанша сол орнымнан қозғала алмадым» [1, 51]. Мәкәрім ананың қайғысын жан дүниесімен сезеді. Сезеді де, сол қайғының тереңдеп өз бойына жайылуынан қашады. Бірақ кемпірдің қайғысын арқалаудан

құтылғысы келгенімен, Мәриямның әңгімесі көңіліне түрлі қозғау салады. Бір сәт әйелге деген аяныш сезімінде тұрса, келесі бір сәтте оған деген сүйіспеншілік сезімінің де тұтанып кетуінен қорқады. Осының бәрі аз ғана «Мазасыз күндерде» өтеді. Кейіпкердің жанындағы жандардың жанына үнілген сайын әрқайсысының жанына қайғы мен уайым, мұң мен өкініш көреді.

«Ол жанар – аптабы қайтпаған жастық өмірді жырлап тұрды. Ол жанар – қазаны төңкеріліп, қасығы сынған ішкі бір дүниенің шама-шарқын баяндап тұрды» [1, 50].

Әйелдің қайғысы – сүйген жарының ерте дүниеден өтуі, сүйдім деген, барлығына көнем деген екінші жарының опасыздығы, әйелдің қайғысы – көрші тұрған енесіне бара аламауы, әйелдің қайғысы – немересін әжесінің бауырына басқыза алмауы, әйелдің қайғысы – тағы да бағын сынап, сүйдім деген жанға сене алмауы... Қайта бақытқа қол созуға қорқуының өзі де – трагедия.

Жазушы шығармадағы трагедиялық кейіпкерлерінің бірі – Махамбеков. Бұның да ісі – жұмбақ. Сөзі – жұмбақ. Бар сезімін, сырын аша қоймайды. Дегенмен, тек шығарма соңында ғана оның алдыңғы әйелінің басқа біреуге кетіп қалып, опасыздық жасағаны, қызының алыста жүріп, жатбауыр болып кеткендігі, Мәриямды жақсы көріп тұрып, қол жеткізе алмауы – қиналыс. Қазақ ер-азаматы үшін қайғы емес, аз уақыттың уайым мен көңілдің күйзелісі. Сондықтан да повестің соңында: «Махамбеков менімен қоштасуға келіпті. Поезға отырарымда ол менің қолымды қайта-қайта қыса берді. Шынында, мен оны жақсы көреді екенмін ғой, байқамаппын.

– Маған қиын болады-ау, – деді ол ауыр күрсініп. – Қызым жат болып кетті, тез үйренісе қоймаспыз. Мүмкін, өмірді басынан қайта бастармын.

– Үйленбекшісіз ғой?

– Ие. Солай етермін. Жас кезімде албырт болдық. Мүмкін бәрі соның нәтижесі шығар. Ендігі өмір мүлде, мүлде басқаша-а!» «Желтоқсанның ызғарлы күндері де басталды міне» [1, 13].

Үш түрлі кейіпкер. Үш түрлі таргедия. Жазушының соның алғашқысы Әлиасқардың анасы (әңгімеде кемпір деп көп қолданады) нағыз трагедиялы кейіпкер. Болашағы жоқ. Жалғыз баласы өлген, немересін енді көре алмайтынын білетін қайғылы ана. Қою қайғы ана басында.

Екінші Мәриям да қайғылы. Бірақ оның трагизмін сөйілтер – алдына алған баласы. Бірақ оның бақытты, бақытсыз болары белгісіз. Енді қандай өмір күтіп тұр. Сенім де, күдік те мол.

Үшінші кейіпкер – Махамбеков. Қиналыс пен күдіктің ішіндегі кейіпкердің болашаққа сенімі бар. Жаңа өмір, жаңа жақсылық барына өзі сенеді.

Жазушы шығармалары трагизмді сан түрде. Түрлі бейне калыпта беруімен өзгеше. Кейіпкерлерін бүтіндей қою қайғымен де, белгісіз күдікпен де, болашаққа сеніммен де ұстайды. Сонысымен сюжетті де тартымды етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исабеков Д. Таңдамалы шығармаларының 2 томдығы, Алматы, Жазушы, 1993, – 544 бет.

2 Исабеков Д. Қарғын Алматы, Жазушы, 1987, – 215 бет

3 Исабеков Д. Ай-Петри ақиқаты Алматы, Жазушы, 1997, – 358 бет

ӘЙЕЛДЕР ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

СЕРИКБАЙ С.Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әйел адам мен ер адамның жынысына қарай сөйлеу ерекшеліктері бар. Тіл білімі саласында жынысына қатысты сөйлеу үлгілерін гендерлік лингвистика зерттейді. Жалпы сөйлеу ерекшелігі жынысына ғана емес, мінез-құлқына, жас ерекшелігіне, мекен жайына да байланысты өзіндік ерекшелікке ие болып келеді. Біз бұл ғылыми мақаламызда әйел тіліне байланысты кейбір ерекшеліктерді қарастырмақпыз.

«Қазақ тілі энциклопедиясында» әйел тіліне мынандай қысқаша түсінік берілген: «Әйел тілі – әйелдердің тілдік қарым-қатынастарында шартты түрде болатын өзіне тән сөз қолданысы. Әйел тілінің ерекшелігі әлеуметтік, діни және басқа да көптеген факторларға байланысты болады, бірақ бұл факторлардың әсері болмаған жағдайда да әйел тілі мен тілдің басқа түрлері арасындағы ерекшелік сақталып қалуы мүмкін.

Ал, енді, әйелдердің сөйлеу тілі де өз ішінен сан түрлі болып бөлінеді. Яғни жас ерекшелігіне байланысты, мекен ететін жеріне байланысты және дәрежесіне байланысты. Демек қарапайым үй шаруасындағы әйел мен қызмет жасап жүрген әйелдің не болмаса

жас қыз бен қарт ананың сөйлеу тілінде айтарлықтай ерекшелік бар. Сондай-ақ қалалық әйел мен ауылдық әйел тілінің лексикасы да бірдей емес. Мәселен, ауылдық жерде тұратын әйел адамның тіліндегі лексикалық бірліктердің барлығын қалалық әйел қолдана бермейді және керісінше.

Тіл мен қоғам тығыз байланысты. Қоғам өзгерісіне сай тілдің өзгеретіндігі заңдылық. Демек, тілдің тарихымен қатар әйелдер тілінің де тарихы болатындығы. Бұл дегеніміз ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдағы әйелдер арасындағы тілдік қолданыстың өзгергендігі. Біз әйелдер тілін тарихи кезеңдермен сипаттап зерттесек, әдеби тіл тарихының бір көрінісі ретінде әйелдер тілінің тарихи дамуын көрсетер едік.

Негізінен әйелдер тілінде дөрекі сөздер емес, сыпайы құлаққа жағымды сөздер жиі ұшырайды.

- *Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер!*- деді (М.Әуезов «Абай жолы»).

- *Шүкір, шырақтарым... Айналып кетейіндерім-ай.* (Ф.Мүсірепов «Жер үйде»). *Шынар шырағым, орамалың мойнымда дедім ғой кеше. Қалауың болса өзің айтшы,* - деді (Ф.Мүсірепов «Ұлтан»).

- *Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме!*- деді (М.Әуезов «Абай жолы»).

- *Тоқтат, жаным! Бар! Айтқаныңды құмаймын. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды! Бар!...- деп, жай ғана бітірді* (М.Әуезов «Абай жолы»).

- *Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым!*- деп алып: - *Аямайды, аямайды ол!*- деп келіп, *көзін жұмыңқырап, басын жоғары көтере берді* (М.Әуезов «Абай жолы»).

«Қоңыр қозым», «қарашығым» «жаным» тіркестері әйел тілінде жиі кездесетін лексикалық бірліктер қатарына жатқызылады.

Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным...- деп кемсеңдеп, жылауға айналып кетті (М.Әуезов «Абай жолы»). *Осындай тұтқиылдан Абай кеп кіргенде Жидебайдағы үлкен үйдің іші қатты қуанып, шу етіп:*

- *Қарағым!*

- *Қоңыр қозым!.. Абайжан!*- деп дабырлай сойлеп, ерекше шат боп қарсы алды (М.Әуезов «Абай жолы»).

Қазақ халқының ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша келін түскен ауылының үлкен-кішісінің атын атамай, оларға лайық ат қойған. Шаңыраққа түскен жас келін ата-енесінің ғана емес, ат тергеу салты бойынша күйеуінің жасы үлкен туған-туысқандарының

да атын атамайтын болған екен. Күйеуінің іні-қарындастарына да ат қойған. Этнограф Х.Арғынбаев өзінің этнографиялық зерттеулерінде ат тергеу салтына байланысты мынадай пікір айтады: «Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамай, оған арнайы ат қойып, оны өле-өлгенше есінде сақтаулы үлкен әдептілік, көргенділік деп есептейтін де, ондай адамдарға барша жұртшылық дән ризалықпен қарайтын. Өйткені кіші үлкенді сыйласа, үлкен өз тарапынан кішінің кішілігін сыйлау – халқымыздың қанына сіңісті болған абзал әдет». Әйел тілінде кездесетін ат тергеу дәстүрі бойынша жеңгелер қайынсіңлілерін пішінін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын дәл бейнелейтін Еркекшем, Телғара, Қызтөре, Көзжақсым, Кенжетай тәрізді қызғылықты да тартымды ат қоя білген. Осыған орай сыйлы келін арасында ерекше сыйластық орнайды:

– Уа, жеңгей, сәлеметсізбе?- деді. (Б.Майлин «Раушан коммунист»).

– Не жұмыс, қайнаға?. (Б.Майлин «Раушан коммунист»).

– Еркежан жүр суға барайық!

– Келін шырағым үйіне келген кім?

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында күн, ай планеталары киелі мәнге ие. Осыған байланысты әйел тілінде балаларына айым, күнім, жарығым, сәулем деген қаратпалар жиі кездеседі.

Мысалы:

Қолымен жерге сүйеніп отырып:

- *Мынаны қарашы, сәулем қалай әдемі ұйықтайды, - деді (Ф.Мүсірепов “Ұлтан”).*

-*Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрем! Тіпті басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзің де аулақ жүр?-деді (М.Әуезов «Абай жолы»).*

Әйелдер тілі жылдан –жылға гендерлік лингвистиканың зерттейтін өзекті салалары қатарында қала бермек. Өйткені әйел тілі өзгеріп, жанарып отырады. Тереңдеп үңіле келсек, түрлі зерттеулерге тақырып болары аян.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Абай жолы. Алматы, 2004
- 2 Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1996
- 3 Майлин Б. Шығармалар жинағы.

ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

СҮЛЕЙМЕНОВА С.

4 курс студенті, ПМПИ, Павлодар қ.

Этнографизмдерді тіл білімінде этнолингвистика зерттейді. Этнолингвистика басқөа қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар сияқты тілді мәдениет контексінде қарастырады. Тіл тарихы мен этнос тарихы, оның мәдениеті бір-бірімен тығыз екені белгілі. Сондықтан да тарих пен мәдениет деген ұғымға халықтың рухани мәдениеті мен материалдық (шаруашылық) мәдениеті де кіреді. Этнолингвистика тілді этностың болмысы мен таным тұрғысынан зерттейді.

Этностың немесе ұлттың танымы мен болмысы сол халықтың өзі жасаған материалдық және рухани құндылықтары арқылы көрінеді. Бұл байлықты сақтаушы және кейінгіге жеткізуші – тіл.

Этнолингвистикалық зерттеу – тіл байлығының этнос болмысының мәдени, рухани дүниесін, бейнелейтін мағлұматы бар сөздерін талдап зерделеп түсіндіру. Қоғам өзгерген сайын халықтың тұрмысы мен, шаруашылығы, дәстүрі мен мәдениеті, болмысы мен танымы өзгере береді. Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттың өз белгілерімен, өз қалпымен, өз бейнесін қалтыру мүмкіндігі шектеулі тұста халық тілінің алғашқы үлгілерін жинақтау мен жаңа қоғамға лайықтап қайта қолданысқа енгізудің қажеттілігі де туындайды. Осы тұрғыда қазақ тілінің бірнеше тарихи кезеңдері еске түседі. Бұл кезеңдер де ұлттық болмысына тарихи, рухани, саяси оқиғалар мен жаңалықтардың, ақпараттар мен танымның өзгеше өзгерістері айқын маңыз ала бастаған шақтар болатын. Сондай кезеңдер туралы тілдегі алғашқы деректерді М.Қашқаридың «Тілдер сөздігінен» табамыз. Орта ғасырлық ұлы ғалым еңбекті жазудағы мақсаты етіп, түркілік қалыптың сақталуын мұрат еткендігімен байланыстырады. Бұл түркі тілдеріне араб-парсылық мәдениеттің тасқынды әсері анық байқалып тұрған екі еді. Келесі бір мысалы қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынов [2] еңбегімен сабақтастырамыз. Ұлттың тілін зерттей отырып, ондағы терминдерді қалыптастыруда ғалым қазақтың төл сөздеріне, тілдік қолданыста бар сөздерді белсенді қалыпқа түсіреді. Ғалым терминдері ішінде ұлттың болмысын, қалпын, мінезін танытатын сөздер термин болып жасалып, тілде орнығып қалды.

Кез келген тілдің этнографизмдерін зерттеу ұлттың болғандығыны, бар екендігіні, бола беретіндігінің белгісі.

Әлемдік тіл ғылымында этнолингвистиканы зерттеу И.Г.Гердер (18 ғасыр) мен В.Гумбольдтан (19-ғасырдың басы) басталады. «Этнолингвистика» термині алғаш рет Б.Уорфтан белгілі. Қазақ тіл білімінде ұлттың танымдық, болмыстық қалыпы М.Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағынан» негіз алады десе де болады [1].

Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық бағыт ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бері қарай зерттеле бастады. Бұған дейін ұлттық таным мн болмыстың тілдегі мәдени көріністеріне зерттеу жасауға қоғамдағы саяси билік мүмкіндік бермеді. Этнографизмдердің зерттелуі Ә.Қайдар, И.Копыленко, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Р.Шойбеков, Ғ.Аронов, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, Б.Қарағұлова еңбектерінде әр қырынан зерттелді.

Соның ішінде этнографизмдерді жүйелеу мен біртұтас ілім ретінде зерттеуде академик Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» [3], М. М. Копыленконың «Основы этнолингвистики» [4], Е.Жанпейісовтің «Қазақ тілінің этномәдени лексикасынан» басталған зерттеулер кейінгі кезеңдерге бірнеше ғылыми мәселелерді қозғады [5].

Тілде сақталып қалған көптеген халықтық атаулар мен көнерген сөздердегі этнографиялық таным, этнофразеологизмдер болмыс сипаттарын Р. Сыздық, Н. Уәли, Г. Смағұловалар өз зерттеулерінде тарихи, тілдік, мифтік, этнографиялық, танымдық мәліметтерге сүйене отырып зерттеді.

Қазіргі тіл білімінде этнографизмдерді зерттеудің бірнеше мақсат, бағыттары анықталған. Оларды төмендегідей топтарға бөлуге болады.

1. Этнолингвистикалық зерттеулерден өзінің тұрақты мақсат-мүддесіне байланысты таза лингвистикалық категориялардың өздерін емес, этностың өзін-өзі тануына, түсінуге қажетті тілдік (лексика-фразеологиялық, т.б.) деректердің ішкі мазмұнын терең ашу;

2. Этнолингвистикалық зерттеуге қазақ тілінің сөздік құрамындағы кез-келген құбылыс, дерек, тақырып (фразеология, мақал-мәтел, ономастика, жұмбақ, өнер, төрт түлік мал, т.б.) нысан бола алады. Бұл кез келген деректердің этнос болмысын тануға қатысы бар екендігін ашады. Сонымен бірге оларды әдеттегі лингвистикалық қалыптасқан үлгіде емес, тұрғыдан әлдеқайда кең және жан-жақты қарастырады.

Тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасында ғана емес, сонымен қатар сол

мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтауды мақсат етеді. Тіл деректері тек өзінің қарым-қатынастық қызметі қалпында ғана емес, кумулятивтік, яғни рухани, мәдени қазынаны өз бойында сақтаушы кейінге жеткізуші мұра, негіз ретінде де зерттеу нысаны болады.

3. Ұлт тіліндегі лексика-фразеологиялық байлықты әліпби тәртібімен түзілген әр алуан лексикографиялық (сөздік, энциклопедия т.б.) еңбектер арқылы меңгеру мүмкін емес. Этнолингвистикалық зерттеулердің ең басты ерекшелігі – барша деректердің тақырыптық, мағыналық, қисындық, танымдық, болмыстық жүйе негізінде берілуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Тілді зерттеуге қажет мұндай тәсілдер этнолингвистикалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беріп, тілдің ішкі дүниесін толығымен ашып көрсетеді. Сонымен қатар ұлттың дүниетанымдық сипаттарын да тіл материалы ретінде қолданысқа енгізе отырып, оның тек қарым-қатынас құралы болып қоюға ғана қабылетін емес, зерттеу нысаны ретінде ой мен танымды, тұтас болмысты белгілейтіндігі ашылады. Бұл ұлттың жалпы тілдер арасындағы, сондай-ақ әлемдік тілдер арасындағы мәнін де көтере түседі.

Этнолингвистиканы зерттеуде аталған ерекшеліктерді негізге ала келіп, академик Ә.Қайдар зерттеуге қажет деп бірнеше қағидаттарды ұсынады. Бұл қағидаттарды тілдік материал, немесе зерттеу нысаны ретінде біртіндеп қолдану, сатылы қарастыру арқылы ұлттық рухани құндылықтың кенейіп, тереңдеп, дамып келе жатқандығы байқалады. Академик Ә.Қайдардың пікірімен айтар болсақ: «...тіл әлемі дегеніміз – этнос болмысына қатысты мындаған, миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» [6]. Бұл қағидаттардың ең басты назарға алатыны – қазіргі кезеңдегі тіл арқылы мәдениетті тану лингвомәдениеттану пәнінен бұрын этнолингвистика ғылымында жүргізілуі шарт. Осы тұста бұл екі ілімнің ара-жігінің толық ашылмай келе жатқандығын да тілге тиек еткен дұрыс. Бұған себеп – екі ғылым саласының көп жағдайда ортақ, ұқсас жақтары бар екендігі.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика туралы пікірлердің жалпы құяр арнасы – бір. Мысалы, А. Ислам қазіргі лингвистиканың құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасының антропоцентристік қағида негізінде – сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, оның (тілдің) функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық үрдіспен байланыстыра зерттеулердің нәтижесі болып табылар соңғы он жыл

көлемінде тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды десе, этнолингвистика – тіл ғылымының басқа салаларынан өзіндік ерекшелігі бар екендігін ескерте келіп, ғалым Е. Жанпейісов: «этносқа қатысты мәдениеттанымдық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеулердің синтезі ретінде көрінетін тоғыспалы ғылым» – деп анықтама береді [7].

Этностың рухани және материалдық құндылықтарынан, мәдениетінен мәлімет беретін этнографизмдер – ұлттың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының халық жадындағы белгісі, кәсі. Бұл ұлт психологиясымен, міне-құлық қырларымен, бейнелі ойлау, түйсіну, сезіну қабілеттерімен байланысты. Тіршілік иесі иесі адам белгілі бір ортада, тілдік қауымда өмір сүреді. Өзінің концептуальды ойлау жүйесін жеке тәжірибеде де, жалпы ортақ түсініктік қалыпта да біліміне, ортаны түсіну, қабылдау дәрежесіне сүйеніп жетілдіреді. Бұл жалпы адамзаттық дағды, тәжірибе арқылы сарапталып отырады. Жинақталып түйінделеді. Бұл ерекшеліктер өр ұлттың тіл әлемі бейнесін қалыптастырады.

Қазіргі қоғам тілді томаға тұйық қалыпта зерттеуге тарихи тұрғыдана мүмкіндік бергенімен, бүгінгі қалыпына бұл тәсіл жарамайды. Әлемдегі біртұтастық, бірігу – тілдерді байланыста, бір-бірімен сабақтастықта ғана зерттесе, өз нәтижесін беретіндігін анықтауда. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі қазақ этнолингвистикасының басты нысаны – тілдегі этнографизмдердің әлемдік қолданыста белсенділігіне назар салу. Бұл оның аударылуы мен жалпы қолданысқа енуінің басты бағыттарын анықтауды қажет етеді. Ұлттың өзіне ғана тән, сол ұлттың танымындағы бар бояу мен өрнекті, болмысты білдіретін қазақ тіліндегі этнографизмдер аударылу және қолданысқа енгізуі жағынан ұлттық тіл заңдылықтарына бағынған тілдік қағидаттарды белгілеудің маңыздылығын ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қашқари М. Түркі тілдерінің жинағы // Аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған Егеубай А./ – Алматы, Хант, 1998, 1,2,3-томдар.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы – Алматы, Ана тілі, 1998. – 412 б.
- 3 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: /Этнолингвистикалық сөздік/ – Алматы, Сардар, 2013. Т.3: Табиғат. 2013. – 608 б.

4 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики Алматы, Наука, 1995 С.180

5 Жанпейісов Е. «Қазақ тілінің этномәдени лексикасы» // Докторлық диссертация алу үшін дайындалған жұмыс – Алматы, 1978 Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.

6 Қазақ тілінің өзекті мәселелері – Алматы, Ана тілі, 1998. – 304 б.

7 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // «Ана тілі» газеті, 1994, №2

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СТИЛИ

ТАКТАГАНОВА Ж. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ШГУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл тарихшы-шежіреші ағартушы, ғұлама болды.

Шәкәрім Құдайбердиев халықымыздың қоғамдық ағартушылық, мәдени және әдеби өміріне белсене атсалысқан, ағартушылық-демократиялық, гуманистік идеяларды насихаттаған, Шоқан, Абай, Ыбырай ұстаған ағартушылық дәстүрді ілгері жалғастырушылардың бірі болды.

Артына мол мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде 1858 жылы шілденің 11-де дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған, Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.

Құдайберді отыз жеті жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған. Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады. Атасы оның көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсіреді: ол жөнінде ақынның өзі: «қажы марқұм мені

„жетім“ деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім» деп өкіне еске алады. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, жеті жасынан бастап өлең сөзге бейімділігін танытады.

Оның ерекше зеректігін аңғарған Абай Шәкәрімді өз қамқорлығына алады, «молда сабағынан» басқа орысша үйренеді. Ақындыққа баулып тәрбиелеген ұлы Абай оның әйгілі ақын болып қалыптасуына елеулі үлес қосады. Бес жасынан оқып, аз ғана жылда сауатын ашқан зейінді де зерек жас көне түрік, араб, парсы тілдерін игеріп, көп ұзатпай орыс тілін де еркін меңгереді. Араб, парсы, түрік тілдерін өзінің туған анасы Дәметкеннен (шын аты Төлебике. – М.Ж.) үйренсе әкесі Құдайберді ескі кітаптарды, қазақтың көне қисса – дастандарын, ақын, жыраулардың өлең, жырларын жатқа айтатын кісі болған деседі. Осындай тәрбие көріп өскен Шәкәрімнің өлеңге деген құштарлығының оянуына осы үлгі қолайлы жағдай жасайды. Былайғы өмірін ғылым білім қуумен қатар, домбыра тарту, гармонда ойнау, ән салу, саятшылық құру, сурет салу, т.б. өнерлерге арнайды. Оның өнеге көрген ортасы Құнанбай ауылының зиялы тобы, ұлы Абайдың тағылымы болды. Ол жас Шәкәрімнің азамат және ақын ретінде қалыптасуына ерекше әсер етеді. Абайдың кеңесімен әр түрлі кітаптар оқуға машықтанған Шәкәрім ақылы кемелденіп, ой өрісі тереңдеп өседі. Ақындық өнерін де таныта бастайды.

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылсандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік ағартушылық арнадағы «Жолсыз жаза», «Қалқаман — Мамыр», «Ләйлі — Мәжнүн» т.б. жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туған.

Шәкәрім — өзінің жарты ғасырдан астам уақытқа созылған шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрында жемісті еңбек еткен қайраткер. Төңкеріске дейін, яғни 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан Шәкәрімнің «Қазақ айнасы», «Қалқаман — Мамыр», «Жолсыз жаза, яки кез болған іс», «Еңлік — Кебек» атты кітаптары жарыққа шығады. Ақынның жекелеген шығармалары сол кездегі қазақ баспасөзінде жарияланды. Шәкәрімнің Физулиден аударған «Ләйлі – Мәжнүн» дастаны Ташкенттегі «Шолпан» журналының 1922-1923 жылғы бірнеше санында басылды. Одан кейін бұл поэма С.Сейфуллиннің бастыруымен

1935 жылы Алматыда «Ләйлі – Мәжнүн» деген атпен жарияланды. А.С.Пушкиннен аударған «Дубровский» әңгімесі жеке кітап болып басылды. Бұл әңгіме 1935 жылы орыс ақынының қазақ тіліндегі тандамалы өлеңдерінің жинағына енді. А.С.Пушкиннің Шәкәрім аударған «Боранын» Б.Кенжебаев 1936 жылы «Әдебиет майданы» журналының 2-ші санында жариялады. Ақынның бір топ өлеңдері 1978 жылы Ленинградта шыққан М.Мағауин құрастырған «Поэты Казахстана» жинағында жарияланды. Ақын ана тілінің образдық, суретшілдік қуатын сұңғылалықпен сезініп, ішкі мүмкіндіктерін, ішкі ағыс-астарларын, қыртыс-қабаттарын мейлінше молынан аша алған. Оның интеллектуалдық мәдениеті, өнерпаздық қабілеті, өмірлік, көркемдік тәжірибесі, ересен ғылыми ізденістері – поэзияда жаңашылдық рухқа, өшпес өрнектерге, сан қилы сирек кестелерге бой ұруына, әрі соншалықты құпия, күрделі тоқылуға бейімдеді. Сондықтан да, өлең-жырларында қисынды логикалық сөйлемдермен қатар, әдеттен, дағдыдан тыс мағыналық жағынан түсінуге ауыр сөйлемдер мен сөздер, символикалар, жұмбақ аллюзиялар мен метафоралық мәні ала-бөтен сөз-образдар шаш етекпен. Өз заманының суретшісі, табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған – Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық әлемі түрлі бейнелі образдарға, тілдік көркемдегіш сөздерге толы. Шәкәрім Абайдан кейінгі қазақ ақындарының көпшілігі секілді қазақтың өз әдебиетінің шеңберінде қалып қоймай Шығыс, Батыс, орыс әдебиеті үлгілеріне зер сала отырып, сөз өрнектерін әр түрлі бояумен әрлеп, көркемдеп отырады.

Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. Ақынның шығармашылығы сан-салалылығымен ерекшеленді, оған көңілдің шат-шадыман әуені де, көкіректі қарс айырған трагизм де тән. Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғаттың әсемдігін тебірене жырлады. XIX ғ. — дың аяғы мен XX ғ. -дың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қосты. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық!» (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан үлгі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адамның өмір жасын жыр етеді. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», сияқты дидактикалық өлең-жырларында боямалы ажарды, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алады.

Ғашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп, («Анық асық әулие», «Шын сырым») адамгершілік ақ жолға,

өнер-білімге үндейді. «Жастарға» (1880), «Арман», «Насихат» (1881) атты өлеңдерінде әртүрлі тап пен топ өкілдерінің ниет, мақсаттарын шеней келе, қоғамда әлі моральдық өлшемнің дұрыс қойылмағанын сөз етеді. Шәкәрім — қазақ поэзиясында оның философиялық саласын дамытқан ақын. Бірақ кейбір өлеңдерінде («Бай мен кедей», «Бай мен қонақ») мәселенің әлеуметтік мәнін ашуға бара бермейді. Үстем таптың озбырлығын, қиянатын айтумен шектеліп, «еңбек ет, бөтенді қанама, ісіңе арың басшы болсын» деп уағыздайды. «Жуандар» деген өлеңінде байларды сынады, бірақ таптық көзқарасты санасына терең сіңіре алмай, ағартушылық көзқараста қалып қояды.

1905 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапар шегеді. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбул, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқиды. Осылай жинаған материалдар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (1911) кітабын, қисындарын қазақ мүддесіне үйлестіре түсу мақсатымен «Мұсылсандық шарты» деген еңбек жазды. (1911) Бұл тұста ақынның діншілдігі ғана емес, үлкен ойшыл философ екендігі айқын танылды. Ол жаратушы алланы ақылға салып түсінуге ұмтылды. Дін бұзушыларды қатты сынға алады. («Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа, Сопының бара қойман күрбанына»). Абай сияқты Шәкәрім де феодалдық-рулық ортаның мінез-құлқын, моралін жат көрді, сол кездегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жарықшақты көре білді. Шәкәрім патриархалдық пен кертартпалыққа қарсы күресте мәдениет пен ғылымның жетістіктеріне сүйенді, халықтар достығы мен туыстығын қуаттады. («Мен ұлтшыл емеспін, жақыным мынау демеспін»). Орыс, батыс әдебиетінің тамаша үлгілерін қазақ оқырмандарына таныстырды. Лев Толстойдың творчествосын аса жоғары бағалап, («Ақиқат сырымды айтсам Толстойдың, мың сопыны алмаймын тырнағына») өз халқын дүние жүзінің озық мәдениетін игеруге шақырды. Өзін ғұмыр бойы Л.Толстойдың шәкіртімін деп санады, онымен хат жазысып тұрды. Американ жазушысы Гарриет — Бичер Стоудың (1811-96) «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н. Толстойдың «Асрхадон патша», «Үш сауал» т.б. әңгімелерін А.С. Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын нәзира үлгісімен жырлады (1907). Идеялық мақсат-мұраттары жағынан Шәкәрім үнемі демократтық, халықтық, гуманистік — ағартушылық бағытта болды. Бұл орайда

20-ғасырдың басындағы озат ойлы қазақ зиялыларымен үндес болды. Адамгершілік, ар-ұждан тақырыбына жазған ойшыл да парасатты туындылары баршамызға рухани азық.

Алашорда қайраткерлерінің еңбегін бағалай білді. Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырып, эпикалық жанрдың дамуына үлес қосты. Адам санасына сіңіп, бойына тазалық пен инабаттылық дарытатын көркем шығармалардың тәрбиелік мәні зор. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, егемен ел болған заманда туған халқымен қайта қауышқан алыптарымыздың бірі Шәкәрімнің шығармаларын оқыту, оқытып қана қоймай, терең сырлы құпиясын ашып, оның адамдық, азаматтық құқық жайында жазған өлеңдеріне талдау жасай отырып, жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға, адалдық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтыққа үндейтін Шәкәрім шығармаларымен сусындап өсу қажет.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858—1931) — ақын, жазушы, аудармашы, композитор, тарихшы және философ.

Кейбір деректерде оның есімін «Шәкәрім» деп те көрсетеді. Хафиз, Физули, А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған. Шәкәрімнің бір өлеңі:

Бірәу сені мақтаса, қуанасын,
Жамандаса, жабырқап суаласын.
Мақтаған кім, сөккен кім — онда ісің жоқ,
Бәрібір сен де елірме дуанасын.
Дос мақтасса, не пайда онан саған,
Дұшпан сөксе, не кемдік көрдің жаман?
Шын сөзбенен мақтаса иә боқтаса,
Мақтау — пайда, зиян ба жамандаған?
Бойда жоқпен мақтаса, яки сөксе,
Қуанбақ, не кейімек өзіңе еп пе?
Ғәділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе.
Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.
Есептемей есірік елің мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.

Бұл үш мақтау берер ме саған пайда,
Мақтаулыны білерлік адам қайда?
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік
Жол таптағы ақылды солай айда.

Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін,
 Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.
 Өнері жоқ, өсекшіл ел жамандар,
 Өтірік пе, рас па, көрмей ішін.

Келеркетер зиян жоқ мұнан тағы,
 Мін болмайды наданның қорламағы.
 Білімділер сөгерлік ісің болса,
 Жоғалта бер, айласын ойладағы.

Түйіп айтқан талассыз мақтау, боқтау,
 Жақсы іске — ындын, зиянға салар тоқтау.
 Көп наданның сөзімен құйқылжысаң,
 Сен де жында боласың есі жоқтау!

Кеңестік заманның әділетсіздігінен зардап шегіп, қарақшының қанды қолынан қаза болған көрнекті ақын, философ әрі сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлының соңында қалған мол мұрасымен туған халқы кешігіп қауышты. Шәкәрім Абайдың қайталанбас ән дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны ары қарай дамытқан тума талант иесі еді. Оның сұлу сазға, әсем әуенге бай алуан қырлы ойлы әндерінен адамдық болмысы, өмірге көзқарасы, асқақ арманы айқын көрінеді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары елдің саяси өміріндегі орын алған жылымық қазақ әдебиетінің бір топ шоқ жұлдыздарының ақталуына өзінің септігін тигізгені мәлім. Солардың арасында Абайдан кейінгі кесек тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы да бар еді. Дәл сол кездері ақынды елімен жақынырақ таныстыру яғни қайта қауыштыру, мол мұрасын кеңінен насихаттау, зерттеу, талдау мәселесі қолға алына бастағаны белгілі. Міне, осы тұста біз Шәкәрімнің сазгерлік өнерін зерттеп жүрген музыкатанушы Талиға Бекхожинамен кездесіп, ол кісіні әңгімеге тартқан болатынбыз. «1966 жылдың ақпан айы болатын. Ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының музыка бөліміне алпысты алқымдаған, ұзын бойлы, тіптік, қара торы кісі келді. Ол кезде бөлім бастығы академик Ахмет Жұбанов еді. Екеуі өзара шүйіркелесіп біраз әңгімелескеннен кейін Ахмет Қуанұлы мені қасына шақырып: «Мына кісі белгілі ақын Шәкәрімнің баласы. Сен осы кісі айтқан әндерді жазып ал, ноталарының бір данасын маған, екіншісін мына отырған Ахат ағаңа бер», деді. Сөйтіп, артына аса бай мұра қалдырған, ғажайып дарын иесі Шәкәрімнің әндерін алғаш нотаға түсіру бақыты менің үлесіме тиді. Сол жолы Ахат әкесінің «Жастық», «Шын сырым», «Ажалсыз әскер», «Насихат», «Жаңа ойдан шығарған бір бөлек ән», «Кетермін, артымда сөз,

әнім қалар», «Қалқаман Мамыр», «Дубровский» деп аталатын он үш әнін өзінің орындауында магнитофон таспасына жаздырды, деген еді сонда Талиға ерекше мақтаныш сезіммен. Ал екі жылдан кейін ол әкесінің тағы бір әнін әкеліп, Талиғаға тапсырады. «Мен олардың тональдық түрлерін сақтай отырып нотаға түсірдім. Мұхтар Әуезов мұражайындағы бір кездесуде бұл әндерді күйсандықта ойнап, айтып бергенімде, Ахат ағай қатты толқып, көзіне жас алды. Ризашылық білдіріп, алғыс айтты. Ахаттың өзі де зерек, алғыр болып ержетсе керек. Тұлпардың тұяғына тән қасиет оның бойына әкенің қанымен дарыған десек ақиқаттан алшақ кетпеспіз. Дерек көздеріне сүйенсек, жастайынан әке өнегесін көріп өскен ол әндерді Шәкәрімнің өзінен үйреніп, жадында жаттап алған көрінеді. Әрі өзіде сазгер болғандықтан әндерді дәлмедәл үйренгені даусыз. «Сондықтан Ахат жаздырған ән үлгілерін негізгі нұсқа деуге келеді. Әрине, Шәкәрімнің өзінің шығыс нота жазуымен қағаз бетіне түсірген қолжазбасы табылса, сөз басқаша болмақ», дегенді Талиға. Қазақтың дәстүрлі әншілерінің орындаушылық өнерінің ерекшелігіне байланысты мына бір жайды айта кеткен жөн. Олар алуан қырлы халық әндерін үйрену, игеру барысында өзінің танымталғамына, айту мәнері мен шеберлігіне әрі оның өзіндік деңгейіне байланысты әндерге өзгерістер енгізетіні біз айтпасақ та түсінікті. Кейбір әншілер айтуға ауыр сөздерді, шумақтарды өздерінің дауыс ауқымына қарай алмастырып отырған. Кейде өздері де жеңіл, жүрдек әуен тауып немесе өздері әнге лайықты жаңа сарын шығарып орындап та жүрген. Шәкәрім әндері мұндай өзгерістерге аз ұшырағанын байқау қиын емес. Себебі, әндерінің көбісі баласының айтуымен қағазға түсірілгендіктен олар түп нұсқасын, мәнмағынасының тереңдігін, форма өзгешелігін, өлең құрылысын, ән мақамын бәз қалпында сақтап қалған. Ақынның әуендері күрделі, иірімдері қиын болып келетінін Шәкәрімнің әндерін орындап жүрген әншілерден талай рет естідік. Өйткені, олар қалыптасқан қазақтың халық әуендері үлгісінен шығыңқырап кетеді. Себебі, әннің сөзінің құрылысы солай. Өлеңнің өзі ақынға тән басқа формамен жазылған. Бұған дәлелі 1925 жылы жазылған, бүгінде әншілер Жанар Айжанова мен Тамара Асар айтып жүрген «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», деп аталатын әні. Енді ән сөзінің құрылым ырғақтарына көз жүгіртіп көрелікші: Ән өлшеуіш, Өлең күміс, Қоспаңыз мыс Аралас, Артық алу, Не кем салу, Қарпі қалу Жарамас, v мұндай өлең жүйесі, ән сөзі Абайдың «Сегіз аяқ» әнінде кездеседі, бірақ онда: Алыстан сермеп, Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған; Қиядан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған, деп Абай мөлдіретіп, төгілдіріп өкетеді. Ал Шәкәрім әндерінде әр сөзге салмақ сала айту мәнері байқалады. Бұл әннің әр сөзінің мағынасын тереңірек ашуға бағытталғанын әрі сазгердің өзіне тән қасиетін, қолтаңбасын көрсетеді. Ұлы ойшылдың әндерінде қазақ өлеңдерінде жиі кездесетін алтыжеті сегізон бір буынды өлеңдер шумағымен қатар тоғызонон екі буынды өлең жолдары жеке шумақ ретінде немесе бір шумақ өлең ішінде кезектесіп келіп отырады. Міне, осыған сәйкес ақын әуендерінің де ауқымы кеңейіп, яки қысқарып бұрынғы қазақ әндері формасынан мүлдем өзгеше, жаңаша болып шығатыны осыдан болса керек. Сахналардан, теледидарлардан, радиолардан анда санда естіп қалғанда бір байқағанымыз Шәкәрімнің әндерінде қазақтың халық әндерінде жиі кездесетін дәстүрлі «ай», «ей», «беу», «ахау», «ой», «сәулем» сияқты одағай қыстырма сөздер жоқтың қасы. Әуен мен өлең әрқашан бірбіріне дәлмедәл келіп үйлесіп тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрім шығармалары- Алматы: Жазушы, 1988

КІТАПХАНА ІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

ТЕЛЕХАН М. Т.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кітапханалық технология дегеніміз не? Осы сұраққа жауап беру үшін, Біз интернет желісіне үңілдік. Алдымен, «технология» терминін анықтап алуды жөн көрдік. Онда: «... технология дегеніміз — материалды өңдеу үрдістерінің жиынтығы, немесе материалды өңдеу тәсілдері туралы білім жиынтығы. Мағынасы бойынша технология дегеніміз — түрлендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл бізге «технология» түсінігін тек материалды өндіріс сферасында ғана емес, сонымен қоса адам іс-әрекетінің басқа да сферасында да, соның ішінде білім беру жүйесінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Оқыту теориясында «технология» ұғымының үш жүзге жуық анықтамасы бар екенін айту жөн». [1] Бұл анықтамада, жалпы технологияның не үшін қалай жұмыс істейтіні айтылған. Сондықтан біз осы технологиялардың ішінен ақпараттық

технологияға тоқталғымыз келеді. Ақпараттық технологияны, орыс ғалымдары В. Тлушков, В.Апатова, В.Глушковтың, Д.Матрос өз тұжырымдамаларында былай деген: ««Ақпараттық технология» деген терминді В. Тлушков енгізді. ол оған былай анықтама береді: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеумен байланысты үрдістер» Сонда оқытуда ақпараттық технологиялар үнемі қолданылған деуге болады, себебі оқыту дегеніміз — ақпаратты оқытушыдан тәлімгерге немесе оқушыға жеткізу. В.Апатова,

В.Глушковтың берген анықтамасын жоққа шығармай, оны нақтылай түседі: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеу үрдісі арқылы жүзеге асатын құралдар мен әдістер жиынтығы». Д.Матрос «жаңа ақпараттық технология» ұғымын қарастыра отырып, кез келген әдістер немесе педагогикалық технологиялар ақпаратты тәлімгерлер, оқушылар меңгеру үшін қалай өңдеу және жеткізу керектігін суреттейді, яғни, оның анықтамасы бойынша, кез келген педагогикалық технология дегеніміз — бұл ақпараттық технологиясы.»

Ақпараттық технологияның арқасында әрбір тәлімгердің тек дәстүрлі ақпарат көздерімен ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі емес ақпарат көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндіктері бар»

Оқу үрдісінде кітапханалық технологияны пайдалану нәтижесі «кітапханалық технология» терминінің пайда болуына әкелді. Бірақ та кітапханалық технологияның белсенді түрде дамуы және жаңа аппараты, бағдарламалық құралдардың пайда болуы кітапханалық ақпаратты қолдану аясын кеңейтті. Білімді ақпараттандыруды тәлімгерлердің, оқушылардың мәліметтер және Кез келген ұйымда басқару қызметтері нәтижелі ақпаратты, қорытылған мәліметтердің қайта құру технологиясына негізделеді. «Технология» ұғымының (мағынасының) өзі өнеркәсіптік өндірісте қолданылады және өзара байланысқан материалдарды өңдеу жүйесі ретінде анықталады. Әдістер жүйесі техникалық құралдарды пайдалану негізінде ақпараттық жинау, жіберу, өңдеу, жинақтау. сақтау тәсілдерін қолдану арқылы ақпараттық технологияны анықтаймыз. Ақпараттық технологиялар ақпараттық үрдістердің әр қилылығына байланысты мынандай технологияға жіктеледі:

- ақпаратты жинау;
- ақпаратты жеткізу;
- ақпаратты өңдеу;

- ақпаратты жинақтау;
- ақпаратты сақтау;
- ақпаратты ұсыну;
- ақпаратты пайдалану;
- ақпаратты қорғау.[2]

Нақты ақпараттық технологияны жүзеге асыру үшін мыналарды орындау қажет:

- ақпараттық үрдістің өзін жүзеге асыратын тиісті техникалық құралдардың кешені;
- техникалық кешенмен басқару құралдарының жүйесі;
- техникалық құралдардың барлық іс-әрекеттерінің жүзеге асырылуын байданыстыратын ұйымдастырушылықты әдістемелік қамтамасыз ету. Қазіргі заманғы басқарма қызметін қамтамасыз ететін ақпараттық үрдістердің әр түрлерін жинақты түрде пайдалануға негізделген, Соған байланысты көбінесе қазіргі заманғы немесе жаңа ақпараттық технология деп компьютерлік және кітапханалық ақпараттық технологиясымен ұғынамыз.

Кітапханалық ақпараттық технологияның қалыптасу кезеңдері және негізгі ұғымдары Қоғамның қазіргі заман дәуіріндегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты адам іс-әрекетінің барлық сферасында компьютерлік және кітапхананың технологиялары бірігуінен пайда болған ақпараттық технологияны пайдалану кең етек жайды. Қоғамды компьютерлендіру, техника құралдарының белсенді түрде енуі оқу орны мен кез келген ғылым саласы алдында бірқатар көкейкесті міндеттер қоюда. Ол міндеттер оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін тарылатуда, компьютерді пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге байланысты.[3]

Әрине, білім беруді компьютерлендіру оқу-тәрбие үрдісінің көптеген аспектілеріне мәнді, әрі маңызды әсерін тигізеді. Ол компьютерлердің және бағдарламалық құралдардың дидактикалық потенциалына байланысты. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін, яғни әрбір сабақ үшін бағдарламаның бір түрін ғана жасау қажет емес, сонымен қатар атқару қызметі бойынша бір-бірінен бағдарламалар (бақылаушы, бақылаушы-оқытушы т.б.), сабақтың әр кезеңінде кодданылатын (дәрістер, зертханалық сабақтар, практикалық сабақтар, өзіндік жұмыс, курстық, дипломдық жоба немесе жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы т.б) бағдарламалар жасау қажет. Яғни, әр сабақ түрі үшін компьютерді пайдаланудың ұтымды немесе тиімді әдісін және

нысанын тандау қажет. Өз өңіріміздегі кітапхананың хал ақауы қандай? Қазіргі кезде, ақпараттық технологияны қалай қолданып жүр екен деп көз жүгірттім.

Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұзақ даму жолынан өтті. Облыстың ең көне кітапхананың өмірнамасы 1892 жылдан басталады, кітапхана 1-ші гильдиялық көпес Артем Иванович Деров пен басқа да жергілікті меценаттардың қаржысына салынды, ол «Дворяндық жиналыс» ғимаратында» орналастырылды. Ашылу кезінде кітапхана қызметінің ережелері жазылған Жарғы қабылданды. Онда «халыққа кітапхананың ішінде оқуға рұқсат етілмейтіндігі, кітаптарды үйге алып пайдалануға болатындығы» жазылған. Әдебиеттер дүйсенбіден бейсенбіге дейін сағат 14-00-ден 18-00-ге дейін берілді. Жазылу кезеңінде 3 сом кепілдік салынған, оны «кітапханаға таныс, сенімді тұлғамен» алмастыруға болатын. Осымен қоса кітапты пайдаланғаны үшін 60 тиын көлемінде төлем ақы алынған. Тегін пайдалануға қала басқармасы қуәлігі бойынша үш кластық училищенің кедей түлектері ғана құқылы болған.

Қазіргі кезде С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапхана – Қазақстандағы ең үздік кітапханалардың бірі. Кітап қоры облыстағы ең ірі ғылыми, оқу, өлкетану, көркем әдебиет үлгілерін ұсынады. Жыл ішінде кітапханаға 32 мың оқырман келеді және 900 мыңға жуық кітап пен журнал беріледі. Бүгінде кітапхана құрамында, әртүрлі кітапханалық бағытта жұмыс істейтін, ақпараттық-библиографиялық, мәдени-ағартушылық қызмет көрсететін 14 бөлім бар.

1985 жылдан бастап кітапхананы М.А.Жиенбаева басқарып келеді.

Кітапхана «көшбасшы кітапхананың» имиджін қалыптастыруда шешуші роль кітапхана директорына тиесілі. Оның бастамасымен, жаңаны көру, күрделі шешімдерді қабылдау қабілетінің арқасында кітапхананың еңбегі зор болып келеді. Осы еңбегінің арқасында «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағына ие болды.

Кітапхананың ары қарай дамуына халықаралық қорлар мен ұйымдардың байқауларындағы мағыналы жеңістерін айта аламыз, оларға «Аймақтың модельді кітапхана», « Интернет. Электронды пошта», «Жанашыр» жобасы жатады. Осының барлығы ОБӘФК-да компьютерлік паркін кеңейтуге, қызметкерлер және оқырмандарға автоматтандырылған жұмыс орындарын құруға, әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін түрде қол жеткізуге, Интернеттегі кітапхананың өзіндік ақпараттық бейнесі - Web-сайт құруға; меншік электронды

ресурстарын қалыптастыруға: электронды каталог, әртүрлі тақырыптағы мәліметтер базасын құруға; Павлодр облысы кітапханаларының қызметкерлеріне арналған тренинг-орталығын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы С. Торайғыров атындағы ОБӘФК – аймақтың орталық кітапханасы, бас кітап қоймасы, өлкетану құжаттарының депозитаріі болып табылады. ОБӘФК барлық ведомствалық кітапханалар қызметін үйлестіріп, облыстың тұрғындарын әдістемелік және ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, кітапхана ісінде қазіргі таңда ақпараттық технология кең етек жаюда, Барлық дерлік кітапханалар ақпарат құрылғылармен жұмыс істеуде. Оның пайдасы өте мол. Кез келген кітапханаларда медиатека кабинеті болады. Онда кез келген оқырман өзіне қолдана алады. Бұл өте тиімді, әрі уақытты үнемдеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғылыми сөздік томы 2000ж
- 2 Библиотечно дело: Терминолог. словарь /РГБ.-М.,1997.-168с
- 3 Справочник библиотекаря/подред. А.Н.Ванеева, В.А.Минкиной.-СПб.:Профессия,2004№-448 с
- 4 <https://baltakol.wordpress.com/2011/02/03/>
- 5 http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B%D0%BF%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%82_%D1%82%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F%D1%81%D1%8B

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

ТӘЖІБАЕВА М.

4 курс студенті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

ЕСІРКЕПОВА К. Қ.

ф.ғ.к., доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Қазақ тіл білімінде «тіл және мәдениет» мәселелеріндегі сабақтастық туралы ғылыми тұжырымдармен ғасырдың соңғы жиырма жылында зерттеу материалдарының аясы кеңіп, толығы бастауы академик Ә. Қайдаров есімімен байланысты. Қазақстан топырағында этнолингвистиканың негізін қалаған үлкен ғалымның

құнды ғылыми ой-пікірлерінен соң, осы салада тілші ғалымдардың бұл бағытты әр қырынан қарастырған сүбелі зерттеу еңбектері жарық көруде. Этнолингвистика туралы әр жылдары жазылған ғылыми еңбектерге тұтастай библиографиялық шолу арқылы теориялық мәселелерін ғалым М.М. Копыленко саралап, негіздеді. Одан кейінгі жас ғалымдардың әр кездердегі зерттеу жұмыстары нәтижелі жүргізіліп келеді.

Қазақ тілінің болашағы – өткенді білумен құнды болмақ. Өткенді білу дегеніміз – қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын тілдік бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдердің ұлт мәдениетін танытудағы рөлін бағалау, түсіну. Түрімдегі – тілімде, тілімдегі – түрімде дегендей, тілімізде кең қолданыста жүрген тұрақты тіркестер мәселен, жағымпаз – шашбауын көтеру, құрдай жорғалау, табанын жалау, қойны-қонышына кіру, сақтау – көздің қарашығындай сақтау, тісін-тісіне қойып сақтау т.б. қазақ ұлтының өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін тұлғаларды талдау – тіл арқылы ұлт мәдениетін тану болмақ [1, 7 б].

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек, асыра айтпағандық болар. Жазушы Сафуан Шаймерденов шығармалары тілінің көркемдік ерекшелігін қарастыруда тұрақты тіркестердің қолданысы ерекше көзге түседі. Қаламгер туындыларында фразеологиялық тіркестер талғампаздықпен жұмсалып, тілге көркемдік беріп, оқырманға эмоционалды-экспрессивті әсер етеді.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы фразеологизмдердің стильдік қызметін төмендегідей топтауға болады:

1. Кейіпкердің психологиялық келбетін (ішкі сезімін) көрсету мақсатында:

«Әсіресе Қарғаштың алдында «бала» дегені өліммен тең ғой. Бетім өрттей жанып, біреу шапалақпен салып жібергендей дуылдап жүре берді» («Қарғаш», 72 бет).

«Қабак қағыста өзін тамбурда көрген ол Мәуленнің мына кимылына қайран болып қалған еді» (Сафуан Шаймерденов «Инеш», 13 бет).

Қайран болды//қайран қалды – таң қалды; таңданды; таңырқанды (ҚТФС, 170 бет).

«Инештің зәресі ұшып кетті» («Инеш», 38 бет).

Зәресі ұшып кетті – зәре-құты қалмау//зәресі қалпақтай болу – қатты қорықты, жүрегі ұшты; үрейі қашты, көзі тас төбесіне шықты (ҚТФС, 128 бет).

2. Образдылықты күшейту мақсатында:

«Естіген сайын шаншудай қадалады, әйтеуір» («Қарғаш», 107 бет).

«Шәмшігүл отқа май құя түсті» («Өмір нұры», 306 бет).

«Бірақ Қарғаштың бұл сөзі отқа сары май құйғандай әсер салып кетті маған» («Қарғаш», 32 бет).

Отқа май құю – дау-дамайлы жайды өршіте түсті, жел берді (ҚТФС, 233 бет).

3. Кейіпкердің мінезін айқындау үшін:

«Ай, біздің Қаракең сөйлейін десе, тілдің майын тамызады-ау өстіп» («Жыл құсы», 294 бет).

«Керек кітаптарын осында әкеліп, әңгіме, сыбырдың арасында міз бақпай отырып оқи береді, жаза береді» («Инеш, 69 бет).

Міз бақпады – бүлік еткен жоқ; бәдірейді де қалды; шыдап бақты (ҚТФС, 221 бет).

«Жалықпай тұруға бел байлап кезегін белгілейді» («Инеш», 72 бет).

Бел байлады – бір нәрсені істеуге шындап кірісті; тәуекел етті (ҚТФС, 63 бет).

«Біреуді «онаша сөзім бар еді» - деп былай алып шығып, бар даусымен дабырлап сөйлеп, жер-көкті көшіріп жататын ескі әдеті» («Қарғаш», 38 бет).

Жер-көкті көшірді – қатты дүрліктірді, сарыны қатты шықты (ҚТФС, 112 бет).

«Мынаның тілі мірдің оғындай ғой» («Ит ашуы», 159 бет).

Тілі мірдің оғындай – тілі шаян шаққандай ащы; тілі тіліп түсер тура адам деген мағынада (ҚТФС, 294 бет).

Қаламгер шығармаларында жалпыхалықтық фразеологизмдерді өзгертіп те қолданып отырған. Жазушы туындыларындағы фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

фразеологизмдердің трансформацияланып қолданылуы;

контоминация тәсілі (фразеологизмдердің тұлғалық құрылымын өзгертіп, тек мағынасын алу);

жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдерге сүйене отырып, жеке авторлық фразеологизмдер жасауы.

Бұл жазушы сөз қолданысындағы өзіндік шеберліктің бір қыры. Жазушы ертеден тілдік қолданыста бар фразеологизмдерді әңгіме

мақамына негіздеп алып отырған. Фразеологиялық тіркестердің жазушы қолданысында өзгеріске түсуі оларға ешқандай нұсқан келтірмеген, керісінше, жазушының өзіндік шеберлігін айқындап, тілін өткірлей түскен.

Мысалы, «Өлсеңдер біреуге қандарыңды жақпай өліңдер, - деп Арам сары қағазына үнілді» («Қарғаш», 115 бет).

Келтірілген мысалда «қаныңды жақпа» тіркесі «аққа күйе жақпа», «аққа қара жақпа» т.б. тіркес түрінде кездесетін бөле жабуға қарсылық білдіру мағынасында таныс.

Фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуы ертеден келе жатқан құбылыс. Мұндай әдісті қолдану С.Шаймерденов шығармаларында жиі орын алған. Мысалы, «Кезенген мылтықтың аузына қарсы жүргендей күнде мектепке құр сұлдерім келді. Қашанға дейін бітеу жараға ұқсап жүре бермекпін» («Қарғаш», 121 бет).

«Ажал аузына қарсы жүру» деген халықтық фразеологизмді Сафуан Шаймерденов «кезенген мылтық аузына қарсы жүргендей» деп мүлдем өзгертіп қолданған. Бұл тіркестер адамның көңіл-күйін білдіреді. Немесе «көзге шыққан сүйелдей» тіркесін, автор «бітеу жарадай» деп трансформациялаған.

Қайсыбір ұлттың мәдениетін алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. Салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар әрбір елдің, халықтың тәрбие-тәлім беру ережелері мен нормаларының жинағы болып табылады және олар жазылмаған заң есебінде жүреді [2, 18 б]. Ғасырлар бойы адамдар арнайы бір дәстүрлерді ұстанып, қандай да бір салт, ырым-жораларды жасап келеді. Сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған қазақ халқының салты бойынша ажал, қазаны «келмес сапарға кетті», «келмес сапар шекті» деп астарлап естіртіп, жеткізетін болған. Жазушы шығармаларында бұл фразеологизмдерді контоминация тәсілі арқылы құрылымын өзгертіп қолданған:

«Олардың кейбіреуі бұл жарық дүниеде жоқ енді» (31 бет).

Жарық дүниеде жоқ – дүниеден өтті (кетті, озды, көшті, жөнелді, қайтты) - өлді; қазаға ұшырады (ҚТФС, 85 бет).

«Тек өз жолдасына жарқын бейнесін қалдырып, келмес сапарға жол тартқан» (31 бет).

«Оралмас сапарға аттанар шағында кішкене Гүлшатын шақырып алып мандайынан иіскепті де, жұбайына қарап: Қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға шоқыттырма! – депті» («Инеш», 76 бет).

«Туған ана Айған арғы жылдың күзінде дүние салған» («Ит ашуы, 90 бет).

Келмес сапарға жол тартты//Оралмас сапарға аттанды – келмес сапарға кетті//келмес сапар шекті//қайтпайтын сапар шекті – дүниеден қайтты, қаза тапты, өлді (ҚТФС, 137 бет).

Осы тәсіл арқылы С.Шаймерденов «кірбің қақты» жалпыхалықтық фразеологизмін де бірнеше мәрте өзгертіп қолданған:

«Инештің жүзін кірбен салды» (Сафуан Шаймерденов «Инеш», 18 бет).

«Инештің күн қаққан жүзіне кірбең жүгіре қалды» (Сафуан Шаймерденов «Инеш», 22 бет).

«Қабағын кірбің алмасын, ренжімесін, еркін, қуанышты өссін дейді» (Сафуан Шаймерденов «Инеш», 38 бет).

«Қабағына аздап кірбің ілінді» («Инеш», 138 бет).

Жүзін кірбең салды//Жүзіне кірбен жүгірді//қабағын кірбің алу – кірбің қақты; шырайынан ренжігені, мұнайғаны білінді; көңілі жұтады; көңілінің қошы болмады (ҚТФС, 163 бет).

Қаламгер өз туындыларындағы тұрақты тіркестерді кез келген уақытта тілдік тұрғыдан бейнелі, тартымды етіп беруге тырысады. Кейіпкерлерінің іс-әрекетін ашу немесе көңіл-күйін, жан-сезімін білдіріп, болмысын дәл баса жеткізіп, орнымен жұмсайды. Мысалы, «тіс жармады», «тіл қатпады» фразеологизмдерін де шебер өзгертіп қолданған:

«Жол бойы сол отырған қалпы, тіс жарып ештеңе деген де жоқ» (Сафуан Шаймерденов «Инеш», 24 бет).

«Бірақ осы жылдардың ішінде «анам бар еді» деген сөзді тісімнен шығарып көрген пенде емеспін» («Мезгіл», 194 бет).

«Осыдан кейін Сағит дауысын сәл төмен түсіріп: - Жаңағыны әзірге тісіңнен шығара көрме, - деп қойды» («Қарғаш», 38 бет).

«Аузымды ашпадым, - деп мені көтермелеп» («Қарғаш», 32 бет).

Тіс жарып ештеңе демеді// аузын ашпады – тіс жармады//тіс жарып тіл (сөз) қатпады//тіс жарып сөз айтпады; үн-түнсіз қалды; үндемеді; ләм-мим демеді (ҚТФС, 296 бет).

Фразеологизмдердің қалыптасуындағы ұлттық сипат туралы айтқанда ұлттық дүниетаныммен өзін қоршаған әлемге көзқарасы ретінде туып дамыған салты мен дәстүрінің орны ерекше. Ал, шығарма авторы белгілі бір ұлт өкілі ретінде халықтың ғасырлар бойы ұлттық санасында жинақталған, сақталған тұрақты сөз орамдарын еркін игереді. Сол игерілген дүниеден жазушының жеке тұлғасының дүниетанымына, психологиялық санасына, тілдегі сөздерді ойната алу мәнеріне сай, тіпті өзіндік қалыптастырған стиліне сай авторлық фразеологизмдер туды [3, 11 б].

Жазушы Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестердің бір қатары қазақы өмірге қатысты құбылыстарды бейнелеп, ұлттық ерекшелікті танытады.

«- От ала келдің бе, неге қашып бара жатырсың?» («Жыл құсы», 259 бет).

«Дүкен алдында қара-құра кісі көп. Кезекте тұр. Қант, май, шай – бәрі де осында. Қазанбас сатушы таразыны асықтай үйіреді» («Жыл құсы», 271 бет).

«Солай түсінуге Гүлшаттың студенттер арасында «Газалық минситрі», - деп аталып кетуі де қамшы болды ғой деймін» («Инеш», 47 бет).

Қамшы болды – түрткі болды; итермеледі (ҚТФС, 173 бет).

«Мұндай сырттан тон пішуді қыртыстана қабылдайтын Гүлшат даусында қарсылық нышаны мол байқалады» («Инеш», 293 бет).

Сырттан тон пішті – анық-қанығына көз жетпей, құл долбарлады деген мағынада (ҚТФС, 265 бет).

Осы мысалдардағы от ала келу (асығу деген мағынада), асықтай үйіру, қамшы болу, тон пішу тіркестері қазақ өміріне тән құбылыстардан алынған, ұлттық нақышты өрнектейтін тіркестер болып табылады. Р. Авакова: «Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыда талдау қазақы өркениеттегі ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуға мүмкіндік береді», - дейді.[4, 21 б].

С.Шаймерденов өз шығармаларында халық тілінің бай қазынасын, көркем сөздің әр алуан өрнегін шебер қолдана білген. Халқымыздың мінезіне тән ең бір ерекше қасиет – рухани, әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалау. Ондай құндылықтарға ақ көңілдік, шынайы адалдық, батырлық, сенімділік, көмек көрсету және үлкендерді құрмет тұту, ата-анаға деген шексіз махаббат, өзін-өзі құрбан ету т.с.с. асыл қасиеттерді жатқызуға болады. Мысалы, қазақ халқының танымында «жүрек» - кісінің жан-дүниесі, рухани сезімінің символы. Жазушы С. Шаймерденов авторлық фразеологизмдерінде «жүрек» сөзін қолдана отырып, қазақ халқының психологиялық, ұлттық ерекшелігін кеңінен суреттейді:

«Кейде жүрек жылытар әдемі ән сазы құлаққа келеді де, жалап өткен оқ зуылындай жалғыз сәтте кейін қалып қояды» (10 бет).

Жүрек жылытар – жүрекке жылы тиді; жағымды; көңілге қонымды мағынасында (ҚТФС, 121 бет).

«Жылы тартып барады. Баяғысынан да қала мол өзгеріпті» (26 бет).

Жүрекке ұялар – жүрекке жылы; жанға жақын.

«Қыз жүрегі ұйып кетті» (47 бет).

«Денесі шымырлап, жүрегі ұйып қалғандай болды» («Инеш», 119 бет).

Жүрегі ұйыды – жүрегі елжіреді; жүрегі жылыды; жаны ашыды; көңілі түсті; мейірленді.

Қаламгер туындыларында кездесетін авторлық фразеологизмдерге келесі тұрақты тіркестерді де жатқызуға болады:

«Жатқа паң да, жақынға бауыр етін кесіп беретін Гүлшаттың өмір жолы да, толайы да басқа еді олардан» (76 бет).

Жатқа паң, жақынға бауыр етін кесіп береді – жақындарына, достарына қашанда көмек көрсетуге дайын бауырмал, жат, бөтен адамдарға ашыла бермейді деген мағынада.

«Сен үшін қам жейтін, сен үшін белі қайысатын, көмек берер адамның бары қандай жақсы» - деп ойлады» (130 бет).

«Жұрттың айтуынша ғажап адам көрінеді ғой өзі, жастар үшін, ғылым үшін белі қайысатын» (205 бет).

Белі қайысатын адам – жаны ашитын, көмек көрсететін адам мағынасында.

«Сәске кезінде шығыс беттегі құздар айрықша ашық, көз ұялатар түрге енеді, жалтылдақ қымбат тастардың шоғы сияқтанады» (137 бет).

Көз ұялату – тамашалау; көздің жауын алар, көркем, сымбатты мағынасында.

«Инеш ішінен тұтанып, төзімсізденіп қалды» («Инеш», 183 бет).

Ішінен тұтану – тағатсыздана күту мағынасында.

«Күлімдеген қоңыр көзінде ұяндық жоқ та, осындай жаңа пісіп, толса да, әлі уызы жарылмаған қыз балаларда кездесетін соқтыққыш ойнақылық бар» («Қарғаш», 9 бет).

Уызы жарылмаған – уызы кеппеген; жас.

«Бірақ жұрт ықыласының дұрыстығын жадыраңқы қабақтан танитыны айдан анық» («Ит ашуы», 91 бет).

Жадыраңқы қабақ – ашық жүзді, шырайы жарқын.

«Семіз айтасындар да, арық шығарасындар» («Ит ашуы», 97 бет).

Семіз сөйлеп, арық шығу – асқынсып сөйлеп, іс жүзінде қаңқу сөз болып шығу мағынасында.

Жазушы қолданысында қарапайым фразеологизмдер де ұшырасады.

«Әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дөрекі тұрақты тіркестерді қарапайым фразеологизмдер дейміз. Алайда ол әдеби

тіл нормасына жатпағанымен, көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкер сөзінде кездесіп отырады. Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді» [5, 14 бет].

«- Өй, иттен жаратылған неме, жап аузыңды – деп ақырды» («Ит ашуы», 295 бет).

Кейіпкер тілінде қолданылған дөрекі фразеологизм кейіпкердің мінез-құлқын, мәдениетін көрсетуде ерекше роль атқарған. Мұндай фразеологизмдер тек кейіпкер тілінде ғана кездеседі және жағымсыз реңкімен, ерекше стилистикалық функциясымен ерекшеленеді.

Осындай тұрақты тіркестерді қолдану арқылы қаламгер өзі суреттеп отырған ауыл өмірі мен ауыл адамдары бейнесіне шынайылық сипат беріп, оқырман көңілінде жағымды әсер қалдырған.

С.Шаймерденов шығармаларында кейіпкер тілінде культтік фразеологизмдер де ұшырасады. Автор оларды кейіпкердің ішкі сезімін ашып көрсетуге пайдаланған.

Культтік фразеологизмдер – адамның көңіл-күйін, көзқарасын, әр түрлі эмоциялық әрекеттерін білдіретін қолданылуы дәстүрге айналған алғыс, қарғыс мәнді сөз тіркесімен ерекше фразеологиялық топ құрайды [6,14 б].

«- Қара басына көрінгір, не болды саған?» («Ит ашуы», 206 бет).

Көркем шығармада қарғыс мәнді кездескен фразеологизмдер кейіпкер тілінде қолданылады. Мысалы: «Қолың сынғыр, кім екен жазып жүрген?» («Өкіл әке», 214 бет).

Қарғыс мәнді фразеологизмдер көбінесе кейіпкер тілінде қолданылып, қаһарманның сол сәттегі көңіл-күйін, ашу-ызасын т.б. сезім иірімдерін көрсетеді.

Жазушы тұрақты тіркестерде өз ойын көзқарасы мен дүниетанымын, жағдайларды көркем түрде суреттеуде, қазақ халқының болмысын, ұлттық ерекшеліктерін оқырмандарға жеткізу мақсатында қолданған. Авторлық өзгеріске түскен фразеологизмдер С.Шаймерденов шығармаларында едәуір әрі көркемдік деңгейі де биік. Фразеологизмдерді қолдануда авторлық өзгеріске түсіру (оказионалды болу) – жаңару, түрлендіру мақсатын көздейді.

Тілді байыту, көркемдеу тәсілі жалғасы тауып отырғандығы С.Шаймерденов шығармаларындағы тұрақты тіркестер қолданысынан аңғаруға болады. Жазушы халқымыздың бай қорын жан-жақты игере отырып, халық тіліндегі сөз қолданыстары өз мақсат-мүддесіне орай дамытып, дүниетанымдық лексика көркемдік

кұрал ретінде алынып айшықтандыра, жетілдіре қолданады. Бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдыру мақсатында ұсынады. Шығармаларының тілдік қолданысы арқылы жалпы ұлттық тілді қолданушы ретіндегі жазушының стильдік даралығы, жазушының шеберлігі, жазушының тұлғасы сомдала түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244 б.

2 Қалиева С.Е. Көркем прозадағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2007. – 28 б.

3 Досова А.Т. Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006. – 24 б.

4 Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002. – 150 б.

5 Кәріпжанова А.О. Фразеологиялық коннотацияның прагматилистикасы (Мәшһүр жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 2

6 Шаймерденов С. Шығармалары (Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.1: Инеш. Роман. – 320 б.

7 Шаймерденов С. Шығармалары (Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова). – Алматы: «Ан Арсы», 2013. Т.3: Повесть, пьесалар, әңгімелер. – 320 б.

ТЕЛЕАРНАЛАРДАҒЫ ТОК-ШОУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ТИЛЕЙ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда қазақстандық ақпарат ғаламдық кеңістікте қанат жайып, жер жүзінің түкпір-түкпіріне таралып отыр. Өйткені, дүние әлемнің әр шетінде өмір сүріп отырған адамзат баласы айналасында

болып жатқан оқиғадан біз өзіміз жайлы бейхабар, құлаққа ұрған танадай жеке-дара тіршілік ете алмайды. Бұл қажеттілік ақпарат алмасу арқылы жүзеге асады. Ақпарат және ақпарат тілі кеше мен бүгіннің жемісі емес. Оның түп тұқияны біз білмейтін ескі дәуірлерде жатыр. Қазақ баласы атам заманнан бері ақпарат алудың ауыл үй арасынан өсек-аян, сыбыр-күбір, ұзын құлағынан бастап, хабар беру, жоқ іздеу, аттан салу, сауын айту, т.б. толып жатқан (ауызша, жазбаша) түрлерін пайдаланып келді. Осының нәтижесінде ақпарат және ақпарат тілі қалыптасып, ол қоғам өмірінің бүкіл саласын қамтып, айрықша дамып отыр, «Бұл күндері қазақ тілі өмірдің азды-көпті 108 саласы мен кіші саласында қолданылады». Ал ақпарат тіліне қойылатын талап та жоғары.

Ақпараттың басты мақсаты елімізде және әлемде болып жатқан түрлі саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-рухани жаңалықтарды қоғам өмірінің сан қырлы саласы бойынша дер кезінде шұғыл да, жедел, анық та қанық, нақты да жылдам, толық нысанды (объективті) түрде маңызды әрі мәнді мәліметтерімен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, ақпарат тілі адамға қажетті мәліметтерді жылдам жеткізумен ғана шектелмейді, ол жалпыға бірдей әдеби тіл нормаларының қатаң қадағалануын тіл заңдылықтарының бұзылмауына, жаңа сөздер мен терминдердің қалыптасуын, дұрыс жазылуын және дұрыс сөйлеуді өзіне міндет етеді. Ол әрі таза, әрі шұрайлы адам санасына тез сіңісіп, психологиясын еркін меңгеретін, өзіне баурап алатын күш-қуаты болуы керек.

Ақпарат тілін көркем әдебиет тілімен қиоластырып, оқиғаның ажарын ашып, іс-әрекеттің шеберлігін ширықтырып, болып жатқан көріністің көркін кіргізіп, тілінен бал тамып, сөздің мәйегімен мәнерлеп сөйлеу керек. Мәйексіз айтылған сөзге мән де аз беріледі. Қазақ тілінің қай салаға салсаң да солай мәнерлі сөйлейтін шамасы бар. Бұл қазақ тілінің дара қасиеті. Демек, БАҚ-қа да әдеби тіл жат емес. Қазақстанда 1965 ақпарат құралы бар екен. Бұл анау-мынау дейтіндей аз сан емес. Әрі оның түрлері де сондай әр алуан. Ал, өткен бір жыл ішінде жаңадан 65 газет, 44 журнал, 40 электронды ақпарат құралдарының қатарға қосылуы бұл салаға деген бұқара сұранысының мол екендігінің айқын көрсеткіші. Осы топаны мол БАҚ еліміздің мүддесіне қызмет етіп жатса құба-құп. Алайда, осының қаншасы қазақ тілінде, ал қаншасы өзге тілде ақпарат береді? Қазақтың «адамның тіліне аспандағы бұлт азады» деген мақалы еске түскенде осыншама ақпарат құралдарының қаншасы халқымызды жаман әдет, жаттық салтқа азғыру бағытында қызмет

ететінін я тектеп отырса деп ойлайсың. БАҚ бірінші кезекте өзін жайлы өзгеге өзінді өзіне насихаттаушы. Осы салада тілдің барлық мүмкіндігі пайдаланылуы керек. Сондықтан да оның тілі әдеби тілдің қаймағынан қалқып алынған, сұрыпталып, елеп-екшелген, сындарлы мұнтаздай таза, кіршіксіз түзіледі. Сол себептен де ақпарат тілі әдеби көркем тілдің алтын қорынан сусындап отыруы керек. Сонымен қатар, БАҚ-мемлекеттік идеологияының жаршысы. Ал, жаршы тілі қашан да қызыл тілдің қыраны. Оның өн бойында титтей де селкеулік болуы мүмкін емес.

«Қазақ телевизиясының тарихында ақпараттық бағыттағы хабарлар соңғы 40 жылда бірнеше қалыптасу кезеңдерінен өтіп келді. Бір айта кетерлігі, отандық теледидардағы ақпараттың пайда болуы қазақ телевизиясының құрылу жылдарымен тұспа-тұс келді. «Ақтуалды камера» аталған алғашқы ақпараттық бағдарлама бүгінгі техникалық қамтамасыз етудің мол мүмкіндіктерінсіз эфирге беріліп жүрді. Қазақ телевизиясының тұңғыш дикторы Нейля Омарованың естелігіне сүйенсек, «алғашқы телевизия қызметкерлерінің өзі кәсіби журналистер емес еді. Барлығы дерлік сол кездегі киностудиядан тартылған». Алғашқы дикторлардың бірі болған Ләзиза Аймашева: «Ол кезде концерт, спектакль, басқа да хабарлар, ауқымы 200 метрлік тар студияда түсіріліп келді».

Ақпаратсыз ең мықты саясаткер, ең күшті мемлекет, ең мықты халық ешкімге айналады. Барлығына да белгілі бір оқиға ақпарат береді. Журналистік ақпаратсыз барлығы да ешкім емес, нөлге тең, ештеңеге қажетсіз зат сияқты болып қалады. «Журналистің қоғамдық міндеті – халықты барынша ауқымды және сан алуан ақпаратпен қамтамасыз ету. Қандай шешім болса да, оны журналистер қабылдамайды. Журналистер тек жариялайды, әлгі ақпаратты таратады. Тыңдаушының өзі сараптап, қажетін сұрыптап алады, сол арқылы саяси ой қалыптастырады» деуге болады.

Ең алдымен ақпараттың дәлдігі әрі объективтілігі басты назарда ұсталынуы тиіс. Бұл туралы қазақ телевизиясының атасы атанған профессор М.Барманкұлов былай ой өрбітеді. «Ақпаратты беруде жылдамдық қана маңызды емес. Мұнда саяси және психологиялық маңызы болуы шарт. Мәселен, қандай да бір телеграфты агенттік немесе тәулік бойы таралатын ақпараттық телебағдарлама басқа газет материалдарынан немесе басқа телебағдарламалардан ақпаратты беруден кешігіп қалса, онда ол арнаның беделі төмендеп, халықтың қызығушылығын тудырмайды. Демек, әлемдік телеграф агенттіктері арасындағы жылдамдық тек комерциялық тұрғыдан

ғана емес, саяси жағынан да маңызды. Яғни, бірінші таратылған ақпарат оқиғаны өз деңгейінде жеткізе алса, басқа бағдарламалардан өткен тура сол оқиға көрерменді қызықтырмайтын болады».

Бүгінгі көрерменді көк жәшіктің алдына телміртетін не? Ол әрине – шоу бағдарламалар. Алып Америкадан бастау алған ток-шоулармен реалисти-шоулар біздің телевизияға да дендеп еніп келеді. Ендеше, Ток-шоу туралы ғылыми анықтаманы тұжырымдап көрейік. Шоу дегеніміз – қойылым. Ал «ток-шоу» ұғымы «сөздік қойылым» дегенді білдіреді. Мұндай бағдарламалар әр түрлі болады, бірақ оларды қабылдау әлдеқайда оңайырақ. Ток-шоуға қажетті нәрсе – оның қатысушылары болуы шарт. Жүргізуші мен кейіпкерлерден басқа, оны бағалайтын эксперттер міндетті түрде керек. Ток-шоудың көрермен ықыласын жаулап алу үшін жақсы сценарий дайындай алатын шығармашылық топ қажет. Осылайша, телебағдарлама редакциялануындағы дайындық кезеңі, негізінен, ұйымдастырушылық-шығармашылық сипатта болады. Өйткені теледидардағы ұйымдастырушылық жұмыс-әдеби жұмыспен тығыз байланысты. Оларды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес.

Соңғы жылдары теледидар тәжірибесінде жүргізушінің жаңа типі-модератор пайда болды. Ол – теледебаттар мен түрлі дискуссиялар, телемост, ток-шоу жүргізушісі. Біздің журналистерге өз білімдерін шындай түскен абзал. Қазіргі кезде модератор рөлін кәсіби тележурналистер ғана атқара алады. Телебағдарлама жүргізушілері туралы айта келе, қазіргі кездегі ең танымал шоумен мамандығына тоқталып өтейік. Шоуменнің актерлік қабілеті жоғары болуы тиіс. Қарым-қатынас орнату, жылдам реакция ол үшін аса қажет қасиеттер. Ток-шоу жүргізушінің жұмысы айырықша, төтенше, яғни экстремальды жағдайда жүзеге асатынын ескерген дұрыс.

Ойын-сауық бағдарламаларының барлығы дерлік ток-шоу, теледуманға жатады. «Теледидарда ток-думан, сұхбат, әңгіме, ойын-сауық жанрлары үстемдікке ұмтылыс танытуда». Телеэкрандағы хабарлардың сан алуан түрлерінің ішінде ток-шоу күн санап етек алып барады. Алысқа бармай-ақ өзіміздің «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы ток-шоуларға шолу жасап көрелік.

Ұлттық арна көрермендері жаңа маусымда «Қазақстан дауысы» жобасын тамашалай алды. Бұл жәй талант-шоу емес, бұл ғажап дауыс иелерін анықтайтын, оларды елге танылған күміс көмейлермен қатар қоятын тартымды жоба. Мұнда кәсіби әншілер байқауға қатысушыларға өздері көмектесіп, бар білгендерін

үйретеді. Бірақ өз шәкірттерін қанша қолдап, жаны ашығанымен ең мықтысын тандауы керек. Бұл тележоба әлемнің 35 елінде көрсетіліп, барлығында ең жоғары рейтинг жинады. Америкалық нұсқасында экран алдына 37 миллионнан астам көрерменді жинап, барлық тележобаны артта қалдырды.

«Ұлттық-шоу» - кең ауқымды музыкалық жоба, көңіл-ашар шоу. Экранда бар, бұрын болған көпшілік музыкалық бағдарламалардан айырмашылығы сол – бір жанрды ғана емес, көрерменнің алуан-түрлі талғамын, қалауын ескере отырып, 7 түрлі бағытты қамтитын хабар жасауда. Олар: 1)Дәстүрлі ән кеші; 2)Еуропаның классикалық музыка кеші; 3)Эстрадалық ән кеші; 4)Поэзия және бардтар кеші; 5)Би кеші; 6)Этно-фольк жанрындағы ән мен музыка кеші; 7)Ретро әндер кеші. Яғни, кез-келген көрермен көңіліне жағатын жанрды Ұлттық арна эфирінен таба алады.

Тағы бір жаңа жоба «Түнгі шоу Нұрлан Қоянбаевпен» деп аталады. Бұл жобаның өзге бағдарламалардан ерекшелігі - жобада орынды қалжың арқылы саяси сын пікірлер мен ойландыру сауалдар болады. Бағдарлама жүргізуші мен келген қонақты жанды дауыста әр түрлі музыкалық аспапта ойнайтын топ сүйемелдеп отырады. Бағдарлама аптасына 4 рет жарыққа шығады.

Көрерменнің көз айымына айналған «Әйел бақыты» ток-шоуы. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін әйелдердің беделі, отбасындағы күйі, әлеуметтік жағдайы, бала тәрбиесіндегі маңызы, ерлі-зайыптылардың бүгінгі болмысы осында қозғалады. Керекті кеңес, әдеміліктің құпиясы, сән және т.б. мәселелер көтеріледі. Жаңа ток шоу тікелей эфирде аптасына 5 рет көрсетіледі. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – көрермендер тікелей эфир кезінде де, эфирден тыс уақытта да өз сауалдарын телефон арқылы немесе электронды почта арқылы жолдай алады.

Қорыта келгенде, көрерменнің талғамымен ойнауға болмайды. Теледидар қызметкерлері көрермен біз ұсынған тележобаның бәрін қабылдай береді деп ойласа, қателеседі. «Өскеген уақытқа орай көрермен де өзгерді. Олар ақпараттар тасқынының молдығынан білім мен мәдениеттің шырқау биігіне көтеріліп, көп мәселелерде өздері байлам, қорытынды жасайды. Теледидар, радио және газет ақыл-ойға нәр беретіндей дерек, факті және ақпараттарды үздіксіз беруде». Сондықтан, көрерменнің көзайымына айналатын бағдарламалар көп ұсынылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрсын Қ, Нұсқаубайұлы Ж. «Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы». Оқу құралы. Алматы. Білім; 2003. – 380б.
- 2 Боқаш Ф. «Теледидар тілі оңай шағылатын жаңақ емес» // Ана тілі. 2004. 2б.
- 3 Мұқатай Ж. «Қазақ телережиссурасы қай деңгейде?» // Қазақ әдебиеті. 2004. 3б.
- 4 Омашев Н. «Журналистиканың жаңа стилі» // Ақиқат. 1997. 85-88б.
- 5 Құрманбай Ш. «Қап сүйреген қазақ ток-шоудың тапқырлығы ма?...» // Айқын. 2006. 1б ақпан.

3. СЕРІҚАЛИЕВ: ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТУРАЛЫ СЫНДАР

ТИЛЕЙХАН А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
СЕЙІТОВА М. А.
аға оқытушы, ПМПИ, Павлодар қ.

3.Серіқалиевтің сыни еңбектерінің бірқатары лирикалық шығармаларға да арналған. Сыншы поэзияға ұлттық бағамдау көзімен баға беріп, халықтық таныммен түсінуді шарт етіп қояды. Сыншы қазақ әдебиетіндегі шығармаларға ой айтып, пікір білдірген жылдар Кеңестік өкіметтің қатал цензурасымен ерекшеленеді. Жоғары биліктің бар назарында ұстайтыны, барынша тізгіндеуге тырысатыны ұлттық тақырып болатын. Ұлттық сананың өсуінен ұдайы сескенетін, халықтық танымның түбінде қыспақты қоғамды ыдырауға әкеп соқтыртуы мүмкін деп қауіп үлкен еді. Халықтар достығына іріткі салады деген желеумен ұлттық құндылықтар мен халықтық түсінік, тарихи тақырыптардың жазылуын тежеуге, мүлт кетті дегендерін істен алғысыз етіп сынап, алдыртып тастайтын. Бұндай сынаққа түсетін – қазақ лирикасы екені белгілі. Ежелден суырып салма әдебиетінің негізі өрнекті өлеңмен, терең поэзия, нәзік лирикамен өрілген қазақтың өрелі өнері – жыр. Ақын халықтың, төкпе халықтың бар сыры жыр болып төгіліп, өлең болып жететін. Бұл өнерден Кеңес кезінде жылылыққа зәру ақындарының бірі – Мұқағали Мақатаев болатын.

Сондай бір ақынды сағына отырып, сыншының берген сұхбатында былай депті: «Қай-қайсымызға да туған жер, өскен

ұянын жөні бөлек. Ал Мұқағали үшін Қарасаз, Шалкөдені тап басып өзінсіз ғайыптан бір тылсым күдірет орбитасынан жазатайым ығыстырып жіберетіндей, немесе өзін Алматыға біреу зорлап көшіргендей екі ұдай аяншақ, бәйек сезім билеп алғанын көріп қайран қалғанмын. Көз жұмып қалмау, қызғыштай қору дейсіз бе, бір аптық, бір өзек өртендірер өзеуреу... – бәрі де болған. Туған топырағына кіндігі байлану дегеннің қандай болатынын осы Мұқағали күйінен білгенмін. Бұл – есте сақталар қасиет-ті. «Түсіме кіреді» ...» [1, 238]. Сыншы ақын жанын дәл өзіндей ұғуға тырысады. Оның туған жерінің топырағын өзімен бірге басып, ауасын да бірге жұтқысы келеді. Сыншы ақын шығармашылығындағы ерекшелік деп оның халықтық кеңістіктегі орнын айтады. Ақын жырлары бір өзінің Қарасазына бастау алып, қазақтың кең алқабын тұтас қамтитындығын еске салады. Сондықтан да «Алтай – Атырау» толғанысындағы «Адастырмас алдыма ұстап үміт, Нарынқолдан аттандым құсқа мініп» - деп басталатын:

Самға, ұшқыш! Қазақтың көгіменен,
Жүруші едім кездеспей көбіменен,
Берерімді еліме беріп әлем,
Мынау алып аққұстың қанатымен,
Кең өлкеме кетейін сеуіп өлең.

Осындай бір тегеурінді шабытпен ол ұлан-ғайыр қазақ даласын сонау шырқау биіктен бір сүзіп шықпап па еді. Бірақ құс жолына жете алмаған. Өзі жетпесе де, кең өлкесіне себілген сол өлең – ырыздығы жетуі үшін де қызмет жасалуы керек қой» [1, 224].

З.Серікқалиев М. Макеқатаев жайындағы түрлі аңыздар мен дақпырттардан ақынды аулақ ұстағысы келеді. Бұл аңыз, дақпырттар соны шығарушылардың өздері үшін пайдалы болмаса Мұқағали үшін ешқандай пайда әкелмейтіндігін айтады. Ақынды таза, бар қалпында танытуға шақырады.

Бұл сыншының әдебиеттегі тазалық, ақындық тұлғаның бар адмдық қалпын сақтауға деген ниетінен туса керек. Ақынды өтірік-шыны аралас аңыздардың ортасында кейіпкер ету оны «адамның баласынан атаның баласына» айналдырып бағасын түсіретіндігін айтады. Сыншының ақындар табиғатын таныту, лириканың автормен ішкі әлем бірлігі, сезім, көңіл күйлерінің тоғысы туралы айтқан бірнеше пікірлері бар. Соның бірі – Қадыр Мырза Әли туралы жазған «Дала дастаны» мақаласы. Ақын жырларының ішіндегі халыққа керек, әлеумет үшін пайдасы бар тұстарға назар салады. Сондықтан да жеке бас ойынан да жалпылық, әлеуметшіл

ойларға иек артқан шығармалардан талдауды жөн көрген сияқты. «Асан Қайғының зары» деп аталын жырында ақынның ел жұртына жерұйық іздеген, оны бар әлемнен таба алмаған Асан Қайғы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жер таба алмапты. Бірақ жер әлемдегі әділетсіздікті көріпті. Асаннның тапқаны осы екен. Бұл жерұйықтан да артық болар. Себебі жердің жақсылығы бетінде, топырағында, тауы мен тасында, шөбі мен суында... барлығында анық көзге түсіп жатады. Ал адамдар бойындағы әділдік пен әділетсіздік жүректерінің тазалығы мен жандарының қаншалықты ақ-қарасында. Асан қайғының осы сәтін жыр еткен ақынды сыншы ең қажеттісін тапқандығын дәл көрсетеді.

«Асан Қайғының зары – Асан Қайғының біржола кесілген үміті, жеткен межесі, бұл жалғаннан иемденген еншісі. Адамдарды алалау адамдардың өзінен басталған: «Біреулерге кең дала – біреулерге түрмедей». Көз жасы, қайғы жыры езілген тап, еңіреген қауымның – қара халықтың атынан сөйлейді. Ақын заман қайшылығын қаз қалпында берген. Тағдыр дегеніне қарсыласпай бас иіп, бір ғана шыдам, төзімге құрылған тіршіліктің жаназасы мынау: «Түу деген қайғыда, өлу деген бақыт па?»

Немесе:
Көз жасына семірген
Хан емеспін қарамын.
Жылап келдім өмірге,
Жылап кетіп барамын!

Осы жолдардың өзінде таргедиялық қаншама қасірет ұялаған. Асан Қайғы құдайға ашынып, қыр көрсеткенімен, заман құбылысын, қоғам шындығын, теңсіздік, әділетсіздік сырын жете түсіне алған жоқ. Оның бар өмірі - өз үмітімен алданып, адасқан өмір. Өз жүрегінің, білек-білігінің өмір мен еңбек терінің күдіретіне де табына алмай өткен өмір. Ақын жырында ашылған Асан Қайғының күйігінің әлеуметтік астары осындай» [2, 138-139]. Сыншы ақынның жырларыны тек жек өзінің көңіл-күйі деп қарастырмайды. ...«өр кезде үздік-создық туған автор көңіл-күйінің жай құрамы емес. Бұл – халқымыздың өткен, ежелгі тынысы мен бүгінгі тұрмысын таразыға тартып, тарих сабағын, ғұмыр жолын терең, жүйелі жырлаған ақынның біртұтас, бірегей ой-толғамы» - деген пікірді айтады.

Қазақ әдебиетіндегі Қадыр ақын шығармашылығына баға беруде оның туындыларындағы ұлттық өрнек пен бояу, дәстүр мен әдет қалып, заңдарын тиек етер түйіндерді атай келіп, З.Серікқалиев бұған да сыншы көзімен тың пікір қосады.

1. Ақынның ұлттық салт-жоралар дәстүрінің байыбына барлай келіп, халық ішіндегі қайшылықтар сырына да мән беруі.
2. Дәстүрлі тілек, баталардың өз қолданыс ерекшеліктері бар екендігі.
3. Ұлттық дәстүрлер көңілге жігер, от, намыс беретіндігі.
4. Ер жігіттің намысы, жігерін жану кей тұстарда бәсекеге де түсіреді.
5. Мал – кереғар еік шындықтың тірегі.

Сыншы осылай ақын шығармашылығының басты сипаттарын талдап береді. Ақын жырын оқып, өзгеше ой түйген тұстарны оқығын келеді. Өзінде соын көз алдыға елестетіп, қаламгер ойымен тайталасқа түскің келеді. Бірақ өлең еріксіз сыншы пікірінің орынды екендігін мойындатады. Сыншының ақынды әдеттегі халық дәстүрінің жыршысы деген бағадан аулақтатып әкеткені басында көңіліңізге хош келмесе де, талдау, сыншы пікірлері солай екендігіне қол қойдырады. Бірақ Қадыр ақын өлеңдері халық тұрмысының, салт-дәстүрінің жыршысы дегеннен де биік тұрғандығын көз жеткізеді. Бұл биіктік – таным мен түсінік сабақтастығында.

Қазақ әдебиетіндегі оқырман, көпшілік білетін ақындар да, әлі халыққа таныла қоймаған ақындар да бар. Сыншы ел ішінде жырлары танылған ақындардың жырларын тереңдікпен талдай отырып, жұртқа басқа ақындардың да жырларының көркемдігін ашып берді. Солардың бірі – Сейфолла Оспан. Қаламгер шығармашылығының негізгі үш тағанын: жыр әлемі, сын-сықақ, драматургия деп жіктейді. Алғашқы туындыларынан:

«Уа, Туған жер!

Менің жырым сенің дархан базарың,

Жұмсақ ми мен ауыр ойдың

Қатпар-қатпар қабаттарын қазамын.

Мың шимайлы әр күнімнің тарау-тарау томдарын

Екі аяқпен джер төсіне күні бойы жазамын,—

деп өзінің бағыт-бағдарын біржола белгілеп алған ақын жанашыр, әділ сынның ауылынан шалғай, бұра тартты» [1, 257].

З.Серікқалиев С.Оспан шығармашылығының негізгі арналарына талдау жасарда оның ақындық қуатына, көркемдік бейне жасау шеберлігіне баса көңіл бөледі. Жанрлық жағынан ақын шығармашылығындағы өзгеше сұхбат-жырларды да талдап өтеді. Солардың ішіндегі «қарияның монологіне» назар аудартады. Бұл монологтің өзгешелігі – ақынның жаратқанға қарсы сөйлеуі. Одан әділдік тосу, әділдік сұрау. Осы арқылы ақын лирикалық кейіпкердің жан тазалығын ашады.

С.Оспанның шығармашылығына берілген бұған дейінгі бағаларға да тоқталып өтеді. Соның ішінде салмақты ой айтқан С.Әшімбаевтың, ақын Ө. Нұрғалиевтің пікірлері ақынның шығармашылық ұстанымын, өзіндік көркемдік әлемін, әдебиеттегі бейне жасау шеберлігін, стилін анықтайтын тұстарын береді.

Әр өңір ақындарына тән ерекшелік – қаламгердің өз аймағы туралы толғанысты жырлары. Бұл сипат ақын С.Оспан шығармаларына да тән. Ақынның Ықылас, Қ.Қуанышбаев, А.Тоқмағамбетов туралы жырларымен бірге М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ө.Тәжібаев, Б.Соқпақбаев т.б. туралы мақалаларындағы ойларды портрет-мақалалар деп атайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Серікқалиұлы З. Таңдамалы шығармалары 3-том, Алматы, Раритет, 2012, 319–бет. 2. Серікқалиұлы З. Таңдамалы шығармалары 1-том, Алматы, Раритет, 2012, 320 – бет.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

ТИЛЕПБЕРГЕНОВА Г. Д.

Қ-211 топ студенті, Филология факультеті,

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

МҰҚАНОВА Қ. Қ.

ғылыми жетекшісі

Қазақ халқының мәдениетін, тарихи жолын барлай бағамдар болсақ, жиын-той, мерекелер ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан өмір салты десек қателеспейміз. Бұған дәлел әдеби көркем шығармалардағы түрлі көріністердің суреттелуі. Қазақта «шаршасаң тойдан шарша» деген де сөз бар емес пе?!

Кезінде «Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасапты» деген жолдар ежелгі ауыз әдебиетіміздің келісті тұздығына айналғаны да рас еді. Эпостық жырлардағы Тәңірінен зар еңіреп жүріп сұрап алған перзенттеріне деген аспа-таспа көңілдің думанды мерекесіне не жетсін!.. «Шілдехана», «Бесік той», «Тұсаукесер», «Сүндет той» сынды ұлттық дәстүр-салт жоралғыларының өзі күнді күнге, танды таңға жалғастырған.

Қазіргі той-думандар мен дәстүрлі қазақ мерекесін салыстыруға болмайды. Мал шаруашылығымен шұғылданатын көшпелі қазақ

өмірінде жаздың үш ай жайлауы «өмірдің жаннаты» боп есептеледі. Қыс қысымын көріп келген қазақтар жаз жайлауда жадырап жазылып, барлық той-томалақ, ойын-сауық, сән-салтанатын өткізеді. Олар үшін «той» тек жасаушы отбасының қуанышы ғана емес, бір елдің ортақ мерекесі іспетті. Қазақ өмірінің әрбір белесі өлеңге толы болғандықтан, тойлары міндетті түрде «Тойбастар» жырымен басталады. Қазақ халқының мәдениетін, тарихи жолын барлай бағамдар болсақ, жиын-той – ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан өмір салты десек қателеспейміз. Бұған дәлел әдеби көркем шығармалардағы түрлі көріністердің суреттелуі.

Қазақ халқына тән мейрамдардың ең ірісі – Наурыз. Бұдан әрі – Құрбан айт, Ораза айт, шілдехана, бесік той, сүндет той, қыз ұзату, келін түсіру, баланы атқа мінгізу, өлең той боп жалғасып кете береді. Мұндай тойлардың бәрі ойын-сауықпен айықталады. Ойын-сауықтардың өте көп тарағаны – әдеби-көркемөнерлік түр: күй шерту, ән айту, билеу, айтыс, дастан-киссалар толғау.

Мәшһүр-Жүсіп бабамыз: «Төле би заманындағыдай кең ауқымды Наурыз бұрын-соңды тойланған емес», – дейді. Қазақ даласының климаттық жағын есепке алсақ, Едіге билердің Арқаға көшкен кезі, күн суық. Сондықтан Наурызды кең көсіліп тойлай алмауы мүмкін. Жетісу өлкесінде күн жылынады, Маңғыстау, Атырау өлкелерінде керемет тойланатын болған. Өлі күнге дейін батыс облыстарында Наурызға дейінгі бір аптаны «көрісу» деп атайды. Сол уақытта олар бір-бірімен көрісіп, артық кетсе, кешірім сұрасады. Наурызда шырқалатын ән-жырға келсек, ислам діні қабылданғандықтан, жарапазан, Алланы мадақтау жырларын, тұрмыс-салт жырлары, діни өлеңдер де айтылатын. Наурызда айтылған ерекше бәдік өлең болған. Қыстан қалған ауру-сырқау, «барлығы көшіп кетсін» деп бәдікті қуып, малдың барлығын жағылған оттың екі ортасынан өткізеді. Оны бүгінде медицина да дәлелдеп отыр. Қыз бен жігіт айтысы міндетті түрде болған. Ұлбикенің айтыстары сол Наурыз кезінде туған».

Кеңес уақыты болса да М.Дулатов, С.Дөнентаев, І.Жансүгіров сынды өзге де қазақ зиялылары «Еңбекші қазақ» беттерінде өз шығармалары арқылы Наурызды ел есіне салып тұрды. «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен», – деген хакім Абай өзінің «Жазғытұры» өлеңін Наурыздың келуіне арнаған десек, қателеспейміз.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Сірә, Абайдан асып жаңа күн – Наурызды әспеттеп жырлаған ақын жоқ па деп қаласың?! Ал қазақтың салт-дәстүрін зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған этнограф ғалым Сейіт Кенжеахметұлының еңбектерінде Наурызға баса назар аударылған. «Атамұра» баспасынан шыққан энциклопедиясында ағамыз: «Бай ауыз әдебиеті үлгілерінің бір түрі – Наурыз жыры. Жыр-өлең осы күнге лайықталып, мадақтау, тілек, бата, әзіл түрлерінде айтылады. Оның түрлері халық арасында көп тараған. Наурызға арналған бұрынғы, соңғы ақындардың шығармалары да көптеп саналынады», – деп жазған. Демек, ғұрыптық өлең-жырдың қай жанрын болса да, Наурыз тақырыбына ыңғайлай айту әбестік емес. Халыққа ерекше қуаныш сыйлайтын бұл күні өкпе-назға орын жоқ, керісінше, халық ақындары мен айтқыштары өлең-жырларын суырып салып төгетін болған.

Ұлыстың ұлы күні ретінде тойланатын наурыз мерекесінің салт-дәстүрі «Абай жолы» романының тарихи оқиғалары арасында суреттеліп отырады. Мысалы: «Бел-белесте» тарауындағы «...көл-көсір қонағасы, ұзақ жиын, жағалай сатылып жатқан ақсарбас, көкқасқалар құр ғана келіс қуанышы емес. Бұның ішінде, шеп жию, батамен табысу, ыдырағанды қайта құру, құрсауын бүтіндеу-қысқасы мерейін тағы аспандатып асыру бар. Осындай сыртқа айбын, ішке медеу болған тойлар жарты айдай айықпады. Бұл кезде ел-елдің бәрі де қыстауларынан көшіп, көктеуге ойға қарай жөнкілген» дейді.

Ұлы жазушы М.Әуезовтың бұл туындысы заманына қарай бірде заманның ұлы, бірде құлы болған тұста жазылған. Соның салдары, ықпалының әсерінен ұлттық дәстүр жәй ғана өмір ағыны есебінде ғана романның әр жерінде бой көрсетіп отырады.

Бір айта кететіні, Абайдың заманындағы Наурыз мерекесі елдің қыстаудан жайлауға көшетін мезгілімен байланыстырылған. Ол жағы түсінікті де. Мұхтардың заманы Ұлыстың ұлы күнін ашып, атап айтқызбаса да, роман эпопеясының желісінен осы көріністі еркін байқаймыз.

Ахмет атамыз «Әдебиет танытқыштың» «Ауыз әдебиет» бөлімін сауықтама, сарындама деп екі салаға бөліп қарайды. Жоғарыда айтқан тұрмыс-салт жырларының өтірік өлең, айтыс өлең, толғау, терме, такпақ, той бастар, жар-жар, жарапазан, бата, дерт көшіру, құрт шақыру үлгілерінің басқа тойлар бөлек, Наурызда да айтылатынын байқауға болады. Үйлену тойында қызды жұбату үшін

айтылатын «Жар-жарды» Наурыз мерекесіне орай, қыз-жігіттердің әзілдесуі, жұмбақ жарысы түрінде де қағытпа өлең-жырға ұласа берген. Әркім өзінің талантына қарай, той үстінде төгіп-төгіп айта беретін болған.

«Алып келген базардан қара насар, қара құйрық сәукелен шашын басар» -десе, бірі «Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда?» деп те жауап қайтарып, Наурыздағы көңіл күйді, қора, мал, дастарқандағы акты да өлеңге арқау ете берген.

Қазақ думаншыл, сауықшыл халық болғандықтан той жиі болады. «Той десе, қу бас домалайды», – деп айтып қана қоймай, өз болмысын соған икемдеген. Барын аямайды, тірнектеп жиған-тергенін тойға жаратады. Өйткені, қазақ үшін той – ізгілік пен жақсылықты, озық дәстүрлерді жаңғыртып, жалғастыратын елеулі оқиға. Тойда әр дәулет, әр ұрпақ тіл табысып, жарасқан. Өз берекелерін бағалап, келелі істер туралы ақылдасып, біріне-бірі ақыл қосып, өзара демеген.

Той – әр халықтың бірлескен тіршілігінің айғағы, қалай өмір сүріп, демалып, көңіл көтерудің қалыптасқан салт-дәстүрі әрі өнер мен өнегенің ашық жарысы, тәрбиенің өтімді мектебі. Әлемде қанша халық болса, шамасы, тойды ұйымдастырудың, өткізудің, қызықтап, тамашалаудың сонша алуан салт-дәстүрлері бар шығар. Той-тамашада көпті көрген көнекөздер, ел ардақтылары, ғылым мен өнердің әйгілі де ардагер бетке ұстары жиналады. Бұрында күміс көмей шешендердің, әсем дауысты әншілердің, көз жаулайтын бишілердің бас қосатын, өздерін танытатын киелі сахнасы осы думан болатын. Думанда сөйлегендер ақ ниетін егеді, ал тыңдағандар оны ойымен өреді. Мәртебелі бір тойда ақ жүректен толғанып шыққан тартымды, ойлы, мәнді, көкейге қонымды, ғибраты мол адамгершілік ой-толғамды есітуге болады. Одан марқайып қаласың. Десек те, қазіргінің талғамына лайықты той өткізу – күрделі шараға және тойды өткізу анау айтқан жеңіл-желпі, жүрдім-бардым шаруаға емес, әулеттің кім екендігін, елдің қандай екендігін танытатын үлгілі оқиғаға, іске айналуда. Той иесі тамаша көңілден шықса екен, ұзақ уақыт есте қалса екен деп барынша дайындалып, тыраштанып жататыны рас.

Тойдағы бас қосу, сұхбаттасу – адам тану мектебі, тұлғаның қабілет-қасиетін танытатын және оны қастерлей білуге үйрететін қауымдастық үлгісі. Тойдың думанды, сәнді де мәнді өтуі той иесінің ғана емес, тойға келген үлкен-кішінің әрқайсысына тікелей

қатысты екенін ұмытып кететін, ескере бермейтін жайымыз да бар. Шамасы, не нәрсені ескеріп, уақыт талабына, орта өресіне орай өткізген орынды? Тойды өнеге үлгісі, өнер сахнасы, тәрбие мектебі ретінде өткізу үшін не жетіспейді, нені қалаймыз? Кесіп айта алмасақ та, ойланатын мәселелер қордалануда.

«Той – тәрбие мектебі» деп бұрыннан қалыптасқан қағиданың дәл қазір өні айналып, мән-мағынасы басқа арнаға бет түзеген сыңайлы. Қазіргі өтіп жүрген кейбір тойлар ұрпаққа дұрыс тәрбие беруден, үлгі-өнеге көрсетуден алшақ. Турасын айтсақ, қайсыбір үлкенді-кішілі тойларда сорақылық, көргенсіздік, жабайылық һәм анайылыққа дейін орын беріледі. Әрине, той иесінің мақсаты – өткізіп жатқан шараның қонақтар үшін қызықты әрі есте қаларлықтай болуы. Ал, біз тойдың жақсы өтуі асабаға байланысты деп, тізгінді толығымен соған ұстатып қоямыз. Өкінішке қарай, өресі төмен асабалар тойдың тәрбиелік жағына бас қатырып жатпайды. Өйткені, бүгінде бәз бір тойға бара қалсаң, асабаның аузынан қазақи тәлім-тәрбиеге бастайтын даналық сөздер, мақал-мәтелдер, қазыналық нақылдарды есту қиын.

Енді Бейімбет Майлиннің «Айт күндері» әңгімесіне оралсақ. Жазушы бұл әңгімесінде өз заманында айт күні болған жан шошытарлық ащы шындықты ашына отырып жазған. Сондағы оның түпкі арманы – осындай жан түршігерлік жауыздық пен мейірімсіздік болашақта адамдар арасында болмаса екен, адам баласы бір-біріне бай-кедей болып бөлінбей мейіріммен қараса екен, бір-біріне қайырымды болса екен деген ойдан туындаған. Ал дін жағына келетін болсақ, басқа елдерде дін немесе ұлт мәселесі шиеленісіп, қантөгістер де болып жатқаны жасырын емес. Ал біздің елімізде Елбасымыздың көрегендігі арқасында барлық ұлттар да, барлық дін өкілдері де айрандай ұйып, Астанадағы Бейбітшілік пен Келісім сарайы сияқты бір шаңырақтың астында бас қосып отыр. Рождество мен Құрбан айт мерекелері 2006 жылдан бері демалыс күндері болып жарияланды. Бұл күндері Елбасы халықтың алдына шығып өзінің құттықтау сөзін сөйлейді. Жазушы арманының орындалғаны осы емес пе! Г.Н.Потанин: «Қазақтар пысық, пісіп-қатқан, өмірге құштар халық. Олар ойын-сауыққа құмар, киімде ашық бояулыны, тұрмыста той-мерекені сүйеді. Өлгенді еске алу бұл халықта ойын-сауығымен, ат жарысымен, ән-күйімен, ақындар айтысымен, ұзаққа созылатын үлкен сауық-салтанатқа айналады. Серілік өнер мен сән-салтанат қуу, бәлкім қазақтарды кейбір жағдайда даңқ құмарлыққа баулитын сияқты. Бұл жағынан олар

француздарға ұқсайды. Афиндіктер секілді қазақтар жаңалыққа әуес. Осы әуестік жас буында білім құмарлыққа ауысуда», – деген. Тіпті, атақты бай адамдар мен қадірлі жастың, көп жасаған қарттың артын ас беріп бейнебір тойға айналдырғанын да ғалым естелігінде тамаша берген. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан басталған отырықшылыққа ауысу, тоталитарлық жүйе, этникалық маргиналдау және басқа да қазақтың дәстүрлі мерекелерінің өрісін тарылтты. Қазіргі замандағы той-думандар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін біршама деңгейде жаңғырғанымен, жаһандану мен нарықтың ықпалымен оларда маргиналдық ықпалдырақ келеді. Тіпті, олар батыстық бұқаралық мәдениетке барған сайын жақындап барады. Адам өмірінде ерекше есте қалатын той өз мағынасында өтіп жүр ме деген сұраққа бір сарынды жауаптың болуы мүмкін емес. Себебі, қазіргі тойдың өтілу реті тікелей той жасаушыға ғана байланысты. оның шамасы, білім және дүниетаным деңгейі мұның барлығы айқындаушы факторлар болып табылады. Дәстүрімізді дәріптеуге, салтымызды сақтауға бүгінгі той қаншалықты қызмет етіп келетіндігі жайлы таласты пікірлер айтуға болады. Бұл – ата-баба дәстүрін халықтың өзі де толықтай білмейтіндігінен әрі ұстанбауынан. Бұрынғы мен бүгінгі жиын, тойлардың айырмашылығы жайында айтудың еш қажеті жоқ. Әр уақыттың өз талабы бар. Қазіргі жаһандану жағдайында тек қана қатаң салт-дәстүрді сақтаймын деу қайшылықты пікір сияқты.

Қазіргі «Беташар», «қыз ұзату», «келін түсіру», «сүндет той» тағы басқа да жоралғылар ата-баба дәстүрінен едәуір алшақтап кеткен. Себебі, 300 жылдық бодандық пен 70 жылдық адасу, дәлірек айтқанда адастыру шараларының барлығы да өзінің ізін, кезеңдік таңбасын салатыны ақиқат. Кейінгі кездерде салт-дәстүрлер жаңғырып, қайта оралып жатқандығының куәсі болып жүрміз. Бұл құптарлық жайт.

Бұрынғы би-шешендер бірінің сөзін бірі қайталамайтын, ал қазір тойларда айтылатын тілек қайталана береді. Мұның бір себебі, қазіргі адамдардың ойлауы шектелгендігінен шығар. Яғни, күйбен тірліктің аясынан ажырай алмағандықтан асқақ, көркем ойлардың ауылы алыстап кеткен бе дейсің. Онымен қоса, әдеби шығармаларға қызығатын оқырманның жоғалып бара жатқандығы да көп әсер етеді. Бұл, әрине, заманауи мәдениет. Әлемдік ахуал талап етіп отырғандай экрандық мәдениеттің, ақпараттық дамудың жүзеге асырылуы – аса ауыр салдарға алып келетіні ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 бет.
- 2 Әуезов М. Абай жолы. - А., 1961
- 3 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.

М. ИБРАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

ТҰРАРБЕК Т.

3-курс студенті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.
ӘБІКЕНОВ М.

ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Тума таланттың ақындық әлемінің тақырыбы сан алуан. Оның тегіне бітіп, табиғатына дарыған өлең сөз Мерғали ақынның ерекшелігін даралай түседі. Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі.

Өз уақытының тынысымен ғұмыр сүрген азамат ақын М.Ибраев поэзиясының басты ерекшелік, негізгі сипаттары тақырыптық жағынан өзгешеленеді. Ақынның өленді құрғақ баяндауға емес, құлпырған тіршіліктің үнін жеткізіп, суретін жасап отырып өрілген жанды үйлесімге құру шеберлігі оның стилін анықтайды. Тума талант иесінің ақындық әлеміндегі нәзік сыншылдық та, азаматтық асқақ үн де, тереңнен ой тартқан пәлсапашылдық та, өткір сынмен суарылған сатиралық нақыштар да келісті шешім тапқан.

Өнер біткеннің бастауы - өмір. Бірақ әркімнің өнері әр деңгейде шығады. Әр шығармашылық әр мінезді адам сынды: өмірмен қоян-қолтық араласу бар да, салқар өмірмен бойды бағып, салқын тыныстау бар. Өмірден ала білу мен бере білудің әр түрлі жолдары, тәсілдері бар. Сол өмірдегі құбылысты жырға қоса білу де бар. Оған шынайылық пен шеберлікті қажет етеді. Әр кезде де солай, кезеңнің шынайы шындығына екінің бірі қол соза бермейді. Өйткені ол қиынның қиясы. Ол үлкен қажыр-қайратты талап етеді. Өзгеше махаббат, бөлекше сезім-күйді керек етеді. Уақыт тынысын тап басып, оның тамыр соғысына ықпал ету өмірде де, өнерде де – ерлік.

Мерғалидың шығармашылығы өзінің өмірімен тікелей қарым-қатынасқа түсуімен оқшау тұр. Өлең сияқты қасиетті өнерді буы бұрқыраған өмірдің сан қырлы оқиғаларымен қанықтырады. Сол

сияқты өмірдегі әділетсіздіктің, тоғышарлықтың уақытқа қарай түлеп алған жаңа түрлерін зерделілікпен зерттеп, өлең қуатымен батыл әшкерелейді. Оның ақын ретіндегі жаңашылдығы осы арада. Дарын иесінің шығармашылығынан өмір лебі көбірек еседі. Бұл есейген поэзияның қай-қайсысына да тән сипат.

Ақын поэзиясын бізге жақын ететін тағы бір қасиет – оның өз тақырыбын тауып, оны шебер жырлай білуінде. Дарын иесінің өлеңдерін қарастыра отырып, өмірдің бүгінгі күнін келесі күнмен жалғау мүмкін еместей көрінеді. Адамшылықты уағыздайтын мұндай туындылар ешқашан өнерге нұқсан келтірген емес. Поэзияның даңғыл жолымен шауып өтетін талантын ол әдейі қиынға салатындай. Өлең мерейі мен өмір қатар келгенде, өмір мұратын таңдайды. Атақты ақын болып қалудан гөрі, ізгілікке қызмет етуді қалайды.

Ұлтының мұны мен сырын, бақыты мен келешек бағытын, өткені мен өтпелі дәуірлерін тұтас алып, жыр теңізін толтырған Мерғали ақынның әлеуметтік лирикалық өлеңдері өз алдына үлкен әңгіме. Еліміздің егемендік алғанын жүрегі жарыла қуанышпен қарсы алады. Оның «Шашу» атты өлеңінде:

Жөнге келдік, ақырмай да шақырмай,
Егемендік! Шын ба, мынау, япырмай.
Қалтырап ек, бар байлықтан жүрдай боп,
Қайыршының қолындағы бақырдай,
Шіркін жүрек неге тұрсын, үлпілдеп,
Құрт, ірімшік, мейіз болып шашылмай,
Шашу, шашу – бұл қуаныш – шашудай! /1/

Ақын сөзі өрелі, ірі үн қатады. Ұлт мүддесін сезіну, халқына төнген қауіпті тану, еліне өлшеусіз еңбек етуде ұждандылық дауысы қуатты шықты. Бұлар талғампаз, сыншыл оқырманның талап, қалауына аласа сокқан жоқ.

Қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан мұрасы – тілі. Ақын тіл жайында тебірене жырлайды.

Өлді бәрі, өлді бәрі өлмеген,
Таңдайдағы тіл ғана,
Көмейдегі сор ғана, - дей келіп:
Ит болар деп асырама қасқырды.
Оның бәрі далбаса!
Қазақ болып жарытпайды қос тілді
Қазақ үшін жанын қияр болмаса. /2/

Бұл үзінділерде ұлттық мүдде, ұлттық намыс Мерғали жүрегінен ыстық қан боп шапшығандай әсер қалдырады. Қазақ тілі

– қазақ халқының ұлттық мәдени игілігі, рухани қазынасы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызға жұғымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілететін, марқайтып қанаттандыратын ана тіл болып табылады. Тіл жанашыры ретінде ақын қос тілділік тек жыланға ғана тән дегенді меңзегендей. Тіл-діл мәселесі қазір де өзекті тақырып.

Елдің жайы, қоғамдық қозғалыс даму, ілгерілеулер, ірі істер, оны атқарушы еңбек адамының жай-күйі, арман, аңсары, жақсы мен жаман, ақ пен қараның мөңгі таусылмас арпалысы, адамның тірлікті сезініп ғұмыр кешуі – осының барлығы Мерғали ақынның жүрегі жырға бөлейді. «Дихан туралы толғауда» жоқшылық, аштық уақытындағы нан қадірін дәріптеген. Бұл шумақтан этнографиялық детальды да кездестіреміз.

Келмеген бұл өнеге басқа жақтан,
Үйрендік нан қадірін – қас-қабақтан.
Данышпан, дәм сыйлаған халықпыз ғой,
Таспен атқан дұшпанды аспен атқан. /3/

Аумалы-төкпелі заман өткенмен, қайратынның барында қызмет қылу керек, еңбексіз адам баласының күні жоқ деген ойды ақын өлеңіне арқау етеді.

Еркінде! «Жоқшылық жыл, өтті күн» деп,
Еңбекті сыйлау бірақ – басты міндет.
Тер жауып, топырақты суғармаса,
Құдайдың құя салған астығы жоқ!

Бұл толғаудың мәні – сол мезеттегі әлеуметтік-тарихи оқиғалардың ақын жүрегіне із салуы. Дарын иесі оны шалқар шабыт, келісті тапқырлықпен жырлай білген.

Өз сыры өлең сырындай, өлең сыры өз сыр-сипатына айналып кететіндей еді. Тек сезімге тізгін бере отырып, өнер-өлең, тіл иірімдерін де сыр-сиқырын өзгеше сезімталдықпен меңгеретіндей еді. «Дәме» атты өлеңінде ақынның өлең сөз құрастырушыға талаптары тізбектеледі.

Көрейін жас арудың жымисын,
Сезейін қызыл-жасыл гүл иісін,
Қуантсын – қоса мені қуанышың,
Күйдірсін – қоса мені күйінішін...
Көрмесем, сезінбесем мұның бәрін,
Аулақ жүр, ағаламай, құлындарым. /3/

Өлеңде сезім суреті, табиғат тербелісі, адам қимылы жанды көріністей болуы қажет. Онсыз өлеңнің құдіретін тану қиын. Мұны

өзінен кейінгі өрендерге, ақын інілеріне аманат етеді. Шынында да, ақын шынайы талантты бағалаған. Нағыз дарын өз бағасын алуы керек деп есептеген. Дана Абай ақын: «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын, қазақтың келістірер қай баласы?» – десе, ал М.Ибраев:

Кей жырдың айғайлаған – күші басым,
Кей жырдың кеудесі – Абай, түсі – Қасым.
Өлеңнің көптігіне – қуанысып,
Ақынның аздығына қысыласың! /3/

Осы бір шумақта ақын болу әрбір адамның қолынан келе бермейтінін ескертеді. Ақын талантсыздардың жыр жазуы өлең қасиетін түсіру деп біледі.

Адам баласы мәңгілік өмір сүрмейді, тек мың жасайтын ғұмырлы, мәнді сөздер ғана. Халық даналығында: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», - деген сөз бар. «Мұра» өлеңінің идеясы осы сөзбен тұспа-тұс келеді.

Замандасы сараң боп,
Сайрап өткен ділмарлар.
Мың жасаған олар жоқ,
Мың жасаған жырлар бар.
Бүгін де деп тұрады ой, -
Бағаланбас басы аса.
Жырларынан ұлы Абай;
Өзі ұзақ жасаса! /3/

Артында мұра қалдырған қаламгер мәңгілік тірі. Жанып өткен талантқа тағзым – адамдық қасиеттің ең тазасына тағзым.

Шын мәнінде Мерғали Жанғалиұлы қасиетті өлең сөздің бағын ашып, жұлдызын жақты. Сонымен бірге, қазақ тілінің иінін қандырып, өнер тілінің тетігін тауып берген. Өйткені, ақын өлеңдерін оқып отырғанда қазақ тіліне риза боласыз. Не деген астарлы тіл. Не деген иілгіш, жұмсақ тіл. Баурынды езіп жіберетін майдалық мамықтай үлпілдейді. Тігісі білінбей шет пұшпағы көрінбей дөңгелене құбылып жүре береді.

Әр ақынның тағдыры әр түрлі жағдайда қалыптасады. Тұқымы қолайлы топыраққа түсіп, оңай өнім беретін де, талмай ізденіп, қиыншылықпен алыса жүріп шындық жолын табатын ақындар да болады. Мерғали Ибраев осы соңғы ақындар қатарынан, оның жаны тазалықты, пәктікті ұнатты, қаламы тек шындықты қармады. «Адалдық туралы сөз» өлеңінде мынадай бір шумақтар кездеседі:

Қараймын мәңгі сүйсіне,
Бар болсаң сенсің – бір ие.

Аңсаумен сені келемін,
Адалдық атты дүние,
Тазалық атты дүние. /4/

Осындай керемет лирикалық леппен жазылған алғашқы өлең жолдарынан-ақ өз оқырманының жан жүрегіне еніп, алға жетелей түседі.

Шалқар шабыт иесі өтірік өзеусіреп, жалған жағымсу, күн үшін күлімсірегендерге жаны қас болды. «Не керек» өлеңінде құбылмалы типті образдарды сынға алады.

...Күнің түссе сиынып,
Сыйлағаның не керек.
Құтыла алмай, кетерде,
Қимағаның не керек.
Алдап соғып артынан,
Арылғаның не керек.
Жамандап ап, жанымнан,
Табылғаның не керек.

Қазіргі уақытта мұндай «хамелеон» типті адамзат баласы кездесіп жатады. Ақын оларды топтап түйрейді. Бұл өлеңде ащы мысқыл, кекесін бар. «Не керек» деген сөзбен өлең қуаты күшейген, айшықтаудың бір түрі – қайталау поэзияға өзінше бір әр беріп тұр.

Күліп тұрып өтірік,
Күйінгенің не керек.
Тіліп түсер болмасаң,
Түйілгенің не керек.
Бәрін айтта, бірін айт,
Түлкі құйрық мінездің,
Құбылғаны керемет,
Құбылғаны керемет! /3/

Ақын сатиралық сазды қаламымен күле тұра жүрегіне қанжар салатын, заманың түлкі болса, тазы болып шалатын адамдар қатарының көбейгенін жырға қосады. Әр адамның мінез бітісі алуан түрлі. «Мінез» өлеңінде қолында құрығы бар, қолы мансапқа тисе, аяғы жерге тимей қалатын образдардың суретін сөзбен салады.

Бұлқынып бодауында бір өкпенің,
Өзгеше өрекімес жүрек тегін.

Қол берсем аңқылдап кеп, бәз біреулер,
Соза алмайтын сияқты білектерін
Кіртиіп ауыр ойдан қажығандай,
Қасынып тақыр басын тазы бардай.

Жеңгейіміз болмаса жанындағы
Кісі атын ұмытады жазып алмай... /3/

Мансап – уақыт сыншысының құралы ғана. Басыңнан бақ,
астыннан тақ тайғанда ғана адамгершіліктің ақбозатына міну кеш
болады. Ақын ирониямен келесі жолдарды өрнектейді.

...Отырсам жоғарыда білер еді,
Қолпаштап миығынан күлер еді.
Аман бол? Амандығын кімге дәрі,
Майдансыз, менмендіктің мүгедегі. /3/

Осы жолда адам өз сезімі арқылы қалай биіктеп, қалай
аласаратынын ашты. Адамдық пен хайуандық шегарасын бөлді.
Адамдық сезімнің осынша көрнекілігінің өзі жамандықты
әшкерелеудің құралы бола алады. Абайша ашық күрес Мерғали
талантынан осылай жаңаша жол ашты.

Адам баласы дүниеге шыр етіп келген сәтінен бастап өз анасының
алтын құшағына енсе, есейе келе табиғаттың керемет ғажайыптарына
толы Жер-Анасының құшағына енеді. Құндақталған сәби болып,
анасының ақ сүтінен жылу тауып, керемет жаратылыстың сұлулығына
елти бастаған сәби, өсе келе туған жерінің таңқаларлық бейнесіне
мас болып, өзінің қалайша ғашық болғанын байқамай қалады. Уақыт
өте келе сол махаббат зорайып, оны Отанға, ғылымға, туыстарына,
достарына деген ерекше жылы сезімге бөлей түседі. Бірақ сондай
керемет сезімдердің шамын жағып, адамның тұла бойын кернеп,
баршаға бірдей жан жылуын сыйлап тұрған, ол – жүрек. Жұдырықтай
жүрек арқылы адам қуанады, қайғырады. Жүректің тазалығымен,
қасиеттің сондай ұлылығымен адам ең күшті сезім махаббатты сезіне
алады. Махаббат лирикасына қалам тербеген, жүректің қылын шерткен
Мерғали шығармашылығы өз пікірімен құнды. Махаббат лирикасы
– қашанда пәк жүректің сезімін сол махаббатқа деген адалдық пен
айнымастықты, мұң мен сырды, ынтызарлық пен сағынышты, күту
мен қоштасуды сол бір тұңғық тереңнен тартып жүректен-жүрекке
жеткізетін поэзия.

Әрбір түйсік – сезімі бар адам біреуді жақсы көру немесе жек
көруден тысқары тұра алмайды. Өмірде болсын, өнерде болсын
сүйіспеншілік қастерлі сезім. Әсіресе адам жанын нұрландырар
күшке ие. Арыдан арна тартқан бұл тақырып өзінің дәстүрлі
жалғасын тапты. «Аққулы арал» өлеңі диалогқа құрылған. Мұнда
қыз бен жігіттің хат алысуы арқылы, олардың арасындағы нәзік
сезім келісті көрініс тапқан. Ақынның күдіреті - өз сезімін өзгеге
ортақ ету, сол арқылы мындаған адамның жүрегін қозғау, сілкіу.

Сырымды саған ақтарып,
Шынымды айттым имандай,
Жымыып сәл-пәл, оқталып,
Жауапсыз кеттің иланбай, -
десе, қыздың жауабы мынадай:
Сүйдім! – деп өлең бастапсың,
Сыймайды сезім жырға көп.
Ақыл да айтып тастапсың,
Аққудың өнін тында деп.

Мұнда жігіт ыздың хатын өз сөзімен берген. Қыз жауап хатында
тапқырлығымен жігітті сүріндіре түскен. Аққулы аралды іздеп,
жолға шыққан ғашық жігіт:

Мұхитты кездім қайықпен,
Толқындар тулап, тебіскен.
Кеткенде күздан тайып мен,
Сақтады сенің періштең /3/ -

деп махаббат күдіреті адам тағдырын қорғап қалғанын паш етеді.
Ақын махаббат лирикасын жырлауда – адал жүрек, пәк сезімді,
өлең өрісіне айналдырады. Шынайы ақындықтың терең тебіреніске
толы әсем лирикасына: «Гүл мен күз», «Қыз және Түн туралы жыр»,
«Бойдағы асау қан қайда?», «Теңеу», «Су көйлек», «Өзеннің арғы
жағы...», «Жұмбақ сезім» өлеңдерін жатқызуға болады. Мерғали
ақын сырбаз сезімнен сыр шертіп, терең тебіреніске толы әсем,
әдемі лирикалық жырын ұсынады.

Тіл ұшында ұмытып сөзімізді,
(Баққандай көлденең жұрт көзі бізді).
Екеу ара таңырқап тұра қалдық,
Экраннан көргендей өзімізді.

«Көшедегі кездесу» өлеңінде ғашықтардың өмір өткелдерінде
екі айырылып, бірнеше жылдан кейін жолығысу бейнесін суреттеген.

«Күйеуің кім» дегенге мен бата алмай,
«Балаң нешеу» дегенге сен бата алмай...
Ұзай бердің қоштаспай әрі кетіп,
Көз алдымнан бұдыр бір сағым өтіп. /4/

Арман-қыздың «жалғыз рет езу тартуы бүкіл әлемді жадыратып
жібереді» деп кестелеуінде іңкөрлік сыр бар. Қолы жетпеген,
қастерлі махаббатының бағасы одан сайын қымбаттай түскендей,
сағым сияқты алыстай береді.

Ғұмырымда мұндай азап көрмедім,
Ұйқы түгіл ойынды да бөлмедім.

Сұлу күлкі ести қалсам бақ жақтан,
Тұра қалып, тұра қалып –
Сен! – дедім.

Мұнда ақын ынтызар адамға деген сезімін асқақтата суреттеген. Сол арқылы сүйіктісінің сұлу сымбатын көтере, көрсете жырлайды. Асқақ сезімнің алдында әркім де болса мойынсұнудан басқа лаж жоқ күйде болатындығы шындық.

Дәл өзіндей қатыгез жан көрмедім,
Қуансам да, қайғырсам да «сен» дедім.
«Бір жігітті ұнатып ем...» депсің ғой,
Келе ме әлде, келе ме әлде – Мен дегің!..

Сүйіспеншілік – биік сезім. Нұр – дидардың жанында жарқылдауынан ешкім де сырт қала алмақ емес. Қыз жарқылынан жүрегіне от түскен жігіт «Сынама» өлеңінде:

Айтқаным шынды кінә ма,
Ашулы шықты наз үнің.
Сүймесен мені сынама,
Сүйгенім болса жазығым! /5/

Лирикалық кейіпкер өзінің ынтық болған адамына айта алмай жүрген арманын білдіреді. Ақынның өлеңі «талайлардың жүрегін лүпілдеткен» махаббаттың беймағлұм болмысын шынайы бейнелеуімен қымбат. Орта жасқа келген кезеңде Мерғали ұсынған махаббат жырларында тәтті сырдаң гөрі, тәтті мұң, асаулау сезімнен гөрі ақылды ой, өліп-өшкеннен гөрі, сабырлы салихалық бой көрсетті. Бұл жылдар жетегінде көлденең кетіп, махаббатқа бой суытқаннан емес, яки алғашқы дүрбелең толғаныстардың көзден таса болып, қиялға ұстатпағандығынан да емес. Ақынның махаббат жырларының салмаққа бой алдырғанына жүрекке жеткен жыр жолдарын сол жалаң жүректен қайтармай, миына жеткізіп қосарлас ойлата алуы дәлел. Бұл ақын мәдениетінің, ақын талантының көкжиек шегінің өрісі кеңігіндігінің айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ибраев М. Шашу. //Семей таңы, 1990. № 207. 27 қазан.
- 2 Мағаев Х. Асыл азамат. //Семей таңы, 1997. 18 желтоқсан. 4б.
- 3 Ибраев М. Күміс тау. (Өлеңдер мен поэмалар). Алматы: Жалын, 1979. -72б.
- 4 Ибраев М. Темір тұлпар. (Өлеңдер). Алматы: Жазушы, 1975. -32б.
- 5 Ибраев М. Өнегелі өркен. (Өлеңдер мен поэмалар). Алматы: Жазушы, 1985. -88б.

ОТБАСЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕ

УМАРОВА Қ.

3 курс студенті, журналистика кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты жан ұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасы қоғамдық құрылымның кіші тобы, алғашқы ұясы.

Қоғамның негізгі мақсаты – адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі терезесі тең, берік отбасына байланысты.

Отбасы әлеуметтік институт есебінде адам қоғамының қалыптасуымен бірге пайда болады. Отбасының дербестігі болғанымен, отбасылық қатынастар қоғаммен, оның дамуымен тікелей байланысты.

Отбасы кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бір туыстығымен, тұрмыстың ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы – қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады.

Ер мен әйел – отбасының екі ірге тасы, бұл іргетас үйленумен құрылады. Отбасында адамдар ұрпақ жалғастырады. Сонымен қатар қоғамның қартайған, еңбекке жарамсыз мүшелеріне қамқорлық та осында іске асырылады. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті.

Отбасының тәрбиелеушілік міндетіне тікелей байланысты оның тағы бір қызметі бар. Оны дамытушы міндет деп атауға болады. Ата-аналар балалардың жеке ерекшеліктерін неғұрлым ертерек байқау керек. Сонда ғана балалар өздерінің ішкі қабілеті мен дарынын тез дамытады. Жас күнінен бастап олардың қабілетін байқап, соған сәйкес тәрбиелеу, бағдар беру қажет.

Балалардың үздіксіз дамуы, шығармашылық қабілетін іске асыруы отбасынан басталады. Әке-шеше балаларына жақсы тәрбие беруге қоғам алдында жауапкер.

Кейінгі кезде қалыптасқан «білім мектептен басталады» - деген көзқарас дұрыс емес. Бұл процесс отбасынан басталуы керек. Кітапқа деген сүйіспеншілік, кітап оқу әдеті, кітап оқудан алатын

қанағаттанушылық және кітапсыз өмір сүре алмауға баулу – нағыз «отбасылық дүние». Қазіргі ақпараттық технологияның даму, Интернеттің өмірімізде жаппай кең өріс алу кезеңінде «Мұның қажеті не?» - деген сұрақ туары сөзсіз. Өте дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеуге көп көңіл бөлуде. Өйткені, тек оқырман ортасы «ойшыл, саналы» орта болып табылады. Кітап оқу - әрбір баланың бойындағы әлеуметтік бағалы қасиеттерін дамытып, жағдайды тура бағалай білетін, жылдам және дұрыс шешім қабылдайтын, еркін жазатын және сөйлейтін, анық тұжырымдай алатын адамды қалыптастырады.

Олай болса біздің жазушыларымыз жазған көркем әдебиеттерге көз жүгіртіп көрейік. Оларды оқи отырып та отбасылық тәрбие жайлы көптеген мағлұмат аламыз.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы: Әйелдер галереясынан: Зере, Ұлжан, Айғыз, Ділда, Тоғжан, Әйгерім, Салтанат, Керімбалалар, көненің көздері – Бөжей, Байсал, Құнанбай, Жакып, Абай тұстастарынан: Жиренше, Ербол, Базаралы, Абылғазы, Тәкежан, Оспан, Көкбайлар ас пен тойда, құдалық пен руаралық қақтығыста, жаулықта, жер мен жесір дауында, жан жадыратар жаз жайлаулары мен аязды, боранды қыс-қыстауларында, аңшылық-саятшылықтарында бірге болып, бірге тыныстады: күйінсе – күйінді, сүйінсе – сүйінді, ауыр-жеңілін бірге көтерісті. Ұлы жазушының бұл роман – эпопеясынан отбасы жайлы, ондағы адамдардың қарым – қатынасы жөнінде көптеген мағлұматтар алуға болады.

Абай. Қара сөздер: Абайдың жетінші сөзінде бала туралы, ақыл үйрену мен насихат тындау мәселелері сөз болады. «Жас бала – анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады; біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары... Біреуі білсем...көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Осы Абай айтқан екі мінезден автордың өзіне екіншісі ұнап тұрғанын, жүрегіне жақын қонымдысы да сол екенінде дау жоқ. Абай осы екінші мінезділерді тындайды, оларды ұнатады. Ал Оныншы сөзінде: Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма? Балам орнымды бассын деген не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқанын

ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіннің көрген қорлығын аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың? Артымнан балам құран оқысын десең, тіршілікте өзіннің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Жаманшылықты көп қылсаң, балаңның құраны неге жеткізеді? Тіршілікте өзің қылмаған істі өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма?

Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?

...Өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі!

Әуелгісі - әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.

Екінші - өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады. Һәм өзі өзгеше боламын демектің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді де, күншілік күншілікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы, адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады. Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...

Ұлы Абай өз заманына налып қана қойған жоқ, ол оны зор күшпен алға сүйреді, ілім – білімге, мәдениетке шақырды, орыс тілі, мәдениеті, сол арқылы бүкіл әлемдік өркениетке үндеді. Ол өркениеттің ұлы көшіне қазақ халқың ілестіруде ерекше зор үлес қосты. Абайдың азаматтық, ақындық қызметі халқының тығырыққа

тірелген тұсына дәл келді де, ол тыннан жол табуға тиіс болды. Оның сөздерінің күш – қуаты жаңашылдығында, тереңдігінде. Абайдың қара сөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына.

Аймауытов Ж. «Ақбілек» романы жанр табиғаты мен талабына толық жауап берумен бірге кемел ой мен көркемдікке, нақышты тіл мен келісті суреттеулерге де толы. Оны, атап айтқанда, Алтай мен ауыл көріністері, Ертіс – Күршім сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң-құс, жан-жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері мен этнографиялық деректер байыта, толықтыра түседі. Сайып келгенде, қазақ қызының өмір, тағдыр жолын баяндағанда да Ж.Аймауытұлының ескі ауыл, этнографиялық суреттерді, адамдар қарым-қатынасын ой мен сезім өрілімі арқылы риясыз жеткізер тіл байлығына, шеберлік иірімдерінің үлгі-өрнектеріне көз жеткіземіз. Сондай-ақ, романдағы әлеуметтік-психологиялық иірімдерден, жекелеген кейіпкерлерді мүсіндеу мен олардың ішкі монологтарынан, ең негізгісі қазақ тұрмысы мен заман көріністерінен, уақыт сырынан реалист суреткердің қолтаңбасы айқын көрінеді. «Ақбілек» әлемі – халқымыздың өткен өмірі мен тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр – талайын кең көлемде суреттеген тағылымды туынды. Жазушы Р. Тоқтаров «Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедиясын көруге болады» деп қысқа да нақтылы түйін жасайды.

Момышұлы Б. «Ұшқан ұя»: Әкемді жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны сайлапты. Он жеті жыл старшын боп тұрып, он сегізінші жыл дегенде бұл дәрежесін өз ықтиярымен күрдасы Еркеш деген кісіге берген екен. Әкем жарықтық өмірінің ақырына дейін ел арасында «Тура Момыш» атанып кетті. Қанша жыл аз ауылдың кіші-гірім әкімі болса да бүйірі томпайып, мал біткен емес. Бар байлығы жалғыз аттан артапты. Әйтсе де кедейдің қолы жомарт. Әкемнің қызғаншақтық, бақталастық дейтін қу мінезі жоқ, қолы ашық кісі болған. Бары болса, кісі шақырып, той – томалақ өткізуге құмар боп тұрар еді. Дүние, мал жиюды жек көретін. Бір жолы мен, ес біліп, етек жиған кезім, базар барып азын-аулақ ақшаны жаратып қойсам керек, өгей шешеміз мұныма күнкілдеп ұрса берді.

- Әлден ұрма, ақша бітсе шашып жүреді, тұра бара не болады?! Әкем сонда өгей шешеме жай ғана:

- Е, ақша дегеннің өзі шашуға шығарылған нәрсе де,- деп тастады.

... Әкем базардан қайтқан күні біздің үйде кіші-гірім той сияқты жиын болатын. Қоржынның екі басы базарлыққа толып келеді. Сонда өрік- мейізге бір тойып қаламыз. Бала біткен сондықтан әкемді жақсы көретін. Асылы, істеген жақсылығыңды бала тәуір біледі. Кейбір үлкенге істеген жақсылығың зая кетеді. Қолдан келсе, баланы қуанту керек. Ол қуанса – шын қуанады. Ал ересектердің арасында «сырты жылман, іші арамдары» кездесетінін, құдайға шүкір көріп жүрміз - деп отыратын. Әкем менің сондай кісі еді, жарықтық. Қазақтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы өзінің әкесі туралы осылай ой қозғап, сыр шертеді.

Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа: Қадыр – менің әкем. Ех, шіркін дүние-ай десеңші. «Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені, ол майданға аттанғанда, мен екі жастамын. (Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...)

Ех, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-өлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар. Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алып, армандап отырмай ма? Шіркін, менің әкем тірі болса деп, бала Қожа еріксіз әкесін есіне алып, сағыныш сезіміне беріліп кетті. Отбасында әке орны бөлек, асқар тау ғой!

Ал күйеу керек пе әйелге? Меніңше, әбден керек. Кейде Миллат мамам әкемнің суреттерін ақтарып қарап отырады да, мұңға батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады. Кірпігі жасқа шалынады... Мен сол кезде маматайымды керемет аяп кетем. Бірақ аяғанмен не пайда, білем, сезем неге күйзелетінін. Бұл бала Қожаның ішкі жан сезімі. Қамқоршы жар - әрбір әйелдің арқа сүйер тірегі.

Мектеп күзетшісі Сәйбек менің қасыма келіп отырды. - Әй, Қожа. Сенің әкең марқұм азамат еді ғой. Оған тартсаң, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағансың. Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің ғой. Міне, былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, оның келіскен бір жорға күрен

аты бар еді,- ол кезде жұрттың бәрі жаяу, - соны диірменге мініп барып, сазға батырып, өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып тұрған атты суармай отқа қоям деп, өзімнен болды. Аяғы шідерлеуі еді. Су ішем деп барып, оппаға түсіп кетіпті. Ертесінде қарасам, суға сүнген үйректей арт жағы ғана көрініп, тонқайып жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрең суырып алдық. Міне, басқа біреу болса, соны қыңқ еткізбестен төлетіп алар еді ғой. Ал, Қадыр марқұмның кең пейілдігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз ғой, ажалы солай тура келген шығар деп, үнсіз қоя салды. Міне, әкең осындай парасатты, ақылды жігіт еді – деп үнсіз қалды. Міне, бұл үзіндіден жақсы әке балаға өмірбойы азық деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұхтар Әуезов «Абай жолы» 1 кітап Алматы «Жазушы» 2004ж
 2 Абай. 2 том Қара сөздер. Алматы «Жазушы» 2004ж
 3 Аймауытов Ж. «Ақбілек» Алматы Атамұра 2003ж
 4 Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» - Алматы: «Санат» 2005ж
 5 Соқпақбаев Б. «Менің атым Қожа» Алматы Атамұра 2003ж

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КӘСІБИ СӨЗДЕР

ХОШАРБАЙҚЫЗЫ С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кәсіби сөздер – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер [1]. Кәсіби сөздер таралу шегіне қарай ірі кәсіпке байланысты сөздер және шағын кәсіпке байланысты сөздер деп екі салаға бөлінеді. Ірі кәсіпке байланысты кәсіби сөздер: мал шаруашылығы, астық шаруашылығы, балық шаруашылығы, бау-бақша, мақта шаруашылығы тағы басқа салаларға қатысты болады. Ал шағын кәсіпшілікке байланысты кәсіби сөздер: ұсталық, балташылық, өрімшілік, тоқымашылық, зергерлік, тағы басқа кәсіп түрлеріне байланысты болады. Кәсіби сөздердің диалектілерден басты айырмашылығы – оның әдеби тілде баламасы болмайды. Сондықтан да кейбір кәсіби сөздер әдеби тілімізді байытып, жалпы

халықтық қолданысқа еніп кетеді [2]. Мұнда негізі қарастырғалы отырған ірі кәсіптің біріне жататын балық шаруашылығы және осыған байланысты кәсіби сөздер болмақ. Жалпы балық шаруашылығы - өзен-судың бойын мекендейтін елдің айналысатын кәсібі. Ертеде қазақтар арасында кең тарамаған, тек балығы мол су бойына жұт не болмаса басқа себептермен көшіп, тіршілік қамымен тұрақтап қалған жұрттың ғана айналысатын тіршілігі болған. Балық аулау ерте кезде қарапайым түрде болды. Әуелі балықты тұйық жерге қуып қамап, қолмен және шанышқымен түйреп ұстаса, соңынан қайықты пайдаланып, қармақпен аулады. Балықшылар балық аулауға қажет жабдық, аспаптарды жасап алуды үйренді, балық аулаудың тиімді мезгілдерін, орындарын, әдіс-тәсілдерін меңгерді. Қазақ жерінде орыс қоныстанушылары санының өсуіне және Ресеймен сауда-экономикалық байланыстардың кеңінен өрістеуіне байланысты балық және балық өнімдеріне сұраныс өсе бастады, сол себепті балықшылық XIX ғ.-дың аяғы XX ғ.-дың бас кезінде көптеген адамдардың күнкөріс кәсібіне айналды. Каспий теңізі жағалауында, Шалқар, Имантау, Щучье, Чебачье, Зайсан, Алакөл, Балқаш көлі, Арал теңізі, Жайық, Сырдария, Қара Ертіс, Іле, Шу өзендері жағалауында. Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы, Арал теңізі және Сыр өңірінде балық шаруашылығының одан әрі дамуына әсер етті. Арал теңізінде балықты «аханша» деп аталатын тормен және ширатылған жіппен тоқылған аумақ аулады. Қазалы қазақтары балықты сүзекі, ау, қармақпен аулаған. Сүзекі ұзын ағашқа бекітіліп жасалды, ұстауға ыңғайлы жеңіл, шортанға салуға ыңғайлы болды. Сүзекімен күз, қыс кезінде де балық аулаған. Сонымен қатар Тарбағатай ауданында балық шаруашылығымен айналысатын адамдардың қолданысында да көптеген орыс тілінен енген сөздер қолданылған. Солардың біразына тоқтала кетсек: Балықшылар тіліндегі чнор сөзі-шнур орыс сөзі. Қазақша жіп, аудың етек-жеңін жалғау үшін тоқылған жіп. Брамысла – о промысловый стан, яғни төбесі жабық, жаң-жағы ашық, балық кептіруге арналған лапас деген сөз. Бәюөшкө – орыстың бабышка сөзінен шыққан, ау батып кетпес үшін тағылған батпырауық. Қол ағаш – ол да орыстың қол сөзінен шыққан, аудың екі жағын біріктіріп, қысып ұстауға арналған құрал. Пешня – мұзды оюға арналған құрал [3.121]. Сонымен қатар балық шаруашылығы тек қана қазақ жерінде ғана емес басқа да көптеген елді-мекендерде де кең тарағаны белгілі. Осыған бір дәлел ретінде әлемдік классик Эренст Хемэнгуэйдің «Шал мен теңіз» хикаятындағы балықшылар терминіне үңіле

отырып, түсіндірме бере кетейік: Қармақ - қатты метал сымнан бір жақ басы ілмек тәрізді етіп иіліп, ұшы үшкірленіп тіл шығарылған, енді бір жақ басын қармақ бау байлауға ыңғайластырылып жасалған балық аулауға арналған қарапайым құрал, оның жұтпа, жебе, темелек, тартпа қармақ, ине қармақ және жүгіртпе деп аталатын түрлері бар, бұл қармақтар қажетіне қарай бір тілді кейде екі тілді етіп жасалады. мұндағы темелек, тартпа қармақтар жіңішке ұзын ағаштан дайындалған қармақсаптың бір басына тікелей бекітіледі да, жазда озен—сулардағы өткелерден, қыста ойылған мұз астынан аңдып отырып үлкен балықтарды іліп алуға да, сондай-ақ үлкен ау арқылы ауланған ірі балықтарды аудан түйреп алуға да істетіледі. Ау - тор көз деп тоқылған балық аулау құралы. Өте ерте кездерде көбінесе жіңішке шыбық, яки өсімдік қабығынан, кейін келе жіңішке кендір, мақта жіптен, кейде жібек талшық қосылып түрлі формада тор көздеп тоқылған. Гарпун – аң аулауға арналған, өте ертеде пайда болған, ұшы металлдан (сүйек, тастан) жасалған қайрылған құрал. Шоқпар – басы-сабына қайыс немесе шынжыр арқылы бекітілген ағаштан, тастан, металлдан жасалған құрал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.

2 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.

3 М.Сералин «Рус.каз словарь» 62 бет.

КӨНЕ ТҮРКІ ОЙМА ЖАЗУЫ

ШАКИРЖАНОВА А. С.

401 тобының студенті, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тасқа ойылып жазуы себепті ойма жазу деп, Стерленберг руна жазуы деп аталып кеткен түрік жазуы Енисей-Орхон өзенінен Балқан тауларына дейін тас бетінде бедерлендірілген мыңға жуық ескерткіштер – адамзаттың рухани ұлы мұрасына айналып отыр. Ойма жазудың тұтас қолданылу мерзімі әзірше, 2500 жыл (Есіктегі күміс тостағандағы жазу) деп мойындалып отыр. Бірақ ойма жазу

ескерткіштері VII-X ғасырда араб жазуымен алмасуы себепті халықтың тарихы жадынан шығып өшіп қалған. З. Бабурдың орта ғасырда түрік әрпін (алфавит) өзінше қайта жасағанда, ерте заманда түрік жазуы болмағанына қамыға отырып өкінетіні бар, яғни түрік жазуын соңғы ұрпақ мүлде ұмытқаны көрініп тұр.

Ойма жазуы ескерткішін XIX ғасырда швед офицері Стерленберг ашқан. Оны алғашқы рет оқыған Дания ғалымы профессор Томсон болса, оның артынша академик В.Радлов (1893ж.) болды. Осыдан бастап түркология саласында үзбей зерттеліп келеді. XXғ.50 жылдарынан бері қарай қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Қ.Айдаров, М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев т.б. зерттеп келеді.

Ойма жазу ескерткіштері – әдеби-тарихи философиялық танымы жағынан бізге жеткен бірегей жазба ескерткіш болуы себепті біздің өткен тарихымызды сақтап қалған түрік халықтарының бәріне ортақ бірегей ата мұрасы. Жанры жағынан Орхон ескерткішін ғалым М.В.Стеблева, Ф.Айдаров, М.Жолдасбеков өлең түрде жазылған туынды десе, Қ.Өмірәлиев қара сөзбен жазылған шежіре тарих түріне жатқызады. Өйткені Орхон жазу ескерткішінде өлең құрылысының басты белгілері жоқ, бірақ шешендік сөздің іздері бар делінеді [1, 95].

Көне түріктік ойма жазулар соңғы жылдары Қазақстан мен Орта Азия территориясынан көптеп табылып отыр. Қазақстан жерінен табылған (Ертіс, Талас, Шу өзенінің аңғарлары) руникалық жазба ескерткіштерді Мерке ғибадатханасынан табылған қойтастардағы ойма жазулар толықтырады. Бұл руникалық жазулар түркі мемлекеттерінің өмір сүру дәуірімен тікелей байланысты.

Мерке өңірінен бүгінгі таңда үш ойма жазу табылып отыр. 2000 жылы шілде айында табылған бірінші ойма жазу – «Мұң тарқатар жазу» көне түрік кезеңіне жатады. Бес руникалық таңбадан тұратын бұл көне түрік жазуын профессор А.Аманжолов түрікше «бұ қыл йас» деп оқыды. Қазақша баламасы «Мұңым-күйзеліс» (күйреу), екінші баламасы «Мұңымды тарқат», «Шерімді жаз!» деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар бұл қойтастағы жазудың хронологиялық уақытын көне түркі заманының соңғы ширегі деп болжайды. «Көне түріктердің көк тәңірге тасқа ойып жазған тілегі» 2004 жылы тамыз айында табылды. Ғажайып таңбалары бар қойтастың ұзындығы 4 м, ені 2 м. Жазудың өзі тасқа терең етіп ойылған ерекше үш таңбадан тұрады. Әр таңбаның биіктігінің өзі жарты метр шамасында. Таңбаларды зерттеу нәтижесінде түрік жазуының оңнан солға қарай оқылатыны анықталған. Бір ғажайы,

жазу жоғарыдан, яғни көк аспаннан оқуға арналған тәрізді. Мұндағы жазу «абыну» немесе «абынғу» деп оқылды. Ол уану, жұбану деген мағына береді. Бұл сөздің түбірі – көне түрік етістігі абын-казак тілінде уан түрінде осы күнге дейін сақталған. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл қойтастағы көне руникалық жазу көк тәңірге арналған. Қойтастың жоғарғы жағындағы ойықтар мен тастың үлкендігін ескере отырып, бұл аймақты ғалымдар, осы өңірді мекен еткен көне түрік тайпаларының құрбандық шалуға арналған айрықша қасиеті де, киелі орны деп отыр [2, 110].

Қазақстан жеріндегі Шу өзені алқабындағы Мерке өңірінен табылған келесі жаңалық 2005 жылы болды. Қойтасқа ойып жазылған үшінші руникалық жазу екі таңбадан тұрады. Оның көне түрікше оқылуы ық «ық жер» дегенді білдіреді [5, 18]. Бұл көне руникалық жазуды оқыған профессор А.Аманжолвтың айтуы бойынша, қойтастағы жазу жайлаудағы ызғар желден, жауын-шашыннан пана болатын жерді белгілеп, көрсетіп тұрғандай.

Талас бойынан табылған төрт бұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығындағы руникалық ойма жазуларды оқып және олардың мазмұнын тиісті деңгейде айкындалды. Тас мөр қазірде Жамбыл қаласындағы облыстық өлкетану музейінде, ал сөз етіп отырған екінші ескерткіш астанадағы Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы тұр.

Сыр бойындағы ескі кенттердің (Оңтүстік Қазақстан облысы) орнынан табылған саз балшықтан күйдіріліп жасалған дөңгелек алқа, құмыраша сияқты бұйымдарға ойылған руникалық жазулар белгілі болды.

Қазірде Ленинградтағы мемлекеттік Эрмитаждың ертедегі шығыс бөлімінің көрмесінде тұрған гүлмен көмкерілген қола айнадағы руникалық жазудың да, оның табылуының да өзіндік сыры мол. Қола айнаны 1935 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының экспедициясы Семей облысындағы Үржар ауданынан әкелген еді. Шынын айтқанда, Сасықбастаудағы қорым жанынан арық қазғандар тауып, содан алынған екен де, атақты археолог А.Н.Бернштам 1948 жылы бұл жөнінде «Эпиграфика Востока» жинағында жариялап, бірақ ондағы руникалық таңбаларды келтіргенімен де, оны оқу жолдарын таппаған еді [6, 62].

Дегенмен де, оған теренірек үніліп, әлденеше рет суретке түсіріп байқағанымызда, ондағы бедерлі руникалық таңбаларды, яғни көне түркі сөздерін былай кестелеуге болады екен: **ер чүчүк** (тегі **сүчүг** «тәтті», «шарап») **өсіз (өдсіз) өлүт**. Қазіргі қазақ тіліне


аударсақ: «Ер азамат, шарап (ішу) – мезгілсіз өлу» деген ежелгі қағида, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болар өнегелі өсиет болып шығады.

Руникалық жазуы бар екінші қола айна Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданынан Ертістің оң жағасындағы қорымнан 1969 жылы табылды. Ол жазуды 1973 жылы жарияланған Ф.Х.Арсланова мен С.Г.Кляшторныйдың оқылу жөніндегі болжамы негізінен дұрыс болса да, біраз күмән туғызатын жақтары бар – **йебчі** «жебеуші, демеуші», **ар** «кызыл күрен», **ессер** «азайтса», «желпісе» сөздері дұрыс анықталмаған еді [7, 35]. Сонда айна ортасындағы таңбалардың оқылуы: **йебчі йегрен ар лү** – «жебеуші жирен кызыл күрең айдаһар», ал айна жиегіндегі жазудың оқылуы: **іші күнісін ессер қуты басар** – «Әйел күншілдігін азайтса, құты қонады». Соңғысын «Әйел – үйдің құты» деген қазақтың мақалымен салыстырсақ та болады.

Семей облысының Жарма ауданынан 1983 жылы табылған жартастағы руникалық жазу (екі таңба) **абам** деп оқылып, «атам, үлкен ағам» деген ұғымды береді [3, 15].

Шығыс Қазақстан облысының Марқанкөл ауданын 1985 жылы жартасқа қашалған көне түркі руникалық жазу табылған еді. Жазу былай оқылады екен: **Ай еліг йурты**. Қазіргі қазақ тіліне аударсақ: «Ай хан жұрты (тұрағы)» деген сөз болып шығады [4, 8].

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданынан жазуы бар төрт бұрышты тас мөр табылғандығын Ақаш Жүнісов жолдас хабарлады. Бауға тағылатын тас мөр табанына ойылған таңбалар руникалық жазу болып шықты. Оқылуы: **сеч абын**. Қазіргі тілімізде былай деп түсінуге болады: «Таңда, уан!». Демек, өмірден әр нәрсені таңда да, содан мейірім тап дегенді мегзейді. Павлодар облыстық тарихи өлкетану музей қызметкерлері хат жолдап, музейге 1987 жылы қабылданған күміс білезіктегі көне жазу жөнінде пікір айтуды сұраған еді. Білезіктің тарихы: Семей педагогика институтының студенті Гүлстан Жанқошқароваға әжесі бірнеше ұрпақтан бері мирас болып келе жатқан білезігін сыйлаған екен. Ондағы жазуды оқуға алғаш талаптанған жас тарихшы Амантай Исин білезіктегі көне жазу жөніндегі өз жорамалдарын жергілікті газетке жариялап, білезіктің фотосуретін әкелген еді. Студент қызды көне жазудың мәдениет тарихына қосар үлесі толғандырған болуға тиіс, құпия жазуы бар сыйға алған білезігін тарихи өлкетану музейіне тапсырыпты.



Күміс білезіктегі жазудың оқылуы: сачқуқ ағы қоқуш. Қазіргіше: «Шашылған асыл қазына – қоқыс», былайша айтқанда: «Шашылған асыл қазына күлмен тең» деген мағынаны береді.

Асыл байлықтың алтын қоры халықта ғой. Ондағы мәдени қордың әлі де қалтарыста қалып келе жатқан салаларына мән беріп, зер сала қарасақ, ғылымның көк жиегін кеңейтерлік деректер табыла берері хақ. Сондықтан да бүкіл халық болып, әуесқой, ізденімпаз азаматтарға, жасөспірім шәкірттерге риясыз көңілден құрмет көрсетіп, ізденімпаз істерін ризашылық сезіммен қабыл алып, бағдар беріп отырсақ көп нәрсені ілгері дамыта аларымыз сөзсіз. Бұл салада Қазақ тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамына қол ұшын беріп, ондағы игілікті істердің өркендей беруіне мұрындық бола берсек, оның қосар үлесі де мол екенін ескерейік.

Ата мұрамызды танып білудегі мақсат - өткен тарихымызды танып білуге дендеу, түрік халықтары рухани бірлігінің ұйтқысы оның жазу таңбасы болса, сол ата жазуымыз ойма жазуды тірілту, келешекте оны бүкіл түркі халқының рухани тұтастығының қастерлі ұйтқысына айналдыруда жатса керек-ті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзахметұлы М. Түрік халықтарының ортақ әдеби мұрасы // Шәкәрім – Алматы, 2006 ж. - №2 –Б. 95.
- 2 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы (қазақ тіл білімінің антологиясы). – Павлодар, 2008 ж. – 110-115 б.
- 3 Кәдірімбетова Н. Көне түріктік әдеби мұра // «Мәдениет және тұрмыс» - Алматы, 2009ж. - №8 –Б. 15.
- 4 Есбергенова Б. Жазба ескерткіштер // «Қазақ әдебиеті» - Алматы, 1995ж., 20 желтоқсан, –Б. 8.
- 5 Досымбаева А. Ғибадатхана ескерткіштері // «Ұлт тағылымы» - Алматы, 2003ж. - №2 –Б. 18.
- 6 Бернштам А.Н. Проблемы происхождения сакской археологической культуры // ҚРҰҒА хабарлары. Жалпы ғылым сериясы – 2008ж. - №1 –Б. 62.
- 7 Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПбГУ, 2003г. – С. 35.

Қ. ЖҰБАНОВ ТІЛДІҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

ШАКИРЖАНОВА А. С.

401 тобының студенті, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

І. Кеңесбаев «Профессор Құдайберген Жұбанов» деген мақаласында бұл жөнінде былай деп жазады: «...Қ. Жұбанов жас қазақ зиялылары машық еткен бірнеше қолжазба журналдың шығуына ұйытқы болған көрінеді. Мәселен, Күйікқалада жүріп ол «Тез», ал Темірде «Ай» деген қолжазба журналдар шығарған» [1, 13]. Әлеуметтік мәнге ие қолжазба журнал дәстүріне ғалым-публицист Қ. Жұбановтың атсалысқанын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған №11020 ісі де айғақтап отыр. 1937 жылдың 30 қарашасындағы Қ. Жұбановты тергеу протоколы біраз жәйттің бетін ашады. Қазақстан Ішкі істер халық комиссариаты 4 бөлімінің өкілетті уәкілі Мавлютов жүргізген тергеу протоколында Қ. Жұбанов былай деп жауап берген (түпнұсқасына сай орыс тілінде беріп отырмыз): «В 1916 г. еще юношей, обучаясь в русской школе, я издавал рукописную газету «Кусем», а в 1917 году в Илеке журнал «Тез». Издаваемые мной газеты и журнал носили исключительно националистический характер и преследовали цель воспитания молодежи в духе буржуазного национализма» [2].

Қ.Жұбанов қазақ халқымен аймақтық жағынан жақын және алыс орналасқан халықтардың кейбір ән-күй атауларының жазылудағы бірыңғайлығын, бірақ мағынасы жағынан әр түрлі болып келетіндігін айтады. Мысалы, «қобыз» деп қазақтарда біркелкі дыбыс шығаратын аспапты айтады, ал татар және башқұрт тілдерінде «қобыз» деп темірден жасалатын үрмелі аспапты атайды, қырғыз тілінде «комус» деп аталатын қазақ домбырасына ұқсас ішекті аспап көрініс береді, «қобыл» деген аспап Украинада да бар, соңғы *-ыл, -за* болып ауысып – кобза деген сөз береді. Қ.Жұбанов қазақ ән-күй атауларының және күй жанрының пайда болу мәселелерін екі жақты қарастырады: тіл білімі, сонымен қатар этнология жағынан Б.Хасановтың айтуынша, ғалым қазақ тілі материалдарын өзге моңғол, армян тілдерімен салыстырмалы түрде байланыстырады. Қ.Жұбановтың байланыстыра салыстырған ғылыми-зерттеу жұмыстары бүгінгі күні тіл білімінде игілікті іс болып қалғанын айтып өткен жөн.

Өз кезінде қазақ тілі грамматикасына Қ.Жұбанов енгізген жаңалықтар қазақ тіл білімінің дұрыс бағытта дамуына жөн сілтеп қана қоймай, сол кезде-ақ тілтану саласында талас тудырып келген біраз жайттардың түйінін шешіп беріп кеткеніне енді көзіміз жетіп отыр. 1930-60 жылдар аралығында пікір талқысына негіз болған ондай мәселелердің біразын атап өтсек: 1) Қ.Жұбановтың өзіне дейінгі және одан кейінгі оқулықтарында орын алып келген кемшілік – бір сөзді сөйлемде атқарған қызметіне қарай түрлі сөз табына жатқызу болатын. Ғалым оның қисынсыздығын дәлелдеп берді, яғни сын есім мен сан есімнің сөйлемдегі қызметін дұрыс шеше білді; 2) *сайын, таман, арқылы* және басқа септеуліктер мен күшейткіш сөздерді үстеу құрамынан шығарды; 3) қазақ тіл білімінде тұңғыш аналитикалық тұлғадағы сөз тіркестерінің барын анықтап, оны «қосалқылы» деп атады; 4) бұрын тіл білімінде еленбей жүрген сөз құрамындағы морфемалардың орналасу тәртібін көрсетіп берді және сөз алды, сөз артында келетін көмекші сөздерді сол сөздің мағыналы бөлшегі, ажырамас элементтері ретінде қарау қажеттігін түсіндірді; 5) тіліміздегі тұлғасы күрделі көмекші етістіктердің (тұр, отыр, жүр, жатыр) бар екендігін дәлелдеп, оның жақ категориясымен тығыз байланысты екенін анықтап берді; 6) «*біріккен сөздер*» терминін «*кіріккен сөздер*» терминімен ауыстырып, олардың шекарасын белгілеп берді; 7) өлі түбірлер мен өлі қосымшалардың шығу тәркінін анықтап берді. Ғалымның соңғы мәселе бойынша айтып қалдырған тұжырымдары

бұл күнде қазақ тіл білімі үшін ғана емес, жалпы түркі тілдерінің тарихын тануға қосылған алтын қор, бағалы үлес болып отыр. Дыбыстардың тарихи факторларға сай өзгертуі белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асатын болса, мағыналардың өзгеруі де өзіне тән белгілі заңдылықтарға негізделеді. Соңғы жылдары жалпы тіл білімінде мағыналардың дамуын морфологиялық өзгерістердің себебі ретінде қарауға талпынушылық басым. Осыған орай қазіргі тіл білімінде морфемалардың қалыптасуының негізгі төрт тәсілі қарастырылып жүр. Олар: 1) агглютинация, яғни күрделі сөздердің немесе сөз тіркесінің соңғы компоненттерінің сөз тудырушы формантқа айналуы; 2) жалаң жұрнақтардан бірыңғай күрделі жұрнақтардың жасалуы; 3) адаптация, яғни сөз соңы немесе сөз топтарының соңғы сөзінің сөз тудырушы қосымшаларға айналуы; 4) форма тудырушы қосымшалардың сөз тудырушы қосымшаларға айналуы. Бұл тәсілдердің алғашқы екеуіне қатысты түркітануда нақты қалыптасқан пікірлер, көзқарастар, соған байланысты тілдік деректер жеткілікті.

Профессор Қ.Жұбанов та: «біз флексия атаулының бәрі агглютинация табиғатының жемісі деген тұжырым жасай алмаймыз. Өйткені, кейбір қосымшалар флексия тәсілі күшіне енген кездегі жеке морфологиялық бірлік ретінде жұмсалған өте ерте замандағы түбірлердің органикалық бөлшегі болуы мүмкін» дейді [1, 212]. Бұл ретте ғалым түркі сөздерінің құрамында бір фонемалы элементтердің өмір сүргеніне және олардың сол кезде-ақ аморфты сөз құрылымымен қатар қолданылғанына шек келтірмейді. Мұндағы Қ.Жұбановтың «түбірлердің органикалық бөлшегі» деп отырғаны үнді еуропа тіл білімінде «детерминатив», Ә.Қайдар еңбегінде «индикатив» деп аталып жүрген элементтер болуы да мүмкін [3, 86].

Қ.Жұбанов өзінің «Из истории порядка слов в казахском предложении» атты көлемді еңбегінде түркітануда бір ғалымдар сөз түрлендіруші жұрнақтар қатарына, бір ғалымдар аралық морфологиялық тұлғалар қатарына жатқызып жүрген кішірейту, еркелету мәнді қосымшалардың эволюциясын дербес түбір сөздермен байланыстырады. Мысалы, Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі кішірейту-еркелету мәнді - *шақ/ - шек, - шық, -шік, -ша/ - ше, -ш* жұрнақтарының шығу тәркінін «бала-шаға» қос сөзінің құрамында сақталып қалған *шаға* есім сөзімен байланыстырады. Ғалым «бұл жерде кедергі болып тұрған нәрсе *шаға* сөзінің соңындағы **а** дауысты дыбысының түсіріліп, - *шақ* жұрнағы болып өзгеруі (соңғы

тіл арты ғ дыбысының қ дыбысына қатандауы қазақ тілінің өзіндік құбылысы) онша қынжылтпауы тиіс» дейді ғалым, себебі мұндай өзгеріссіз түбір сөздің формальды элементке айналуы өте сирек. Ал А.Фон Габен, А.Н.Кононов пен Г.Рамстедт - ч және – ағ// ақ екі кішірейту мәнді аффикстердің бірігуінен пайда болған деген пікірді білдіреді [4, 8]. Ғалымдардың мұндай тұжырымдамаларын Б.А.Серебрянниковтің ежелгі алтай дәуіріндегі өмір сүрген жинақтау көптік көрсеткіштерінен -ш, -к, -л, -н, т.б. кішірейту-еркелету мәнді қосымшаларының қалыптасқаны жайындағы тілдік деректері толықтыра түседі [5, 166-167].

Профессор Қ.Жұбанов «шаға, шақ» сөздерін «шейін» шылауын, -шақ/-шек, -шық/-шік, -ша/ше жұрнақтарының этимологиясын былайша түсіндіреді: «Монғол тілінде *цаган-шаган* (ақ) сөзінің қысқарған *цақ* және *шақ* түрін кездестіреміз. Ендеше «шаға» сөзінің толық формасы «шаған» (соңғы үнді дыбыс түсіп қалған) деп есептеуге болады. Себебі Н.Я.Маррдың пікірінше «бала, сәби» сөзі көне тілдік дәуірде «күн» сөзімен бір мағынада жұмсалып, бұдан «жарық-нұр-ақ-пәк-уақыт-сәби-бала-дүниеге келу» деген өзара мәндес сөздер туындаған.

Қ.Жұбанов әдетте «кенже ұл - шаңырақтың отын сөндірмеуші» немесе «үйдің оты» деген ұғымда түсінеді; монғол тілінде бұл ұғым *одхан, од-шегін, од-тегін* тіркесімен беріледі. Мұндағы бірінші элемент – од «от» сөзі де, екінші сыңары жазба ескерткіштерден және тірі тілдегі қолданыстардан белгілі «хан» және «ханзада» титулдары. Алайда профессор Қ.Жұбанов бұл талдаулармен келіспейтіндігін білдіреді. «Себебі, - дейді ғалым, - «хан» сөзі монғол жазуында (орхон ескерткіштерінде де) «қаған. хаған» тұлғасында қолданылған. Егер орхон сөзінің соңғы сыңары «хан» мағынасында жұмсалған болса, ол «қаған» түрінде жазылар еді, бірақ ондай заңдылық сақталмаған. Ендеше, монғол тіліндегі «бішіхан (біші - өте кішкене), «кеу-кен, хи-хың (әйел-бала)» сөздерінің құрамындағы – *хан, -кен, -хың* шылаулары қазақ тіліндегі – *-қан, -кен* кішірейткіш жұрнақтарымен мағыналас екендігіне күмән келтірместен, «олхан» сөзін «оттың баласы» (салыстыр: каз. отау иесі) деп аударуға толық негіз бар деп тұжырымдайды. Ал «тегін» сөзі («одхан» титулының варианты) монғол тілінде «ханзада, патша баласы, сәби» дегенді білдіреді [6, 39]. М.Қашқари келтірген халық этимологиясының негізіндегі лингвистикалық аңызда «тегін» сөзі ертеде құлдың лақап аты немесе қосалқы есімі болып, кейіннен «патша баласы» деген мағынаға ие болған. Ойлаудың қазіргі деңгейінде «тегін» -

сөзінің дәлме-дәл мағынасы «шыққан тегі, аталықты, текті» деген ұғымды білдіреді, түбірі «тек». Ал, түбірдің сонындағы –н (*in*) негіздің органикалық бөлшегі немесе ертедегі құралдық септіктің қосымшасы болуы мүмкін, - дейді Қ.Жұбанов [7,62]. –

Сондай-ақ Қ.Жұбанов «тек» сөзін «шығу тегі» мағынасымен қатар «тәрізді, кейіпті» түріндегі көмекші шылау мағынасында да жұмсалынатынын анықтайды. Бір сөздің бұлайша екі мағынада жұмсалуды олардың шығу тегі жағынан ұқсастығын көрсетеді Ол қазақ тіліндегі салыстыру, ұқсату мәнін білдіретін - *дай, -дей, -май, -тей* (уйғыр өзбек тілдерінде – *тек, -дек -дақ*, орхон жазуында *тегі* жұрнақтарының «тек» сөзінен туындағанына күмән келтірмейді. «Тек» сөзі «сәби, кішкентай» мағыналарына ие болу арқылы сәбилік, кішкентайлықтың морфологиялық символы - кішірейту қосымшасына айналған. Қ.Жұбанов «қазақ тіліндегі - *дей (-дай)* салыстыру қосымшасы қазіргі ұйғыр, өзбек тілдеріндегі – *тек, -дек, -дақ*, орхон жазбаларында *тег (тәңірі тег – «тәңірідей»)* тұлғалары ежелгі «тег» түбірінен тараған дейді. Ғалым бір затты екінші затқа ұқсату, шамасы, екі заттын, да жалпы шығу тегін анықтау деп түсінгеннен болу керек дейді. «Тек» сөзі ертеде әрі шылау, әрі қосымша орнында қолданылған. Бұлайша «тек» сөзінің ішкі мүмкіндігі екі жақты қолдану (*тек және тектес*) соңғы семантикалық стильдік айырымдардың мағыналарының бір-біріне етене жақындығын көрсетеді.

Бір қызығы, қазақ тілінің тарихын танып-білуге тікелей қатысы бар ҮІІ-ҮІІІ ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштерінде кішірейту мәнді «чағ» сөзі жеке лексема (уақыт, мезгіл) мәнінде де, -*шақ* форманты қатарында да кездеспейді. Оның тек орта ғасыр жазба деректерінен бастап қолданыла бастағанын аңғарамыз. «Шейіп» тұлғасының -*ша, -ше* ықшамдалған шылау қызметінде қолданылуы да осы кездерден басталады.

2) Адамның физиологиялық қабілеттері мен қалпін білдіретін тіркестер: а) көздің көру қабілеті: göz etmek; ә) ұйқы, ұйқыдан тұру: gözlerini uyku tutmamak (көз ілмеу); б) жылау: gözü sulu; в) ауыру, қайтыс болу: gözü arkada gitmek;

3) Адамдар арасындағы қатынастар: а) алдау: göz boyamak; ә) оңашада: göz göze (көзбе көз);

4) Әрекеттің аспектуалды сипаттамасы: а) тез, жылдам: gözü ақір карауınca (көзді ашып жұмғанша); ө) лезде, білдіртпей: gözünüп кутуғууле бакмак (көзінің ұшымен қарау);

Сонымен, «көз» лингвокультуремаларының құндылықтық бағдарлары әртүрлі екендігіне көзіміз жетіп отыр. Фразеологиялық соматизмдердегі ұлттық және мәдени өзгешеліктер, біріншіден, адамның бейнесін әр түрлі әлемнің тілдік суретінде қабылданудың өзгешілігінен байқалады; екіншіден, адамның «соматикалық картасын» оқу тактикасымен байланыстырады.

Қазақ және түрік фразеологиясында тұрақты тіркестердің басым көпшілігі бабалар қалдырған ұлттық рухани мұра. Алайда фразеологиялық қор бір қалыпта қалып қоймаған, тілге жаңа тіркестер енген сайын ол фразеологизацияланып, тілдік қолданыста ұдайы айтылып жүреді. Қоғам дамуына сай әлеуметтік көзқарастар да өзгеріп, тіл ұғымында жаңа тіркестермен толықтырылып отырады. Ұлттық-өзіндік қабылдау өзгешелігімен айрықшаланатын фразеологиялық бірліктердің құрамындағы соматизмдер сан қырлы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, - 264 б.

2 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2008. – 608 б.

3 Yerzhanova I. Parts of body in phraseological units of Kazakh and English languages: level of expressiveness of their usage.

4 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің антологиясы. Қазақ тілі білімі туралы зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 132 б.

5 Букулова М.Г. Соматическая фразеология тюркских языков. Диссертация. – Москва, 2006. – 335 с.

6 Türkçe sözlük. – Ankara: Türk dil kurumu, 1932. – 2244 s.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ҚАЖЕТ ПЕ, ҚАЖЕТ ЕМЕС ПЕ?

ЖАНБЫРБАЙ М., КЕНТЕЙХАН А., АМАНОВА О.
студенттер, медициналық колледжі, Павлодар қ.
МУСИНА Ж. А.
ғылыми жетекшісі

Латын графикасына көшу қажет пе, қажет емес пе? Оның қаншалықты пайда-зияны бар? – деп дауласып, уақыт алдырып жатудың өзін мен артық санаймыз.

2012 жылы тамызда еліміздің бұрынғы астанасы Қызылордада «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев қана «Қазақты әдейі қынадай қырған ашаршылық үшін Коммунистік партия жауап беруі тиіс» деп мәлімдеді. Бұл- «Ақ жол» партиясын ұнатпайтындарға ұнамаса да, тарихи шындық. Сол секілді нағыз рухани репрессия – түркі халықтарына ортақ латын әліпбиіндегі қазақ мемлекетін 1940 жылы бір күнде империалистік мақсатпен орыстың шовинистік кириллицасына өткізіп жіберуі болатын. Енді міне, осы рухани репрессияның зардабын жоюдың алғашқы қадамдары жасалып, Қазақ мемлекеті 2025 жылы қайтадан Латын әліпбиіне өтетін болды! Ұлттық рухани деколонизация латын әліпбиіне көшу әрекетімен басталды!

Ұлт мүддесі үшін күресушілердің 72-жылдан бері армандап келе жатқан арманы орындалатын болған соң, Елбасы шешіміне ел болып қуанып жатқаны анық. Бірақ кез-келген өзгерістің кедергі-қиындықсыз, қарсылықсыз өтпейтіні белгілі. Біз ең бірінші бұл қарсылықты 22 жылда да мемлекеттік тілді меңгермеген орыстілді қоғамнан күткен едік.

Екі жақтың да айтысына қарап отырып, 66-ның хатында қаперге алар жайттардың да бар екенін айта кетуге тиіспіз. «Латын графикасына бүкіл Қазақстан, еліміздегі барлық басылымдар, барлық ұлт өкілдері бірлесіп көше ме, жоқ, немесе жалғыз қазақ тілі ғана бет бұра ма?» деген сұрақ алдымызды орады. Егер бүкіл республика латынға көшуді мақсат тұтса, онда біз бұл ашық хатты жазуға ниеттенбес те едік. Латын қарпіне «Мемлекеттік тіл» деген аты бар да заты жоқ жалғыз қазақ тілі ғана көшпек. Бұл еліміздің бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтірмей ме?»-дейді ашық хатта.

Иә, осы ең алдымен «латын әліпбиіне мемлекет түгел өте ме, әлде тек қазақ тілі ғана өте ме?»-деген басты сұрақ – елдің сұрағы. Ертең бүгінгі халіміздей мемлекеттік тіл өз жайында- босағада,

ресми тіл –орыс тілі төрде келе жатқанындай жағдай енді әліпби статусында да қайталанбай ма? Заң тілімен айтқанда, де-юре ойдағыдай екі тілдің де-факто әділетсіз статустары енді әліпбиде қайталанбайтынына кім кепілдік бере алады?

Дегенмен, кириллицаның – орыстың отарлау құралы, латынның – сол отардан құтылу құралы екенін ойласақ, 66-ның ашық хаты «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз»-деген бағытта емес, «Латын әліпбиіне тек бір қазақ тілі ғана емес, орыс тілі де өтуі тиіс!» -деген бағытта болуы керек еді. Сонда 66 ғана емес, 666 адам қол қояр еді...

Біз енді қанша шуласақ та, латын алфавитіне өту – 2012 жылғы Тәуелсіздік күні қарсаңында Елбасы жолдауында жариялаған еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағыт-бағдарламасына енгізілді. Елімізді рухани тәуелсіздікке бастайтын латын алфавитін қабылдау, мемлекеттік тілдің үстемдікке жетуі, мемлекеттің Қазақ мемлекеті атануы секілді басты-басты ұлттық мәселелер ел алдына шығарылғаны үшін де мүмкін, бұл Жолдаудың кезекті жолдаулардан айрықшаланып, әдеттегідей жаңа жылдан кейінгі қатардағы айларда емес, Тәуелсіздік күні қарсаңында жариялануы. Енді біз тек “өтпеймізді” емес, “қалай өтеміз, қайтсек, қиындығы мен қателігі аз болады” деп қимыл-қайрат көрсетуіміз керек. Ашық хат жазған 66 азамат осы қателік-қарсылықтарын «ұлт мүддесі үшін істеп отырмыз»-деп ойлайтыны анық. Өйткені олардың көбісі ұлт мүддесі үшін күресте жүргендер. Бірақ олар ойлағандай, қазақ тілінің дамуына кедергі мен елді екіге бөлу қаупі – латын әліпбиіне өтуден емес, Тәуелсіздік алғалы 22 жылдан бері кириллица кесірінен болып келе жатқан кесепат екені ұлттық мүддені бәрінен жоғары қоятын зиялылар мен көзі ашық қарапайым халыққа әйгілі.

«Латын әліпбиіне Түркия 1928 жылы көшкен. Егеменді ел атанғаннан кейін Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан республикалары латын қарпіне ауысты. Осы қатарға туысқан ел болғандықтан біздің де қосылуымыздың еш сөкеттігі жоқ екені рас. Бірақ, бұл жерде жұрттың бәрі терең түрде аңғара бермейтін мынадай бір үлкен проблема бұғып жатыр. Алдымен Өзбекстандағы жағдайға үңілетік. Бұл мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдері де, тіпті, орыстар да өзбек тілінде сөйлейді. Өзбек тілі мемлекеттік тіл ретінде үлкен беделге ие болса, бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бейшара халде. Ғаламторда болсын, баспасөзде болсын қазақ тілінің мүдделеріне ашық түрде қарсы шығып жүрген басқа ұлт өкілдері емес, өз ішімізден шыққан шала қазақтарымыз. Кириллицада тұрғанда олардың ана тілін үйренуге

құлқы соқпағанда, латын әліпбиіне көшкенде ұлттық сезімі оянады деп ойлау мүлде қате түсінік. Тіпті билік басындағылар «қазақ тілі республикамыздағы басқа тілдерді басып кетпеуі керек» деген пікірді де алға шығарды. Онда оның несі мемлекеттік тіл? Жоғарыда айттық, «бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» деп. Ең бастысы, өзбек халқы біздер сияқты «ана тілін меңгерген қазақтар» немесе ана тілін менсінбейтін «космополит қазақтар» болып екіге бөлінген жоқ. Олардың бізден артықшылығы да осында. Әліпби негізінде қазақтарды ашық түрде екіге бөлу қылмысқа барабар іс. Сондықтан да, латын қарпіне көшу – орны толмас өкінішке бастары хақ»-дейді.

Ұлтқа жанашырлық деп, латынға қарсы шығып отырғанымыз – жаңылысуға соқтыратын қадам емес пе деп бір сөт ойланайық... Тағы бір айтарымыз, Мұқан жиі қолданатын «қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды»-деген мәлімет сенімсіздік тудырады. Бұл билік басындағы, солтүстіктегі қалалардағы қазақтар арасында болуы мүмкін, ал жалпы қазақтың 60 пайызы қазақша сөйлей алмайды, жаза алмайды деу ақиқаттан алыс жатыр. Бұл мәлімет «қазақтар қазақша жаза алмайды, сөйлей алмайды»-деп соғып жүрген Жириновскийлердің құлағына жетсе, ол үшін «тамаш көзір» болуы мүмкін...

Латынға өтуді кезінде Алаш көсемдері де жақтаған. Түркияның президенті Ататүріктен бастап, Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов та қатты қолдаған.

Латынға өту – ең алдымен ердің атынан бұрын елдің атын таза қазақша жазуға қол жеткізер еді... Біз бұрын да, талай айтып, жазып келе жатқанымыздай, ең алдымен мемлекетіміздің атын дұрыстап алуымыз керек. Тағы да қайталаймыз, Қазақстан Республикасы емес, Қазақ Республикасы болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, орыстың рухани отаршылдығынан құтылудың, рухани тәуелсіздіктің басты жолдарының бірі – әліппе ауыстыру. Латынға өту- Тәуелсіздікті ойлайтындар үшін баламасыз байлам болуы керек!

КОНЦЕПТ «ЛЮБОВЬ» В НОВЕЛЛИСТИЧЕСКОМ ТВОРЧЕСТВЕ СТЕФАНА ЦВЕЙГА

ЖАПАРОВА С. Б.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КЕНЖЕТАЕВА Г. К.

научный руководитель, к.ф.н., ассоциированный профессор,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Содержание понятия «концепт» в разных научных школах и у отдельных ученых существенно варьируется, поскольку он представляет собой мыслительную, ненаблюдаемую категорию. Неоднозначность трактовки концепта М.В. Пименова видит в том, что он является междисциплинарным образованием, используется в целом комплексе наук, в рамках исследований философов, логиков, психологов, культурологов, где он подвергается ввелингвистической интерпретации [1, С. 46-49].

Концепт возникает не непосредственно из значения слова, но путем столкновения его словарного значения с личным и народным опытом человека. В связи с этим потенции концепта тем шире и богаче, чем шире и богаче культурный опыт человека [2, С. 85-88].

С точки зрения М.В. Пименовой, при когнитивном подходе концепт рассматривается в рамках понятий знания и сознания и понимается как «ментальное образование, своеобразный фокус знаний о мире, когнитивная структура, включающая разнородные единицы оперативного сознания» [1, С. 50-52]. Подобный взгляд на концепт присутствует в работах А.П. Бабушкина, Н.Н. Болдырева, Е.С. Кубряковой, З.Д. Поповой, И.А. Стернина и др.

Е.С. Кубрякова, также представитель лингвокогнитивного подхода, описывает концепт как «единицу ментальных или психических ресурсов нашего сознания и той информационной структуры, которая отражает знания и опыт человека; как оперативную содержательную единицу памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга, всей картины мира, отраженной в человеческой психике» [3, С. 25-31].

Подобной точки зрения придерживается И.А. Стернин, определяя концепт как «дискретное ментальное образование, являющееся базовой единицей мыслительного кода человека, обладающее относительно упорядоченной внутренней структурой, представляющее собой результат познавательной

(когнитивной) деятельности общества и несущее комплексную энциклопедическую информацию об отражаемом предмете или явлении, об интерпретации данной информации общественным сознанием и отношении общественного сознания к данному явлению или предмету» [4, С. 16-20].

Итак, с точки зрения лингвокогнитивного подхода, концепт может быть определен как ментальное образование с определенным образом упорядоченной внутренней структурой. Его возникновение связано с познавательной / когнитивной деятельностью человека и общества, а содержание детерминировано природой отражаемого в сознании на уровне ментальных сущностей предмета или явления объективной действительности.

Обобщая приведенные выше трактовки концепта как лингвокультурного явления, можно отметить, что лингвокультурный концепт – это неотъемлемая часть культуры, ее продукт, единица, ее концентрат.

Лингвокультурные концепты – это спроецированные на ментальном уровне элементы культуры, «сгустки культуры в сознании человека», это культурно отмеченные смыслы, культурно-обусловленные представления человека о мире, имеющие языковую экспликацию.

В.И. Карасик подчеркивает, что лингвокогнитивный и лингвокультурный подходы к пониманию концепта не являются взаимоисключающими. Концепт как ментальное образование в сознании индивида есть выход на концептосферу социума, т.е., в конечном счете, на культуру, а концепт как единица культуры есть фиксация коллективного опыта, который становится достоянием индивида.

Мы разделяем точку зрения В.И. Карасика и, объединяя оба подхода, определяем концепт так: это ментальное образование, являющееся базовой единицей мыслительного кода человека, обладающее относительно упорядоченной внутренней структурой, представляющее собой результат когнитивной деятельности личности и общества и несущее комплексную информацию об отражаемом предмете или явлении, об интерпретации данной информации общественным сознанием и его отношении к данному предмету или явлению. С другой стороны – это ментальная проекция элементов культуры, коллективное ментальное образование, фиксирующее своеобразие культуры и отмеченное (как сама культура) ценностной составляющей.

Исходя из определения понятия «концепт», мы решили проанализировать новеллы Стефана Цвейга и выявить в них классификацию концепта «любовь».

Тема любви в литературе всегда была актуальна. Ведь любовь – это самое чистое и прекрасное чувство, которое воспевалось еще с античных времен. Из древних литературных источников можно проследить, что люди обращали внимание на то, что одни любят пылко с надрывом, другие спокойно, надежно до самой смерти. Эти наблюдения даже нашли свое отражение в греческом языке, происходящем из наиболее древней, культурной цивилизации. В нем есть несколько терминов, которыми обозначают разные оттенки, особенности любви.

В настоящее время единой классификации любви не существует, но исследователи придерживаются базовых видов любви в греческой философии:

1) Эрос – это страсть, движимая желанием обладать объектом любви в физическом плане. Полное обладание другим человеком – недостижимая цель, поэтому эрос – разрушительная любовь, любовь-зависимость.

2) Людус – это любовь-спорт, игра, состязание. Чувства в такой любви поверхностны, поэтому не могут удовлетворить человека полностью. Эта проблема решается увеличением числа партнеров, количество заменяет качество, это потребительская любовь, не моногамная.

3) Сторге – любовь-нежность, основывается на теплых, надежных, партнерских отношениях. Также описывается как любовь-дружба, т.е. партнеры и любимые, и друзья друг другу.

4) Филия – любовь, которую древние греки ставили выше всех других разновидностей этого чувства как самую искреннюю и бескорыстную. Филия – это духовная любовь, именно ее мы испытываем по отношению к друзьям, родственникам, детям и родителям, безусловная любовь.

Помимо базовых видов любви, древние греки выделяли еще три – сочетания основных видов:


1) Агапэ – бескорыстная любовь-самоотдача, жертвенная любовь. Рождается из комбинации эроса и сторге. Сочетание нежности и страсти, преданности и надежности, милосердия. Агапэ – редкий вид любви, развивающий обоих партнеров, в такой любви они становятся лучше, избавляются от эгоизма, стремятся отдавать.

2) Прагма – сочетание людуса и сторге – рациональная любовь, реалистичная, любовь по «расчету» (не путать с браком по расчету). Прагма рождается не от импульса, а от решения любить, это решение основывается на доводах рассудка («человек достойный, подходящий» или «он меня любит»). Этот вид любви идет не от сердца, а, в первую очередь, от ума и удовлетворяет разум, но не эмоциональную сторону. Тем не менее, многие люди находят свое счастье в прагматической любви.

3) Мания – комбинация эроса и людуса – взрывоопасная любовь-одержимость. Мания либо разрушает сама себя, либо должна перерасти в другой вид любви, сама по себе она не может существовать долго (за исключением пар, где один любит причинять страдания, а другой любит их испытывать).

Что касается Стефана Цвейга, то он изображает любовь как титаническую страсть, выраженную в сложных психологических конфликтах. Создавая новеллы, Цвейг стремился раскрыть область подсознательного. Адюльтеры, измены, хитросплетения судеб и магия тайных свиданий, величие и низменность – все это несвободно порой от чрезмерной экзальтации, подводящей прозу Цвейга к небезопасной грани развлекательной литературы.

Проанализировав новеллы Стефана Цвейга, мы сопоставили определения различных видов любви, представленных в греческой философии с описаниями любви в каждой из новелл Стефана Цвейга. Таким образом, разнообразие концепта «любовь» в его новеллистике можно представить следующей схемой:



Многочисленные новеллы Цвейга отличаются драматичностью и неожиданной кульминацией. А наиболее полно его талант проявился в цикле новелл, раскрывающих перед читателем жизнь человека, полную глубоких переживаний и невероятных эмоциональных порывов. Новеллы Цвейга впечатляют своей

динамикой и психологизмом, откровенностью в демонстрации движения человеческой души.

В новелле «Письмо незнакомки» Цвейг изображает какую-то почти сумасшедшую любовь, даже не любовь, а безрассудная одержимость. «Амок» – новелла о полулюбви - полустрасти, роковым образом охватившей доктора-отшельника. В новелле «Лепорелла» повествуется о любви-преданности. «Страх» изображает страх разоблачения неверной супруги. «Летняя новелла» – повествование о разыгранной любви.

Концепт «Любовь» в данной работе рассматривался как индивидуально-авторский художественный концепт, который может быть представлен всей совокупностью новелл Цвейга. Концепт «Любовь» получил яркое выражение в творчестве писателя. Он является центральным в индивидуальной картине мира Цвейга и отличается в системе его индивидуально-авторского стиля определённым своеобразием.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Пименова М. В. // Введение в концептуальные исследования. - Кузбассвузизд, 2006.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М., Гнозис, 2004.
- 3 Затонский Д. В. // Стефан Цвейг, или Нетипично типичный австриец // Затонский Д. Художественные ориентиры 20 века. - М., 1988.
- 4 Вераквич И.Ю. // Зарубежная литература. XX век. Курс лекций. М.,
- 5 Безелянский Ю. // Стефан Цвейг. Исследователь человеческой души.
- 6 Цвейг С. // Избранное. - Уральское книжное издательство, 1988.
- 7 Затонский Д. В. // Австрийская литература в 20-м столетии. - М., 1985.
- 8 Цвейг С. // Новеллы. Легенды. - М., 1988.

АББРЕВИАТУРАЛАРДЫ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

ЖҰМАТ Д.

Аі – 301, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КЕНЖЕТАЕВА Г. К.

ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымд. профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Аударма – ол адамзат баласының дамуы барысында қалыптасқан өте күрделі де жан-жақты құбылыс болып табылады. Көбінесе аударманы тек бір тілден екінші тілге аудару деп түсінеді. Дегенмен, аудару барысында тек тұп нұсқа мен аударылатын тіл ғана қарастырылмайды. Аударма жасаған кезде сан-алуан мәдениеттер, әр түрлі тұлғалар, әр түрлі пікір таластар, әр түрлі әдебиеттер мен дәуірлер, сонымен қатар, сан алуан мәдениеттер мен даму кезендері кездеседі. Аударма саласымен мәдениеттанушылар, этнографтар, психологтар, тарихшылар, әдебиеттанушылар да айналысады.

Мемлекеттік деңгейге енді ғана көтерілген қазақ тілінің әлемдік деңгейге ұмтылуы да қатар жүріп жатыр. Тілді әлемдік интеграцияға жеткізетін бірден-бір бағыт аударма екені түсінікті. Кезінде жапон тілінің дамуына барлық әлемдік классикалық шығарма үлгілерін, сонымен қатар, көне грек, латын тіліндегі қолжазбаларды да жапон тіліне аудару науқаны қатты көмектескен еді. Дәл осы тәсілді Қазақстан да қолданды: Елбасы әлемдік классикалық шығармаларды қазақ тіліне тәржімалау жұмыстарын бастауды табыстады. Алайда бұл үрдіс тек әдеби шығармаларды ғана аударумен шектелді. Ал шын мәнінде қазақ тіліне аударуда шешімі соңына дейін табылмаған мәселе болып аббревиатураларды аудару мәселесі де бар.

Аббревиатура (итал. *abbreviatura*, *ab* – қысқару, *brevio* – қысқа сөзінен) – деп негізгі сөз тіркестеріне енетін бастапқы сөздер дыбыстарынан немесе бастапқы әріптерден жасалған сөздерді атаймыз. Аббревиатуралар мен қысқартуларда өзіндік грамматикалық ерекшеліктер болады. Ғылыми және техникалық әдебиеттердегі мәтіндерде қысқарған сөздердің алатын орны ерекше. Қазіргі замандағы тілдерде аббревиация мәселелеріне негізделген көптеген фрагментті зерттеулерге қарамастан, қысқартылған сөздердің лексикалық бірліктері көп жағдайда лингвистикалық тұрғыда жұмбақ болып қалады. Себебі ерекше көз қарастар бойынша фундаментальды мәселелер, яғни сөз құрылымы мен мағынасы, морфема мәселесі және т.б. күрделі мәселелер

қарастырылады. Бұндай түсіндірменің қиындығы, қысқарған лексикалық бірлікке деген қайшы ойлардың пайда болуынан туындайды. Қысқарған сөздер мен аббревиатураларды аудару әрқашан өзекті мәселердің бірі болып табылады. Дегенмен, соңғы он жылдықта оған ерекше мән берілуде.

Қазіргі тілдердегі қысқарған сөздердің лексикалық бірліктегі тілдің спецификалық құбылысындағы мәселелері көптеген зерттеушілердің назарын алуда. Бұл мәселелер көптеген мақалалар мен қазақ және шет мемлекеттер тұлғаларының жеке жұмыстарында қарастырылуда. Бұл сұрақтарға жауап ретінде көп үлес қосқан келесі ғалымдарды атап кетуге болады; Д.И. Алексеева, Е.П. Волошина, В.Г. Павлова, Т. Пайлза, М.М. Сегалья, Р. Уэльза, О.Есперсена, К.Ә. Әлпейсова және т.б.

Қысқарған сөздердің, оның ішінде нақты аббревиатуралардың мәтін ішінде жазылуы мен ауызша айтылуын, ілеспе аудармада қолданылуын, қолдану ерекшелігін сөз еткенде ең алдымен тілімізге орыс тілі арқылы еніп, сан жылдар бойы сол қалпы қолданылуының арқасында қалыптасып кеткен халықаралық ұйымдардың қысқартылған атаулары ойға оралады. Шет тілінен енген қысқарған сөздердің тағы бір топтамасына халықаралық ұйымдардың атауы ағылшын тілінің транскрипциясымен алынған сөздер жатады. Мысалы, қазір өте жиі қолданылатын ИСО қысқарған сөзі ағылшын тіліндегі “International Standardization Organization” деген сөздің басқы әріптерінен алынған – Международная организация по стандартизации. Орыс тіліндегі бізге белгілі қысқарған сөз жасау тәсіліне сәйкес бұл жерде МОС деп алынуы керек еді, бірақ халықаралық қолданыста қалыптасып қалғандықтан орыс тілінде ИСО деп қалдырылған. Қазақ тілінде бұл қысқарған сөзді жазуда жоғарыдағы тәсілді пайдаланып ISO деп жазып, ал ілеспе аударма жасаған кезде ИСО деп оқыған дұрыс.

Көптеген халықаралық спорт ұйымдары атауларының аббревиатурасы да осылайша жасалған. Мысалы, Еуропа футбол ассоциацияларының одағын (Союз европейских футбольных ассоциаций) орыс тілінде УЕФА, (Халықаралық жеңіл атлетика федерациясы ұйымын) ИААФ деп атайды. Ұзақ жылғы ілеспе аударма жасау кезінде танымал аудармашылардың айтуынша бұл қысқарған сөздер жиі пайдаланылатын жиындар көбіне халықаралық сипатта болады. Сондықтан аудиторияға түсінікті болуы үшін орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасағанда да халықаралық деңгейде қабылданатын аббревиатураны қолданғанымыз дұрыс [1].

Орыс тілінде ЮНЕСКО, НАТО, ЮСАИД, ФИФА, ЮНИФЕМ, ЮНИСЕФ делінетін бұл ұйымдардың атауы әуел баста олардың ағылшын тілінде айтылу транскрипциясымен қысқартылып алынған. Айталық ЮСАИД дегеніміз – United states Agency of International Development «Американское агентство по международному развитию», «Халықаралық даму жөніндегі американдық агенттік» деген сөздердің басқы әріптерінен, ал ФИФА – Federation International de Football Association «Международная федерация футбола», «Халықаралық футбол федерациясы» деген сөздердің бас әріптерінен алынған. Сол сияқты ЮНИСЕФ дегеніміз ағылшын тіліндегі «Международный чрезвычайный фонд помощи детям Организации Объединенных Наций», «Ұлттар Ұйымының балаларға көмек көрсету жөніндегі халықаралық төтенше қоры» дегенді білідіреді. Бүкіл дүние жүзіндегідей қазақ тілінде жазылатын мәтіндерде де аталған халықаралық ұйымдардың атауын білдіретін қысқарған сөздерді қолданудың қалыптасқан дәстүрін бұзбаған жөн [2].

Ал, орыс тіліндегі ОБСЕ аббревиатурасы сөздердің ағылшын тіліндегі “The Organization For Security and Co-operation in Europe” деген кезектілігіне емес, осы тіркестің қазақ тілінде ЕҚЫҰ – «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым», «Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе» деген орысша аудармасынан жасалған. ООН аббревиатурасының да жасалу жолы осындай, яғни ол ағылшын тіліндегі “United Nations Organization”. Сондықтан жазбаша аудармада осы сияқты қысқарған сөздердің өзімізде қалыптасқан ЕҚЫҰ және БҰҰ деп алып, ал ілеспе аударма жасаған кезде міндетті түрде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы деп аударған жөн.

Қысқарған сөздерді қазақша мәтінде қолданудың өзіндік ерекшеліктері де бар. Орыс тілінде қысқарған түрінде қолданыла беретін сөздерді қазақ тілінде қысқартып қолдану оларды түсінуді қиындататып жібереді. Сонықтан олардың ішінде жазбаша мәтінде немесе ауызекі айтуда аббревиатура түрінде пайдалануға болатыны да, болмайтыны да бар. Айталық, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министірлігін – ҚР ІІМ, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министірлігін – ҚР СІМ деп жазғанымызбен, ауызша толық атауын айту керек. Ал орыс тілінде МОН РК деп жазылса да қазақ тілінде ҚР білім және ғылым министірлігін ҚР БҒМ деп алу қалыптаспаған. Орыс тілінде Евросоюз деген сөз ЕС деп айтылса да, жазыла бергенімен, қазақ тілінде Еуропалық одақ –

әрі кеткенде Еуроодақ деп қысқартылып айтылады, бірақ ЕО деп айтылмайды. Сол сияқты Төтенше жағдайлар министрлігі туралы сөз болғанда орысша МЧС деп қысқартып айту қалыптасып қалған, ал қазақ тілінде ТЖМ деп айту түсініксіз болар еді. Бұларға қоса күнделікті тіршілікте қолданылатын, орыс тілінде ұзақ жылдар бойы қысқартылып айтылуына байланысты орнығып қалған, ал қазақ тілінде қысқартылған түрі қолданылмайтын тіркестер бар, олар ПМЖ – постоянное место жительства, КСК – кооператив собственников квартир, ФИО – фамилия, имя, отчество, ЗАГС – запись акта гражданского состояния, ЖКХ жилищно – коммунальное хозяйство және тағы басқалары. Орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасаған кезде бұл қысқарған сөздерді де толығымен жазған жөн.

Жиналыстарда баяндамашының қысқарған сөздерді пайдалануы ілеспе аударма жасау барысында да қиындық тудырады, өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, орысша қысқарған түрінде айтылған сөздерді қазақ тілінде таратып айту мәтінді ұзартып жібереді. Яғни, ілеспе аудармашы баяндама жасап тұрған адамға ілесу үшін одан жылдамырақ қарқынмен сөйлеуі қажет болады.

Орысша-қазақша өтетін жиналыстарда жиі қолданылатын қысқарған сөздерді бірнеше топқа бөлуге болады; ең көп кездесетіні сөздің басқы әріптері алынған қысқарған сөздер аббревиатуралар мысалы; ҚР – РК, ТМД – СНГ, АҚШ – США, БҰҰ – ООН, ШЫҰ – ШОС т.с.с. бұл топтағы қысқарған сөздердің біразы қазақ тілінде жасалатын баяндамаларда, сөйлеуші сөзінде сол қалпында пайдаланып жүр, сондай-ақ жазылған мақалаларда, сұхбаттарда да қолданылу үлесі артып келе жатыр. Оның ішінде мемлекеттер, ұйымдар, мекемелер атауларының үлес салмағы молырақ.

Ал сөздердің бір немесе екі буыны басқы немесе соңғы алынған қысқарған сөздер орыс тілінде жиі кездескенмен қазақ тілінде солай қолданылуы өте сирек. Мысалы; Алтел – Алтын телефон, Гохран – Государственное хранилище ценностей, Госкомиздат – Государственный комитет по издательству; Казнет – Казахстанский интернет т.с.с. Бұдан қысқарған сөздердің бұл түрін де аудармада таратып айту қажеттігі туындайды.

Қысқарған сөздердің тағы бір тобы – бір сөздің басқы буыны мен екінші сөз тұтастай алынған сөздер де негізінен орыс тілінде қолданылады, қазақшаға аудармасы қысқартып айтуға келмейді; Госматрезерв – государственный материальный резерв, Евросоюз – Европейский союз, Казпотребсоюз – Казахстанский потребительский союз, Казфосфор – Казахстанский фосфор,

медоптика – медицинская оптика, Эксимбанк – экспортно – импортный банк және т.с.с.

Келтірілген мысалдар орыс тілінде қысқартылып алынған сөздерді қазақ тілінде пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар екендігіне көз жеткізеді. Жазбаша аудармада ішінара қысқартып алуға жол берілсе, ілеспе аудармада баяндамашы орыс тілінде қысқарған сөздерді қолданса да, ілеспе аудармашылар арасында қазақ тілінде оларды толық айту дәстүрлі қалыптасқан.

Ілеспе аударма жасауды жеңілдетудің бір амалы – сөйленетін сөздердің мәтіндерін алдын-ала аударып қою. Міне, осындай баяндама мәтіндерді ертерек қолға тиген жағдайда іліспе аудармашылардың оны аударып алуына көмегі тисін деген оймен және шет тілін қолданушы студент, магистранттарға және жас аудармашыларға көмек ретінде қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі электронды аббревиатуралар сөздігін шығару үстіндеміз. Жұмыс барысында жоғарыда айтылған аббревиатураларды аудару ерекшеліктерін және оларды аудару жолдарын қатаң сақтауға тырысудамыз.

Соңғы кезде аббревиация көптеген тілдердің сөздік құрамын толықтыруға көмектесетін өте жемісті әдіс бола бастады. Дамыған тілдерде қысқартылған лексикалық бірліктердің саны қазіргі таңда – мындаған. Себебі, сөзжасам тұрғысынан аббревиация көптеген шешілмеген мәселелерге толы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с английского языка на русский. – М, 2003г. – с. 43-46.
- 2 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 2005г. – с. 117.
- 3 <http://www.mtdi.kz/audarmashyga-komek>
- 4 <http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B1%D0%80%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D0%B0%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0>

КЛАССИФИКАЦИЯ РЕАЛИЙ В КОНТЕКСТЕ ПЕРЕВОДА КУЛЬТУР

КУАНЫШБАЕВА А. К.
студент, ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, г. Астана

Говоря о переводе культур, прежде всего, необходимо четко понимать и знать определение слова культура. Однако по подсчетам американских культурных антропологов А. Кребера и К. Клакхона до 1919 года различные науки предлагали нам семь разных определений культуры, к 1950 их число возросло до 150. И на сегодняшний момент мы располагаем более чем 500 формулировками, раскрывающими содержание слова культура [1, 13 с.]. Такая многозначность не является недостатком, а скорее, богатством языка, позволяющим играть словами, использовать широкий диапазон выражений. Несмотря на это, в обыденной повседневной жизни понятие культура предстает перед нами как минимум в трех значениях. Под первым и, пожалуй, самым распространенным определением подразумевается отдельная сфера жизни общества, которая существует в виде системы учреждений и организаций, занимающихся производством и распространением духовных ценностей. Сюда можно отнести общества, клубы, театры, музеи и т.д. Второе понятие культуры предполагает совокупность ценностей и норм, присущих большой социальной группе, общности, народу или нации. Здесь имеются в виду такие понятия как элитарная культура, русская культура, культура молодежи, массовая культура и т.д. Третье самое распространенное определение культуры интерпретируется как выражение высокого уровня достижений человека в какой-либо деятельности. Оно обозначается такими понятиями как культура быта, культурный человек в значении «воспитанный и образованный» и прочее. Обыденные представления о культуре зачастую сводятся к ее отождествлению с художественной культурой, искусством или же с образованностью и воспитанностью человека. Однако наиболее распространенным обыденным значением понятия «культуры» является его понимание как совокупности материальных предметов, объектов, идей, образов, созданных человеком на протяжении его истории. В этой интерпретации культура предстает как сумма всех достижений человечества, как

«вторая природа», сотворенная самим человеком, образующая собственно человеческий мир в отличие от дикой природы.

В формировании нашего человеческого мира, нашей культуры важнейшую роль играл язык. Язык имел значительное влияние на формирование личности, национального характера, этнической общности, народа, нации. Язык не просто отражает мир человека и его культуру, его важнейшая функция заключается в том, что он хранит культуру и передает ее из поколения в поколение [2;33с.]. В языке хранится система ценностей, общественная мораль, отношение к миру, к людям, к другим народам. Язык так же по праву занимает первое место среди национально-специфичных компонентов культуры. Именно поэтому к языку, прежде всего, обращены повышенное внимание и интерес не только носителей культуры и языка, но и изучающих иностранный язык лингвистов, страноведов, полиглотов, языковедов. Обеспечивает наиболее полное восприятие и понимание интересующего, изучаемого языка такой процесс межкультурной и межязыковой коммуникации как перевод. Следовательно, отношение к миру, мировоззрение частично формируются за счет творческой деятельности человека перевода текста на одном языке на аналогичный текст на переводимом языке. Здесь термин текст понимается не только как зафиксированная на каком-либо материальном носителе человеческая мысль, но и в более полном определении и значении как устная речь. Таким образом, возникает потребность в переводчиках, умеющих качественно проанализировать, обработать и перевести текст, который был бы понятен для восприятия реципиента (читателя, слушателя). Именно поэтому одним из основных условий и требований к переводчику считается фоновое знание, то есть знание реалий и культуры народа, нации, страны к которой принадлежит как переводимый, так и исходный языки.

В контексте перевода культур переводчик сталкивается с определенными языковыми и культурными барьерами. И если языковые барьеры, существующие благодаря человеческой многоязычности (по оценкам современных исследователей, число живых языков в мире колеблется от 2500 до 5000), можно преодолеть при помощи переводов или языков-посредников, так называемых контактных языков, самым распространенным из которых является английский язык[3;9с.]. То при преодолении культурных барьеров на переводчика возлагается функция консультанта по межкультурной коммуникации, если же переводится письменный текст, необходимы

комментарии или примечания к тексту, инициатором которых выступает переводчик. Подобная проблема возникает вследствие особого толкования некоторых обычаев разных народов, а так же ввиду сложности перевода культурных, национальных реалий. Согласно словарным определениям реалия – это предмет, понятие, явление, характерное для истории, культуры, быта, уклада того или иного народа, страны, не встречающееся у других народов. Реалии могут быть и этническими, и бытовыми, и культурными, и историческими, но воссоздать их на языке перевода довольно трудно и проблематично. Процесс перевода реалий неоднозначен во многих отношениях, так как в исходном тексте эти компоненты не поясняются, не комментируются автором и существуют как нечто естественное и само собой разумеющееся.

Вопрос о реалиях становится в работах М. Л Вайсбург, Е. М. Верещагина, И. Келлера, В. Г. Костомарова, А. Д. Рахштейн, В. Россельса, Л. Н. Соболева, А. Е. Супруна, Г. Д. Томахина, Г. В. Чернова. Но наиболее детальную классификацию предлагают С. Влахов и С. Флорин. Она позволяет рассматривать реалии под разными углами, более расширенно, за счет деления реалий по их коннотативным значениям, т. е. в зависимости от местного (национального, регионального) и временного (исторического) колорита [4;50с.]. В результате общая схема классификации реалий у авторов приобретает следующий вид: 1. Предметное деление; 2. Местное деление (в зависимости от национальной и языковой принадлежности); 3. Временное деление (в синхроническом и диахроническом плане, по признаку «знакомости»); 4. Переводческое деление [4; 47с.].

1. Предметное деление:

А. Географические реалии:

1. Названия объектов физической географии, в том числе и метеорологии.

2. Названия географических объектов, связанных с человеческой деятельностью. 3. Названия эндемиков.

Б. Этнографические реалии:

1. Быт: а) пища, напитки и т. п.; б) Одежда (включая обувь, головные уборы и пр.); в) Жилье, мебель, посуда и др. утварь; г) Транспорт (средства и «водители»); д) Другие.

2. Труд: а) Люди труда. б) Орудия труда. в) Организация труда (включая хозяйство и т. п.).

3. Искусство и культура: а) Музыка и танцы; б) Музыкальные инструменты и др.; в) Фольклор; г) Театр; д) Другие искусства

и предметы искусств; е) Исполнители; ж) Обычаи, ритуалы; з) Праздники, игры; и) Мифология; к) Культы - служители и последователи, культовые здания и предметы; л) Календарь.

4. Этнические объекты: а) Этнонимы; б) Клички (обычно шуточные или обидные);

5. Меры и деньги: а) Единицы мер; б) Денежные единицы; в) Просторечные названия тех и других.

В. Общественно-политические реалии

1. Административно-территориальное устройство: а) Административно-территориальные единицы. б) Населенные пункты. в) Детали населенного пункта.

2. Органы и носители власти: а) Органы власти. б) Носители власти.

3. Общественно-политическая жизнь: а) Политическая деятельность и деятели. б) Патриотические и общественные движения (и их Деятели. в) Социальные явления и движения (и их представители). г) Звания, степени, титулы, обращения. д) Учреждения. е) Учебные заведения и культурные учреждения. ж) Сословия и касты (и их члены). з) Сословные знаки и символы.

4. Военные реалии: а) Подразделения. б) Оружие. в) Обмундирование. г) Военнослужащие (и командиры).

2. Местное деление:

А. В плоскости одного языка:

1. Свои реалии – это большей частью исконные слова данного языка.

а) Национальные реалии называют объекты, принадлежащие данному народу, данной нации, но чужие за пределами страны.

б) Локальные реалии, в отличие от национальных, принадлежат не языку соответствующего народа, а либо диалекту, наречию, либо языку менее значительной социальной группы.

в) Микрореалии, или микролокальные реалии – совсем условный термин, которым обозначают такие реалии, социальная или территориальная основа которых уже даже самых узколокальных, слово может быть характерным для одного города или села, не теряя своих особенностей.

2. Чужие реалии – это либо заимствования, т. е. слова иноязычного происхождения, вошедшие в словарный состав языка, либо кальки, т. е. поморфемные или пословные переводы наименований чужих для данного народа объектов, либо транскрибированные реалии другого языка.

а) Интернациональные реалии фигурируют в лексике многих языков и вошли в соответствующие словари и обычно сохраняют вместе с тем исходную национальную окраску.

б) Региональные реалии – это те, которые перешагнули границы одной страны или распространились среди нескольких народов, обычно вместе с референтом, являясь составленной частью лексики нескольких языков.

3. Временное деление.

На основе временного критерия все реалии можно условно разделить в самых общих чертах на 1) современные и 2) исторические. Однако, чтобы такое деление приобрело реальное содержание, авторы рассматривают следующие, обусловленные фактором времени, вопросы: 1) связь реалий по предмету и времени и 2) по месту и времени, 3) поступление чужих реалий в язык и 4) один из основных путей такого поступления - через художественную литературу и, наконец, 5) вопрос о знакомости/незнакомости реалий, тесно связанный с употреблением реалий вообще и освоением чужих реалий.

1. Связь реалий по предмету и времени. Некоторые термины, по той или иной причине, обычно связанной с изменением референта (например, устаревание машины), постепенно отходят в область истории, превращаясь в своего рода исторические реалии. Обратный процесс связан также с референтом: для вновь созданной машины, детали для входящего в обиход предмета потребовалось наименование, и его находят в старой, освященной годами реалии, которая, таким образом, становится названием нового референта, иногда утрачивая, а иногда и сохраняя связь с прежним; старое слово начинает новую жизнь в виде термина.

2. Связь реалий по месту и времени. Исторические реалии редко бывают оторваны от своего национального источника. Это случается лишь когда чужая реалия относится, например, к глубокой древности (Древний Рим, Древняя Эллада, когда исторический колорит как бы преобладает над национальным: патина времени как бы скрадывает специфически национальный оттенок. Кроме того, многие из этих реалий приобрели со временем переносные значения, перешли во фразеологию, что еще больше ослабило отнесенность их к определенному месту.

3. Введение чужих реалий. Пополнение чужими реалиями лексики соответствующего языка происходит обычно регулярно и равномерно (разумеется, с соответствующим ускорением,

связанным с увеличением контактов между народами), но нередко и «толчками» или «волнами», в зависимости от тех или иных политико-исторических событий в жизни страны, социальных взрывов, а также часто бывает обусловлено новыми течениями в литературе и связано с периодически меняющимися вкусами и интересами общества.

4. Литературные пути проникновения реалий. Они кажутся нам особенно характерными для этого класса лексики, когда реалии вводит мастер - писатель или переводчик. Однажды проникнув в язык или хотя бы в речь, реалия либо приживается, порой даже теряя колорит, либо уходит в историю.

5. Вопрос освоения чужой реалии. Это тоже вопрос времени. В зависимости от степени освоенности реалии можно условно разделить на 1) знакомые и 2) незнакомые. Понятия эти, крайне относительные и растяжимые, можно несколько уточнить. Качество «знакомости» чужая реалия приобретает в ходе употребления: знакомым становится иноязычное слово, которое часто встречается в литературе, популяризируется (вольно или невольно) средствами массовой информации, употребляется многими носителями принявшего его языка и - под конец уже - представляет интерес для массового читателя, - все это в течение достаточно продолжительного времени.

Реалии, как правило, непередаваемы, и тем не менее нет такого слова, которое не могло бы быть переведено на другой язык, хотя бы описательно, т. е. распространенным сочетанием слов данного языка [5;144с.]. Истинно лишь одно: рецептов здесь, как в переводе вообще, нет, и переводчик, учитывая общие теоретические положения и опираясь на владение языками, на фоновые знания, на свой опыт, чутье и картотеку, но, в первую очередь, на «контекстуальную обстановку», в каждом отдельном случае выбирает наиболее подходящий, иногда единственно возможный путь.

ЛИТЕРАТУРА

1 Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: Учебник для вузов /Под ред. А.П. Садохина. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. - 352 с.

2 С. Г. Тер-Минасова Язык и межкультурная коммуникация Слово/SLOVO Москва 2000.

3 Алексеева И. С. Введение в перевод введение: Учебное пособие для студентов филологического и лингвистического факультетов

высших учебных заведений. — СПб.: Филологический факультет СПбГУ; М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 352 с.

4 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе: Издательство «Международные отношения» Москва, 1980. -342с.

5 Федоров А. В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Для институтов и факультетов иностранных языков. Учебное пособие. — 5-е изд. — СПб.: Филологический факультет СПбГУ; М.: ООО «Издательский Дом «ФИЛОЛОГИЯ ТРИ», 2002. - 416 с.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САН КОМПОНЕНТТІ КЕЙБІР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚҰРБАН Ж. О.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақ халқының тілі - бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән бере білген халық. Қазақ халқы тек сөздің ғана емес, санның да өзіндік қасиетін, тәрбиелік мәнін, саналы орнын терең түсінген. Сан есімдер ұйытқы болған тұрақты тіркестердің бойында халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар сақталған. Шынында да, қазақ әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралап, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік мақсаты мен мағынасы болатынын жақсы түйсінген. Тұрақты тіркестер семантикасынан ұлттың мәдени болмыс мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ерекшеліктерін, салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады.

Кез-келген санның түбінде қандай да бір ой жатыр. Сол идеяның мағынасын түсіндірумен сандар ілімі (нумерология) айналысады. Ол арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады.

Қазақ тілінде сандар әртүрлі қырынан зерттелген. Мысалы, сандардың ішінен киелі сандар бөліп алып қарастырылады; сондай-ақ сан төңірегіндегі ойлардың мағынасы мен тарихы, сандардың этнолингвистикалық сипаты, лингвомәдени мәнділігі де қаралып келеді. Осындай зерттеулердің бірі ғалым І.Кеңесбаевқа тиесілі. Ғалым біршама фразеологизмдерге ұйтқы болған сандардың семантикалық қызметін анықтап, олар көне замандағы діни

сенімдермен байланысты болып шыққан киелі сандар деген қорытынды жасайды [1].

Сонымен қоса, қазақ тіл білімінде сандардың әр түрлі аспектілерін А.Елешева, Қ.Ғабитханұлы, Ә.Хасенов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Қ.Тажиев, Е.Қойшыбаев, Н.Оралбаева, Т.Сайрамбаев, Ж.Байзақов, Ф.Ахметжанова, Қ.Дүсіпбаева өз еңбектерінде жан-жақты қарастырды.

Мәдени мағынасы бар материалдық әлемнің таңбалары мәдени таңбаларға айналып, адамда оның екіншілік қасиеті бойынша қолданыс табады. Осыған байланысты ғалым Р.Авақова: «Кез-келген халық санасында қалыптасқан символдар болады, ол символдар әрқашан уәжделеді, яғни олар дәлелді. Тіл-тілдің идиомасында фразема жасайтын символдық компоненттер болады, оларды кейбір ғалымдар ұйытқы компоненттер деп атайды», - деп тұжырым жасайды [2, 161б.]. Символдық коннотация соматикалық фразеологизмдер, зооморфтық фразеологизмдер, түр-түстік және сандық фразеологизмдер арқылы берілуі мүмкін.

Фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын сөздердің бір тобы – сан есімдер. Фразеологизмдер құрамындағы сан есімдердің қолданысына ғалым І.Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», -дейді [2, 612 б.].

Тұрақты сөз тіркестерінің жасалуына бір, екі, үш, жеті, мың, т.б. сан есімдер ұйытқы болу мүмкін. Себебі, сан есімдер халықтың ежелгі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Бірақ бұл сөздердің тіркес ішінде нақты сандық мағынада қолданылуы, жоғарыдағы ғалым айтып өткеніндей, шарт емес.

Алдымен құрамында бір сан атауы бар фразеологизмдерді талдауға кірісейік. Ағылшын және қазақ тілінде бір саны азғантай, сирек деген мағынада тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылуы мүмкін. Мысалы, one in a thousand – мыңнан біреу (бірі), көптен біреу, сирек деген мағына береді. Мыңнан біреу шыққанда басшы болып, жүзден біреу шықса екен соңына ерер (М.Дулатов). I take my hat off to the woman! She's one in a thousand (А. Christie, 'N or M?', ch. III). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі де, ағылшын тіліндегі де one in a thousand – мыңнан біреу (бірі) тұрақты тіркесінің беретін мағынасы бірдей деуге болады.

Бірде болмаса, бірде - one of these days, every once in a while. Бір сан есімі негізінде жасалып, үстеудің қызметін атқаратын бірде сөзі “талғаулық” семантикалық реңкін қоса алады. Every once in a while I play tennis with my friend. Бірде болмаса, бірде Әлішпанов ән тындаймын десе, не бетімізді айтамыз (К. Қамзин). Қарастырылып отырған қазақ және ағылшын тілдерінде берілген мысалдар беретін мағынасы бойынша жуық, яғни бірде, кейде үстеуінің ұызметін атқарып тұрғандығы байқалады.

Мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос артық - a good friend is worth more than a hundred relatives. Сан компоненті екі затты бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы ойдың мән-мағынасын ашады. Осы мысалда бір саны аз, ал мың көп дегенді білдіреді. Олардың бәрімен жолдас болуға тырысудың қажеті жоқ. Қазақ тіліндегі осы тіркес «мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос артық» деген ой түйеді.

